

34-1523.
3-96

Еслем Зікібаев

Дүниес Жаңалған



Ағалар лебіздерінен

Есләм менің ойымда жүрген дәмелі, үміт артатын інілерімнің бірі болғандықтан, оның "Ақ қайнар" деген атпен топталған жаңа өлеңдерін шын ықыласпен оқып шықтым. Жинақта барлығы 85 өлең бар екен. Бір жерге бас қосқан осыншалық көп өлең оқушысын "тойдырмайды", үнемі бірінен соң бірі тартып отырады. Эрбір жырдың өз әуені, өз сыры бар. Есләм тақырып жағынан кілең жаңалық айтады деу қиын. Бірақ, бізге мәлім тақырыптардың өзі де Есләмша жырланып, жаңғырып отырады. Өйткені талантты ақынның өлеңді поэзиялық дәрежеге көтеретін өнері көп, аспаптары мол.

Әбділда Тәжібаев.

"Ақ қайнарыңды" алғалы недеуір болды, кітаптың ықшамдылығы қандай жақсы - бірді-екілі қалтама салынып, жиналыстарға да барды - сөйлеушілердің сезі жалпылама болса, "Ақ қайнара" үңіліп отырдым. Үлкен раҳмет! Жазғандарыңды жүрекпен, тебіреніспен жазады екенсің, бұл ақындықтың шын белгісі ғой. Тек сендер "Кырықтарға қиялап барып қалған жасымыз," - деп жылай бастағанда, ағаларың не болады деп қалып жатқаным ғой Өздерінен үлкені бар адамдар жыламай-ақ, қойса қайтеді, - деп те қостым... Талабың өсіп, шабытың үлгая берсін. Ақын-інім табылғанына қуанып та журмін.

Есеней Букетов.

Есләм күй таңдайтын, бап тілейтін ақын тәрізді. Оның сирек жазатыны да содан шығар. Өткен ғасыр өкілдерімен салыстырғанда, қазіргі заман қаламгерлері шабыт жөнінде сиректеу айтады. Бұрын шабытты дарын иесінің өзін мұлдем ерекше алымды сәттері деп түсінсе, бүгіндегі кейбір ағайындар оны тек жұмыс процесі ғана деп үгады. Есләм, біздің байқауымызша, алғашқы топты қалайтын тәрізді.

Ақын менен шабыттың жаны бірге,

Шабыт өлсе, ақын да өлді деп біл! - дейді ол.
Есләм шабытының жемісі - "Ақ қайындар".

Қадыр Мырзалиев.

Е С Л Ә М З И К И Б А Е В

Д У Н И Е Ж А Л Ф А Н

Өлеңдер мен толғаулар

"Аман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**АЛМАТЫ
1998 жыл**

ББК 84 (Қаз 7-5)
3 - 95

3.2213

Зікібаев Еслем.

3 - 95 **Дүние Жалған:** Өлеңдер мен толғаулар.

- Алматы: "Аман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 1998
- 496 бет.

ISBN 9965-01-120-6

Өлең - ақынның өмірі, сырлы, шыны, қуанышы-сүйініші, реніші-мұғы, қысқасы қаламгердің сөзі - езі. Қанша жармассаң да, жүйріктің жалынан үнемі айрылмаймын дегеніңмен, бір күні сусып сауырынан сыйрылып түсеріңді білесің. Фәнидің алдамшылығын ілгеріл-кейінді талай ғұлама ақындарымыз айтты өткен. Менің соңғы он шақты жылдың жүзінде жазғандарымды топтап "ДҮНИЕ ЖАЛҒАН" деп оқырмандарыма ұсыным да содан. Шығармаларым осы жылдардың ішінде түгелге дерлік мерзімді баспасөзде жарияланып, азды-көпті жүртшылықтан бағасын алған дүниелер. Бірталай газет-журналдарда оң пікірлер болған. Алдағы ең үлкен бағалаушым - сез қадірін ұғатын ел-жүрттym болса, басты мұрат сол.

3 4702250202-01
00(05)98 қос.шеш.-98

ББК 84 (Қаз 7-5)

ISBN 9965-01-120-6

© Зікібаев Е., 1998

0/2

Б I Р I Н Ш I Б Θ L I M

Тағдыр мені әкетсе де қайда алып,
Туған жерге ораламын айналып...

Халқым - барым

Уақыт-тұлпар бас бермей ала қашып,
Жауынмен де, дауылмен араласып,
Белең-белең белестер артта қалып,
Елуді де еңсеріп... Барам асып!

Бұл өмірден нені алдым, нені бердім,
Бола алдым ба айтулы серігі ердің?
Топқа салар бір атым бапталды ма,
Ақталды ма мен деген сенімі елдің?

Көктем болып жадырап гүл аттым ба,
Жабырқаған біреуді қуанттым ба?
Қайғы-мұңын сәтінде ұмыттырып,
Толтырдым ба кеудесін шуақ-нұрға.

Мына мендей сол замат жымия қап,
Жанарында тұрды ма нұр ұялап.
Көрінді ме бәр-бәрі өзгеше боп,
Секілденіп жерүйық, дүние - бақ.

Әлде бейбақ өзімді, өзгені де
алладым ба мәз болып өз деміме?
Көріп тұрып құлдім бе көрмегендей
Біреулердің мұң тұнған көздеріне.

Сол көздерден нені үқтый? Нені білдім?..
Басылды ма арыны желігімнің?
Ел алдында көрдім бе есеп беріп,
Жетегінде кеттім бе сері күннің?

Жүрмесем де сардар боп, ел басы боп,
Білем мен де ЕЛУДІ ер жасы деп.
Жылың толған кездерде жүгің толмай
Жатса, міне, жігітке сол қасырет.

Бұлақпын ба, арналы өзенмін бе?
Өздері айтар, көреді көзі елдің де.
Талқысына тағдырдың, сын-тезіне...
Күнде түсем, әйтеуір төзем күнде!

Даңғыл емес тірліктің жолы құллі -
Күткен де емен шаттыққа толы күнді.
Артық-кемдеу айтсам да пенделікпен,
Шамалаймын өмірдегі орынымды.

Бар десе де ақында артық, арын,
Асып-тасып шарамнан, шалқымадым.
Шектен шықсам, қалардай шамырқанып,
Қасиетім қашаннан ХАЛҚЫМ - АРЫМ!

Халқым - Анам! Биігім! Тереңім де!
Дария сынды тербелем кемерімде.
Еркелігім қашан да жарасады,
Ол болмаса, басқаға керегім не?!

Халқым - Әкем!
Мөлдірім! Тұнығым да!..
Құдырет-күш жатқандай бұл үғымда.
Әкем барда, ақиық қырандаймын,
Тастұлекпін түлеген тұғырымда.

ХАЛҚЫМ - БАРЫМ!
Ұлы Анам! Ұлы Бабам!..
Әрем биік, шалқыған құбылам ән!
Өтсін жылдар жел қанат зымыраған,
Қорқынышты болмайды бірі маған,
Халқым барда, мен әлі жас сәбимін,
Халқым барда, жас ару жырым әман!

Әке ұлағаты

Әкем мені ақын болсын демеді,
Батыр болсын демеді,
Ойлап тұрсаң оның да
Бар секілді себебі.

Тіршіліктен түйген барлық шындығы -
Басқаша деп айта алады кім мұны?
Көрінгенмен жәй бәрі,
Бәлкім оның қысқа қолын байлады
Кешегі өткен ғазауаттың сүмдігі.

Әрелі аттай жаза алмапты ол өрісін,
Еңісі - құз,
Болған сынды өрі - шың.
Бізге қоңіл бөлмеді деп, сол үшін
Кіна артам ба? Жалғыз қолмен бір өзі
тындырыпты бір ауылдың көп ісін.

Кіл жетімдей елдегі
өстік біз де,
Басқалардан бөлмеді,
Ерекшелеп бағыт-бағдар бермеді.
Қыңыр міnez болғанменен өмірде
Кия тартар қисық сөзге ермеді.

Тіктеп қарау қыын еді түсіне,
Сөзіне емес, елтіп өстік ісіне.
Ала жібін аттамады пенденің,
Қиянат қып көрген жоқ бір кісіге.

Ықтиярың - тәрбие де, тәлім де,
Білмейтінбіз, мазалады жанын не.
Разы ма, наразы ма ісіңе?
Қабағымен ұқтыратын бәрін де.

Мен бүгінде ойлаймын да, таң қалам -
Мектеп көріп, арнай білім алмаған,
Тағдыры ма, соғыста да туралап
Келген талай ажалынан қалды аман.

Жауды қырып жайратып ем демейтін,
Төбесінен жай оғын ойнатып ем демейтін.
Белін жазып тұра алмаған кезде де
Өзін өзі демейтін.

Әрт ішінен шыққан жандай дін аман,
Сыртқа сырын алдырмай-ақ шыдаған,
Бақ-талайын сынаған,
Басылмады жандагы алау-жалыны,
Іс-қимылы дәріс болып дарыды,
Қарап өстік біз оған.

Біліміміз бар қазірде жоғары,
Барлық жерде көрсетеміз оны әрі.
Қанша тілде сөйлеп, жазатынымыз,
Қанша елге жылда баратынымыз
Анкетага толады.
Сауаты жоқ әкем маған сол үшін
Кейде тіпті кейійтіндей болады.

Ыстықтан да, сұықтан да қорғаштап,
Жазық жерде жол бастап,
Біздерге ұсал ол баста-ақ,
Жетекке алып көрген жоқ-ты баланы,
"Болса бойда талабы, -
дейтін еді, -
бәрін өзі табады,
басында егер бермесе өзі табиғат
миына езіп құя алмайсың сананы!"
Соны бүгін қайталап,
Ұлыма да, қызыма да айтам-ақ,
Осы еді деп әкеміздің сабағы,
Бәрі ойланып қалады,
Ұға алса тек жарады!

Тағзым етем, Туған жер

Бұйра толқын - ақ селеу, ақ жал далам,
Жатыр тыныш, тымырсық, бақ жанбаған.
Тұн тылсымын бір сәтке тыңдал қөрші -
Мұңды дауыс шығады "Мағжандаған".

Бұл дауыс - Мағжандаған дала даусы,
Бұл дауыс - Мағжандаған ана даусы.
Шер-шемен көкірегін кернең алған,
Бір әнге біз білмеген салады әнші.

Сол әнші - жын-пері ме,
Элде адам ба,
Егіліп-елтимін бе, таңданам ба?
Мен бұрын естімеген әуен-сарын
Үрпағын Мағжанменен жалғаған ба?!

Өксік бар, қорқыныш бар, өкініш бар,
Сиқыр бар албастының отын ұстар.
Бір мезет тор ішінде тобын құрып,
Мұң шағатын секілді тоты құстар.

Алаштың көтерем деп Туын биік,
Қалғандай мезгілінен бұрын күйіп.
Армандаі алғы күнмен жалғаса алмай,
Алғандай өкініштің уын құйып.

Ойлаумен ердің қамын, елдің қамын,
Ойлаумен тау-тас, өзен-жердің қамын,
Қалайша аңдамаған албырт ақын,
Өзіне ақтарылар селдің барын.

Қандырып жан сусынын көз жасымен,
Күн кешкен бозінгендей бозда сүрең.
Кетер ме ақтарылып у-запыран,
Көңілдің күй пернесін қозғаса ерен.

Файыптан,
Оттан,
Судан жаратылған,
Сейлеген Ана атынан, Ар атынан,
Ақын да - заманының пайғамбары,
Жалғасып мәңгілікке баратын ән.

Сұлудың құлдық ұрган құлқісіндей,
Суреттің мың құбылған түр-түсіндей,
Алаштың елдігін де, ерлігін де
Аспанның аясынан жүр түсірмей.

Күй кешкен ақын жаны ғұлама сыр,
Тудырган сондай ерді Тұран асыл.
Елімнің көк байрагын көкке өрлетіл,
Бөлеген тамашаға ұлан-асыр.

Таратып тұған жерге жан шуагын,
Қаратып думанды елге таң шырағын,
Жиһаздай жыр-дестесін қалдырыпты,
Себелеп көкірегінің тамшы-нәрін.

Өскінбіз сол тамшыдан қуат алған,
Жалғасу жақсы ағаға - мұрат, арман.
Тұған жер,
Топырағыңнан нәрленбесем,
Мен-дагы шешек жарып, гул ата алман.

Елімнің абыройы, ар, құтындай
Өскен жер ҮШ бәйтерек жалқы тұрмай.
Жыр жазып жүргенімді мақтан көрем,
Солардың соңындағы сарқытындай.

Бойыма жырдан жаһұт-асылды үйіп,
Кеудеме шабыт оты - жасын құйып,
Мағжан, Сәбит, Фабиттер тұған өлкे
Тарқамаған ән-жыры, думаны ерте,
Перзентің болғанымды мақтан көріп,
Тағзым етем мың мәрте басымды иіп!

СЫНШЫМ - ХАЛҚЫМ ҰҒАРЫМ...

Өнер дағы өз алдына бір өмір,
Қырлары көп, сырлары көп, біле біл.
Толатын да, солатын да кезі бар -
Күнде жайнап тұра алмайтын гүл-өңір.

Қайсы кезде маңдайыңа бақ дарып,
Салған құсың көк бөріні жатты алып?..
Ойла, сонда құдайыңды ұмытып,
Кетпедің бе масаң тартып, мақтанып?

Бұл ғұмырда ғибрат көп білгенге:
Пенделігің асып кетер бір демде...
Соны ойлады-ау қайран бабам Жиренше
Жыртық тонын керегеге ілгенде.

"Семіздігін көтере алмас бұл пенде -
Төрт аяғын бірдей басып жүргенде, -
деді-ау қайран асыл бабам, - кейінде
ғибрат болсын сөз қадірін білгеңс!"

Кейде сынап, кейде мен де сыналам,
Ерлік салты - бәріне де шыдаған.
Алаулатын, жалаулатып шықпадым,
Бір жырымды мақтағанға бір адам.

Берер жауап қойса уақыт сұрағын -
Кекірегімде тынбай аққан жыр-агын.
Қай кезде де соңғы сөзді айтатын
ХАЛЫҚ, дейтін СЫНШЫМ барын ұғамын!

Абай болындар, Адамдар

Тұра тұр, достым, тұра тұр,
Мына пәлеңнің немен бітерін түбі ақыр
кім көріп келген?

Бәрі де, бәрі... беймәлім,
Бақыттылар бар,
Аз емес одан бейбағың...
Адам гой соны жасайтын өзі өзіне,
Келмейді тура істері айтар сөзіне.
Хайуаннан бетер бір бірін талар сәтінде -
Шындықтың бір кез қарасақ тіке көзіне.

От керек болды,
От жасап алды Адамдар,
Оқ, керек болды,
Оқ, жасап алды Адамдар.
Сұмдық ойласа,
Бәрі де іскер, бәрі епті,
Жасады қолдан,
Жоғынды сәтте бар етті.
Дүниеде мына жақсылық, дегенді ұмытып,
Өзіне өзі салады келіп әлекті.

Білсе де, білмей,
Көрсө де көрмей, арандар -
Хайуан емес,
Ақылды, есті Адамдар.
Шер басқан көңіл,
Шел басқан көзді аша алмай,
Көр қылып өзін,
Қор қылып жатыр - Қараңдар!

Сарқылды сулар,
Шарпылды нулар, ормандар,
Інінен қашты залалсыз жанға зормандар...
Мереке кетті,
Береке кетті тірлікten,
Табиғат-ана зар-запа шекті,
Қорғаңдар!

Жан нұрың сенің,
Тағдырың сенің -алаңдар,
Армандаій әсем дағаға бір сәт қараңдар.
Құтты ұяң анау -
Армандағыдай көркем Ел,
Ойнама отпен,
Ойнасаң ол да өртенер,
Абай болыңдар,
Абай болыңдар, АДАМДАР!

Наз әнім -Өрнегім

Тербеткен Арқаның самалы,
Ер жеткен қалқаның бал әні,
Мөп-мөлдір сүлудың жанары
Жанымды тебірентіп барады.

Қия алмай қызығып көргенім -
Түс пе едің армандаій, өң бе едің.
Сағынып, сарылып шөлдедім,
Аяулы ауылым - Өрнегім.

Базарлы балалық - бал шағым,
Ажарлы арудай сал сағым.
Ауылым -арманым, аңсарым,
Өрнегім, өзінді аңсадым.

Жас күнім, сайранды сауығым,
Тербеткен қара орман бауырын.
Елемей боранын, дауылын...
Күн кешкен гүл дестем - ауылым.

Қуат ап жерден де, желден де...
Көңілім ашылып шерменде,
Сағынып өзіңе келгенде,
Құс болып үшамын мен демде.

Базарым, наз әнім - Өрнегім,
Сағынып, сарылып шөлдедім.
Дүниеде қанша ауыл көрсем де,
Өзіңдей біреуін көрмедім.

Жыр кестем,
Гүл дестем - ауылым,
Құрбымен бірге өскен ауылым.
Жастықтың сайранды сауығын
Бәріңмен бір кешкен ауылым...

Сен барда босагам - тәр менің,
Қос анам,
Бірі сен - Өрнегім.
Өзіңмен биікке өрледім,
Өзіңдей басқа жер көрмедім.

Дәм тартып шалғайда жүрсем де,
Аңсатып құр атқа мінсем де...
Бақытый, базарым, наз әнім,
Тілегім, жүрегім бір сенде.

Ақ, қайың,
Ай жүзді көлдерім,
Көнілімнің көгіндеге көлбедің.
Тағдырым, бақ-нұрым сен менің -
Армандаі асылым - Өрнегім!

Алпыстамын

Туыппын Тышқан жылы -
Жыл басы боп,
Көргенім содан бері кіл қасырет.
Зобалаң, отты жылдар -
Мұң-зары көп...
Тугандай соның бәрін жырласын деп.

Алпыс жыл өтеге шыққан қас қағымдай,
Еңсемді уақыт зілі басқан ұдай.
Арасында ойын-күлкі жәй алданыш,
Әйтеуір тіршіліктің астарындей.

Не көрдім алпыс жылда,
Не көрмедім...
Бәрін айтып береді өлеңдерім.
Арман шіркін қолтықтан демемесе,
Құсталықтан құса боп өлер ме едім.

Бүгіні - осы,
Не болар ертеңі елдің,
Тебіреніп жыр жазармын,
Тер төгөрмін.
Тілімді түсінетін жұрт аз жерде
Кімдерге ыммен жүріп еркелермін?!

Зобалаң, от жылдарда зар-мұңы көп
Көрінді сәл саңлау да таң нұры бол.
Нар көтермес ауырды біз көтердік,
Тәңірінің өзі жазған тағдыры деп.

Әлі де білгенім аз білерімнен,
Сеземін бәрін-бәрін... жүрегіммен.
Ақын біткен тілі жоқ мақау елде
Айрылардай таяныш-тірегінен.

Ата қаздай жәй басып, байпаңдаған,
Сауырына су қойсаң шайқалмаған,
“Маңғаз” болғым келеді-ақ,

Көре тұрып

Көр тірлігін басқаның айта алмаған.

Тәуба деумен жоққа да, барға да әман -
Күндер батып,

Атады таңдар аман.

“Маңғаз” болсам деймін-ақ

не қыламын

“Маңғаз” мінез бермесе Аллам маған.

Тышқан жылы туыппын Жыл басы бол,
Шықпасам да Музаны шыңға сүйреп,
Айтылмаған Мағжанның армандарын,
Аманат бол артында қалғандарын
Тұған шығар тебірене жырласын деп.

Болсам ба деп жоқшысы жетім жырдың,
Арманымның Құбылаға бетін бүрдым.
Ой - теңіз,
Бой - аласа,
Тілім қысқа...
Білмеймін не бітіріп, не тындырдым.
Кей-кейде босқа жүрген секілдімін.

Алпыстамын, әйтеуір, білетінім...
Пенденін жылайтұғын, күлетұғын.
Жәйшылықта үндемей,
Қайшылықта
Шығатұғын баладай жүре тілім.

Орыным бар.
Төрде емен, есікте емен,
Тағдырдың телегейін кешіп терең
Елмен бірге малтығып өткелекте,
Елмен бірге талпынып өсіп келем!..

Алпыс-арман *Толғау*

Уақыт жылжып,
Алмасып айлар, жылдар...
Адастырып жүзімнен тайған нұрлар,
Ат байлатып АЛПЫСТЫҢ бекетіне
Көкірегімде бұлкілдеп қайнар жыр бар.

Тағдыр тарпаң,
Кезім аз тарпыспаған -
Мен АЛПЫСҚА не бердім,
АЛПЫС маган?
Ауыздықпен келемін арпалысып,
Асай аттай тізгінін тарта ұстаған.

Сездің бе оны, ағайын,
Сезбедің бе?
Той көрінер тіршілік езге күнде.
Тербетіліп тағдырдың безбенінде
ұқтым бәрін от пен су ортасында,
Екі езуден қан шыққан кездерімде.

Белі ауырса қайқаңдар қара нар да,
Ер ауырса жаутаңдар -
Шара бар ма?
Ақты ақ, деп ақиқатты айта берсең,
Көрінесің ақылсыз ала қарға.

Сөзімізде бір шындық жоқ, па, бар ма,
Білгің келсе сынға түс топқа бар да.
Ауызben орақ, орып әуре болма,
Малтырып әзер жүріп оппа қарда.

Сөзге де сабыр керек сақтанарға,
Абыройсыз айқаймен ат құлар ма.
Бір шоқып, айналаңа екі қара,
Ермін деп кеуде керіп мақтанарда.

Елтітіп, еліктіріп желік-өмір,
Кетпесін ілестіріп желіне өңір.
Досқа күлкі,
Дұшпанға таба қылар
Аптығы басылмаған сері көңіл.

Әр сөздің сұрауы бар,
Шынға жығыл -
АЛПЫСТАН көкірегіме тұнбады нұр.
Дөп басып бабаларым қалай айтқан
"Жақсы ем, - деп, - былтырғыдан бүрнағы жыл"

Туа егіз албырттық жастықпенен,
Күндер өтті масайрап мастықпенен.
Ертеңің есе аларын еске ұстамай
Кезіміз аз бәйгеге бас тікпеген.

АЛПЫС жыл -
Аз ба, көп пе?..
Ойламадым,
Құрсауын кім бұза алар ой-қамалдың.
Жиырманың жылап талай қазасында,
Тоқсанда тірі жүрген тойға бардым.

Білмеймін күйім қалай, жайым қалай,
Құмға шөккен кемедей қайырламай,
Еркін жүзсем болғаны тіршіліктे,
Тек тәнірім тәубадан айырмажай.

Өкпеледім,
Талайды өкпелеттім,
Өтпейтүғын жерлерден көктеп өттім.
Біреулерді жылаттым,
Біреулерді...
жұбаттым -
Қалай күнәм жоқ, демекпін.

Алдаған да кезім бар,
Алданған да...
Албырттықпен секірдім жардан жарға.
Алдан шығып немере-жиендерім
Аталайды,
Атада арман бар ма?!

Қара шалдың қасына қатар ермей
Ұлым да өскен өзімдей ата көрмей.
Содан шығар -
Абыздай кіл әулие
Ата біткен - Алпамыс,
Атағы ердей!

Құдай шыннан өмірде бар ма, жоқ, па?
Дәл айта алмай саламыз жанды азапқа.
Жалған сөйлеп күнәһар боларым жоқ,
Бірдеймін деп бар жұртқа, бар қазаққа.

Көңіліммен елпілдеп-елеңдеген
Кезім де көп еленіп, еленбеген.
Барлық қазақ, дәл бірдей көрер ме еken,
Мен қазаққа бірдеймін дегенменен.

Кім айтар досым бар деп, дұшпаным жоқ -
Арманның аясында ұшқамын көп.
Қуанғандар көтерсе қиялында,
Қызғанғандар тұқыртты тыста күндең

Қан жылаған жарасын жүргегімнің
Жарымнан да жасырып...

Күле білдім.

Айтылмайды ақынның ақиқаты,
Тағдыры сол тірлікте жыр-өмірдің.

Бетпақ шөлде гүлдейді арман-арша,
Фұмырым бар білмеймін алда қанша.
Ақынға бұл фәнидің азабы ауыр,
Тәңірдің өзі берген жаза ма бұл -
Қарайтын жоққа жоқша,

Барға барша,
Амал не сол азапты таңдап алса?..

Білмеймін күй өрем бе,
ән өрем бе?
Қуаныш-тіршілігім - ·
сән-өрем де,
Азабым,
Қасыретім,
Шер-мұңым да...
Бәрі де,
Бәрі, бәрі, бәрі... өлеңде!

Жат қылым,
Аңқылдақ қөндім де,
Жырларымнан оқиды ел оны күнде
Шалдығым,
Салдығым мен серілігім...
Шайтанды да ілестірген пері күнім
Бәрі өлеңде -
Қысқасы өмірім де!

Кімге сенім артамын,
Неге сенім?
Бергенім аз,
Көп тіптен берешегім.
Бәрі өлеңде,
Әйтеуір бәрі өлеңде
Табады ертең мені іздеп елесе кім,
Елемей жібермейді ел есебін.

Заман да бәз-баяғы зар күйінде -
Өзгерген зоқ, айтатын ән-күйім де.
Ұйқылы-ояу мұлгіген марғау тірлік,
Жас сәбидей алданған әлди үнге.

Абысынның ашпай-ақ, жік-арасын,
Ағайынның бөлмей-ақ, құла-аласын,
Шыдайық-ақ, дейміз-ау шыдағасын,
Қой аузынан шөп алмас момындардың
Жеп жатқанда сыпрыып сыбағасын
Отқа түспей қалайша тұра аласың,
Елге қарап жесірлер шашын жұлып,
Жерге қарап жетімдер жылағасын.

Ұмытып шыдамның да шегі барын,
Жұтып жатыр шайнамай жегі қарын.
Қайтып қана шыдайын,

ЕЛІМ - арым,

Елімді жеп,

арымды таптағандар,

Таптағандар,

АРУАҚТЫI аттағандар

Айта алам ба нені үқпай, нені үғарын.

Айтудай-ақ, айттық-ау,

Кім үғынды?

Көсіп қылыш алғандар құнығуды
Барыма да, бағыма сұғынулы.

Кез алдымса келеді қаралы жүрт,
Алыстаған Ақтабан-Шұбырынды.

Алыстаған Ақтабан-Шұбырынды,
Ғазауатқа қактаған гұмырымды.
Құлағыма жаңғыртып жеткізеді
Найза үшінда шыңғырган шырыл үнді.

Жасарып-жаңарал ба,
Тозамын ба?

Жарыссам, қаламын ба,
Озамын ба?..

Жақсылық, жамандық, та өз арымда
Бәрін де көріп келем,

Көніп келем

Пейіш-бағын,
От-сүйн,
Тозағын да!

Білмеген уды балдай жұтпай ма әр күн,
Өз дегенін жөн көріп,
Құптайды әркім.
Талпынып талай-талай биіктерге
Әне-міне шығам деп,
Шықпай қалдым.

Тағдыр, тағдыр...
Жұмбақтай кілең маган,
Не боларын күні ертең білер ме адам.
Ініміз бәрімізден бұрын кетіп,
Біз аза тұтамыз деп кім ойлаған?!

Тірліктің түгесіліп бал-шырыны,
Өтеміз қай сағатта, қайсы күні?..
Баласын ана артында жоқтап қалған -
Өмірдің жан түсінбес қайшылығы.

Алмасып ақ, пен қара жатқан ұдай,
Тағдырды тілемес ем жатқа бұлай.
Алла әмірі десек те,

Оғаштықтан

Жаратқан соң құлышынды сақта, құдай.

Пендешилік -
Жоққа да, барға құлер,
Арғы күнге жалғайды арманын ер.
Аман жеттім АЛПЫСҚА, шүкіршілік,
Алда қанша гұмырым?
АЛЛА білер.

Бергенінді аз демен,
көп те демен,
Көңілімді көтерер көктеп өлең.
Ұрпағымның алдында абыроймен
Қай күні алып кетсең де өкпелі емен.
Төмен түсіп келеміз Көктөбеден.

Екіні - екі,
Бірді сол бір деп біліп,
Құрмет көріп және де құрмет қылышп...
Ақылымнан адаспай өтсем болды
Күрт құлайтын ЕМЕНДЕЙ гүлдеп тұрып!

Әз далам, абыз бабам, әулие анам

Сағыныш - сары уайым,
Жынданармын...
Жанымды босатпайды шырмаған мұн.
Көлбендең күндер қалай өте берген,
Шығармай шырмауынан шыргалаңның.

Төгіліп тірлігімнің арман-әні,
Төбемде жыр құсы бол самғады әне.
Жанды жеп сартап болған сағынышым,
Тербейді тебірентіп сардаланы.

Самғады,
Самғады әне жыр құсы бол,
Көргендей Сарыарқамды тұңғыш рет.
Жаныма құйды нұрын,
жиды сырын...
Көлбендең көз алдында сырлы сурет.

Әз далам,
Абыз бабам,
Әулие анам!..
Сендерден тағылым тауып, тәрбие алам.
Өлмейді ел дәстүрі журектерде,
Тұрганда қазагымның ән-күйі аман.

Етердей жанға медеу, тілге тірек,
Ұлыңың өтелмеген міндеті көп.
Бисмилла!
Өзім емес, ел-жұрттымның
Жұремін амандығын күнде тілеп.

Әу баста бұлақ болып сенен арна
алғанмын,
Сен болмасаң келе алам ба?
Мен бармын жер бетінде Сен аманда,
Ұмытсам,
Есептеме мені АДАМФА!

X X X

Біздің жақтан Алматыда
Көп емеспіз -
Санаулымыз.

Алатаудың жәннатына
Көшіп келсе бар аулымыз
Гүл жамылған қала көріп,
Қарық, болып қалар едік.
Қараши әне -

Тұнгі аспанда
Шоқ, жұлдыздар жанады өріп.

Сәбит тұған,
Фабит тұған...
Мағжан от боп жалындаған,
Тарқамайтын сауық-думан -
Қасиетті дарын далам,
Алмағайып арасында,
Солғын тартып барасың ба?
Қазақтарың татардан аз
Қызылжардың қаласында.

Арман далам,
Орман далам,
Өмірі аңыз болған далам.
Қарлығаштай қанаттанып,
Кетеді үшып -
Бәрі аттанып
Көмілетке толған балаң.

Уақыт бізге "болясты" анық,
Жанға жәйлі қоныс тауып,
Таланттарым түлеген жер
Бара жатыр орыстанып.

Ұлыларым сайрандаған,
Қасиетті қайран қалам
Қазақтарың татардан аз
Қайран қалам,
Қайран қалам!

Айналасы мұнарланып,
Аз боп сағы сынар халық,
Өз елінде,
Өз жерінде
Бара жатыр шүбарланып.

Шұбарланып бара жатыр,
Мың толғанып даға жатыр.
Аз қазаққа өз жерінде
Болмаса екен заманақыр...
Көкірегімде мұң-нала жатыр,
Жүргегімде жара жатыр!

Х Х Х

Дүрліккен ел,
Дүбілген заман мынау,
Көңілімде бір тыным жоқ -
Алаңмын-ау.
Кеңшіліктे жүріп-ақ, теңшілікте...
Қамалдым-ау, қамалдым, қамалдым-ау!

Қайта-қайта ашытып жарамды жау,
Бір дертіме бір дертім жамалды ма-ау?
Өзegenі емес,
Өзінді алдап тұрып,
Дос бетіне қалайша қарармын-ау?

Күн кешермін екінің бірі ғұрлы,
Деген көңілім біржола түңілуі.
Сыртқа шықсам сыр бүккен сырбаз дүние,
Ертең түгіл білдірмес бүгінінді.

Мен ақынмын алпысқа таяп қалған,
Қалай бәрі абыройсыз аяқталған.
Он жасымнан тертеге жегіліп ем,
Кезім жоқ-ты жанымды аяп қалған.

Айтам бәрін,
Айтқаннан не келеді,
Дейтін кім бар -
“Бұлар да керек еді!”
Аңызбенен алдаймыз немерені,
Аңыз бірақ кімдерге не береді?!

Мақтан ғып жауды жеңген ер елімді,
Айтам ба,
Білмей жүрмін не дерімді.
Сәбиді өйтіп-бүйтіп сендерер ем,
Білмеймін өзім сенбес-сенерімді.

Ұрлағына жақсылық әкелмесін
Білсе, кеше қан тәкті әкем не үшін.
Суретіне қараймыз төрде ілінген,
Көмусіз қалды ма деп жат елде шын.

Бір сүмдүк түйткіл бардай жан-арымда,
Ұяттан өрт боп күйіп-жанамын ба?
Өтеді көз алдыманан жетім жылдар,
Толтырып көкірегімді нала-мұңға.

Аруагы тұра қоймас өлген жанның,
Маңдайға жазылғанын көрген де әр кім.
Қызықтап жиган мүлкін мәз боламыз,
Қан төгіп кеше өзіміз жеңген жаудың.

Кеше көр,
Бейбағыңды кешір, алла,
Біз қорқар өлген ердің сесі бар ма?
Туганнан дүниеқоңыз кеш құлыңды,
Өзгергіш пенделігін есіне ал да!

Ана тілім

Ана тілім -
Анам тілі болғаннан,
Ана тілім -
Бабам тілі болғаннан,
Далам тілі,
Балам тілі болғаннан,
Арғы-бергі Заман тілі болғаннан...
Темірқазық жұлдызыым деп үқтym мен,
Жаза басып,
Жаңылыссым жолдардан,
Бағыт сілтеп,
Бағдарымды онғарған!

Тірлігімнің,
Бірлігімнің нәрін мен
Жұтар ауам,
Ішер суым, дәміммен -
Тіл деп үқтym,
Тіл деп үқтym бәрін мен
Құдыретті тәңірден!
Жара түссе жазатайым жаныма
"Айналайын!" - деген сөзден табылды ем.

“Тіл өлгеннен - өлмейді адам”, - дегенді,
Көп естідім,
Бірақ оған мен енді
сенген жоқлын,
Тілсіз, ділсіз адамдар
көкірегі - көр, сезімі - тас керен-ді,
Көре алмайтын Биіктікті,
Ұға алмайтын Теренді!

Сусыз, нұрсыз өспейтіндей гүл, шынар,
Тілсіз, жырсыз тіршілік те тұншығар.
Аспан, Жердің амандығын апаттан
Сақтап тұрган қасиетті Тіл шығар,
Тіл болмаса, үнсіздікке кім шыдар?!

Жалғасқанда жақсылықтың жолы әман,
Дүние - думан,
Шалқып-толқып толар ән.
Сырым-жырым,
Әнім-қүйім,
Зар-мұңым,
Куанышым - бұла күшім,
Таң нұрым -
БАБАМ ТІЛІ,
АНАМ ТІЛІ, БОЛ АМАН!

Аралым - көз жанарым

Арал қашып барады жағалаудан -
Айдын қайтып арнасын таба ма ауған?
Безбүйректей құм-тақыр безереді,
Әлдеқалай назары маған ауған,
Тайынбастай жанымды жаралаудан.

Арал қашып барады,
 Арал қашып,
Қорқыныштан тұнады жанарға шық,
Туган жердің бір көзі ағып түсіп,
Орнасын құм бір күні қалар басып.

Алғы күннен арманын тосқан әлі,
Арал, Балқаш - Елімнің қос жанары.
Бірі кетсе, орнындаі аққан көздің
Үңірейіп біреуі бос қалады.

Айдын қайда -

Ақ, айдын, аққұлы айдың,
Сәулетті айдын, сәнді айдын, гәккулі айдын...
Бірге алыстап бара ма жағалаудан
Көкейіме ән, жаныма бақ, тұнған күн.

Жер-Ананың томпиган күрең белі

Жатыр әне -

Кім туып, кім өлмеді?

Арал да өліп қалар ма?

Атай көрме,

Атай көрме, не деген үрейлі еді?!

Атай көрме, өтінем,

Атай көрме -

Арал кетсе,

Талықсып жатар жер де.

Өзі туып жаратқан айналайын

Жан-табиғат соңғы оғын атар ма елге.

Сусыз, нұрсыз тірліктің жоқ, амалы,

Арал кетсе,

Көп арман жоғалады.

Үңірейген жанардың орнасына

Аққу қалай сескенбей оралады?

Мұрат емес озғаным, озбағаным...

Кімге керек азған сөз, тозған арың?..

Айналайын АДАМДАР, аяландар

Тұған жердің Аралын - көз жанарын!

Мансұқтаумен мағнасыз езбе күнді,
Ажалға да, тажалға төзгенімді
Біледі ӘЛЕМ -
Бірақта болмайды олар -
Өзің ойып алғандай өз көзінді!

Нені көреді

Таулар шөгіп,
Өзендер тартылғанда,
Арғымақтар арындал, алқынғанда,
Қос өкпені қусырып қос бүйірден
Тежегенде алдынан, артынан да...
Ақын жаны шырылдал,
Дауа таппай,
Шагаладай шаңқылдал, шарқ ұрганда
Бәз біреулер беймарал күн кешеді,
Амал не,
Оған қояр шартың бар ма?!

Төзем соның бәріне,
Төзем де енді -
Көре-көре үйренди,
"Көз емделді",
Сөйлей-сейлей "ұшталып, сөз өндедлі"...
Ұланғайыр даламда кезіктірдім,
Туган жерден жоғалған безіп бір күн
Орнасы бар,
Суы жоқ өзендерді.

Өзендерді,
Көлдерді,
Жылғаларды...

Суы барда тірлігі тынбаған-ды.
Көңілі қалып парықсыз пендесіне,
Көзі жетіп сірә опа бермесіне,
Сіңіп кеткен секілді құмға мәңгі.

Болашақ деп ағатын күнде асығып,
Өзен, көлдер кеткен соң құмға сіңіп,
Қара мына ғаламат ғажайыпты -
Тау шолпысы -
Шыршалар да азайыпты -
Қыз білегі тұратын шыңға асылып.

Көнеміз кеп,
Бәріне көнеміз кеп,
Көнбістіктен төмендеп өреміз көп.
Бүгінті үрпақ, біздерге кінә артады:
"Қарлығашты суреттен көреміз," - деп.

Бәрі шындық,
Айтпаған шындық, бәрі,
Сынақ!!!
Сынақ!!!
Кім қолдап, кім құптады?
Қопарылған қордалар, қосындылар...
Әлі талай үрпақты шошындырар -
Жиырмасыншы ғасырдың сұмдықтары!

Фылым шыңға шырқаған тағы ғұмыр,
Қайда, қайда адамның танымы бұл?
Әрге бастап бара ма,
Әлде көрге?..
Сірә адамдар ертеңін көрмеген бе?
Әрге десек,
Ұқпай ма өрелілер -
Табиғат пен Тірліктің тамыры бір.

Не әкеледі келер күн,
Не береді?
Білмеген соң айтып та не керегі.
Құрғатады қаншама кенерені,
Қанша арманды шектейді, шегереді?..
Бәрі сұрақ,
Әзірге бәрі сұрақ...
Біткен жоқпыз тажалды әлі сынап.
Менің анау бейкүнә үш немерем,
Ештеңені түгендер түстемеген -
Не көреді күні ертең,
Не көреді?
Мына өмірден нені алып,
Не береді?
Айналасы - күл болған көктулақ жер,
Көсегесі неменен көгереді,
Көсегесі неменен көгереді?..

Оралар ма тіршілік

Көгі жоқ дала,
Шебі жоқ дала тым сұлық,
Көңілі нала -
Өспеген бір тал, бір шыбық,
Кезерген еріні тілім де-тілім жыртылып,
Тірліктен белгі білдірмей жатыр тұншығып.

Түгін тартқанда майы шығатын құт мекен
Түйді екен нені,
Тағдырдан не сыр ұқты екен?
Ел аман,
Жұрттың тыныш күнінде, құдай-ая
Нуларын кімдер,
Суларын кімдер жүтты екен?!

Нуларын кімдер,
Суларын кімдер жұтты екен,
Тамырын талдаң,
Тұтелең кімдер тұтті екен?
Қарасаң әне -
Аспанда Ай мен Күн аман,
Осынау жерге ғайыптан келген жұт па екен?!

Жерұйық, жер деп айтатын еді құйқалы -
Басына ерен туды екен қандай күн тағы?
Сауырын сипап, тамырын ұстап көретін
Табылар ма еді аялы қолдар шипалы.

Тың жатқан жер деп ауылымның алдын аядай,
Темір "тұлпарлар" тепкілеп берген аямай.
Қатарға қайта қосылып кетер еді-ау бір
Аялы қолдар аялай білсе, аялай.

Ерен көңілмен жасамақ болып шын ерлік,
Айбатымызды, қайратымызды жігер ғып...
Шаш ал дегенге басын да алып қоярдай,
Қасиетті жердің құйқасын жотап жібердік.

Көгі жоқ даала,
Шөбі жоқ, даала тым сұлық,
Көңілі нала,
Өспейді бір тал, бір шыбық,
Аһ ұрып кейде запыран жұта тұншығып,
Жатыр Жер-Ана -
Көк шалғын өскен төсіне
Оралар ма екен,
Оралмас па екен ТІРШІЛІК?!

Абай туған...

Абай туған,
Мұхтар туған жер мынау,
Көрсем деуші ем,
Жолым түсіп келдім-ау.
Білдірмейсің,
Білдірмеген боласың,
Қасыреті арылмаған шерлім-ау.

Көрсем деуші ем көкірегіме күй тұнып,
Жел соққандай қайда кеттің күйкі үміт.
Елдің әрі,
Жер жұмағы - Шыңғыстау,
Қалғанбысың шалажансар үйтіліп?

Нені көрдім,
Нені естіді құлағым,
Қызықтадым,
Несін жүрттан сұрадым.
Туа көріл сәбилерді...

Атама -

Жүргегіме қан құйылды,
Жыладым.

Бар сәулені жасырды ма мына бұлт,
Аспанымнан кетті ме әлде Күн ағып?
Атом емес -
Жетім жерде АДАМНЫҢ,
Тіршілігі жатқан сынды сыналып.

"Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер?
Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?..."

Қапылыста жау боп шығар жырадан -
Қайран бабам жыланды аяп жылаган.
Жылан түгіл аямайтын енді өзін
Кім боп бара жатыр бүгін бұл адам.

Ұрпағының аяғы жок,
Қолы жок,...
Кес-кестеген жүрсем деге
Тұранынан тумағаны жақс
Мына өмірдің бақыты еме
Соры бол.

Ұлы мекен астан-кестен,
Не болды?..
Арман өлді.
Тумай жатып неге өлді?
Жыр Меккесі - шырылдаған Шыңғыстау,
Айтыңдаршы,
Шыққыр көзім не көрді?

Қасиетті қарт Шыңғыстың төрінен
Айлы кеште Абай әні төгілген.
Қабырғасы қарс айрылып сөгілген
Өмір көрді арпалысқан өліммен.

Көрді, көрді...
Көмесем-ақ деп еді,
Бұл - халықтың тарқамас шер-шемені.
Асып барған,
Тасып барған құ көңіл
Көз алдында күлгін тартып күллі өңір,
Құр сұлдері сүйретіліп келеді.

Құранды баса алмадым

СЕНИМ, СЕНИМ...
Ананың сүтіменен қанга сіңіп,
Алғанбыз тіршіліктің таңбасы ғып.
Алғанбыз тіршіліктің таңбасы ғып...
Адамның арманымен жалғас үміт.

Кірмей тұрган кезде де есі мұлде,
Білмей тұрган кезде де есімін де,
Құдыреттің барына жанды үйітып,
Сендерген сәбиді Ана бесігінде.

Жымып езу тартып құлсе қалай,
Шуақ бол көкірегіне кірсе де арай,
Құдыреттің барын да сондай білген,
Анасының барлығын білсе қалай.

Мен де сол СЕНИММЕНЕҢ өскен ұлмын,
СЕНИММЕН өмір атты көшке кірдім.
Ұйықтасам, жанымда тұмар жатты
Бұрышына тігілген бөстегімнің.

Бойтұмар - жебеушім де, періштем де,
Періштемдей сенемін сеніскенге.
Онсыз жете алмастай жеңістерге,
Көп сүрінем жарық күн,
тегіс жерде...

Кез ашып дүниені көргенімде,
Бәр-бәріне сендірген жөргегімде.
Сол СЕНІМ өзмменен бірге өліп,
Өзімменен кірердей көрге бірге.

Еркімді асаяттай өрелеген,
О, баба, қандай көсем-көреген ең.
Қалса да ақтық демің соған қарап,
алдама, арам асты жеме! - деген.

Жолында адалдықтың тастай қаттық,
Сан мәрте көзімізден жас парлаттық.
Рұқсат берген тағы НАНДЫІ алуға,
ҚҰРАНДЫІ қажет болса баспалдақ қып.

Ата салт, ата жүрттың таңбасын мен
Ту қылып көтеремін хан басыммен.
Көшелі ой, көсем сөзі бабалардың
қаршадай күнімізден қанға сіңген.

Алдамши аярлыққа семірмеген,
Ажалдан, тажалдан да шегінбеген.
Тағдырдың тақсыретінен женілмеген,
Әулие екенсің гой СЕНІМ деген.

Білмеймін таусыларын қашан дәмім,
Тірліктің көп тылсымын аша алмадым.
Аштық-ажал шенгелін салды талай,
Мен бірақ биіктегі НАНДЫІ алам деп,
Нанды алсам, сол ажалдан жан қалар деп,
Құранды аяғыммен баса алмадым!

Сенімім - серігім

Құдайға сенем,
Күн, Айға сенем,
Сенемін...
Сенемін неге?
Іздеген емен себебін.
Қаныма сіңген қасиет болар өу баста,
Сол сенімінен айнымай әзір келемін.

Иманым болар,
Жиғаным болар сол сенім,
Шамалап әзір көрмедім оның өлшемін.
Сенімім аман,
Сері көнілім орынында,
Әлемде тыныштық,
Апаттан қағас болса елім.

Күйінен тайып көрмеген мен бір тепең көк,
Жетпей де қалған жерім көп талай жетем деп.
Сенімінен бірақ, айныған күнім жоқ, сірә
Кей-кейде тағдыр тұлқі боп алдады еken деп.

Күймеске күйіп,
Тоңамыз кейде тоңбасқа,
Көк дөнен көніл бабында әр кез болмас та.
Бәрі бір тірлік тынымсыз ағып барады,
Тарам да-тарам тартылып алға жол-қасқа.

Тағдырым менің - осынау қасқа жолдарда,
Тәубама келем кемерден асып-толғанда.
Жанымда жүрер сенімім - әр кез серігім,
Үістықта - сая,
Үіқтасын - жаурап-тоңғанда.

Баса алмай кейде көнілдің асау желігін,
Безбестен безіп,
Жерімес жерде жерідім.
Сондай сәттерде тәубамды ұмыттырмайтын
Айнымас адал серігім - жалғыз СЕНИМІМ!

Соғыстың ардагерлері

Жақсыны көрдік,
Жаманды көрдік,
Көп көрдік...
Осынау бастан талай да талайды өткердік.
Бозғырау соғып балауса гүлдей көк солдық,
Көктедік қайта шуағын төгіп көктем-құт.

Қол создық биік алғы күндерді армандаپ,
Болмады мұра ата-бабадан қалған бақ.
Отты да кештік,
Суды да кештік жан жалдаپ,
Толқыннан талай құтылып шықтық тал қармап.

Алмасты күндер,
Ай менен Жылдар жаңарып...
Қысылшаң шақта жан бердік қанша жан алып.
Шетінен шемік соғыстың жетімектері
Ешкіні - апа,
Текені - жездे санадық.

Ойласам қазір...
Құдай-ау, қандай көнбіс ек?
Көнбістік қайсар тірлігімізге болды сеп.
Мейірбан жандар баурына басып жылытса,
Қайсы біреулер қабағын шытып,
Көрді шет.

Фәни жалғаның қайшылықтарынан сыр алғып,
Бәріне көндік,
Бәріне соның шыдадық.
Бағымызды да,
Сорымызды да сыйнадық,
Соғыстың зұлмат-зұлымдықтарын мұрағып
алған сол үрпақ ойласам қазір шын алғып!

Біреуден артық,
Біреуден сәл-сәл кемірек...
күн кешкен біздің үрпақтың шемен шері көп.
Сұраса шындаған айтар ем осы үрпақтың
бәрі - кешегі Соғыстың Ардагері деп.

Ауылдан кеткен көп боздақ қайтып келмеді,
Жетімдік талай бізді де тірі жерледі.
Қайта түледік,
Қайта көктедік қасарып,
ТІРШІЛІК атты ұлы бастаудан бас алғып
Өйткені біздер өртенеңге сеуіп қалдырган,
Жаңбырдан кейін нәр алғып, қаулап, жаңғырган,
Ертеңгі күнге қараумен көзін талдырган,
Балауса-балғын-балдырган...
Аталарымыздың, әкелеріміздің рухы
Бәріміз сонау СОҒЫСТЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Айналайын жаратқан (Ән)

Айналайын жаратқан,
Құдыреті күшті құдайым,
Орман-тауым, жер-суым,
Аспандагы Күн-Айым -
Бәрі өзіңнің перзентің,
Бәрі өзіңнің перзентің,
Пәле-жала, зұлматтан
Сақтай жүргін лайым.

Бабалардың бабасы,
Аналардың анасы...
Дүние түгел бір сендік,
Жоқ, ешкімнің таласы.
Астан-кестен бүгінде,
Біреуіне бірі жау
Төбемізде бір аспан,
Не жетпейді, қараши!

Аспан ортақ,
Жер ортақ -
Не жетпейді пендеңе,
Өзің берген Бақытқа
Бұл пендеңіз кенде ме?
Бәрімізде бір аяа,
Фарышта да, жерде де...
Болмашыға таласып,
Дүбіледі ел неге?!

Ауылым

Ауылым қыыр шетте Өрнек деген,
Бар тінін тірлігімнің өрнектеген.
Жаныма жақындығы Өрнегімдей
Бір ауыл таба алмаспын жер - көкте мен,

Мұң шалған кездерде де көңілімді,
Шалқытєп шәйдай ашар көгі нұрлы.
Сен менің қайда жүрсем тағдырымсың,
Тек саған арнағам бар өмірімді.

Оралған жыл құсындаі көктемдегі,
Көңілім сеніменен көкке өрледі.
Өзінмен өзектесіп жатыр мәңгі
Аяулы өмірімнің өткелдері.

Ерке Есіл емірене қолтығына ап,
Тұрады кемі болса толтырып-ақ.
Қарағай, шырша, терек, сәмбі талдар
Сәнімен сыйбырлайды шолпы құрап.

Сағындым сағынғандай ел де мені,
Сал самал көкірегіме дем береді.
Бауырмал ақ қайындар мені күткен
Қол бұлғап көз ұшында тербеледі.

Армандаі ауылдастар, бауырластар,
Сендермен көңілім шалқар, тауым да асқар.
Дүниеде не ғаламат көрсем-дағы
Мен үшін бір асыл жоқ, айырбастар!

Дана халық

“Тұзде батырмын”...

Ел даналығынан

Даламдай дарқан халық, дана халық,
Бір ойы бір ойынан дараланып,
Шындықты шыңдап айтқан аңысынбай,
Қалар дең жан жүрегі жараланып.

Сөзді - сөз,
Ойды оймен өрнектеген,
Оған жат - жауын мұқап, көрмек төмен.
Бағы асқан,
Тағы асқақ болса-дағы,
Ағаның алдын орап төрге өтпеген.

Кездерде жауаптасып жолға келген,
Жауына да тон жауып, жорға берген...
Қолынан ерлік туын түсірмеген,
Өлсе де ЕЛ НАМЫСЫН қорғап өлген.

Малдан, жаннан...
Бәрінен арын биік
қоя білген,
Көкірегі - өрт, жалын, күйік...
Егессе ЕЛ НАМЫСЫН қолдан бермей,
Өлімге де баратын жанын қызып.

Ежелден көсем халық, батыр халық,
Шежіре шешен халық, ақын халық.
Сабырлы, салиқалы сардар халық,
Үқласаң, ұға алмайсың жақын барып.

Болғанмен "үйде - қатын, түзде - батыр",
Маржандай көкірегіне тізген ақыл.
Бабалар даналығы - байлықта емес,
Қалдырған ұрпағына ізде жатыр.

Жан қинап қешпесем де зорланып құн,
Оңаша ой тербеймін толғанып мың.
Мақтаныш менің үшін әр кезде де -
Бір ұлы болғаным сол ӨР ХАЛЫҚТЫҢ!

Қайтарда жылап кетем

Зәрлі уындей жусанның жуаменен,
Кей-кейде тым ашы боп туады өлең.
Қайтейін -

Күн көзін де бұлт шалады,
Нұр төгер көлеңкесіз шуақ емен.

Өмірдің тәттісі бар,
Ащысы бар...
Білгенге екеуі де жақсы шығар.
"Тірліктің тоқтамы жоқ", - дейтін бабам,
Шығады жарып кейде тасты шынар.

Болмыстың өзек болар нәрі неде -
Үйренгем жоққа, барға...
Бәріне де.

Аз-көп пе,
Менің де өз тағдырым бар,
Тәлімсіз бас білмейтін тағы деме.



Арқаға аяздай боп бататыны -
Жаныңдай жалғыз достың сататыны.
Қайтейін -

Оған да өмір әзірлеген,
Әке өліп жастай жетім қалғанменен,
Ел дейтін Әулиедей АТА тірі!

Ақиық, арман шығар Елімді алға
жетелеп -

мінгізетін сенім-нарға.

Шыдармын тағдырдың не тәлкегіне,
Жаралған АДАМ болып тегім барда.

Үйімнің шыға беріп іргесінен,
Алқа ілген таң шығынан гүл кешіп ем.
Бұл күнде сол жерлердің бәрі тақыр,
Жалғасқан бабалардың мүрдесімен.

Армандай көзді арбаган жұмақ-мекен,
Тағдырдан осы қүйді сұрап па еken?
Аяныш халін көріп келген сайын
Қайтарда ебіл-себіл жылап кетем!

Дала-жұмақ

Дегенге:

“Дала - жұмақ!” -
Албырттық алып үшпа бар азырак,
Ауылдан бір-ақ күнде аттаныстық,
Қалды артта Ұлы Анадай ДАЛА жылап.

Қалды артта ДАЛА жылап Ұлы Агадай,
Тұнеріп ойға батқан ғұламадай.
Жас көніл асau аттай ала қашқан,
Даланың ҰЛЫЛЫҒЫН ұға ала ма-ай?

Шарладық содан бері сан қыырды,
Талайдан көніл қалды.

Жан күйінді.

Сонда ешкім Ұлы Агадай тербетпепті,
Жеткізіп жүректерге әлди-ұнди.

Күн кештік қуанып та, мұңайып та...
Әмір ғой -
Қосады оны кім айыпқа?
Пейіштің қақ төріне шықсан-дағы,
Ұмыту Ұлы Аданы лайық па?!

Бойдан - күш,
Нұрлы жүзден әр тайғанда,
Қамығып көніл шіркін ортайғанда,
Шынтаққа ап қос жастықты жантайғанда...
Мейірін Ұлы Аданың іздейді адам
Тірліктің қысы жетіп қартайғанда.

Толысып, тойынғаннан тасына алман,
Қашпасын бағым бастан,

Асым - алдан...

Мейірін Ұлы Аданың бүгіндер де
Сағынып жүргенімді жасыра алман.

Әмірдің ащысы көп,
Балы азырак,
Еліктеп деген сөзге:
“Қала - жұмас!”

Кетіп ек,
Келген сайын жан өксігін
баса алмай қарсы алады АНА жылап...

Ертерек кеттік елден,
Қала жырақ,
Сағынып сарғаяды сана бірақ.
Ұға алса,
Немереме айтып жүрмін
дегенді мың қайталап:
"ДАЛА - ЖҰМАҚ!"

Береді дейсің кім өндеп

Мен тұған ауыл,
Мен тұрған ауыл бұл Өрнек,
Үйлері анау әсемдеп қойған гүл-өрнек.
Көшениң бойы көкшалғын құрақ құлпырып
Жататын еді кілем бол.

Төскейдің беті білем де, білем...
Кілең кек
Көкшалғын үстін думанға бөлөп жүрер ме ек.
Бір-ақ, көктемде,
Жырақ, кеткенде мен елден
"Көтеріп" кетілті тыңды "көтергіш" түрен кеп.

Жасанған жаудай жиғдырды дейсің кімге есін,
Жайратты-ай келіп қораның, үйдің іргесін...
Басқа да-басқа,
Аруақтан безген азғындар
Бабаларымның табанға сапты мурдесін.

Дұмпіген ауыл батырдың үрпақ-елі боп,
Дүрілдеуші еді кеудесін кернеп желік-от.
Мұсәпір болып қалыпты бір-ақ, көктемде,
Малын өргізіп,
Алшандап жүрер жері жоқ.

Көмбіс те-көмбіс,
Арыстарымның көмбісі-ай,
Қутақыр болған өзенде өлке, көлді сай...
Қоң етін алып қуырдақ, жасап жатқанда,
Қынқ, демейтүғын қайран жүртүмның көнгіші-ай!

Мен тұған ауыл,
Мен тұрган ауыл бұл Өрнек,
Үйлері қандай -
Әсемдеп өрген гүл-өрнек.
Әттең-ай, әттең көкшалғын көше-кілем жоқ,
Жүргегі құргыр білем де-білем-білем боп
Сыздайды тынбай...
Құлатқанымызды кім өндеп,
Құрытқанымызды береді дейсің түгендер?!

Жұбатса екен Ананы *Ballada*

Кешкілік мезгіл,
Көрдім бір әзіз Ананы,
Еңсесі түскен,
Мұңайып маған қарады.
Жанардан ырышып көрінген мөлдір бір тамшы
Ақ жүзіндегі әжімді бойлап барады.

Сыздады жүрек,
Мұздады сәтте өн бойым,
Уатсам деген,
Жұбатсам деген болды ойым.
Кім екен жадау-жабырқау жанын жаралап,
Аяулы жанның дертін қозғаган тоңмойын.

Таяна барып:

- Не болды, - дедім, жан ана?
Сан қылыш ойлар орала берді санама.
Көлкелеп жүзін бетіме жәймен қарады,
Көкірегі толы шер менен мұңға, налаға.

- Не дейін, балам,
Шағайын кімге мұңымды,
Мұн шақсам біреу жөн екен дер ме мұңымды.
Соғыстан келіп әкесі ерте көз жұмған,
Бетінен қақпай өсіріп едім бір ұлды.

Ер жетті балам қарасаң көзің тойғандай,
Әкесінен аумай -
Аузынан түсе қойғандай.
Тіл-көзден аман болғай деп әр кез тілеуші ем,
Көшелі жандай -
Айтпайтын бір сөз ойланбай.

Жылы суға енді малар деуші едім қолымды,
Тәнірім әлде көпсінді ме екен сонымды.
Әскерге алды,
Ауганға барды, жазған-ай,
Тас тағдыр солай қайнатып кетті сорымды.

Келмеді өзі,
Табыты жетті ауылға,
Зарланып қалды ағайын, тума, бауыр да...
Шырағым сөнді,
Тартылды шалқар дариям,
Тұтылды Құнім,
Шеккендей асқар тауым да.

Қубаспын енді,
Көңілімді немен алдармын,
Үзілген үміт,
Үмітті қалай жалғармын?
Опасыздығын енді үқтym жарық жалғаның,
Тәңіріні қалай,
Тағдырымды қалай қарғармын.

Алдамшы үміт те арман екен гой, ой алла-ай,
Ақ, жүзін көріп,
Мауқымды басып тоя алмай,
Тас табыттағы ұлым ба, жоқ па, сене алмай,
Қор болып жүрмін арулап қолдан қоя алмай.

Моладан келем өксігімді өлі баса алмай,
Құлыным кетті бір гүлін жайып аша алмай.
Мені де ал деп тәңірден күнде тілеймін,
Шерменде күйім тағдырдан озып, қаша алмай.

"Өлмеген құлға - өлі балық", - деп күн үшін,
Жер басқан елес көп аруақтың бірісің.
Әйтеуір жүртттың санында барсың, тірісің,
Тірісің,
Бірақ сол тіршілігің кім үшін?
Жалғыздан қалып қор болған күнің құрысын!

Базарға бардым,
Барыма түк те келмеді,
Алааяқтардың бізді алдау сынды ермегі.
Аздырып болды,
Тоздырып болды адамды,
Көрі кеудені ыза мен намыс кернеді,
Удан да зәрлі уақыттың азы кермегі.

Құн сайын тағы жаңа бір тықыр таянып
қалғандай түндे түсімнен тұрам оянып.
Жан бағып өскен жан емес едік аянып,
Дүние түгел таскерең болып кеткендей,
Құн көрер еkenбіз кімдерді пана, саяғып?!?

...Еңсемді езіп қасырет-шері Ананың,
Алғандай торлап төңірегімді нала-мұн.
Басқаны қайдам?

Жалғызын көмген моладан
Қарт Ана ертіп келе жатқандай қара құн.

Дәл сол сәттегі күйімді ұғар кім менің,
Бақыт еместей жер басып тірі жүргенім.
Тірідей тозақ отына күйген Ананы
Жылатарымды,
Жұбатарымды білмедім.

Қандай құн мынау -
Біреуді біреу шет көрген,
Көзімнің жасы тамагыма кеп кептелген.
Арманым деген,
Ардағым деген жалғыз ұл
Не үшін өлген?
Кім үшін өлген?
Текке өлген!

Өтеді күндер,
Зымырап УАҚЫТ агады,
Ойласам бүгін талайдың жаны жаралы,
Өткенмен кетіп өкініш, өлім қаралы,
Келер күн кемел елшісі болып ел-елдің
Қуантса екен қамкөңіл барша баланы,
Жұбатса екен жылаған бейбақ АナンЫ!

Уақыт

Уақыт!
Біреулерді жылатып,
Біреулерді жұбатып,
Алта құрап, жыл құрап,
Ағын судай сылдырап,
Өтіп жатыр,
Өтіп жатыр тынымсыз,
Бірде шырқап биіктеге шарқ ұрып,
Бірде төмен құлдырап.

Уақыт!
Біреу біліп,
Біреу білмей бағасын
Өтіп жатыр -
Таңғажайып қаласын.
Алтын көпір секілді бір жалғайтын
Бүгін менен болашақтың арасын.

Діндарлардай қаза болған намазы -
Уақытқа да бар өзінше наразы.
Асылы ол мына жалпақ ғаламның,
Ғаламдағы төрт миллиард адамның
Тірлігіне, бірлігіне таразы!

Бомба бардай әлі де

Тоғызынышы Май!

Құйылғанмен көктемнің нұр шуагы,
Арылған жоқ. Дүниенің қырсығы әлі.
Соңғы демін ышқынып, ішке тартып
Зеңбіректер қаншықтай қыңсылады,
Тыншымады жер-ғалам, тыншымады!

Жеңіс-Жалау арайлы таң боп атқан,
Тегіс маңай қаралы қан боп аққан.
Жер-Ананың сүйегі сырқырайды,
Мендең алған жарасы жанға батқан.

Зар-дүние сорынан арылмаған -
Үілдеген үрейлі сарын жаман.
Әр жүректің түбінде түйін болып
Бір-бір бомба жатқандай жарылмаған.

Қуаныш бар жүздерде -
Қайғы да бар,
Қандай құдырет қайғыны тайдыра алар!
Төбе толы төмпешік - толған қабір,
Мұнға батқан тогайлар, сай-жыралар...

Тұған елге тұяғы іліне ме -
Бірін - ата,
Қарсы алып бірін - ене:
- Бірге кеткен боздағым қайда? - десе,
Сөз оралмай қалады-ау тіліне де,
Өкінер ме келдім деп тірі неге.

Секілденіп орынсыз сыбага алған,
Жаудан сынбаған сағы сынар ардан.
- Құрдасыңды көрдің бе, келе ме? - деп,
Жандай құрбы жаутаңдаш шығар алдан.

Бұл торласа тұрар ма түнермей көк,
Күші бар ма сол бұлтты түрердей кеп?
Кекелерін іздеген жетімдерден
Жер тесігін іздер-ау кірердей бол.

Тұған елдің көргенде бұла таңын
Жан жүректің сезеді-ақ гүл атарын.
Білмейді тек қарсы алған бейбақтарды
Қаңдай сөзben жарылқап "жұбатарын".

20 миллион аға, іні - бауырлары...
Күтіп отыр бәр-бәрін ауылдары.
Сырты-жалау болғанмен,
Іші - алау,
Былайғы елге белгісіз ауырғаны.

Тоғызынышы Май!
Кекжиектен шыққандай аңырап Күн,
Ойсыз-мұңсыз кете алар жадырап кім?
20 миллион!

Есепте ертеңімен,
Тірегі 20 миллион шаңырақтың!

Азалап бірі - ініні,
Бірі - ағаны...
Талайлар жылдар бойы жылар әлі.
Оның дерті - мәңгілік, дауасыз дерт
20 миллион шаңырақ, құлағаны.

Алапат - естімеген ертегіден,
Бір елдің 20 миллион еркегі кем!
Қуаныш-шаттық, емес,
 Қайғыны да
Есептеу керек шығар ертеңімен.

Торғызыншы Май!
Жылда Жеңіс күнін
Тойлап жатып,
 Тұп-тұтас Жер үстінің
тыныштығын ойлайды ол,
 Кімдер тағы
Жолдан тайып қетті деп теріс бүгін?..

Қырық, бір жыл аялап гүл шырынын
Келеді ол -
 Сындырмай бір шыбығын.
Жалғастырып жүргендей сезеді өзін
20 миллион бауырның тіршілігін.

Күндері жоқ сарылып-сағынбаган -
Алыс қалды,
 Бәрібір сарын жаман.
Сақтандырып өз-өзін қояды әлі
Бомба бардай бойында жарылмаған.

Тұған ауыл

Тұған ауыл!

Тұзу ұшса тұтінің,
Арылмаса берекен,
Жарылмаса бүтінің,
Алыс жүрген мына менің күтімім
Келіскендей қуанам -
Көкірегімде толқиды жыр,
Туады ән.
Бір перзентім келді деп,
Ет-жүрегі елжіреп,
Биіктірден желбіреп
Көрінердей Туы әман!

Биіктікке не жетсін -
Биіктіктің бейнеті - ауыр,
Жолы - сын,
Арман биік,
Биік болса ой-өрісің.
Мерейің де үстем елдің алдында,
Өзің соны шын бағалай алдың ба?
Ойлап көрші -
Бір заңдылық бар мұнда!

Мына жалпақ жалғанда -
Биіктікке құмартпайтын жан бар ма?
Жер бауырлап жылан екеш жылан да
Ұмтылады заңғарға.

Тұған ауыл -
От сезімнің семсері,
Қайда жүрсем пір тұтамын мен сені.
Сен арқылы менің барлық болмысым
Көрінердей еңселі.

Дей алмаймын:

- Ең сүйікті ұлың - мен,
Сонда да бір атым шықса дүбірден
Елден ерек елеңдейтін өзіңсің
Қуат беріп бойындағы дірілмен.

Өмірдегі менің барлық табысым,
Шаршы топта шабысым...
Өзіңменен өлшенетін секілді,
Менің шыққан биігіме сен сенсем,
Ел сенетін секілді!

X X X

Ауылда өскен пақыр едім ғұмыры
Самалына кеудемді ашып даланың,
Көкірегіме ұлатқан бар әнін.
Дей алмаймын әй-шәйіне қарадым -
Қызық қуып келдім-дағы, қарағым,
Ү-шұуына қойып кеттім қаланың.

Үйлерін-ай, үйлерін!..
Өнім тұрмақ, көргем жоқ-ты түсімде.
Біздің ауыл түгел жүрген секілді
Бір үйінің ішінде.
Қымызды да ел асы деп есептемей беретін,
Мұнда тының төлеу керек ішкен суың үшін де.

Түсінбедім, көкейіме қонбай қойды бір-бірі...
Ықтиярың қаласаң нағандық, деп біл мұны.
Кім біледі, бар шығар өз ойынша ұтқан да,
Ауыл - бөлек, ал, қала мұлдем бөлек үққанға,
Бір-біріне әйтеуір ұқсамайды тірлігі.

Тұып едім ауылда самала ескен, самала,
Кеңдік деген үялаң қалған содан санаға.
Бәрі қызық, дүниенің қиял құған балаға
Тартсам деген бір тілек шектелмеген шет-шегі
Мынау жомарт дағаға.

Рас менің бүгінде қала - мекен-тұрағым,
Отыз бес жыл есебінде тұрамын.
Сойтсе-дағы бастауын таудан алар өзендей
Кішкентай бір ауылдан басталады жыр-әнім.

Дала - менің бастауым, дала - байлық, қазынам.
Көктемі мен күзінен, қысы менен жазынан,
Сал самалдың сазынан
Жаң еркемнің назындаі бір наз үғам,
Қалада көп қыыспайтын қисыны
Елге барсам жарастығын табады
Еркелігім, Базынам!

Адам. Адамгершілік... *(Баллада)*

Соғыс біткен жыл еді -
Табандарға қаптап қойған ұлтандаі
Күсіміз де бір елі.
Шүкіршілік, таусылмаған дәм-тұзы
Әр түтіннің бар ұлдары, бар қызы...
Көбі - қалған жалғызының жалғызы
Арманы да, алғы күннен тілері!
Көрі-құртаң қалтылдаған шал-кемпір
Солар үшін тырбың қағып журеді.

Әкесі жоқ, кейбірінде жоқ, ана -
Тұл жетімде береке-құт бола ма?
Қайдан келсін байғұстардың күтімі,
Сол кездің бұл өз зауалы, үкімі,
Сирек-сирек шығатын-ды ауылда
Мыжырайған тал тамдардың тұтіні,
Мектепке де баратынбыз кезекпен,
Кезек киіп жалғыз жыртық, күпіні,
Қайдан болсын бүтіні?!

Ауыл деген қам-қарекет -
Тірлік қып,
Картоп салды үй басы,
Қияр, сәбіз екпеді.
Өмірбойы жеткен жер
Дәл сол жылы бөле келе жетпеді.

Дегендей-ақ ісімізді көрсін ел -
Жер бөлісті дастарханың бөліспеген көршілер.
О, құдай-ау, сүйем жерге таласты,
Бірін бірі көрместей бол тарасты,
Өмір бойы таласпаған бір жүріп,
Өмір бойы жараспаған бұл қылық,
Сол жылдары "жарасты" -
Есендіреп қалған халық соғыстан
Кейде сөйтіп адасты.

Адасқаны емей не -
Онда бізде ауқатты да, кедей де
болмайтұғын -
Барлық үй де қонторгай,
Кейін келді сәулетті үйлер,
Көркем жай...

Қоспағанда темір төбе кеңсені
Тек бастықтың жалғыз үйі еңселі,
Сұс көрсетіп тұратындаі бәріне
“Билеймін,- деп,- мен сені!”

Бір құрдасым болды сонда мешелдеу,
Мешелдікті қыын тағы “кесел” деу.
Аз болғандаі тас тағдырдың қорлығы,
Маңдайынан арылмаған сор күні,
Жанға батып зомбылығы-зорлығы
Күн бермейтін басқарманың жалғыз ұлы есерлеу.

Жүретін ол, жүретүғын шалқып-ақ,
Шалқу деген - тірлігінің шарты нақ.
Көңіліне ұнамаған баланың асығын да тартып ап,
Кететүғын асылын да тартып ап,
Кейде тұтас, кейде сәл-пәл жартылап,
Қайткенде де ол басқамыздан артық-ақ!

Ауылдағы ең сотанақ, ең долы -
Жақсы көрер бір бала жоқ елде оны.
Әттең-әттең, әкесі бар, болмаса...
Тәубесіне келтірер ем мен де оны.

Тұрмысымыз тұрмаса да тіреліп,
Балалықпен кейде ойнаймыз, тірі едік!
Жаз күні гой, бір топ болып қөшеде
Доп қуалап жүр едік,
Басқарманың сотанағы мешелдің
Қасына кеп тұра қалды шіреніп.

Тұрып-тұрып... ұрынды кеп мешелге,
Кемтар байғұс қорлағанын кешер ме?!

Тұмсығына тақай берген жұдырығын,
Елемейтін мешел тіпті мұны бұрын
Шап берді кеп, болмады қой десем де.

Қоя ма ыза, қыршып алды бармағын,
Ұлгірмедім, ара түсе алмадым.
Басқарманың жалғыз ұлы шыр етті,
Ет жүрегім шым етті.
Қан жалаған күшіктей кетті зырлап үйіне,
Әкесі жоқ мешел байғұс -
Болар екен күйі не?
Ашынған-ау көне-көне иіне!
Бар болса әзір барқыраған басқарма
Жетеді ұшып қарақұсша түйіле.

Дүрліктірген келе сала кеше елді,
Кем дегенде бір құлағын кесер-ді.
Баласындаі ол да есер-ді, есер-ді!
Амал қанша! Өтті, кетті қаталық,
Шеттеу үйдің шарбағына апарып,
Тығып қойдық мешелді.

Тағдырдың да түйсігі
Болса керек көп дегенмен қисығы,
Келе ме әлде істің орай-қисыны?
Бәлкім одан бақыт құсы ауғаннан -
Үлкендеу бір бастық, келіп ауданнан
Төбесінде қалды ойнамай мешелдің
Басқарманың бишигі.

Көп жыл өтті -

Көп жыл өтті, содан бері көп өтті,
Уақыт озды, кейбіреуден "бақыт озды",
Жылтыраған жаңаны да көне етті.
Жандарына, қандарына шоқ түсіп,
Сыр алдырды сыпсындаған көп пысық,
Сыр алдырды мықшындаған көп елті.

Басқарманың жалғыз ұлы, ерке ұлы
Елтіді-ай кеп, әр нәрсеге елтіді...

Уақыт-өзен арнасында ағып жатты байыпты,
Мешелдерден, кеселдерден де айықты,
Қалғаннан соң алапаттан ел тірі.
Бәрін-бәрін көзбен көрген мен тірі!

Қын күндер, құйын күндер өтті көп -
Жақсылықтан бөтен жүртта жоқ тілек.
Шындығы сол - жарат, мейлі жаратпа -
Мұсәпір боп шыға келді заматта
Жүрген жандар төбесімен көк тіреп.

Жүрген бастық әркімді бір малданып,
Күн туғанда жанын зорға қалды алып.
Оқуы жоқ, тоқуы жоқ, жалғыз ұл
Ішіп кеткен сандалып,
Қалбақтайды әзер-әзер жан бағып.

Бәрі-бәрі, бәрі-бәрі... кеше еді,
Жанда, қанда көктем-самал еседі.
Файып болды мешелдің де кеселі,
Бүгін міне ол - Ел ағасы көшелі,
Бір ауданың бар тағдырын шешеді,
Бәлкім бұл да Уақыттың өз ЕСЕБІ!

О, ғаламат - күні кеше өзін азаптағанды,
Қорлап, кекеп... Сөзін мазақтағанды
ұмытқан ба?
Басқарманың баласын
шақырып ап қойып жатты жұмысқа,
Мына ғұмыр асқан шебер, тым ұста -
Қайран қалдым - қате ме, әлде дұрыс па?!

Көріп тұрып аядым-ау, аядым!..
Өзім-дағы жегем талай таяғын.
Үф! - деп қалсаң ұшатын,
Көз алдымда тұрды бейбақ, мұсәпір,
Елпен қағып, аяғында құшатын,
Жоқ, көкірек, жоқ, баяғы... Баяғы үн!..

Дұрыс шығар - Адам-адамгершілік,
Ездігінді ұмыта алар Ер шығып,
Сезімге егер жібере алса елші ғып.
Ешкім мені азаптамай, қинамай
Маңдайымнан кетті шып-шып тер шығып,
Көп нәрсені жүр еkenбіз теріс ұғып,
Айдай Әлем - Мына Заман кеңшілік,
Қайран Адам!
Қайран АДАМГЕРШІЛІК!

· Кетпес үшін...

Біздің ауыл қыр басында қыналы,
Қыр басында дегенинен де шығады;
Әрлі-берлі өткендерді шақырып,
Күндік жерден мен мұндалап тұрады.

Ел қадірін біреу үқпай, бірі үғып...
жүргенменен, жолаушылар бұрылып,
атасының ауылына келгендей
аттанады аунап-қунап, тынығып...

Айыбы тек - қия жатқан терістік,
Терістікте тегіс жерді тегіс қып
қар жауады, басқа жақта күз әлі,
Бірақ, бірақ пейілі елдің кең, ыстық!

Көңілсіздеу көрінгенмен мына алап,
Тас-тастардың арасынан сыналап
гүл өседі, гүл мен қына қосылып
Көктемде жер өрттей жанып тұрады-ақ!

Қынаменен тон бояйды аналар,
Қынаменен тор бояйды агалар.
Қыс күндері шаңғы теуіп шығады
құтындаған қына-торы балалар.

Біздің ауыл сонысымен көркем-ді,
Күз-көктемде өлі шебі өртенді.
Өртегені - ертеңгі күн өркенді,
Ана-мына қоқсықтармен дерт өлді.

Жүрсе деумен жанда, қанда жаз аңқып,
Кетпес үшін аққулардан қаз артып,
Дүркін-дүркін көңілдің де қоқсығын
Тұрса шіркін дәл осылай тазартып!

Тұсінгем

Бір дос айтты:

- Мен далада тұған ем,
Дала дейтін тып-тыныш-ты мұлгіген,
Тыныш жүріп-ақ бәрін-бәрін ұлгірем.
Күнше пайдаланатынмын күнді мен,
Түнше пайдаланатынмын түнді мен.

Күндіз-жұмыс, түнде тынығатынмын,
Таңды Күнмен күліп атырдым!
Содан болар, тәуліктің әр мәзгілін
Ерекшелігімен шын ұғатынмын.

Қала кеп ем, бәрі-бәрі өзгерді,
Өз ойым рой, қайдан білем өзге елді.
Күндіз ұйықтап, түнде жұмыс істеген
жандарды да көз көрді.

... Қала өмірі... Кімге, қалай танытам,
Көрмегенге - бәрі қызық, бәрі - таң.
Өзімді әлі ауылдықпын деп білем,
Қай-қайсына баға беріп жарытам?!

Досым айтты қайран қалған пішінмен,
Болармын ба соны ұқпайтын кісің мен?!
Бәрін-бәрін мана келген бетінде-ақ
Қабағынан тусінгем.
“Осы мені қалалық!” - деп түр-ау деп
күліп қойдым ішімнен.

Х Х Х

Ақыл да, парасат та, күш те берген,
Үшеуі бар болғанда үстем елден.
Соны көріп, құдайын ұмытар деп,
Бұл қазақты құдайым үшке бөлген.

Адамдары апайтөс, ірі қандай,
Жәйда - нәзік, жанының гүлі бардай.
Өкініші - бір ойды үшке бөліп,
Келе жатыр біреуін бірі ұға алмай.

Жақсылықтар жетеді-ау салтында ерен,
Бөлінбестей бір ұғым - халқым деген.
Әттең, әттең көп жерде бас қоса алмай
Қор болады-ақ, үш жаққа тартуменен.

Басы тасқа тисе де біріге алмай,
Бірге жүріп, біреуін бірі ұға алмай,
Ақыл билер сәттерде ашу жеңіп,
Әуре етеді жүректің тілін алмай.

Сақтағандай көздің ақ, қараашығын...
Танытатын Дүниеге бар асылын
Халықтың қасиеті үш бөлінбей,
Үшгүлдей тапса-ау, шіркін, жарасымын!

Сурет

Дүр-дүр етіп тау өзені ағады,
Дір-дір етіп қыз кірпігін қағады.
Қазағымның құрт қайнатқан қазаны
секілденіп кейде тулас, көпіршіп
Бұрқ-сарқ, етіп жатыр ұрып жағаны.

Ашуын-ай, ашуын-ай, ашуын...
Тасуын-ай, тасуын-ай, тасуын...
Гүрілдейді, дүрілдейді дөңбекшіп,
Жоғалтқандай алмағайып асылын.

Ағысында адудын бар, айбар бар,
Бәлкім әркім ұға бермес жайлар бар.
Жағасында бар тірлікті тәрік қып
Отырады Айбаршалар, Айдарлар...

Ашуулы боп көрінсе де, көрікті-ay,
Фашықтардың тілсіз тілін көп ұқты-ay.
Жағадагы жас махабbat ләззатын
Елден ерек тұратындай көріп тау,
Әй, көрікті-ay, көрікті-ay!

Аруақ деген немене?..

Бой-бой болып ыдырап сөгілер деп жатпаймыз,
Симай тұрған тарды да тартып-созып "шақтаймыз".
Көре жүріп және де біле жүріп бәр-бәрін
Шырық бұзған тентектің теріс ісін жақтаймыз.

Жақтаймыз кеп бәрін де, көріп-біліп жақтаймыз,
Жақтамасақ - жаудаймыз, өле-өлгенше жақтаймыз.
Желге-күнгө тигізбей ерке ұлындаі құдайдың
Мін таппаймыз бойынан, жарыса кеп мақтаймыз.

Біреулерге - жан қайғы,
Біреулерге - мал қайғы...
Сай сүйегің кеміріп мұң шағады, зарлайды.
Ашынған жан әлбетте адаса ма ақылдан -
Керек десең пенде емес, құдайды да қарғайды.

Ойыңыздың кей тұсын жыға салып әзілге,
Тура сезің жақпаса, еркелігім, назым... де.
Сынаудың да сан қили тауып алдық жолдарын -
Құмар-ақпаз батыр бол көрінуге қазірде.

"Әне-міне, - дей жүріп, - қолымызға қонар құт",
Барымыздан айрылып, бағымыздан тоналдық.
Ең ғажабы - аттан сап аруақтармен алысып,
Жан қинамай оп-оңай жеңетүғын боп алдық.

Жеңген емей немене - мақтап жүріп тіріде,
Көз жұма сап жармастық іргеліге, іріге.
Жарықтықтар қайтсын-ай - тірілерден қорқа ма,
Сурылып мінбеге таласпайды бірі де.

Таласпайды бірі де, таласқанда не істейді,
Өлгендерге қайтадан сәуір самалы еспейді.
Жіпке тізіп алғандай құдай кешкен кінәсін
Елеуреген тірілер бәрі бір де кешпейді.

Қособада жатып ап Бекежандай жол аңдып -
Аз берсек те бергенде, алған кезде көп алдық.
Аруақ деген немене кезі келсе құдайды
Қағып-сілкіп оп-оңай жеңетүғын боп алдық.

Кеткім келеді

Сынап жатырмыз, тоқтаусыз сынап жатырмыз,
Неткен кеңшілік?
Жоқтаусыз шыдап жатырмыз.
Аралға керек, мертіккен маралға керек,
Балқашқа керек, жаралы жартасқа керек...
Есесін елден тынымсыз сұрап жатырмыз.

Тартылған өзен, сағымдай сарқылған көлдер,
Өртеніп отқа, жалынға шарпылған беддер,
Суырган құмды аңызғақ, аңқылдақ желдер,
Әзірейлідей алапат ант үрган кендер...

Ертеңге басты қатырмай кесек атамыз,
Қалайша гүлдеп, қалайша шешек атамыз?
Соңынан санды бір соғып, қайырын тілеп
Есеп ашамыз - кетсе де неше қатамыз.

Құлшылық етіп құдайға, құран оқыған
Атамнан өткен-кеткенді сұрап отырам.
Адамның бәрін өзіндей мейірбан көреді,
Бейқамдығына ішмнен жылап отырам,
Күл бол кетерін білмейді уран отынан.

Қалдырып артта думанды базар күндерін,
Шеңгелін салып, бүркіттей тажал бүргенін,
Сезбейді қайран қария сәби көңілді
Айналасында анталап ажал жүргенін.

Көбейді бүгін жүрегі жараланғандар,
Симайды мынау түншығып далама заңгар.
Мұсәпір қолын созарын білмейді кімге
Жаны қарайып, жазықсыз қаны ағарғандар.

Алаулап елдің тұрса да Туы шебінде,
Білмейді қайдан алаңсыз су ішерін де.
Ауа да, жер де, жел де улы, улы бәрі де
Күдікпен шошып қарайды гүлдің нәріне...
Қара құрт түсіп қор болдық, ҰЛЫ СЕНИМГЕ!

Бабаларымның қор болып өттім дегені,
Тасты тасқа ұрып, өңештеп отты үрлегені,
Құлық-сұмдықты көп оқып, көп білмені -
Бақыт екен фой, мен қазір сондай өмірге
Мүмкіндік болса, ойланбай кеткім келеді!

Жарасар ма екен тобымыз

Сиырдың сауыр жұнінен
Домбалдаап алған добымыз.
Ойнауга бармыз күнімен,
Сәл босай қалса қолымыз.

"Сәл босай қалса қолымыз"...
Әттең-ай, ондай күн қайда?
Тарқады сәнді тобымыз,
Амалсыз көндік "ыңғайға".

Әйелдер менен кәрілер -
Ауылдың қарап қалғаны.
Жанымен әркім әбігер,
Майданда - тілек, арманы.

Ағалар кеткен жол анау -
Ауылдың арғы шетінде.
Үміт те шексіз болады-ау,
Әкесін күткен жетімде.

Қаншама берік болғанмен,
Төзім де кейде тозардай.
Келеміз сүрлеу жолдармен,
Тағдырдан асып оза алмай.

Домбаладап алған добымыз
Үйді-үйде қалды ойналмай.
Тарқады сәнді тобымыз -
Адыра қалған тойлардай.

Ажырап біздер кеткелі,
Таң атып қанша, құн батты...
Жұн допқа баға жетпеді -
Жетпеді, сондай қымбат-ты.

Дүкенге барсаң бүгінде -
Самсаған доптар не түрлі.
Қызығып соның бірін де
Жан алмайтұғын секілді.

Қап алып әдей келсем бе,
Қотарып бәрін алсам ба?
Таратып сосын берсем бе,
Өзімдей болған бар шалға.

Артықтау кетсем кешесің,
Қинамас жанын кімдердің.
Қайтарсам солай есесін
Ойналмай қалған күндердің.

Бозғырау ұрып көктемде,
Мезгілсіз солған гүл қандай?
Оралсам оймен өткенге -
Сол күндер келіп тұрғандай.

Жетпейтін кеше қолымыз,
Ол да тұр, әне торымыз.
Ойнайықшы бір, ей шалдар,
Тогысып қайта жолымыз,
Жарысар ма екен добымыз,
Жарасар ма екен тобымыз?!

Өтті-кетті бір адам

Кеше ғана дін аман,
Ойнап-куліп қатар жүрген тірі адам
ортамызда бүгін жоқ,
жатыр міне, түк үн жоқ,
тіп-тік тұрып тұғырынан құлаған,
Сенейін бе, сенбейін бе мынаған?

Сенейін бе, сенбейін бе, ой алла-ай,
Тірлігіне соңғы нүктө қоярдай -
жасы жеткен кәрі емес,
оң мен түстей көргенінің бәрі елес,
кетті-ау жарық дүниенің қызығына тоя алмай.

Ол да мына өзіміздей пенде ғой,
Қай қыырға апармады жемлядай желген ой.
Енді міне түк үн жоқ,
Жатыр сұлық тар табытта -
Кеше жүрген, бүгін жоқ.

Жетемін деп, жетемін деп дүниенің шетіне -
Жел боп тиді біреулердің бетіне.
Біреулерді қолдаймын деп,
Біреулерді қорғаймын деп,
Өзі тұрды кейде жеддің өтіне...

Бәрі қалды, қалды бәрі енді оның,
Ешкім ізден таба алмайды ем-домын.
Қапылыста қара балта сілтеген
Қарақшыдай келді өлім.

Бәрі қалды, қалды қызық, думан да...
Барға, жоққа бас қатырып тұрғанда -
қиналмайды, қинамайды өзгені,
жетеді осы тағдырына төзгені,
Бар азабын ала кетті,
Ала тұган тұғанда.

Бәрі қалды, жары қалды, қалды әні,
Жазуда - сол, қалдырмасқа бар ма әлі?
Қалды тағы түспей қойған иықтан
тірліктің зіл салмағы.

Досты демеп, шаппайды енді жауға да,
Килікпейді дабыраға, дауға да,
Тиын үшін араласып саудаға,
Ілікпейді қара басып сауғаға...
Жатыр тыныш жалпақ жұртын қия алмай,
Келген жандай тәуубаға.

Аландастып бір қуаныш, бір қайғы,
Тірлік күйттеп таң-азаннан тұрмайды.
Періште емес, пенде де емес ол енді,
Біреуге - тыс, біреуге іш бұрмайды.

Толған айды қызық, көріп, көркем деп...
Толғанбайды бұрынғыдай ой тербел.
Ойланбайды - жаза басып ертең кеп,
Өкініші өзегімді өртер деп.

О, ғаламат, кеше ғана дін аман,
Өзіміздей жұбанып, өзіміздей жылаған,
Періште емес пәк дейтіндей күнадан,
Біреулерді мадақтап,
Біреулерді мазақтап...
Пенделікпен сынамасты сынаған,
Өтті-кетті бір адам,
Дүние сол бәз қалпында тұр аман,
Сенейін бе,
Сенбейін бе мынаған?!

Сене көрме

Арман қайда?
Арманды іздең босқа адам алданбай ма?
Арман деген не өзі? Жалған, жәй ма,
Лайымда жалған, не жәй болмаса
Үмітіммен жанаса жалғанбай ма?

Жастық-сайтан - қашан да желік, үміт...
Алабұртқан бойдағы сері қылыш.
Арманым деп тек жалғыз сені біліп
Жұруші едім баса алмай аптығымды
Албырттықтың ақ берен желі қуып.

Бұлдыры, тұлдыры жоқ, шағылдарда
Адасып сабылғанда, табылғанда,
Тиесі несібеден қағылғанда,
Сағым сынып, тауым шын шағылғанды...
Сені іздең жүгіруші ем сағынғанда,
Сусыған көз ұшында сағымдарға.

Мен үшін сол құдырет арман еді,
Күнді- түн, түнді - күнге жалғар еді,
Еріксіз елесімен алдар еді,
Қиялым қиян қекке самғар еді,
Бәрінде бір ғаламат ән бар еді,
Жанымды, жүргегімді арбар еді...

Арманым алақұйын сол ән бе еді,
Ән болса, көңілім шалқып толар ма еді?
Дүниенің бар қызығын ұмыттырып,
Кім еді ғашық, қылған соған мені?

Қалды енді, қалды көңіл бәрінен де,
Бүгінде не силарын тәңір емге
білмеймін... Дауыл тоқтап, дамыл тауып,
Түскен бе сабасына кәрі кеуде.

Біткен ғой, біткен сірә менде жалын,
Бергенмін үлестіріп елге бәрін.
Әйтеуір арман шіркін таусылмайды,
Армансыз тірі жүріп пенде - жарым,
Отырып оңашада ой кешемін -
Тіршілік бітпей тұрып, арман бітер
десе біреу, сенбе, сен,
Сенбе, жаным!

Одаққа ода

Абыр-сабыр жүріс болып жататын,
Шығыс пенен кіріс болып жататын,
Кей кесімдер дауға, шарға ұласып,
Кей шешімдер дұрыс болып жататын.
Күнде әйтеуір бір іс болып жататын

Мұхаң бастап,
Сәбен, Габең қостаған,
Өріс тілер өрелі ойды хоштаған,
Ынтымақтың ырысы еді бұл Одак,
Әр басбұзар әр тарапқа боспаған,
Қатар жүрген кәрі-жасы дос маған.

Ерен тойлар,
Мерейтойлар өтетін,
Кемел тойлар,
Жедел тойлер өтетін,
Кереметтей көрінетін кең залда
Естен кетпес нелер тойлар өтетін,
Шаттық, кернеп,
Адам симай кететін.

Енді міне,
қашан келсең тым-тырыс,
Сілкініс аз,
Ал одан да аз құлшыныс.
Баяу аққан өмір-өзен секілді
сезілмейді бұлшық еттей бұлқыныс,
сол бір тұрыс,
сол бір тұрыс, бір тұрыс.

Жапырағы солған кәрі күздейміз,
Күз де болса,
үмітімізді үзбейміз.
Хатшыларды таппай қалсақ, ғайыптан
Алыс-жақын шет елдерден іздейміз,
Алыс-жақын шет елдерден іздейміз.

Ақын емес,
Асанқайры шын ақын,
Заманының зарын-мұңын ұфатын.
Әз достарды ақырғы рет Кеңсайға
Шығарып сап,
Хоштасып қап тұратын,
Ұмытқандай басқа мақсат-мұратын.

Еңселі елде елі менен ері егіз,
Айтындаршы,
жиналамыз неге біз.
Қимайтұғын қара жерге дос-жарды,
Ақтық, көріп қалу үшін келеміз,
Ақтық, көріп қалу үшін келеміз!..

Хұқын біліп, парызын білмейтіндер

Жұмыр жер мекенінде
тірлік кешіп жүр барша жан иесі,
естісі, есерсоғы, жарымесі...
Ортақ ауа, ортақ күн, ортақ сұы,
Ортақта бәрінің де бар үлесі.

Жаратқанның өзгермес үкіміндей,
Ортақ, байлық, бәрінің хұқы бірдей.
Естіге де, есерге тең болған соң,
Бұл дүниенің қойғандай құты кірмей.

Қалмас үшін алатын үлесінен,
Шығарады бар хұқын кім есінен.
Қайран ұлы табиғат! Соның бәрін
Келе жатыр асырап сүмесімен.

Келе жатыр асырап сүмесімен,
Ақтарылып бар бүге-шігесімен.
Ертең күнін жатқан жоқ есепке алып,
Демейді: "Мен де бір күн түгесілем!"...

Арман алыс, жетердей төте жол жоқ,
Өлсе аналық парызын өтеп өлмек.
Хұқын біліп, парызын білмейтіндер
Жан қинаса қалардай көтерем боп.

Тәубама қайтып келейін

Іздей де-іздей дүниедегі жоқ ШЫНДЫ,
Шағылып тауым, сабылып сағым көп сынды.
Төмен жүрсем де төпелейтіндер табылды,
Жоғарылап кетсем... Онымды тағы көпсінді.

Иманы түгіл жоғалтқандар көп ибаны,
Оны ұғып жатқан жан жоғы жанды қинады.
Өздері шықпай, мындалап тұрган биікті
Шығамын деген басқаға тағы қимады.

Ақиқат іздеп елті сен мейлің, елтіме -
Қоршаған ортаң жібере бермес еркіне.
Қамалап әкеп түсірер терең қамбага,
Қарай да қоймас құран ұстаган сертіңс.

Бәрінен қорқам, бәрінен қорқам бүгін мен,
Теп-тегіс жерде талай да-талай сүрінгем.
Мына адамдардың біреуін артық, бірін кем
көрмесем-дағы, көбінен безіп тұнілгем.

Тірліктің мынау бал шырынына бір қанбай,
Сезінуші едім ғашық боп ылғи тұргандаі.
Тұғаннан артық достарым алдақ кеткенде,
Білмеймін қалай қалғанымды аман жынданбай.

Содан да ма екен, егіліп, кейде езілем...
Безердей болдым тірліктің талқы-тезінен.
Алдамшы бәрі, айналаң толы аярлық,
Өзімді өзім қорғансыз жаңдай сезінем.

Құдая, сақта! Не деп барамын осы мен?
Қойғам ба қалып өмірдің ұлы көшінен.
Ақын деп жүрген, жақын деп жүрген жаңдар көп,
Біреулер үшін бәріне қайтып өшігем?!

Сенейін елге, сенейін досқа, сенейін,
Сенімде шығар, сенімде шығар мерейім.
Көкірегіме жақсылық, дәнін себейін,
Адасып жүрген екенмін, алла, кеше гөр,
Кеше гөр тездеп, тәубама қайтып келейін!

Қалай қараймыз өртөңге

Өкпе жалаңаш, жүрек жалаңаш,
Жалаңаш...
Шарпиды жанды шоқ, пенен жалын аралас.
Бірімен-бірі арбасқан зәһар аждаһа,
Өліп-тіріліп жатқаныңа да қарамас.

Көңіл нені үқты -
Өмірге күпті, шала мас,
Оңайлықпенен мастығың бойдан тарамас.
Адамдар бүгін хайуаннан бетер хауіпті,
Тәні жалаңаш, жаны жалаңаш, араны аш!..

Ішпей де жемей пейілге ғана тоярдай
кешегі құннен адасып қалдық, ой, алла-ай!
Құдайдан емес, заңнан қорқады пәтшағар,
Болмаса адам бір-бірін жұтып қоярдай.

Қараған жоқпыз сұық, деп, аптал ыстық, деп,
Көзді жұмдық, та, бәріне гүмп-гүмп түстік кеп.
Сахарада қалып шөлдеген жандай көз жұмып,
Суды да іштік, уды да іштік... Іштік көп!

Көбейді қазір батыр келіншек, батыр қыз...
Бір қарағанға бәріміз бірдей батылмыз.
Елді ер емес, ездер биледі, соданда -
Сазға отырғандай сазайын тартып жатырмыз.

Ескексіз қайық, еркіміз желде, желкенде...
Ойланған кім бар, шында да ез бен ер тең бе?
Бүгін күн өтер бүқпалап ғұмыр кешірген,
Не бетімізбен қарап еkenбіз ертеңге?!

Зымырап барады өмір

Жыр жазсам, жырмен бірге мұң келеді,
Бұл не мұң, қамалаған күнде мені.
Күздегі күнрөнген күрең белдей
Мамырдың майса-мамық, гүлдегені.

Сыртым сау, іші құрғыр алай-дүлей,
Қайранмын, құрдастарым қалай жүр ей?!
Көз ілсем анталаған аш бөрідей,
Қамалап қайырымсыз талайды үрей.

Түкке де түсінбедім,
Түсінбедім...
Көрдім талай ит болып кісі үргенін.
Не болып бара жатыр мына дүние,
Сыртым сау, ойран-асыр ішім менің.

Алдырған бөлтірігін бөрілердей
ызылды, өзірейлі бол көрінердей.
Мың емес, мұнмен жалғыз алысқанда,
Достың да кетті айналып көбі келмей.

Шын жүйрік шаппай қалса тер тілер ме,
Бар ма осы қуат-қайрат желпінерге?
Сұлық, түсем сәл ғана серпілем де,
Еместей өмірімнің еркі менде.

Әрнеге елеңдеген нала көңіл,
Өрттей бол алаулаған жанады өңір.
Тұлпардай басы қатты тоқтай алмай,
Зымырап көз алдымда барады ӨМІР!

Көнген жанбыз бәріне

Мен бармаған, мен жүрмеген қыырлар,
Мен көрмеген, мен білмеген құйындар...
Үрпағымның алдын орап борайды,
Бүйте берсе тірлігі тым қыындар.

Үй іргесі - асу бермес белестей,
Тұндығімнен қойды-ау самал леп еспей.
Кеше көрген қуанышым, қызығым
Көзден ғайып бұлбұл үшқан елестей.

Тұлпардай-ақ, қаңтарылған беддеуде
Бұлқынаады шабыс тілеп шер кеуде.
О, сұмдық-ай, қыын болты бүгінде
Өлігінді кебінге орап жерлеу де.

Тірлік пе бұл, жәй ғана бір мәміле,
Көрген жанбыз, көнген жанбыз бәріне.
Жалтақтаумен күн кешеміз әлі де,
Әлде кімнің ілінем деп кәріне.

Су ішінде қысатындаш шөл кейде,
Күні жетсе, шөлден де адам өлмей ме
Жарамызды жасырамыз жабулап,
Жасырғанды көзі бар ел көрмей ме?

Теңіздерім, өзендерім, көлдерім...
Түсе алмадым, іше алмадым, шөлдедім.
Көнілімде де бірде хауіл, бірде үміт,
Бүтін тұрган ештеңені көрмедім.

Орта бақыт, орта көңіл, орта мұң...
Соның бәрін ойлап тапқан жорта кім?
Өзім көрген қоқайларым түк емес,
Ұрпағымның көрерінен қорқамын!

Х Х Х

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,
Түсіне алмай қор болдым көбіне түк.
Ауған бұлттай басыңнан озған дәуір
Күзгі дала секілді өңі қетіп.

О, құдырет,
Тәңірдің күші қандай -
Ештеңе жоқ түйсініп, тұшынардай.
Қанша салсам тұлкіге тұспей қойды,
Тым шәү тартып қалған ба құсым, алла-ай.

Көнілімді бұлт басты, үміт қашты,
Бағаласақ жақсы рой біліп басты.
Сансыраған сандырақ саудагерлер
Сап алтынға балайды сынық тасты.

Жылаған күн, мұң шағып жыраған күн,
Ішке түйіп бар сырын тыңдал алдым.
Дүниенің дерті көп, дауасы жоқ,
Көре-көре соларды жынданармын.

Кімге айтып, мұңымды кімге шағам?
Мұңсыз жандар үқпас та, білмес өман.
Өзімді өзім қинаймын қияметтей,
Басқа менің келеді кімге шамам.

Өмір өтіп барады, өмір өтіп!..

Уақыттан адам озбайды

Тағдыр мені қанша рет отқа салды,
Нысанаға байлады, оққа шалды.
Содан ба екен, бұрынғы арыным жоқ,
Айға атылар айбар да жоқ, қашанғы.

Сын деп бәрін шынымен сезіне алсак,
Аямай-ақ, сынапты тезіне сап.
Пешенеме жазғанын көріп келем,
Әркімнің өз болмысы өзіне шақ.

“Әлінді біл, аяз би!” - дейтін халмен,
Шарықтауға келмейді кей күн дәурен.
Жүргенге де жер басып ризамыз,
Ішер суға мәз болып жейтін наңмен.

Тағдырым ба, бола алмай тәңір қорған,
Әумесерге ауысып тәуір қолдан,
Арса-арса күйім бар арық, аттай,
Жайдак мініп әркімдер, жауыр болған.

Асау едім аптығын алдырмаған,
Жүйрік ем топтан қара шалдырмаған,
Енді үқтym, қолға үйретіп алғандығын
Құрығын сала-сала тағдыр маған.

Шапқанда шаршы топты таңдандырып,
Артына түйдек-түйдек шаң қалдырып,
Шалқыған сан қияға қайран күндер
Жәй ғана жүр екен ғой алдандырып.

Тұғырда тұлпар-көңіл тозбай бекем,
Сезімді сері көңіл қозғайды еken.
Арман-ай, сол күндердің бәрі алдамшы,
Уақыттан Адам сірә озбайды еken.

Өмірге жыр да керек...

Жоқ өлеңнің алары, берері де,
Жоқ сүйеніш-тірегі, сенері де.
Шындық үшін шырылдан отқа түсіп,
Корғаныш боп жүреді тек еліне.

Әділеттің ақ жолы - бір сенері,
Аямайды жұртынан білсе нені.
Өрт шалып жатса жалпақ дүниені
Қарлығаш қанатымен су себеді.

Құлпырып көріне алмас кілем-гүлдей,
Қадірін біреу біліп, біреу білмей...
Жүреді жүректерге жылу құйып,
Жатқандай көрінсе де түк өндірмей.

Адам боп адам баста жаралғалы,
Көркейту жер-әлемді бар арманы.
Өлең деген бірде мұң, бірде нала,
Бірде тұнған көз жасы жанардағы.

Өлең сұлу көктемнің желегіндей,
Кейбіреулер көзіне келеді ілмей.
Өмірге жыр да керек, сыр да керек
Жер мен Көк,
От пен Судың керегіндей!

Күн шығып, Күн батады

Күн шығады,
Алаулап Күн батады,
Ұмыттырып қайғыны, мұң, қапаны...
Қөздің жасы түк емес көлдей болған,
Уақыт теңіз сүйн да құрғатады.

Күн шығады,
Қайтадан Күн батады,
Таң келеді малынып нұрға тағы.
Өзегінді өртеген өлімнің де
Ұмытылып жатады бірқатары.

Күн шығады,
Тағы да Күн батады,
Жолаушы-өмір тынымсыз түн қатады.
Мың сүрініп, мың тұрып малтығасың
Жөндеймін деп жіберген бір қатаны.

Күн батады,
Айналып Күн шығады,
Көз жасына талайлар тұншығады.
Жұп өмірдің жоқ дей бер жарасымы,
Орайымен келмесе бір сыңары.

Біреулермен достасып, араласып...
Біреулермен қастасып, жағаласып...
Жүргеніңде қу өмір қарайламай,
Сен жетпеген биқтен барады асып.

Адам менен адамның қатынасын
ойлап кейде басыңды қатырасың.
Араласпай пәледен құтылар ең,
АДАМ деген тағы да атыңа сын.

Құлық-сұмдық момынға жіп естірмей,
Ақын даусы көбіне жүр естілмей.
Кетер ме екен күймелі керуендей
Жолаушы-өмір шаңына ілестірмей.

Кім оянып, мәңгіге кім жатады,
Тоқтамайды, күн шығып, күн батады...
Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын -
Ерік бердім жан сырым - жырга тағы.
Әйткені ақындықпен теңелмейді
Дүниенің БАҒЫ, ТАҒЫ, КҮЛЛІ АТАҒЫ!..

Қимайды ана

- Мына жұртты жын қаққан ба? -
деп ойлады қарт ана, -
Есі дұрыс адам болса, тағдырын
салған жандай картага
Осы жұртта мен білмейтін бар қылық,
Жұмақ жерді қалдырып,
Көзі қыып өскен, өнген ауылды -
Ағайынды, дос-құрбыны, бауырды...
Қалаға жол тарта ма?
Ессіздігі желекпенің қайсы бір
Аяздай-ақ, батады екен арқаға.

Бір ай болды,
Нені көрдім, нені үқтym -
Төрт қабырга, жалғыздықпен серікпін.
Тірлігінді білдіретін, билетін
бір пенде жоқ, зеріктім,
Өзімді-өзім алдарқатып келіппін.

Айта алмаймын бар ма, жоқ па санатта,
Биік үйде,
Сегізінші қабатта
тұратұғын ұлым менен келінім
баса алмай жүр қала деген желігін.
Қою тұтін ширатылып отынан
төрт құбылам түгел болып отырған
әкелді айдал мені кім?!

Тандарда да көз ілмедім -
толасы жоқ, бұл не, бұл?
Дамыл алса қайтер еді түнде бір.
Машина ма,
Темір жолды тоқылдатқан тағы да
мен көрмеген пәлекеттер сапырлысып бірге жүр.

Рахмет мені әкелген келінге де, ұлға да,
Біздейлерге келмейді еken бұл қала
Қайтарындар тез ауылға,
Тыныштық, жоқ,
Тыным алар сәті жоқ,
Тосын адам жынданар-ақ шында да.

Рахмет!
Талай жерді аралатты,
Талай жерге апарды,
Көрем деп пе ем шал көрмеген шаһарды?!
Астанада тұру - ылғи арманы еді пақырдың,
Ал, мен бейбақ симай міне жатырмын.
Ағайынның ортасына жеткізсін
Ана сүтін кешсін десе,
Алам десе батамды.

Қайран өмір -
Көп-ау тегі жан білмейтін амалы,
Талайлар жүр айналсоқта,
Қалдыра алмай қаланы.
Кекірегінде күмбірлеген дала күйі, дала әні
Құлағында ұлбіреген Сарыарқаның самалы,
Келінің де, уілдеген немересін, ұлын да
Қимайды ана, қимайды-ак,
Әзін-өзі қинайды-ак,
Кезінде жас,
Көңілінде қуаныш,
Туған жерге ту алыс
Қайтып кетіп барады.

X X X

Тірлік-тірлік!
Толып жатыр жан білмейтін құпияң,
Жүргегіңмен зар тыңдайсың жүргенінде күтіп ән.
Бай ғұмырда кекірегің қайғы-мұңға толады,
Тас тамұқтай тарылады құт-ұяң.

Кішіретін, түсінетін кім бар сенің мұныңды,
Тыңдайтұғын құлақ, кәне, кімге айтасың мұныңды.
Кеше ғана алдыңды орап безек қаққан достарың
Сырт айналды, бүгін теріс бұрылды.

Мына ғұмыр шет-шегі жоқ таусылмайтын секілді
Көрінген-ди,
Енді міне, кіреукасі сетілді.
Алды-артыңды ойламаған албырт күнің өтті әне -
Қас қаққанша барады ауып екінді.

Іріп жатса,
Шіріп жатса ынтымағың, бірлігің,
Кімге мұрат мына сенің тыптырышыған тірлігің.
Елшілері келіспеген, беріспеген екі елдей
Екі көзің шұқып тұрса бір-бірін.

Ақ жармадай ақтарылып, ағыңдан шын жарылып
жүрсөң-дағы болмас сені ағайынның бәрі ұғып,
Алдыңды орап арамзалақ, алакүлік аярлық,
Жібергендей адам түстес тағы қып.

Шыңға сермен қанатымды, шар тарапқа шарқ ұрдым,
Шарқ ұрдым да отқа түстім! Жаһынына шарпылдым.
Жар жағалап жүрген жаңдай айсыз түнде жол бойы
Сан жығылдым, сан жығылдып, сан түрдым...

Ырық бермей ілестіріп барады бір мықты ағын,
Қасарысып қарсы жүздім,
Бәрі бір де ықтадым.
Сал секілді жағалауда жаттым сұлық, ұқпадым -
Қашан, қалай, қай арадан шыққамын?!

Мына ғұмыр ештеңе де ұқтырмайтын секілді,
Қас қаққанша барады ауып екінді.

Тұрдым сол замат

Ояндым бүгін шақырмай таңның тауығы,
Ақ қарға бөгіп қап-қара жердің сауыры
Самарқау дала алдымда жатты тым сұлық,
Базары қайтып,
Тарқаған сайран-сауығы,
Теңіздей тымық,-
Басылған жойқын дауылы!

Төбенің арғы бетінде - сонау жырақта
Пысқырган аттың дыбысы келді құлаққа.
Кешелер ғана тобымен үшқан қаздардың
Іздеп ем үнін,

Естілмей қойды бірақта,
Табиғат-Ана адамнан жосық сұрап па?!

Өтіпті-ау күз де,

Қалған ба шыннан қыс келіп?!
Қара жер бойға тұрғандай еді күш беріп.
Қаншама табан тіреккеменен тістеніп,
Самала көктем,

Сарала жазым, құзіммен
Кете ме солай білдірмей бір күн құсқа еріп.

Тымырсық ауа бойымды алып, тоңдырып,
Жанымның майса гүлдерін қарып, солдырып,
Жолаушыңдай-ақ оралған ұзақ жол жүріп,
Тұрдым сол замат көз алмай зеңгір көгімнен
Қапыда қалған жаңдай-ақ бәрін соң біліп!

Әлі де...

Ұйқы қашты,
Қарттықтың хабары ма,
Найза тіреп қойған ба жанарыма?
Көп ойлайтын болыппын өткенімді -
Маза бермей кей түндер жан, арыма.

Тастап кетті рахымсыз үйқы мені,
Ойлар да бір - ой емес, қиқым еді.
Елегізіп ит-көңіл әлде неге,
Сый күтпестен шатылып сый тіледі.

Болмашыға жан беріп, жан алысып,
Қайрылмастан құс-ғұмыр бара ма ұшып?
Жолым-дағы көп жерде оңалмады,
Көлденендең алдыннан "қара мысық".

Жалғасып жатқан мынау шыңына - шың...
Ғұмырдың шаттығы да, мұңы да - сын.
Бәр-бәрін сидырам деп уысына
Шытынап кетпес пе екен шыны-басым.

Жастықтың бойымызда желі жүріп,
Бізден де өткен талай сері-қылыш.
Дәл бүгін айта алмаймын -
Сол күндерден
не түйдім,
не түйсіндім,
Нені ұғып?..

Деп:

- Қашан қуып жетем мұратымды,
Көңілім елегізіп тұратын-ды.
Алыстан арман-ұміт жанымды арбап,
Әлі де балтап жүрмін бір атымды.

Тез жетем деп соңына түстік шұғыл,
Жүрек талай алқынып, қыстықты кіл.
"Күндік мал жи, - деп кеткен бабаларым, -
Алдында қалса егерде түстік ғұмыр!"

Сөндірмендер сол нұрды

Елге ақылшы болсам деген кезде мен
Бұрын өзім білмеген де сезбеген
күйге түстім,
Түсініңдер, ағайын,
Айтып оны жеткізе алман сөзбенен.

Фашық болдым,
Сұрамандар ол жайлы,
Қай көреген келешегін болжайды?
Ақша нұрдың,
Бақша-гүлдің ішінде
Махаббатым құшақ жайды,
Қол жайды...

Жаңа күн бол,
Жан арым бол шықты алдан,
Дала гүлдеп,
Қия бетте күтті арман.
Көрдім сонда мөлтілдеген көз жасын
Мөлдіреген таңғы тамшы-шықтардан.

Таң да - мөлдір,
Жан да - мөлдір,
Мөп-мөлдір...
Күннің өзі көкірегіме тәккен нұр,
Шайқамасын деп тілендер сал самал
Мені қимай қайта оралған көктем бұл!

Құла дүзде құлан жортып болдырған -
Суық ұрып сан гүлімді солдырған.
Тағдыр талай күйдірген де тоңдырған,
Енді мені аясанда, ағайын,
Айырманда,
Айырманда сол нұрдан.

Зауалым көп көрмеген де, көрген де...
Шын сүймесе сезім шіркін шөлдер ме?
Сөндірмендер кеудемдегі сол нұрды,
Сөнер бірге өзім мәңгі сөнгенде!

Жалғыз аққу оралды

Жалғыз аққу орылды -
Жылдағыдай серігі жоқ, жанында.
Аяйды адам, обал-ды -
Көтермейді еңсесін,
Көңілі өлде жарым ба?

Таңды тербеп естілмейді сазды үні,
Жанына нұр құймайтында жаз күні,
Мынау айдын қалғандай ма құлазып,
Құлазыған көңілге де бір азық
Табылмай ма?
Мұңға толы көздері -
Құс төресі өз-өзінен жүр азып.

Жұп еді олар -
Көктем сайын жұп болып
Жатқандай-ақ, көңілімізге құт қонып,
Көлімізге келетүғын көгілдір
Жарқ-жүрқ, етіп мөлдір дала таңында,
Тұрғандай-ақ, айдын алақанында
Аппак, аппак, шық, толып!

Келетін де,
Осы көлді мекендең,
Салатындај су бетіне жеті өрнек -
Көбейетін, балапандар көгілдір
Жұзетұғын секендең.
Кәрі-жасы сүйсінетін ауылдың
Бұл да бақыт екен деп!

Дала жым-жырт,
Уақыт жылжып көшетін,
Көгілдірлер де аққу болып өсетін.
Күз келгенде ауыл үстін айналып,
Қанаттарын жәй қағып,
Ұшатұғын, ұшатұғын қия алмай
Кіндіктері қалғандай-ақ байланып!

Хоштаса алмай өсіп-өнген мекенге,
Аққу-ғұмыр наз айтатын кетерде.
Жұмыр Жерді жүз айналып ұшса да
Туган жерге -
Думан жерге жетер ме?!

Нала құшып,
Барады ұшып... Әлі үні
естіліп тұр,
Тас тағдырдың әмірі!
Қысы болмай,
Күзі болмай өмірдің
Жетсе егерде Күннің жылу-жарығы
Айдындарын қызып мынау көгілдір
Кетер ме еді -
Eh, Өмір бұл! Өмір бұл!

Көніл қойсан ұғар едің бірден сен -
Үндерінде мұң мен шер,
Түсіп талай тұрды еңсем,
Мына ғұмыр таусылмайтын қиялдай -
Көз ұшында аққуларды қия алмай.

Бірге туып,
Бірге өсіп, көктеген,
Бірақ, мәңгі бірге тұрмақ, жоқ, деген,
Дараланып мекен-тұрақ, жайы да
Жас аққулар кете ме екен жайына,
Көктем сайын көретін ек екеуін,
Сәнге бөлеп,
Әнге бөлеп мекенін
Жететін-ді асығып...
Биыл міне біреуі бар, бірі жоқ,
Қалды көніл басылып.

Жалғыздық па?
Жарасқан тек құдайға, -
Дейтін еді,
Қамыға ма, жылай ма,
Тағдырынан мені де ал деп сұрай ма?
Көктем өтті,
Жаз да өтті,
Күз келді...
Жеңілденіп желлінбейміз біз де енді,
Төніректі мұң басқандай былай да.

Ымырт келіп ықтырғандай талтұсті,
Алғаш рет қара жерге қар тұсті.
Көл де аппақ,
Жер де аппақ,
Аққу да ақ,-
Аппақ, бәрі...
Жеңіп алған бар тұсті.

Маужыраған мәз қалпында тұрып-ақ,
Уақыт-өзен сылаң қақты зымырап.
Көктем сазы,
Жаздың жылы жыры қап,
Қытымыр қыс Күннің шуақ-нұрын ап,
Көк құрақты ұлпілдеген мақтағып,
Жатты жәймен өз міндетін атқарып,
Көл жиегін шынылап...

Алыстатьып басындағы бақ, күнді,
Мұз құрсауы аққуды
Бара жатты, бара жатты қусырып,
Көзден бұл-бұл ұшқандай ма тіршілік -
Бәлкім енді хоштасар да шақ, туды.

Көл басына балалар көп келеді,
Жем береді -
Тіршіліктің демеуі.
Бейбақ, аққу басын сәл-сәл шұлғиды -
Мына күйі көңілдерге мұң құйды
Әттең тілін түсінбейді -
Не деді?

Қайран аққу -
Ақ, айдынның еркесі,
Тарылған ба ұлан-ғайыр жер төсі.
Жем алады,
Бірақ, жақын келмейді
Бостандығын Адамдарға бермейді -
Бәлкім, бәлкім Тірлігінің серті осы!

Дәурені өтіп,
Бір басынан озған бақ,
Сиқыр сұлу алатұрын көзді арбап,
Тауыса алмай тағатын,
Күтіп күнін, сағатын...
Көк жүзінде тағы самғай алатын,
Тұған жерін аңсап келіп табатын
Құс төресі - жаны ақын,
Үлпілдетіп мамық жүнін жел жібек,
Тірлігінен белгі жоқ
Жатты сұлық босата алмай мұз қармаған қанатын!

Таң алдында мұны көрген жалғыз-ақ -
Аңшы жігіт!
Жан жүрегі қан жылап,
Алды ажадың тырнағынан босатып,
Жатты аққу халі біткен қалжырап.

Аңшы жігіт жетті асығып үйіне -
Қайран аққу!
Болар екен күйі не?
Тірлігінен қалған белгі шамалы -
Оты сөніп,
Нұры тайған жанары
Бір ашылып, бір жабылып әйтеуір
Әлсіреген кірпіктерін қағады...

Беу, Дүние!
Қымбатсың-ау! Қымбатсың!!!
Қия алмайтын,
Қиялдай шын Гүл-бақсын,
Қырларың көп,
Сырларың көп... Жұмбақсың,
Ғұмырыңды ұзартарсың, әттең-ақ
Тұғырыңды қалай ұстап тұрмақсың?!

Аққу-ғұмыр аққудың да басынан
Бара ма ұшып?
Содан, содан шошынам!
Көктем көңіл судай болып тасыған
Басылады.
Мен де сонда басылам,
Көзіме жас үйріледі,
Оны қалай жасырам?
Өзі көкке ұшар, ұшпас - беймәлім,
Енді қайтып ұшпайды-ау деп көкірегінен ғашық, ән -
Аққу-ғұмыр аққудың да барады өтіп басынан!

Ағайын

Тірлігі - бір,
Бірлігі - бір ағайын,
Керегесі,
Тұндігі - бір ағайын,
Арғы түбін сұрай келсөң,
Бауырлас -
Кіндігі - бір ағайын!

Дүбірлетіп Сарыарқамның ой-қырын...
Біздерде де болып жатыр той бүгін!
Тұңғыш туган сәбиінің есімін
Бердак, ата құрметіне қойды інім.

Бауырласып,
Қауымдасып күнде біз,
Жыласақ - бір,
Күлсек те - бір күлгеміз.
Аға - ініміз,
Қарындаспыз,
Қандаспыз -
Бөлінбеген іргеміз!

Бөліспеген еншісі бір екі елдің,
Мен жабықsam,
Сен көnlімді көтердің.
Еркелесем, еркелігім жарасар
Үйіне кеп қалғандаймын көкемнің.

Өз ауылыма келгендей-ақ - келуім,
Демейді ешкім:
- Мынауыңың тегі кім?!
Аңқылдаған інім шығып алдымнан,
Сәлем қылар жарқылдаған келінім.

Егіз елде ежелден-ақ, бір тұғыр,
Өнері - бір,
Өнегесі, ғұрпы бір...
Мақтан көрген ұлы әжемнің елі деп,
Шоқанымның нар нағашы жүрты бұл!

Бір-біріне жоғалтпаған сенімін -
Қарақалпақ қазақпенен тел ұғым.
Арманы - бір,
Ардағы - бір ағайын,
Сәлемін ал Абай, Шоқан елінің!

Іні тыңдалап,
Айтып аға ақылын,
Жаттай силап өскен елміз жақынын.
Бақ құні - бір,
Шаттығы - бір ағайын,
Абай - сенің,
Бердақ - менің ақыным!

Шындық пен сүмдық

Шындық, еді айтқаным,
шындық, еді,
Шындықты айту - не деген сүмдық, еді?
Шындық, айтқан тілінді кесіп алып,
Тілерсегіңен тесіп сымға іледі,
Сүмдық, еді,
Не деген сүмдық, еді!

Қорған болмай қайың да, қарағай да
қалды -
Шындық, ши түбін панаңай ма?
Шындық, пен мені қосып жұтатындаңай
Бұл сүмдықтың өңеші даладай ма?!

Күн келеді,
Алмасып түн келеді...
Шындық, бірақ бірін де күнде меді.
Тура жүріп жақлады туысына,
Сүмдық, оны ұстамақ, уысына -
Қайтіп қана былайша күн көреді.

Айтарыңды енді-енді айта біліп,
Бәрін-бәрін жатқанда қайта құрып,
Қылта жерде шындықтың жолын кесу -
Ұға алмадым, ағайын,
Қай тағылық?!

Айтқаным да,
Айтпағым шындық, еді,
Біреу кекеп, біреулер шын күледі.
Жақ аштырмау жақсыға ежелгі елдің
Салты ма еді айнымас -
Кім біледі.

"Көңілім қалды достан да, дүшпанинан да", -
деген Абай өресі қысқарғанда.
Айдарларға у беріп,
Айбарларға
садақтардың жебесі ұшталғанда.

Қазір, қазір басқа той,
Бәрі басқа -
Бәрі жайсан,
Бәрі ерен,
Бәрі қасқа...
Жидебайға тіріліп келе қалса,
Абай жүрген жерлерін танымас та.

Бәрі өзгерген секілді, бәрі өзгерген,
Тұған жердің салтанат-сөні өзгерген.
Тау-тасы да өзгерген,
Өзен-көлі...
Адамдардың өзі де сәл өзгерген.

Безер болдық бүгінде қырт, ездерден,
Өзгергіштер содан да құрт өзгерген.
Бірақ, іші баяғы баз қалпында,
Көбісінің бояма сырты өзгерген.

Бәрін, бәрін жақсыға жорығаннан,
Ұмытылып атанаң жолы қалған.
Көлеңкенің өзінен қорқар болдық,
Батыраштар жолынды торығаннан.

Болмағанмен жұрт қарап әрі, сұры,
Көлеңкеде жүргеннің бәрісі "ірі".
Абай, Ақан, Біржандар өліп кеткен,
Батыраштар әлі жүр жаны сірі.

Х Х Х Х

Бала кездे көп еді досым қандай,
Күнде бірі жаңадан қосылғандай.
Қазір, қазір ойласам қорқынышты
Оянамын үйқымнан шошынғандай.

Берерім - аз секілді, аларым - көп,
Достар барда үйықтаушы ем алаңым жок.
Кедейсің бе, байсың ба - ештеңе емес,
Жатпайтұғын бір-бірін бала күндең.

Жығылдым ба?
Жықтым ба?.. Елемедім,
Досым не айтса,
Мен соган сенер едім!
Бүгін қолда барымды бөліп жедім,
Ойламадым ертең күн не керегін.

Өмір заңы -
Осылай өсе бердім,
Жақсылыққа жанымды тәсегенмін.
Есептеген күнім жоқ шотқа салып -
Көгерерін не істесем көсегемнің.

Ғұмыр бойы айттым ба босқа әнімді,
Біле алмадым алғаным, қосқанымды...
Ойлап көрсем бұл жылдар жасымды емес,
Ұрлап жатқан секілді достарымды.

Асан-арман дуниені кезіп кетті,
Біреу өлді,
Біреулер безіп кетті.
Жас көбейіп,
Достарым қалды азайып,
Солар менің еңсемді езіп кепті.

Сүйсем-дағы қаншама өмір әнін,
Білдім анық оның да соңы барын.
Мына келте ғұмырда жақсыға да,
Жаманға да күнде мың жолығамын.

Ұмытқам жоқ Әзірейлі-жауши барын,
Мен де бір күн мүжіліп таусыламын.
Сонда ақтық сөзімді айтартықтай
Болар ма екен, кім білген, даусым, әлім!

Ел білген бар шындықты сен білесің,
Сен білесің,
Еркінді сендересің.
Арманды да, үмітінді сөндіресің,
Сезімінді көнбеске көндіресің...
Сондай кездे өзіңмен бірге өлердей,
Ажалды да, керексе, бір бөлердей,
Бірге болса деп тіле соңғы досың!

Келем аман

Жас та болдым,
Мас та болдым кезінде,
Тоқ та болдым,
Аш та болдым кезінде.
Сынағыштар сындырам деп сағымды
Сына қағып көрді талай сезімге.

Сына қағып көрді талай сезімге,
Аяған жоқ талқысын да, тезін де...
Жыларатып ап,
Жұбатқаннан ләzzат ап
Қыбы қанып қуанардай ез үнге.

Мені ықтырып,
Мерейлерін тасытып -
Көрсек дей ме жалбарынтып, жасытып.
Тілеулерін тәңір өзі берердей
Жанарымнан кетсе егерде жас ытып.

Ойлағандай бола бермес тосын жәй,
Мысық тілеу армандары кесілді-ай.
“Аққа тәңір жақ”, - деген де шын болар,
Келем аман не иілмей, не сынбай.

X X X

Тәтті үйқыдан сергітіп тұнды, мені...
Шығыс беттен арайлап Құн құледі.
 Тағдыр жолы - тайғанақ,
 Көзін іліп -
 Қалды оянбай қанша жан,
 Кім біледі?

Кім біледі,
 Қанша жан қалды оянбай,
 Кекірегі күмбірлеп әнге оранбай.
 Тұн түнекке ұласты келте ғұмыр,
 Нұрын төгер дүниеге таң бола алмай.

Соның бірін, бірін де хабарламай,
 Келе жатыр Құн құліп маған қарай.
 Кім біледі,
 Мен де бір аяулымды
 Алдым ба әлде жоғалтып абыламай.

Қаса сұлу секілді сылаң басып,
Түн менен Күн келеді кіл алмасып.
Кейде көңіл бұлыштыр, бұлт үйіріліп
Айналамды кетердей тұман басып.

Қаншама арыс көз жұмды ер көнілді,
Тірлік үшін қаншама тер төгілді.
Білмейтінім өкініш ертеңімді,
Белгісіз тағы қанша қарсы аларым -
Қызығы, думаны көп еркек күнді.

Құрдас еді

Олар құрдас еді,
Құрдас еді...
Құрдастың жөні бөлек,
Біреуі біреуінің төріне кеп,
Шалқынып қос жастықта жататын да,
Тіл қататын:
- Ей, Жібек, Төлегенің
тірі ме жер бетінде, өлі ме? - деп...

Сырт көзге әзілдері оғаштау-тын,
Қатты еді қалжындары о бастан тым.
Үйренген -
Екеуі де кезіккенде
Барып ап біраз жерге толастайтын.

“Адамды жетелейді сенім алға”, -
десек те, елдің бері сені ұғар ма?!
Сөзді де түсінерлік кісі керек...
Дос барда, күн-көнілдің шегі бар ма?

Екеуі сондай болып көрінетін,
Тәтті әзіл семсер сөзбен өрілетін.
Жастықтың, жарастықтың нұр шуагы
Сәуледей жүректерге төгілетін.

Айшықтап әдемі ойдан от өретін,
Бірі айтса,
Бірі құптаپ, көтеретін.
Бір жолғы кездесуде кеткен ұпай
Келесіде еселеп өтелетін.

Шынымен тағдыр соны көп көрді ме?
Жәй түсіп төбесіне көкten міне -
Құрдастың біреуі отыр, біреуі жоқ,
Еске алып өткенді де, кеткенді де.

Ойлайды, ой да кейде тұсала ма,
Қармаған қөкіректі құса, нала...
Бір құстың қос қанаты секілді еді,
Бірі жоқ, енді қайтып ұша ала ма?

Кезінде болған адам, толған адам -
Сөйлесе тілінен бал сорғалаған.
Көңілсіз көп ішінде отыр жалғыз
Торғайдай шидің түбін қорғалаған.

Қайғы ұрып, қапа буып, еті кеткен,
Сыңарын дауыл ұрып шетінеткен.
Көңілі құлазиды құла дүздей,
Өң-түс жоқ,
Аумай қалған жетімектен.

X X X

Кетер бір күн бойдан да, ойдан жалын,
Көңіл орта, қайтарсың тойдан жарым.
Күн төбеннен ауганда түсер еске,
Кештеу болар, қазірден ойлан, жаным!

Тұрганыңда құркіреп, қек перісің,
Құпірленбе тірлікте көп деп ісім.
Кектем кетер, жаз да өтер, құзің жетер...
Ойлан, жаным, өмірдің өтпелісін.

Көргеніңнің бәрі - түс, көрмегендей,
Батар мамық тәніңе шөңгелердей.
Бойың мұздап шілдеде пана іздерсің,
Суда жүріп боларсың шөлдегендей.

Алды-артыңды абайлап қара мына,
Кім біледі, жүрегің жаралы ма?
Қасыреттен қайсы бір құлкің келіп,
Куаныштан жас тұнар жанарыңа.

Бәрі өтпелі,
Дүниенің бәрі өтпелі...
Өтпелі өмір болған соң бәрі өкпелі.
Адамды тәубесіне келтіретін
Фәни деген бір ғана бар өткелі.

Жалған фәни көңілді алаң өтер,
Сол фәниден бала да, дана да өтер.
Тіршіліктен тірнектеп тергендерін
Бір пенде жоқ өзімен ала кетер.

Тауып алдық, Есікten Алтын адам,
Алтынмен дүниенің нарқын әман
өлшеген ол да бәлкім өтерінде,
жанына пана таппай қалтыраған.

Ажал-жendet қылышын сұырғасын,
Күні жетіп апшысын қуырғасын,
Жанына қорған болсын деді ме екен,
Алтындаңты сауытын, дуылғасын...

Алтындаңты бешпетін, белдігін де,
Айыл-тұрман, тоқымын, терлігін де...
Айбary - алмас қылыш жарқылдаған -
Мін болмаған секілді ерлігінде.

Алтынменен көміліп лағыл-арман,
Бәрі қалған,
Солардың бәрі қалған...
Алтынға орап жас тәнді кәрі жалған,
Лыпасы жоқ жалаңаң жанын алған.

Кезінде ешкім көрмепті одан байды,
Соны ойласам,
Жаныма толар қайғы.
Арнасына сия алмай асып кеткен,
Алтын, күміс, жаһұтың... шашып-төккен,
Бір күнгі тірлігіндей бола алмайды.

Алтынмен ұзартардай ғұмыр жасын,
Алтындаңты сауытын, дуылғасын...
Біле тұрып алдаңты өзін өзі
Құтылмасын өлімнің құрығынан
Әу баста Адам болып туылғасын.

Өзімді өзім кешірмен

Бір досым айтты:

- Несі бар оның, несі бар?

Өзің де бір сәт жігіт екеніңді есіңе ал!

Мінезі бәлкім жараспай қалған әйелмен,

Жарасып жүрсе жетпей ме былай, жәй елмен,

Азамат сағын сындырмау керек, сындырмау...

Мұндай да, мұндай кетпейді дейсің қай ерден!

Тұп-тұнық еді,

Тұп-тұнық еді көңілім,

Бүгінде, бауырым, бағалап жатыр оны кім?

Тіксініп қалдым:

- Не деп тұр мынау, жаным-ау,

Адам деп жүрсем,

Адамнан гөрі тағылау!..

Көркеуде ме едім көкірек-көзін шел басқан,

Бұлай деп, сірә, ойлаған емен мен бастан -

Сорлылық қандай -

Қасындағы елді танымау!

Дос еді қимас,

Кезіге қалдым неге мен,

Білмеймін қазір -

Бөгде адам айтса, не дер ем?

Ақжарма жандай төгіле сөйлеп, төгіле

Ақ дәмімді ішіп,

Отырған талай төріме,

Сәбиді қойшы келмеген өзі өзіне,

Бөлтіріктерін қалдырмайды ғой бөрі де.

Ақтайын дедім,
Жосығын таптай қиналдым,
Жаныма зәрлі запыран-уын құйған кім?
Жігіт-ақ болсын,
“Жігіттігіне иландым”...
Бәрі бір ертең басынан дәурен көшпей ме,
Еңесін жазып шықпай ма ұл-қызы төскейге?
Сонда ғой, сонда...
Тірі әке тұрып тырбанып
есейген жетім ызалы болып өспей ме?!

Сақтасын құдай,
Сақтасын құдай кесірден,
Кездерім жоқ деп айта алман мен де есірген,
Түстікten ауып,
Арбасқан шақта бесінмен,
Шығарсам егер ӘҚЕ екенімді есімнен,
Басқаны қайдам, ағайын,
Алдымен өзім өзімді өлмей кешірмен!

X X X

Жақсылықты күт,
Жамандықты да күт менен -
Көнілім сүймесе,
Ештеңені де құп демен.
Турасын айтам,
Жығылса Тұым, жығылсын
Алашты қойып,
Ағайын біткен түңілсін,
Құйтырқы мінез табиғатыма бітпеген.

Өнебойымда алтыным, мысым, жезім... бар,
Қажыған сәтте береді қуат сезім-нәр.
Асылық, айтты,
Асырып айтты дей көрме,
Өзгені қойып,
Өзімді дағы кей-кейде
Ұға алмай жүрер кезім бар.

Айтқаным асыл,
Демеймін жұртым құп алсын,
Баршаның дәйім ойынан қайтып шығарсың.
Әліпті күтіп,
Бұғатын жерде бұға алмай,
Жүргенде және өзімді өзім ұға алмай,
Басқалар қайтып ұға алсын?!

Тыңдалап ал

Көк моншақтай тізілген көк жүзінде тырналар
Барады ұшып тыраулап -
Күзден-дағы бір хабар
келген болар -
Аспанды бұлт орапты түп-тұтас,
Сол хабарды құстардың әуенінен тыңдалап ал.

Естіледі алыстан аянышты мұң-әні -
Тыңдаған жан егіліп,
Таусылардай шыдамы.
Туған жерден жыраққа алып кетіп барады
Тірлік дейтін үміттің болар-болмас шырағы.

Қалтылдаған үміттің дір-дір еткен шырағы
Алмағайып алдынан шықпасы, әлде шығары.
Тағдыр осы!
Жазғандар бағын талай сыйнады -
Қанша жерге жетеді қуат-дәрмен, шықамы.

Көк жүзінде тізілген көк моншақтай тырналар,
Жазды еске салатын еткен шақтай бұл хабар.
Келер көктем шыққанша кім бар, кім жоқ -
Соңғы рет
Хош айтқаны болмасын,
Тыңда!
Тыңда!
Тыңдаап ал!

× × ×

Аз көрдім бе өмірде,
Кеп көрдім бе -
Саяқсымай жүріппін көппен бірге.
Аларымды алыптын алудай-ақ,
Ол жөнінен өкпем жоқ еткен күнге.

Аз алмаптын,
Білмеймін не дерімді,
Толтырам ба сонымен кемерімді.
Қарыздар бол қалғым жоқ Тұған Елге -
Беріп кетсем деп едім берерімді.

Ой-қыры мол қашан да жол үстінің,
Тірлігінде тауысқан толы істі кім.
Бәлкім мен қыршын кеткен мына өмірден
Ағаларым үшін де борыштымын.

Бір әпкем, тағы да бір қарындастым
Маған қызып кеткендей жарым жасын.
Солар үшін және де борыштымын,
Білемін борышымның арылмасын.

Өмір - сапар,
Көп жолда тәте бармай,
Жетсек деген жерге тез жете де алмай,
Айналамыз жер-көкті,
 Қайран уақыт
Бос жүріске осылай кетеді, алла-ай
Ерте өлем деп қорықпаймын,
 Қорқамын тек
Өтем-ау деп көп қарызымды өтей алмай.

Айналайын, Тұған жер

Айналайын, Тұған жер,
Аманбысың, саумысың?
Оянды ма маужырап тамылжыған таң құсың?
Мен де ояндым өзінді өбектеген сезіммен,
Сен деп соққан жүрек пен сезім қалай қалғысын!

Ұшып келем үстінде алабұртып көнілім,
Төменде - Жер-тағдырым,
Айқұш-ұйқыш жолы мың...
Ұлыңмын да,
 Құлышмын -
Жатсам-тұрсым аялап,
Суық сөзден, сұқ, көзден қызғыш құстай қорыдым.

Арым, барым...
Бәрі де - бір өзіңсің, Туған жер,
Тірлігімнің нәрі де,
Гүлі - өзіңсің, Туған жер.
Аялаған бесігім,
Аспандатқан тұғырым,
Бойымдағы қызыуым,
Ойымдағы қызығым...
Тағы өзіңсің, Туған жер,
Мәңгі-бақи шаттығы тарқамайтын думан жер!

Құлазысам көңілге беретіндей тасы дем,
Құрақ ұшам қауышып көрісімен, жасымен...
Ата-бабам,
Әз анам,
Ағам, інім - бауырым -
Бәрі өзіңсің,
Өзіңсің мына менің Бас ием!

Аспаныңда келемін -
Қалықтайды құс-кемем.
Аққу, қаздан айырмам -
Көктем ёмес, қыс келем.
Айналайын, Туған жер,
Сені тілеп көз іліп,
Қалғып кетсем, сені ойлад...
Таңғажайып тұс көрем!

Бақыт

Ақыны көп,
Батыры көп Елімнің.
Кені - асыл,
Шебі - жасыл,
Жерім - нұр...
Бұл не деген көп батыр мен көп ақын?!
Бүйте берсек түріміз жоқ оңатын.
Қарапайым жұрт жазады өлеңді,
Қала берді "қырт" жазады,
Көр енді! -
дейтіндер де шықты бүгін -
Сүмдық-ақ,
Тек сол айтып тұргандағай-ақ шынды нақ,
Бас айналып,
Көз қарайып, бұлдырап...
Тас бітеліп қалатындаі үл құлақ.

Бір шеті - Алтай,
Бір шеті - Еділ, Жайықта,
Тай-таласта табанымыз тайып па?
Сондай Елдің ақыны мен батыры
Көп болса енді айып па?!

Елдігі мен ерлігі,
Өрлігі мен кеңдігі...
Батырымен, ақынымен өлшенер,
Атақ-даңқы аңыздармен жол шегер.
Елді - Ел деп мойындаиды қай жұрт та
Ақыны мен батыры көп болса егер.

Білу керек,
Керек тағы мақтану,
Бір кездерде болған арман - хат тану.
Момын Елім жарқыраған Ай, Күні
Бүгін, бүгін барша әлемге әйгілі,
Өскен Елдің асқақтатар мерейін
Ақын менен батыр - Елдің байлығы!

Аман болса құт дарыған Мекенім,
Бөліспей-ақ, атақ-даңқтың жетерін
ұмытпайық, айналайын ағайын,
Барымызды "БАР!" - деу БАҚЫТ екенін,
Нарымызды "НАР!" - деу БАҚЫТ екенін!

Сенім

Ит тірлік-ай,
Иттігін күнде көрем,
Иттей шыдап болам кіл үндемеген.
Үндегенде -
 Безем бе?
 Қайда барам?
Кімнен қалам бөлініп?
 Кімге ерем?..

Бірге келем елу жыл серіктесіп,
Нұын, сұын өзіме сеніп кешіп.
Барына, жоғына да разы бол,
қойғаңдай бір жүргуге серіттесіп.

Біреу алдал,
Жанымды біреу арбап...
Асылымды кей-кейде жүр арамдал.
Кешкілік бұлтқа батқан Күнім қайта
шығады ертеңінде рауандап.

Сол дәйім көңіліме демеу, серік,
Күйректік кете алған жоқ, мені еңсеріп.
Бір күнім тұнжыраңқы көрінгенмен,
Ереймен ертеңіме келем сеніп!

Отанның қадырін білер ме

Өрнек пен Жарғайың арасы -
Бес-алты шақырым.
Ол кезде ескерген біз жоқтыз алысын, жақынның,
Жаңбырда, аязда, боранда...
Жетісіп жатпайтын жол онда
Нан салған кішкентай қол дорба
Жаяулап жетуші ек ақырын.

Тұс ауа басталған сабақтан
Ай туда шығамыз.
Оқушым, дей көрме мұны аңыз,
Қар жауса жаяуга қыын-ақ,
Күйсіздің онсыз да күйін ап
жатады біз салған бір-ақ із,
Із емес,
Жол деп оны үгамыз.

Кейде екеу,
Кейде үш баламыз,
Не құрдас,
Не бір жас арамыз,
Көбейіп, азайып қаламыз.
Жастық-ай, жаурасақ та елемей,
Жанда - от,
Маздақ, боп жанамыз.

Жастық па,
Асылы балалық -
Күн сайын қиялыш жаңарып
тұрардай болатын,
Көкейде -
көктеген көп арман бары анық.

Өрнек пен Жарғайың арасы,
Ауылға тез жету - басты арман,
"Ат мініп" шығушы ек жас талдан.
Мен үшін бітпейтін сапарлар
әу баста осыдан басталған.

Келемін бүгін де сол жолмен
қиялға беріліп,
Жол жатыр қиянға керіліп.
Қасымда ұлым бар,
жүрмейді ол ерініп...
Дейтіндей -
"Мұның не серілік?!"
Әкеңнің қанша рет жүргенін,
артық па бір көріп, білгенің?
Балаңа айтуга алдымен
алғаның жақсы, ұлым, сен үғып!

Мен үшін парыздай бұл деген,
Жерім аз бармаған,
Жолым аз журмеген...
Шаруам көп болса да дүрбелең,
Жыл сайын әйтеуір бір келем,
Сонымен тыныс ап, күн көрем,
Отанның қадырін білер ме,
Қотанның қадірін білмеген!

Балдырған

Аналары қалдырған,
Аталары қалдырған,
Бөбектердің үйінде
Тірі жетім балдырған.

Тірі жетім балдырған,
Біреулерді зар қылған.
Тілеп-сұрап, аһ ұрып,
Ала алмаған тағдырдан...

Ала алмаған тағдырдан,
Амалдаған, қаңғырған,
Жанын өртке жандырған,
Көкірек-көзін талдырған,
Біреулерге бұйырмай,
Біреулерге "сиындей" -
Шыға келген алдынан,
Күні де - түн балдырған,
Тірі жетім балдырған!

Жұлдызым түгел

Ойлап тұрсам,
Бәрі елес сияқты.
Ырымшылдық -
Айтуға да ұят-ты!..
Софыс жылдар жарым көніл бала едік,
Тәбемізден жұлдыздар тым жиі ақты.

Жұлдыз, жұлдыз!..
Төбемізде самсаған,
Сол самсаған жұлдыздардай қанша адам.
Бір-бір жұлдыз -
Бір-бір тірлік деп ұқтық,
Бала көңіл әкемізді аңсаған.

Азы-көбін көрген бар ма түгендеп,
Қаза жетпей қапылыста кім өлмек?
Жұлдыз ақса,
Атамызды қайталап -
айтушы едік:
"Жұлдызымыз түгел!" - деп.

Содан бері талай жыл мен талай құн
ақты,
Қазір ырымдайды қалай кім?
Айлы түнде жолға шықсам,
Алдымен -
баяғыша жұлдыздарға қараймын.

Болмасам да дәл ырымшыл кісің мен
"Тәуба!" - деймін,
"Тәуба!" - деймін ^шішімнен.
Көнілім бір көкке жетіп қалардай
Ай, Жұлдызың амандағын түсінген.

Уақыт шіркін ойнағандай тығылмақ,
Қалып жатыр жылым менен жырымды ап.
Мәңгі жасап тұрмасымды білемін,
Әке болып,
Ата болып тілерім -
Жолға шыққан немерем мен ұлымға
Ай, Жұлдыздар тұрса болды жымыңдал.

Хоштасуым болды ауыр

Қара жардың басына -
Қара жаяу жететін ек бәріміз.
Содан, содан келгенінше әліміз
мая салып,
шөп шауып...
тірлік қамын ойлаушы едік тырбанып,
бір пенде жоқ тың қайтатын, тың барып...
кәрі-жасы шар болаттай шындалып,
майдандағы ерлерді жоқтапаған бұл халық!

Таяу күнде барып қайттым ауылға,
Есіме алдым,
Еске алу - тым ауыр да.
Көкіш, Гүлсім, Ендігойлар жүретін
Ақ қар, көк мұз,
Дауыл менен жауында...

Кез алдымда әлі де -
Онда жанған оттай еді бәрі де.
Шығатұғын білектерін сыбанып
Дем бергендей бала-шаға, кәріге.

Бәлкім солай көрінді ме мен үшін,
Білдірмеске кем ісін,
Әр қайсысы майдандағы ері үшін
Жан отымен жылытатын ел ішін!

Жібітті олар күні өткенде
У-қасырет дарыған,
Жылытты мұз-жүректерді
Қара қағаз қарыған,
Аялады жетімдерді,
Жесірлерді жебеді -
Жастай қалған жарынан.

Барып қайттым ауылға,
Ауыр кезді еске алу - тым ауыр да.
Талайлары уақыт жетіп, күні кеп
бұл фәнимен хоштасыпты,
Кұдышет!
Еркектерсіз елді ұстаган мұндықтар
Енді міне бірі бар да, бірі жок.

Дәкей апа!
Балалардың қойған аты баяғы,
Жүр сүйретіп әзір-әзір таяғын.
Саулығымды ұрап жатты бәйек бол,
Ал, мен іштей аядым.

Қажып жүріп білмейтүғын қеюді,
Женғелер де қарайыпты-ау кейінгі.
Тосып тұрган кесіп өтпей жолымды
Танымадым ибасы мол келінді.

Өскен елдің маңдайының бағына -
Інілерді танымадым тағы да.
Сәлемдері қуат болып құйылды
Сарыныштан шөліркеген жаным.

Құшақ жая қарсы ап жатыр күллі ауыл,
Құда-жекжат,

Кіл ағайын,

Кіл бауыр...

Болғаныма төресіндей төренің,
шынымды айтсам, аз қысылған жоқ едім,
ал, хоштасу тиңі ауыр,
Жүргегімді тербеп өтті бір дауыл!

Ризамын өзім

Жеңіп те жүрмін,
Жүрмін кей-кейде жеңіліп,
Әділетсіздіктен мұжіліп, бірде желініп.
Жанымды жейді,
Арыма ине сұғады,
Осының бәрі - жүрекке түскен жегі құрт.

Жүресің балқып,
Күлесің шалқып...
Күлкің - сау,
Жүрт қайдан білсін -
Ішінде - жегі, сыртың - сау.
Адамның жаны - ашылмай жатқан мұз-құрсау,
Себелеп нұрын төбемде дәйім Күн тұрса-ау!

Жеңіп те жүрмін,
Жүрмін кей-кейде жеңіліп,
Тірліктің темір тертесіне ылғи жегіліп,
Қыыннан қашып көргем жоқ бірақ шегініп,
Былайғы жүртқа төрт құбылам тегіс-тендеймін,
Қайсысы соның түсініп жатыр, не біліп?!

Ризамын соған,
Әу баста жазған пешенем -
Бүгінім жіксіз жалғасып жатса кешемен.
Артықты қайтем,
Бас тартар едім ойланбай
"Басқаның бағын берейік алып!" - десе егер!

Мен даламда Антеймін

Жоқ мен таулық емеспін, далалықпын,
Арман қуып даладан қалаға ыттым.
Тарихымды ақтарып жаңа да ұқтый -
Сол далада жатқанын даналықтың.

Арқа сүйеп ер елі, ел еріне,
Далада өскен тал, қайың, терегіне...
Күш алады сол жерден табан тірең,
Артық сөздің әсіре керегі не.

Сағы сынып, жүрсे де тауы қайтып,
Көре тұра алышты танымай түк.
Тауда туса, ТАУ болып кететіндей
Мақтанады жоқ жерде тауын айтып.

Жыласа да, күлсे де тауға қарап,
Көз алдында жатардай аунап алап.
Басқаларды төбешік, төмен санап,
Көтереді тау ұлын тауға балап.

Иә, иә!
Тарихты жаңа оқыдым,
Сөйтіп жаным тапқандай жаңа тыным.
Уақыт бәрін көрсетпей қымтап келген,
Тұншықтырып ұшқынын жан отының.

Дала - дастан, сыры көп ашылмаған,
Еркін көзін аштырмай басыр заман.
Шежіремді шегендең ұстап келген,
Елдігімді... ғасырлаған.

Ғасырлаған мұң тірлік,
басыр заман,
Айбынымды ауыздықтап,
асырмаян.

Сексен алты атылды жолбарыстай,
Серпін алып секілді ашынған аң.

Далалықпын, айдынымда еркін өстім,
Еркін өстім, еркіндікке елтімес кім.
Мен далада Антеймін аңыздағы,
Бұғау бұзар қаһарман Геркулеспін!

Далам - дихан, өзім де Даламдаймын,
Белгілі, өзімнен сырт қала алмаймын.
Далам- менің балам да, немерем де...
Жатсам-тұрсаң тағдырына алаңдаймын!

Бірге кетер

О ғаламат, бар ма екен өнерде азық,
Инеменен құдық та көрем қазып.
Ұйқтағанда түсімде тұніменен
Жынды адамдай жатамын өлең жазып.

Жазғанымды мың түзеп, мың өшіріп,
Алған жаңдай өзіме тым өшігіп.
Сау басыма жүргендей сақина іздең,
Таңда мен-зең тұрамын түгесіліп.

Бергеніңе мың шүкір,
Ой, Аллам-ай,
Ортаймаған көңілім толы арнадай.
Құдай берген “бақыттан” бойды аулақ сап,
Іздеп тапқан азапты қоям қалай.

Алас-құлес алмасып күндер өтер,
Бірегей бақ тірлікте кімге жетер.
Құдай берген өнерім - өлеңім де,
Бейнетім мен рахатым бірге келген...
О дүниеге де өзіммен бірге кетер.

Бейнетақы

Бөлісkenдей теріскей деп, күнгей деп...
Онымызды, солымызды білмей кеп.
Еңбекақы, зейнетақы деп жүрміз,
Көргеніміз болса-дағы бір бейнет.

Табанақы, мандайтердің өтемі
(Анау шал ғой жанып тұрған от еді).
Енді оны елемейді ешкім де
Көре тұра көрмеген боп өтеді.

Ол от еді, жанып тұрған от еді.
Ашық, айтсаң кімге сөзің өтеді.
Шырылдаған шымышықтар, торғайлар
Ақиықтың алдын орап кетеді.

Солай, солай, алдыңқұні, кеше де...
Орады алдын, содан мерей өсе ме.
Өткеніңді мансұқтасаң, мәңгүртсің -
МӘҢГҮРТТІПЕН көгерे ме көсеге.

Көздің жасын мөлтілдеп кесеге
төге берсең... Түйініңді ол шеше ме?
Он баланы ауырсынбай көтерген
Не берді ОНЫ әке менен шешеге.

Соғыс көрдік. Жалаңаяқ жар кешіп,
Бойымызды создырмады тар бесік.
Бет қаратпас аязында Арқаның
Ерте есейдік көктем көрмей, қарда өсіп.

Бағымызға тәңір жазған бар несіп,
Ерте есейдік, бойымыз да қалды өсіп.
Бәріне де, бәріне де шыдадық -
Бір бейнеттің бір рахаты бар десіп.

Бала күнде бар қайғысын жер-көктің
арқаладық, қамытын да еңбектің
ерте кидік, ерте ояндық, ойландық...
Біз көрмеген балалықтың қызығы -
балқаймағын қайта оралтып бермек кім.

Нарық дедік, қарық қылса ол қайда,
Төтеп бердік қыста тоңып, тоңбай да...
Елді жаудан, даудан қорғап келген ер
Кәртайғанда еңбек етіп сорлай ма?!

Айда, Айда!.. Оңға айда, солға айда,
Алдың түйік. Адастырмас жол қайда?
Еңбекақы, зейнетақы деп журміз,
Онан-дағы діңке құрып жететін
Бейнетақы десек - Сол шын болмай ма?!

Намыс

Еститін едік бағзы заманның батырын,
Бір өзі мың сан жасақты жауға татырын.
Сес көрсетемін деп жалауын қадап әр жерге,
Әр белгे тігіп жатпайтын қосын, шатырын.

Тәрік қып өзге арманы менен мұратын,
Үйірлі малға ауыстырмайтын бір атын.
“Арымның жаным садағасы!” - деп, тұрысса,
Ажалға қарсы қеудесін ашып тұратын.

Ар атты әділ безбенге салып әр ісін,
Өлімнен қорқып қашпаған шыбын жаны үшін.
Мерг болса-дағы серт жолында тұрып қалатын,
Бастырмай жауға ел менен ердің намысын.

Көрмесек-тағы, естімесек те атын көп...
Бүгінде өзін батыр санайтын батыр көп.
Бірақта бірін таныған жан жоқ, бас тігіп,
Жасақты жаудан Елін қорғасып жатыр деп.

Арыстан білек, жолбарыс жүрек, шын ерен...
Бірі - бәйтерек, қайыспас қайсар бірі емен.
Елдіктің туын көтеріп биік тәбеге,
Дүшпанын көрсе намысын жанып, түлеген!

Ойлаймын қазір бар ма еken соңдай батырлар,
Өзі аттан түсіп, дейтүғын: “Міне, атымды ал!”.
Күн туса елдің басына намыс шақырып,
Жау төбесінде найжагай болып шатырлар.

Ойласам бәрін, жаныма бір дерт батқандай,
Еңсемді езген зіл салмақ ауыр батпаңдай.
Жолбарыс жүрек тұлкі құлыққа жол беріп,
Арыстандарым үсақтап бара жатқандай.

Бала да мас, кемпір де...

Қайта-қайта көрсетеді бір үйді,
Сол бір үйде бір пенде жоқ түрі иғі.
Теледидарап қалай тауып түсірген,
Құдайым-ау, адам қайтіп шіриді.

Бала да мас, кемпір де мас, шал да мас...
Бұл шіркіндер жоққа, әлде барға мас?..
Бір үйдегі уш үрпақты құрытып -
Шәйтанды да тәңірім бүйтіп қарғамас.

Есірткі ме бұл есірткен, арақ па?
Түрін, түсін танымайсың қарап та.
Әз гұмырдан баз кешкендей безініп,
Тірлігінің бәрі бірдей талақ, па?

Күлге көміп сап-сау басын "таз" қылған,
Жүректерді жеркендіріп саздырған.
Ібіліс пе іздел тауып азғырған,
Қайтып құдай бәрін бірдей аздырған.

Шал мас, кем
пір, ең аяры бала мас,
Жөн бе, жоқ па, ештеңеңе қарамас.
Ұйқылы-ояу мұлгіп отыр үшеуі,
Алдарында кілкілдеген арам ас.

Елмен бірге күні батып, таңы атқан -
Бойларына у мен дерпті таратқан.
Көз алдында бара жатқан құрдымға
құлдарынды аясаншы, **ЖАРАТҚАН!**

Жүремін астанада алшаң басып

О, Тұған жер!
Ұлыңды желе, жебе -
Жебемесең жараттың неменеге.
Тұған жері тұғыр боп көтермесе,
Басқа жүртта бақ қонып елене ме?

Десек те баршага аян -
Неге, неге?..
Басқа жүртта бақ қонып елене ме.
“Өз елінде ұлтан бол”, - деген сөздің
Тереңіне бойладым келе-келе.

Бай жомарт бола алар ма bere-bere,
Ез ерге мақтағанмен теңеле ме?
Барлық, басқа,
Бақыттың жөні бөлек,
Байдың бәрі бақытқа кенеле ме?!

Байдың бәрі бақытқа кенеле ме,
Көсемсінген көрінгенге ел ере ме.
Халқымның тілін, ділін, салт-дәстүрін...
Ұқтыра алсам деп жүрмін немереме.

Ақынға жалған сөйлеу жараса ма,
“Жерүйік, - сұлу жер көп сала-сала!” -
десек те кіндік қаның тамған жердің
жөні бөлек -
Оған жан таласа ма?!

Қаншама аянышты, қанша мұнды,
Болса да есіме алып бал шағымды,
Тұрады сағынышпен құшақ жайып,
Аударып тек өзіне аңсарымды.

Аударып тек өзіне аңсарымды,
Тербетіп көз алдымда сал сағымды.
Әлемге мінкей деп көрсетердей
Көтеріп бар қасиет, бар сәнімді.

Құлпырган мамырдағы жер түсіндей
ажарына дақ салмай, мең түсірмей,
Жүремін қайда барсам алшаң басып,
Тағдырын сеніп маған табыстаған
Өрнектің өкілетті Елшісіндей!

Тұрлауы жоқ тіршілік

Көп дауын да, жоқтауын да тындаған,
Мына ғұмыр - бірде тамыз, бірде ақпан
Ауырлығын арқалаумен келемін
Көк өгіздей, арқамда жүк мың батпан.

Қасқараулық жүрегімді сыйздатқан,
Өн бойымды өкпек желі мұздатқан
Адасқақ оқ басқаға да тиеді
Бытырадай шашыратып бізге атқан.

Десем-дағы сыр алдырман, міз бақпан
Тамырларды қысатындей сыйзап қан
Сақылдаған сары аяздай қариды
Жүрегіме ерімейтін мұз қатқан.

Жағалауга жетем деумен құлшынып
Көп толқынға бірде батып, бір шығып.
Су бетінде қалт-құлт етіп ағады.
Тұрлауы жоқ, тұрагы жоқ тіршілік.

Сұмдық-ау

Сұлулыққа шын құштар ек, ғашық, ек
Фашықтықты күллі арманның басы деп
ұғатын ек... бәрі қалды, қалды артта
Ендігі арман - тоя жер бір асым ет.

Қайда барсаң толған шағым, арыз көп,
Көрген шындық, айта алмайсың аңыз деп.
Көшедегі қоқтықтардың ішінен
/Омырауы толған орден, түсінем/
Жүрген әне қалған-құтқан нан іздел.

Маң даладан босың келіп қалаға
Кете алмай жүр, жете алмай жүр далаға.
Өмір шіркін өмір болмай бара ма
Не берермін орден таққан ағаға,
Несібесін жерден тапқан балаға.

Бәрін айтып жасқанады жыр-жырау
Жыр-жыраудың қас-қабагы тұнжырау.
Қалаға бар, далаға бар... Естірің -
Есі кетіп еңіреген кіл жылау.

Бейбіт өмір, шауып жатыр кімді жау,
Ет жүргегінді езілдірген кіл жылау.
Нарық мынау, халық мынау, ел мынау.
Тақымына батқан тұзақ, қыл бұрау,
Айдың құннің аманында қол созып
Қайыр тілеу - СҰМДЫҚ-АУ!..

Айтақаным - ашық сырым

*“Алпыстан асып бармаңдар,
Байқамай шал бол қалмаңдар...”
Шәкәрім.*

Алпыста мансап қуып, аласұрып,
Біреуден бақ асырып, баға асырып,
Қыз көрсе құтың қаққан көпей шалдар,
Жүргендей сақал, мұртты жаңа шығып.

Сиқыр бар сумандаган шырайында,
Жасырып туған жылың, күн, айын да...
Жасарып сұлу көрсе шыға келср,
Ұмытып тәубасын да, құдайын да.

Қалса да пайғамбардың жасына кеп,
Тайрандағап, тайыз судай тасып әлек.
Шал емес, шалсымақтың көбейгені -
Қорқамын азғындаудың басы ма деп.

Жөн айтып отырғанмен елге бұлай,
Алпысқа келіп қаппын мен де, құдай!
Тірлік деп барға-жоққа тырбаңдатып,
Адамды әуре қылған пеңделік-ай.

Бар-жоғым көз алдында, біледі елім,
Азды-көп жапырақ жайып түр еменім.
Қуат бар өзімді өзім алып жүрер,
Құдайдан артық ғұмыр тілемедім.

Айтқаным - ашық шыным, илан былай,
Өлгендеге берсе болды иман құдай.
Қадырмен кеткен жанның арманы жок,
Өзін де, өзгені де қиналдырмай.

Тағдырыма әр кез мақтанам

Тұған дааланың терістігі мен түстігі-ай,
Дамылсыз ұшып жете бермейтін құс та ұдай.
Бір қиырында ақпанның ашулы аязы,
Бір қиырының мый қайнатардай ыстығы-ай!

Табиғат қалай ерекше қылыш жаратқан,
Бір сөтте келіп шілде мен тамыз, әрі ақпан.
Төрт түлік малы жайлауга шығып бір жерде,
Енді бір жерде барлығын қолға қаратқан.

Аузыма алсам-ақ жерімнің байтақ, кеңдігін,
Төбем бір көкке жеткендей болам мен бүгін.
Соған сай етіп жаратқан ием тағы да
Қайсар қазақтың елдігі менен ерлігін.

Үкілеп үйін, мәпелеп жанын бақпаған,
Ән менен жырысyz таңы атып, күні батпаған.
Жүргегі - жалау, ақ жаны - алау, арманшыл,
Қазақ бол туған тағдырыма әркез мақтанам!

Ұрпағыма жалғаймын

Белдеудегі тыптыршыған боз құнан,
Боз құнанды сан бәйгеде оздырам.
Алабұртқан арман қолын ақиық
Алыстағы Ай, Жұлдызға создырам.

Сүқ, көздердің жауын алған боз құнан,
Талайларды табанынан тоздырам.
Шаңқай түсте шаң қаптырып талайға,
Дегбірлеген дөлебесін қоздырам.

Екі арасын жалғастырып шалғайдың,
Боз далада боз құнан боп самраймын.
Ертегіде ұшып жүрген періште -
Қолтығымда қанатым бар жаңдаймын.

Қолтығымда қанатым бар жаңдаймын,
Боз далада бозаң тартқан таңдаймын.
Бабалардың арман-мұңын ертеңгі
Ұрпағыма - нұр таңыма жалғаймын!

Тіршілік дәңгелейді

Бірімізді біріміз біліп журміз,
Біліп журміз, әрі іштей күліп журміз.
Ит ұлыған кеудеміз алай-дүлей,
Тек сырт көзге сыр бермей күліп журміз.

Ертеңіміз - ертегі, бұлдыр, еміс...
Қайғы-мұңсыз жаңдай-ақ, құр күлеміз.
Бетімізді опалаған артистейміз,
Оны сүртіп тастасақ... Бұлдіреміз!

Тіршіліктің тайталас күресінде
жығылғаным, жыққаным... кіл есімде.
Тура барып Ту тіккен жан көрмедім,
Әділеттің жауы көп, білесің бе?!

Уақыт заулап өтеді күндерімен,
Күнде күлем, не пайда құлгенімнен.
Сахна емес, өмірде артист болып
Айрылам ба деп қорқам білгенімнен.

Өмір-мұхит, үстінде жыр-кеменің,
Талайлармен тағдырлас бір клеміш.
Тереңіне тұңғиық, кім жетінгі,
Білгенімнен көп әлі білмегенім.

Ақ, сағымның көрінер арасынан,
Дүшпанымнан досым көп жаны ашыған.
Сонда-дағы бәр-бәрін тәрік қылып,
Безердеймін тірліктің таласынан.

Ертеңіміз - бірде үміт, бірде күдік...
Бара жатыр күндер мен түндер ығып.
Жер дәңгелек, тірлік те дәңгелейді
Бірде жылап мұңайып. Бірде күліп!..

Бәрі құдай

Жарығым-ай!
Кім ойлапты болар деп бәрі бұлай.
Ісің түссе барасың кішірейіп,
Қолында күші бардың бәрі құдай.

Өзіндей табиғаттан өрген нәрдің,
Жақсылыққа жанымен шөлдейді әр кім.
Әттең соның бүгінде бәрі алдамшы,
Құдай біреу дегенге сенбей қалдым.

Арпалысқан шен жарыс, шекпен жарыс...
Жалтарысқан бөдене, кептер жарыс...
Байлық жарыс, бақ жарыс, бедел жарыс,
Білмеймін, қаптап кеткен неткен жарыс?!

Аярлықпен біреуін біреуі арбап,
Ағаны іні құлықпен жүреді алдап.
Адал жандар азға да қанағат қып,
Арамзалар алтынды күреп алмақ.

Сылдыраған сұйыққа шаң жұға ма,
Сылбырларды құлатып жар-жыраға
Қасы түгіл досын да алдап соғып,
Керек болса көрісер қанжығада.

Заман солай, заңы жоқ арашалар,
Әркім одан тауыпты жаңаша нәр.
Ақты қара сорлатып жүндеп жатса,
Қызық, көріп соны да тамашалар.

Айта берсе, жүректің зар-мұңы көп,
Бара жатыр тоғышар тағдыр үдең.
Өзімізді өзіміз жұбатамыз,
Елдік алған уақыттың жарлығы деп.

Қызықтырмай үлде мен бүлде мені,
Қуантады елімнің гүлдегені.
Құлығы көп, құны жоқ бұл құндерде
Момын қайтіп қалбақтап күн көреді.

Осы бір ой мазалап күнде мені,
Тәтті үйқымнан тұргызып жүрген еді.
Біреу ұғып көңілімді, біреу ұқпас,
Бақыты жоқ маңдайға тіл береді.

Бақыты жоқ, мандайға тіл береді,
Болар бәлкім оның да бір керегі.
Бәрі шешен бұл жұрттың, бәрі көсем...
Беймәлім кімнің бүгін кімге ерепі.

Уақытқа бой бермей құр безерген,
Тоқпыз әзір күнде ішіп, күнде жеумен.
Ертеңімді ойласам, ес кетердей,
Тіке тартып келеміз тіл белеумен.

Адам біткен бірінен бірі шошып,
Бара жатқан секілді үміт өшіп.
Әкені - ұл, ананы - қызы тыңдаپ,
Сөйлемейді ағаны іні тосып...

Жайлай қонып ауылым Шаган көлді,
Көсемдікпен бастайтын тәмәм қолды.
Топ ішінен сурылып бірі шықпас,
Сардары көп, сарбазы аз заман болды.

Жарығым-ай!
Ұстараның жүзінде жаным ұдай.
Біз білетін бір құдай бар ма, жоқ па?..
Қолында күші бардың бәрі құдай!

Сағым қуып

Өмір-өмір...
Шексіздік көзді арбаған,
Талайлардың басынан озған ғалам.
Мың құбылып жасарып, қайта түлеп,
Мың құбылып қасарып тозған далам.

Тағдырыңды өр жаққа туа сүйреп,
Тауға, тасқа басыңды ұрасың кеп.
Біреу сені тілейді нық тұрсын деп,
Біреу қарғап-сілейді құласын деп...

Адалмын деп, ақпын деп ойлағанмен,
Көңіл - көктем, бақ, гүлдеп, тойлағанмен,
Тертесінен тірліктің шығармайды
Жан-жағыңдан қамалап толған әурен.

Ойлағаның болғанмен, болмағанмен,
Шырқасам деп тұрғанда қолда дәурен
Тасқа да ұрып басыңды, тауға да ұрып...
Сүйретіліп шығасың жолдан әрен.

Өмір-өмір...
Көп көрдім, аз көрдім деп,
Көктем көрдім, қыс көрдім,
Жаз көрдім... деп,
Кейімеске кейідім кей күндері,
Мәз болмасқа баладай мәз болдым кеп.

Шешек атып көңілдің гүл-көктемі
тұра ала ма? Дәуренің күнде өтпелі.
Кеше ғана жаз тұрған жүргегімнен,
Енді міне қамалап мұң кетпеді.

Арғы күннен алдағы таңың жуық,
Көрінесің тұрғандаі бәрін біліп.
Әне-міне арманға жетем деумен
Өле-өлгенше өтесің сағым қуып.

Сағым қуып, өзінді қүнде алдаумен,
Мас адамдай бұралып-бұлғандаумен,
Қалай ұшып кеткенін андамайсың,
Бақ, құсыдай басында тұрған ДӘУРЕН.

Құдай емен

Болмаса құдай мансап бермегені -
Айтшы, аға, анауыңнан нем кем еді?
Не зорлық басқаларға,
Ең ақыры
жүрген соң түсіне алмай сен де мені.

Ағысқа қарсы салып жел кемені,
Дел-сал боп кейде сезім сенделеді.
Батады нәзік жанға шөңгедей-ақ,
Өзге емес,
Өз ағаңның сенбегені.

“Орынның төменде емес,
Төрде менің!” -
Деп зәуде көкірегімді кермеп едім.
Өкпе артып,
Түсінбеске наз білдіріп,
Құдайың қайдан алам бермегенін.

Адалдық - ар алдында кием болып,
Қиналып жоққа, барға күйем келіп.
Мен түгіл, жөні келсе, алааяқтар
Бектеріп қанжығаға кете берер
Несібесін құдайдың да иемденіп.

Басқаны сұрамаңдар сірә менен,
Жазамын күйім кетсе жылап өлең.
Қалтамнан бөліп берер көк тыным жок,
Қолымнан не келеді -
 Құдай емен.

Тілектерің сендердің

Кімдерге бар, кімдерге жоқ, керегім,
Ойлап қайтем оның салдар-себебін.
Қыс па, жаз ба, күн бе, түн бе?..
Бәрі бір -
Тұған ауыл! Жылына бір келемін.

Шаруам қайсы, төменде кім, төрде кім?
Біреу - ұлық, біреу - кішік, бөлмедім.
Ауылымның жас-кәрісі, ұл-қызы -
Мениң үшін бәрі бірдей - Өрнегім!

Кісінеген құлын даусын, қозы үнін...
Естігенше жетпей тағат-төзімім,
Ұшып келем қос өкпемді қолыма ап,
Өз ауылымның әр түтіні - өз үйім.

Балғын құннің бал даусын балдырган
Келдім аңсал естілердей сан қырдан.
Бауырыма басайын деп бауырымдай
Сол заматта кім шықса да алдынан.

Қарт ана ма, жас бала ма?
Бәрі бір -
Еркелеймін, еркелетем,
Жаны-гүл.
Айналайын, алыс жұрген ағайын
Қай-қайсың да өз бауырым деп таны, біл!

Өздеріңсіз орта менің жыр кесем,
Ұйықтап жатып бәр-бәріңмен тілдесем.
Тіршілікте бақытты да, сорды да
Өздеріңмен бір бөлісіп, бір кешем.

Білінбейді кектегені, солғаны,
Қадірі жоқ шын асылдың қолдағы.
Ауылдағы ағайындар, сендер де
Дәл өзімдегі сағынсандар болғаны.

Қайда жүрсем желең-жебеп дем бердің,
Мен сендерді тәңіріме теңгердім.
Ақын болып ел қатарлы жұргенім -
Тілектерің, тілектерің сендердің!

Х Х Х

Кешір, алла, кесіріңе бастама,
Кесіп алма, арманымды жасқама.
Мейірім бер, қанағат бер, тәуба бер...
Көпті көрген кәріге де, жасқа да!

Фәни жалған аумалы да тәкпелі,
Адам біткен бір біріне өкпелі.
Біз ұқпастай құпиясы көп тегі
Әке мен ұл,
Ана мен қызы тіл табу -
Қияметтей қыл көпірдің өткелі.

Күн тұтылып шаңқай түсте жарықсыз
қалғандаймыз, айналамыз анық сыз.
Адамды адам алдау, арбау, аярлық...
Нарық деген нарық емес, парықсыз.

Әз тағдырын жалғастырып кімдермен,
Қайран бабам кімге сеніп, кімге ерген?
Сол сенімнің қайтарымы секілді,
Шырын емес, у жинаппыз гүлдерден,
У жинаппыз гүлдерден!

Дос табу- шын-ақ арман

Беу, желікпелім!
Білесің бе, қандай сол серіктерің?
Сен де оларға бір кезде еріп пе едің,
Серт үстінде сынасып, сеніп пе едің,
Өз қанынан қан құйып беріп пе едің,
Білесің бе, қандай сол серіктерің?

Тіршіліктің қат - қабат қиясында,
Сен де олардай жанынды қиясың ба?
Кеңшілікте екінің бірі серік,
Тар кезде бір қауызға сиясың ба?

Дақ түсіртпей балауса бал дeneңe,
Қиналсаң, қуат болып нәр келе ме?
Ойланбай отқа күйіп, суға батып...
Екіұдайда сен үшін жан бере ме?

Айналдырып алардай жұрт аңызға,
Сиясың ба тар кезде бір қауызға?
Достықта нәр де керек, жарық, керек
Онсыз кектеп кете алмас гул тамызда.

✓ Өлім емес, достыққа сияр өкпе,
Жалған сезім у-зәрін құяр өтке.
Достардың тәні бөлек болғанменен,
Фашықтай жаны бірге қияметте.

Сан қияға салады мына жалған,
Жақсың да, жаманың да шығады алдан.
Артық болып кетердей іні-агаңнан,
Шын дос табу - өмірде шын-ақ арман.

Бір күні отырады-ау

Бірдене тындырғандай мәрә-сәрә,
Тау сұы ағып жатыр сала-сала.
Жағада атам отыр ойға шомып,
Баладай елеңдеген тамашага.

Ертеде атасына еріп келіп,
Қиялын қиянға өрлер серік көріп,
Жүретін қайран күндер оралды ма
Балапан бал-арманға ерік беріп.

Сонда да дәл осылай ағатұғын,
Сонда да дәл осылай жаға тыным
табардай,
тау сұына төсін керіп
Тамызда жаны рахат табатұғын.

Бала едім,
Көргенімнің бәрі қызық,
Манаурап атар таудың таңы қызық,
Қия алмай отыр тағы атам мұлгіп,
Сол таңға беретіндей жанын үзіп.

Өзінше бұл елеске сенетіндей,
Жастығы қайта айналып келетіндей.
Қызырып тау суына телміреді,
Елігіп өлде нені көретіндей.

Көретіндей,
Егіліп көретіндей,
Қия алмай, қиялына сенетіндей.
Сарқырап аққан судан көз алмайды,
Ең болмаса бір елес беретіндей.

Секілді тіршіліктің жолдыаяғы,
Секіріп, тыным таппай қолды-аяғы
Сарқырап ағып жатыр арман-арна
Арман-ағыс - тау суы сол баяғы.

Жанымды жылуымен жебеген нұр,
Тәтті едің, тіршілік-ай, не деген бұл.
Баяғы өзім құсап атама ерген
Томпаңдаپ, құдайым-ау, немерем жүр.

Немерем жүр -
Қызығым, қуанышым,
Бақ құсым,
Еркелеткен бұла құсым.
“Өтізге тұған құннің, біліп айтса,
Құні ертең бұзауға да туары шын”.

Арнайы шақырмаса,
Тойға келмей...
Қызығы тарқап-тарап болған елдей,
Оңаша немересін қасына ертіп,
Бір құні отырады-ау ол да мендей.

Бал құндер-ай ақ таңдай

Mісе тұтып үйімізде барды рас,
Шын қуандық, келген сәтте алдыға ас.
Тапшылқтың тақсыретін тартпаған
Кеше ғана шолжаң едік қаңғыбас.

Таңдан тұрып, тұнге дейін доп қуып,
Күркө жасап, дестелеген шөп буып.
Жерден алтын тапқандаій бол оралдық,
Асық ұтып алсақ, достан көп қылып.

Қандай ыстық, құндер еді доп құған,
Доп құғаннан асқан сірә жоқ, думан.
Құрдастар да жетіп жататын еді,
Аналар-ай, айналайын, көп туған.

Тәңір қалай дейміз бізді жарытты,
Көтергендей көтерем мен арықты
Алпысымда меніменен бір жылы
туғандардан, думандардан кешегі
Күллі ауылда бір Төлебай қалыпты.

Отыз алты,
Жылдың басы ТЫШҚАНДЫ -
Тарландарды тітіреткен тұстарды
Есіме алсам,
ет жүргегім езіліп,
Елестетем қақап түрган қыстарды.

Талғап атқан, таңдал атқан құстарды,
Арыстарды жалмап жатқан мыстанды,
Жалмауыздың басы болған тұстарды
елестетем,
Басқа қандай күш қалды.

Балалық, қой, ұға алмаппын көбін мен,
Күн бататын, ай туатын көгімнен.
Елемеппін көз жасымды төгілген,
Бәрі, бәрі зандалықтай көрінген.

Алаңы жоқ, бал құндер-ай ақ, таңдай,
Шуақ, шашып, шұғылаланып атқандай.
Енді міне көкжиекке қызыарып
көрінеді батып бара жатқандай!

Аңқылдаған ауыл-ай

Бір ауылда тудық, естік дегенмен,
Бірге суды, нуды кештік дегенмен,
Әр тарапқа алып кеткен жолымыз -
Ен Өрнектен жалғыз жүріп келем мен.

Айтқанымыз - шын сияқты болатын,
Арманымыз - шың сияқты болатын.
Ел дегенде,

Жер дегенде егіліп -
Тілегіміз бір сияқты болатын.

Әр тараптан бір-бір "мықты" алдық та,
Басымызды сан сарсаңға салдық та...
Ерлігімізді ездік жеңіп "тіресте"
Тізгінімізге ие болмай қалдық па?!

Қай көшеде,
Қай бұрышта үйіміз?
Сұраспаймыз,
қандай хал мен күйіміз.
Бұрынғыдай құрақұшып жатпаймыз,
Бір-бірімізге азайған-ау сиымыз.

Құдай оңдап бара қалсақ ауылға -
Ағайын да, құда-жекжат, бауыр да...
Бірімізден бірімізді сұрайды:
“Анау қалай, мынау қалай...
Тәуір ма?
Не деп жауап берсем екем қауымға?!”

Бір сауалдан бір сауал кеп өреді,
Жауабы ауыр, сұрақ неткен көп еді?
Көңіл шіркін бәріне де көнеді,
Ауыл үйдің жаңалығы жатпайтын
Алматыны Өрнегіндей көреді.

Күйсе күйіп, жанса от боп жанатын,
Тауыстырмай бір-бірінің тағатын...
Қысылмай-ақ, сәлем қылып баратын,
Көңіл шіркін шәй орамал сияқты,
Жуса болды, кірі кете қалатын,
Керек затын сұрамай-ақ, алатын.

Аласармас асқар биік тауым-ай,
Өкпесі жоқ, өнебойы бауыр-ай.
Үйі-күйі күндіз-түні құлыпсыз,
Әй, дәуір-ай, сол дәуірдің тәуірі-ай!
Ақ, әжемдей қонақ, көрсө құлынымдап,
Барын ала жүгіретін ауыл-ай!

Мұратым

Алға дәйім жетелеп бір асудан бір асу
Кезіксе де кедергі - терен өткел, жыра, су...
Адамдардың арманы - жеткізбейтін жер түбі
Құздан құлармын демей, таулы шатқал, шың асу!

Тәуекелмен күн кешем белді бекем бір буып,
Берекесіз бәрі бір тіршілігім қым-құыт.
Ертең күнге асығам елегізіп көңілім,
Түсінбеймін артымнан келе жатыр кім қуып.

Өмір ғажап! Өлмей-ақ тұра бергім келеді,
Сауық-сайран... Салтанат құра бергім келеді.
"Өлсем орынның қара жер", шыңға шығып шығандаң,
Биігінен қырандай құлап өлгім келеді!

Шама келсе кемсітпей бір ақынды бір ақын
Құдай емес, құдайың құлы болып ұғатын
Күнге жетсек екен деп армандаумен келемін,
Туганымда АДАМ ем, өлгенде де АДАМ бол,
Пенделіктен аман бол қалу менің МҰРАТЫМ!

Құа бергім келеді

Желіп көрсін деді ме арғымақтай желе алса,
Келіп көрсін деді ме алпысына келе алса.
Ат шаптырып,

Үй тігіп, бәйге беріп озғанға
мен елуге толғанда дүрлікпеді ел онша.

Дүрлікпеді ел онша,
Илікпеді көп адам,
Баз біреуше өкпелеп өкінбедім мен оған.
Көпсінбесе құдайым, жылдар деген немене -
Алпыс емес, жетпіске, сексенге де... келе алам!

Көп жас деген -
Білмедім бар ма, жоқ па керегі,
Көлбендетті көңілімді, желкілдетіп жебеді.
Балалықтан алшақтап алыс кеткен шағымда
Бала қылар қайтемін ҚАРТТЫҚ деген немені.

Берерімді бердім де, аларымды алдым да -
Алпысқа бас тіредім араға он жыл салдым да.
Үміт шіркін үкілеп, желліндіріп жанымды,
Көлбендеңген көп биік шақырардай алдымда.

Ішерінді ішкізіп, дәм-тұзыңды жегізіп,
Үмітінді ұзартар өне-міне дегізіп.
Арманның да әрдайым алда болғаны жақсы,
Жетіп қалсаң бәріне, ар жағында не қызық?

Көніл шіркін толықсып, толқып тұрса кемері,
Жыр-қанатым көтеріп қолтығымнан демеді.
Арман алда жеткізбей қу тұлкідей алдаған,
Соңғы демім біткенше қуа бергім келеді,
Қуа бергім келеді!

Бәрін де шамалағам

Гүлзар бақпен қоршалған кең алаңы,
"Алатауда" мықтылар дем алады.
Қарапайым біреуін көре алмайсың,
Жатады ылғи таңдаулы "ел адамы".

Жатады іріктеліп "ел адамы"
Және де қалталылар келе алады.
Қолында билік бардың бәрі құдай,
Қаласа Іле өзені кері ағады.

Біздер ғой ой саралап,
әріп терген,
Берердей беріп көрген,
алып көрген.
Содан шығар,
Адамның адамдығын
әшекей-атағынсыз танып келген.

Адамды адам деп тек танып келген,
Тірі жүріп өртеніп тамұқ көрген.
Әшейін бәрі-бәрі алдамшы екен,
Құдай да - құдай емес,
Адам - Құдай,
Тамұқ, Жұмақ, дегенді мәңгілік қып,
Санамызға шегелеп қағып берген.

Айтарлықтай:

- Міне, - деп, - анық, көрден,
Бір адамды көрmedім тамұқ, көрген.
Кешір, Алла, бәлкім бұл күпірлігім -
Осы аңызды қайдан, кім алып келген?!

- Ақынбыз, - деп жүрсек те, - елге силы,
Білмей далмын сенерім, сенбесімді.
Бірақ, анық, білерім - бір кеткең соң
Хор қызы аялаған пейіштен де,
Қор қылып аямаған тозақтан да
Оралып қайта ортаңа келмесімді.

Талай жерді шарлағам, саралағам,
Жақсы, жаман... Салмақтап шамалагам.
Құтылып бұл фәнидің тозағынан
Көрmedім пейіш іздең барап адам.

Содан да балбыраған балғын көлді
Тербетіп тәтті әуенге салғым келді.
Ол жақтың жұмағына қызықпай-ық,
Осынау от көсеген тіршіліктің
Бір күндік жарығында қалғым келді,
Армансыз аларымды алғым келді,
Жансам сол тозағына жанғым келді!

Бақида не күтіп тұр,
Алла білер,
Аларымды фәниден алғым келді.

Өстік, өндік есейіп шаранадан,
Бәрін де өлшеп-пішіп шамалағам.
Білмеймін тіршіліктің тамұғынан
Жұмақ іздең бәр-бәрін тәрік қылып,
Мәңгілікке бара ма санаңы адам?!

X X X

Шет-шегі жоқ, ой-қиял, шектеуі жоқ,
Оралмайтын арманның шептері бол.
Ояу сәтте, ұйықтап жатқанда да
Қиял қуып түскенмен көп сарсаңға,
Оған қуып адамның жеткені жоқ.

Арасында сайран-бақ, жер мен көктің,
Қырдан астым, қиялмен елден кеттім.
Асан баба таппаған Жерүйықты
табам деп сан қыырды серуендерпін,
Олар да өткен, күн жетсе мен де өлмекпін.

Қиял ұшып қиянға барса демде,
Көңіл құсың шарықтап қанша әлемге,
Ұшасың қанаты бар қарлығаштай,
Қонасың шаршап келіп тұғырыңа,
Үзіліп әлің бітіп талса кеуде.

Бір маган тірелгендей тарыншылық,
Кей-кейде тау шағылып, сағым сынып,
Тастайсың тірлігіңің бәрін сырыйп,
Қырқылып қиял-қанат топшысынан
Өлердей қиналадын жаным шығып.

Арманым, шектелмеші, шектелмеші...
Армандаудан адамның кеткен несі.
Оралмайды уақыттың өткен көші -
Бүгініңнен бір мезет тұңғасең де
Алдағы атар таныңды жек көрмеші!

Біреуге аға, біреуге іні болып,
Біреуден пәс, біреуден ірі болып...
Жер басып жүрген көптің бірі болып
Ерденімді есейту - бар арманым,
Ертеңің есігінен құліп еніп!

Бәріне құлдық

Бар тіршілігің - бірде ылди, бірде өр деген,
Көрместің бәрін көреді пенде өлмеген.
Реанимация! Шығармыз аман бұдан да,
Төтеннен пәле кезікпесе бір көлденең.

Көңілім сергек, өзіме өзім саудаймын
Қалт еткен сәтті жібермей өлең аулаймын.
Жалт еткен ойлар оралса сезім-қармаққа
Сейіліп сәтте кетеді басқан таудай мұң.

Бір күндік ғұмыр қайшылықтарымен әжейіп,
Бүр жарған қайың, тал-шыбықтарымен ғажайып.
Болса да қанша сергелдең сезім көбейіп,
Бара жатқандай сезім-сенімің азайып,
Бір күн де болса бойымызды еркін жазайық.

Сеземін өзім, еңісте тұрмын, өрде емен,
Көргенге тәүбе, қызықтарым көп көрмеген.
Шақырады әлі алдағы қиял арманға,
Үмітшіл пенде, күдікшіл пенде өлмеген.

Қызығын көрдім өсіріп ұлы-қызымының,
Желігіп кейде қызынбас жерде қызындым.
Майланбай жүрген мотордай ерте бұзылдым,
Жіңішкегер тұсы таяды ма екен ұзынның,
Құдай не жазса, бәріне құлдық, ҚҰЗЫРМЫҢ!

Танымайды мені ешкім

Қызылжардан кеткеніме үш жыл ма, әлде үш күн бе,
Сол баяғы қоқ қалпағым, плащ-полтот үстімде...
Кең көшемен келем жүріп құшағында қиялдың,
Келем жүріп мағынасыз, қалың ойға түстім бе?

Нелер өтті бұл басымнан, талай ғұмыр кештім бе,
Самал лебі сейілтпейді жанға жайлы кештің де.
Мен де ешкімге асықпаймын елегізіп ес кетіп,
Мені күтіп тұрған жан жоқ, баяғыдай ешкім де!..

Пенде қашып құтылмайды пешенеге жазғаннан,
Қолайсыз бір күй көшемін жүрек сыздап-сазғаннан.
Өмір өтіп, көбі кетіп көңілімнен азған ба ән,
Мені танып қарсы алатын адамдар ғой аз қалған.

Туган қала, думан қала, бәрі де ыстық дегенмен,
Секілді кіл бөгде адамдар көшіп келіп иеленген.
Мен ешкімді танымаймын, танымайды мені ешкім,
Құла дүзде жалғыз қалып құлазыған жандай бір,
Бой-еңсемді көтере алмай, ойға батып келем мен.

Жанды баурап билеп алар қызығы жоқ, кештің де,
Жүріп келем ой қамалап, біраз ғұмыр кештім бе?
Тіршіліктің ширатылғын көп жұмбағын шештім бе,
Мен ешкімді танымадым, танымады мені ешкім,
Ұзақ, жолда қалып қойып қармана алмай кезінде,
Ұзап кеткен секілденіп мен ілескен көш мүлде!

Өмір

Ақ сағымдай тербелген айналам ән,
Жадырасам жарық Күн Ай да маған.
Көңілімнен күн аумай тұрса болды,
Жабырқасам жарықты қайдан алам.

Шалқысам Күнге барам, айға барам,
Айсыз тұнде адасып қайдың барам.
Мені мынау өмірге ғашық етіп,
Арманшыл ғып өсірген қайран А нам.

Аппақ әлем ғажайып сұлу маған,
Тәкәббар тау, мөлдір көл, шырын далам!..
Көкірегіме әні мен сәнін құйып,
Құлағыма жырларын сыйырлаған.

Әнге құмар жанымда, жырға құмар
Әшекейлі әсемдіктің ырғағы бар.
Сол ырғақтан ән мен жыр әдіптеген
Жүргегімнің лұпілін, сырларын ал.

Сырдай сұлу туған соң өңірде мен,
Әнге елтіл, жыр жаттап көңілденем.
Содан шығар, ән-жырдан тұратындаі,
Мен үшін қымбат әлем - өмір деген.

Кім еріксіз, білмеймін қім ерікті,
Кезі келсе, тас қайнап, мұз еріпті.
Сезім-сәуле көңілге нұр құя ма,
Төңіректі жайнатып жіберіпті.

Төңірегім - саябақ, гәкку-көрік,
Айналама аялап аққу қонып.
Арғы бетке өзіңе асығамын,
Айдыныңда ән тербел жатқым келіп.

Өмір-бәйге

Өмір - бәйге, біреуден біреу озып,
Біреу - шабан атанар, біреу - озық.
Озғанның да тобында көріне алмай,
Көш соңында салпақтау - өзіме ардай,
Қалың елдің қаптаған ортасында,
Тіршіліктің малтасын жүрем езіп.

Көңілім - көктем, төңірегім жайнаған көк,
Содан "дүлдүл" ақынға айналам деп,
дүбілмедім "ағалап", мықтыларды
жүгірmedім жағалап, ұқтым арды,
Жетіп жатыр менсіз де бәйге алар көп.

Артым да - сән,
Шүкірлік, алдым да - сән,
Пенделікке бойымды алдырмасам,
Өзегімді өртемес, талдырмас ән.
Ез орыным жетеді орта тұста,
Ризамын тағдырым, бақ, нұрыма,
Болғаны көш соңында қалдырмасаң!

Мына заман...

Көңілім де өмірімдей жырым-жырым,
Көп адамға жұмбақтай сырым бүгін.
Сыртым - сап-сау көрерге, ішім дерпті,
Жылап жазған оқиды жырымды кім?

Уақыттан ба, бірінді бірің біліп,
жатқан жоқсың әйтеуір сырныңды ұғып.
Өз өңешін ойлайтын өлмесі үшін -
Әрқайсыңың ішінде жұлынқұрыт.

Бірің ез де мыжыған, бірің қырыт,
Біреуінді жаратқан жырынды ғып.
Бәйтеректің кіріп ап өнбойына
бұрандалы бұргыдай кіл үнгідік.

Ауырсынып нар жүгін қайқаңдаған,
Сағы сынып ер сезін айта алмаған,
Іші - өңез, сырт көзге байқалмаған,
Мына заман, қай заман, қай-қай заман?!

Пай-пай заман! Қай заман, қай-қай заман,
Іші толы ібіліс, сайтан жаман!
Ұл өсірген аналар ораза ашпай,
Қайыр сұрап емінген сайқал заман.

Тумысында кім биік, кім аласа,
Биіктікке әркім-ақ құмар аса.
Өзегіне құрт түскен бәйтерегім
жарар еді тік тұрып құламаса!

Ұлымын деп жүріп...

Өлең жазамын тілімнің майын тамызып,
Өнер - азабым, керексе берем жан үзіп.
Нелер қазағым көкірек қағып жүргенмен,
Жазғандарымды оқи алмайды ағызып.

Шағылып тауым, сансырап сағым сынғаңдай,
Біле алмай кейде өтірік қаңдай, шын қаңдай?
Көзді арбағаңдай тәңірегім шалқар дария,
Шерменде көңіл, шөліркеп шөлім жүр қанбай.

Есіліп еркін, шешіліп тілім сөйлемей,
Сағым ішінде көлбенде деп алыс көлбегей,
Жақын тартпайды, жақындаатпайды жанына -
Атамның тілі, анамның тілі болды өгей.

Кеңірдек созып, көкірек ұрып - МЕН! МЕН!.. деп,
Бір соған қарап тұргаңдай тегіс жер мен көк...
"Мың өліп, қайта тірілген қазақ - БІЗБІЗ" - деп,
Сөз өтпес жерде сөйлеп жатамыз өңмендең.

Ата-бабаның арман-мұраты өтеліп,
Қазыбек бидей тілімізден жалын-от өріп...
Бедеу сөзбенен бездірмей алыс-жақынды
Тұғырымызды алсақ қой биік көтеріп.

Оңалмай бәрі тығырыққа түйық тірелсе,
Көтеріле алмай имене берсе кіл еңсе.
Ұлымын деп жүріп рухың да өліп кетпей ме,
Намысың өлсе,
Алмас қылышың - ТІЛ өлсе!

Е К И Н Ш И

Б Θ Λ Ι Μ

Күмбірлеген көңілімнің күйлері -
Білем десен, жырларымнан біл мені.

Өмір жайлы толғаныс

Сирек көрдім жүзге келгендерді мен,
Аспайды ешкім тағдыр сызған белгіден.
Олай болса - елу жер ортасы деп
Мен өзімді қалай ғана сендірем.

Қалай ғана сендірем мен өзімді,
Сол сенімге жеңдірем мен өзімді?
Жүз деген не - жігіт болып үлгірмей
Талай боздақ қыршынында көз ілді.

Бойға құт деп жүргенменен барды рас,
Көңіл көзің тас қияда, қалғымас!
Елу деген маған бүгін ақиқат,
Кім біліпті, алда қанша қалды жас?

Тіршілігің - толып жатқан белгісіз,
Біреулерден артықпсызы? Кембісіз?
Бір ғұмыр бар - ғұмыр емес, күн кешу,
Бір ғұмыр бар - жүз ғұмырға бергісіз!

Талай елді, талай жерді аралап...
Көрдім. Білдім. Достарым бар, қанағат!
Өкініш те болған шығар қайтемін -
Толып жатыр басқан ізім сан ағат.

Не тындырдым? Көрейінші саралап, -
Десем бәрі шамалы екен, шамалы-ақ.
Дәтке қуат - адам деген атыма
Түсірмеген секілдімін қара дақ.

Таусылмайтын тіршіліктің күйбені,
Қол байлайтын ұсақ-түйек үйдегі...
Шідерлі аттай жаздырмалты өремді,
Көп арманым от басында күйреді.

Өртке оранған бала күнім - бал күнім,
Жазылмаған жарапары бар бүгін.
Жылдар жамап бүтіндей дегенмен
Көкіректе айықпастай қалды мұн.

Албырттықпен өтті тағы көп айым,
Жастық барда, бәрі де бар, жоқ уайым, -
Деумен жүріп босқа кеткен күндердің
Қайта оралар таппай қойдым орайын.

Мен секілді талайлар-ақ өкінген,
Шамырқанған, шар болаттай бекінген.
Бұқпантайлап көрген жоқпын әйтеуір
Оттан, судан, соққан желдің өтінен...

Қанша белге кетер еken сөз, үнім...
Қанша жерге жетер еken төзімім?
Көмбедегі көп жүйріктің ішінен
Тани алса болғаны елім өз ұлын.

Жасық жаңдай жанарыма шық тұнып,
Дауыл, боран көрген емес ықтырып.
Сынсам-дағы емен сынды шарт сындып,
Құласам да күрт құлармын тік тұрып!

Қайрау

Көлкелеме жүзінді, тура қара -
Жалғыз жүрген жан ба едің құдалада.
Гүлден нәзік, сүттен ақ, жүргегінді
Жабырқатпа, берілме мұң налаға!

Нысанага ап, тағдыр оқ, кезегенге,
Іштей мүқап, еңсенді езе берме!
Сенің жөнің бөлекше түсінгенге,
Кімнің кім екендігін сезеді ел де.

Сезеді ел де кімнің кім екендігін,
Өзінді өзің қажауың бекер бүгін.
Табашыл жүрт сыртыңнан сынап кетер,
Әр еңсенді түсірме, көтер, күнім!

От басады өмірде андамаған,
Бұл фәниде кімді кім алдамаған?!
Адам деген арманмен күн кешеді,
Тіле, бауырым, болғай деп АРМАН аман!

Шындық, барда, өмірде жалған барда,
Жетіп-жетпей жүрген көп армандарға.
Көкірегінде сөнбесін жарық сәулең,
Басынды ұрып қайтесің жардан жарға.

Басынды ұрып қайтесің жардан жарға,
Көп өмірде алдаған, алданған да...
Өлі жандай өлексе өмір кешпей,
Күресіп өткен жанда арман бар ма?!

Ертеңге барап бақ күнім

Елдігімізбен, ерлігімізбен көктеген,
Қыын күнді де, құйын күнді де көппенен
откеріп бастаң, бірге көтерген жұрт едік,
Күн кешіп жеңіл көрмеген айла, еппенен.

"Арымнан - барым, жанымнан - малым садаға" ...
Ақшаңыз түгіл, алтын да жүрмес араға.
Дауға түссеқ те, саудаға түспес жұрт едік,
Ана сүтімен АДАЛДЫҚ сіңген санаға.

Содан да ма екен, тыныңды жәй бір тынын деп.
Байқамай жүрдік тірліктің түйткіл күйін көп.
Ағайын барда атым көп, әмбе асым көп,
Қайда келсем де, салулы төсек, үйім көп...

Әуселем - жыр, ән - көңілімнің шалқар шарты қуй,
Тебіреніп кетсе, қазақтың әрбір қарты - би.
Өнердің өрен өресі биік, өресі...
Тұсқен жерімде - салулы төсек, салқын үй...

Әзгерді уақыт, өзгерді бәрі, өзгерді...
Әзгеріп кеттік біздер де көріп өзге елді.
Егін де, мал да, алтын да, мыс та, темір де...
Сенім де бүгін ақшага мықтап сөз берді.

Бауырың - бауыр, досың да - қимас досындаі...
Қосылып бәрі, тек ақшаңғана қосылмай,
Елдігің де енді есепке мықтап көшеді,
Көн-көнбе - бірақ НАРЫҚТЫҢ заңы осындаі!

Еркінбіз енді, бар жеке тыын, теңгеміз,
Теңгең тең болса, еңсем де биік, тең деңіз.
Төүелсіздігімізді тәлекек еттіре алмаймыз,
Баяғыдағыдай қол созып көрші елге біз.

Өзімде барда,
Мұсәпірсімін мен несін,
Көрсін күллі әлем,
Бізді де ЕРКІН ЕЛ десін.
Алтыннан асыл қазақы тыын, теңгеме
Алтынмен өрдім БАБАЛАРЫМНЫҢ бейнесін.

Алтынмен өрдім,
Алтыннан да асыл болсын деп,
Берекесі мол,
Бірінен мыңдар өрсін деп.
Алыс-жақында қызғаныш оты жанбасын,
Қуанышыма қуансын күллі көршім кеп.

Алғашқы ақшам,
Алғашқы менің шаттығым,
Алтын сыңғыры - әлемге кетер тәтті үнім.
Алатауымнан асырып алысқа ұшырдым,
Ақ, құсым менің,
Ертеңге ұласар БАҚ КҮНІМ!

Бәйгеге қосып келген ел жүйрік, жорғасын...
Мәреге шықты,
Мерейлі ерге ол да сын.
Бар бақыттымның бастауында жүрген ЕЛ БАСЫМ,
Ұлы сапарда бағынды құдай көтеріп,
Ұлы БАБАЛАРДЫҢ ұлы аруақтары қолдасын!

Баламын мен

Сұлулықтың айта алар кім өлшемін,
Біреу көлін мақтайды, біреу шөлін.
Тұған елің болмаса Туғып ұстар,
Қадіріңді басқа кім білер сенің.

Өз елімде сұлтанмын, өз жерімде...
Айтсам өтер ойларым, сөздерім де.
Ақынмын деп қаншама кеуде ұрғанмен,
Еркелігім жарасар өзге кімге?

Елге барсам, ақ қөңіл Ана көріп,
Қайта түлең шығамын бала болып.
Кісімсінген қалпынан демде өзгеріп,
Ақындығым әп сәтте қалады өліп.

Жасы еркелеп, үлкені еркелетіп,
Ағам, жеңгем той болса ерте кетіп,
Құшағына қалың ел алған шақта
Қалғаныма қысылам ерте жетіп.

Суық, ұрып солдырган ерте гүлін,
Көңілім - сынық, домбыра, шертеді мұн.
Жетім қозы секілді ерте отығар
Шүкір бүгін Елімнің ерке ұлымын.

Тоңа білген, және де жана білген...
Тек жақсылық, тілеген жан-арыммен,
Елге келсем, бәрін де тез ұмытар -
Ақын емес,
Баяғы баламын мен,
Баламын мен,
Бала боп қаламын мен!

Х Х Х

Итін қосып бәйгеге аласұрар
Мына жұрттың бір-бірден ағасы бар.
Көлбендеңген көңілдің көбелегі -
Жетім жырдың қайткенде бағы ашылар.

Көшкен елге қашаннан қоныс арман,
Менде ол да жоқ,
Ауылымды орыс алған.
Жеме-жемге келгенде жебеушісіз
Күнім күйкі қайсы бір тоғышардан.

Бірі - терек, бірі - тал, бірі - шынар,
Бірісі - бал, шөлдесең бірісі - нәр.
Қолтығынан сүрінсе сүйейтүғын
Қатарымның қаптаған інісі бар.

Қатарымның қаптаған інісі бар,
Інісі бар болған соң - тынысы бар.
Жел үрлеген қапшықтай андағайлап,
Бірін бассан, ереуlep бірі шығар.

Жолым ылди - өрі жоқ, кіл еңістей,
Тайсам қиын тоқтауым - білем іштей.
Айтар жерде аузыма құм құйылып,
Ішер жерде тартынып жүрем ішпей.

Өзім іні өзіме, өзім аға -
Көп көлгірдің күлетін көзі ғана.
Бақай есеп жүргізген пәтишагарлар
Жырды үққысы келмесе сөз үға ма?

Бедел сауда, бақ, сауда, сауда бәрі...
Саудаласып асамыз таудан әрі.
Төле, Қазбек, Әйтеке қайда кәне -
Тура кесім айтатын жауға-дағы.

Адамдардың бергені, алғаны да...
мұрат емес, жетпейсің арманыңа.
Обал, сауап дегенді туғаны жоқ,
тура билер,
Тапсырдым аруағына!

Х Х Х

Тіршіліктің бүйірмай сый төрінен,
Көкіргінен мұңлы зар, күй төгілген.
Жандар өткен еңсесін бір көтермей,
Ит қыңсылаپ ұлиды ит-өмірден.

Жаралы жер, жаралы ел, жаралы аспан...
Бәрі - ит тірлік, ит өмір жағаласқан.
Дүниеге келгенде бәрі таза,
Ойламаған татам деп харам астан.

Аш-жалаңаш күйіне қарамастан,
Ойламаған татам деп харам астан.
Тегіс жерде сүріну - тірлік заңы,
Келе-кеle оны да қара басқан.

Қара басқан,
Сәлғана жаза басқан,
Тойымсыз жан тоқ жүріп азар-аштан
Өмір солай тұңғиық, мый-сорына
тарта берген...
Жаралы ел, жаралы аспан!

Шалыс басты бір қадам - қандай қадам?
Қалай басқан? Қайранмын! Таңдай қағам!
Түсейін деп түспейді тұңғиыққа,
Жанайын деп тозаққа жанбайды адам.

Айналасы құз-жартас - қатер еді,
Албастыны құні үшін "Әке!" - деді.
Демейін-ақ деп еді, амалы не -
Өмір өзі қақпаларап әкеледі.

Ескен желдей еркін-ді, қимағаннан,
Көкірегінде күрмеліп күй қамалған.
Келе-келе айрылды бәрінен де,
Жетекке ерді тайлақтай бүйдаланған.

Шарайнасы секілді күй көңілдің,
Жадау тартып барады сиқы өнірдің.
Адам басы - тағдырдың тепкен добы,
Босағаға айналса жеткен тәрі,
Иті болып ұлиды ит-өмірдің.

Қарттарды желеп-жебей көр

Тұра тұр, жаным,
Тұра тұр,
Көңілінді сәл-сәл бұра тұр.
Мына дүние қым-қуыт,
Не болар екен түбі ақыр.

Көше емес, көше - қан базар,
Базарға түссе жан да азар.
Қайыршы бейбақ, көбейді -
Ашиққан малдай тал қажар.

Соғысты көрдік, бала едік,
Енесін жүрген шала еміп
қозы-лақтардай тұртінген,
Бір шәйнам нанға зар едік.

Қарсы алдық солай Жеңісті,
Төрт құбыламыз тегіс-ті.
Тірілер аман оралып,
Думан бол кеткен Ел үсті.

Шалқыдық, шүкір, шалқыдық,
Жеңістің болды арты - құт.
Өткенді ептеп ұмыттық,
Көгімізде жыр мен ән тұнып.

Елу жыл бейбіт күн кештік,
Аспанда Аймен тілдестік.
Бөліп-жаруды білмедік,
Ұлыс боп, ұлт боп бірлестік.

Бәрі де соның кеше еді,
Болды еken кімнің не есебі?
Жеңіскерлердің тағдырын
Садақа-жәрдем шешеді.

Ажалы жетпей өлмегі
Қыын-ақ, еken, өлмеді.
Есікке сырғып кеткендей
Ерлердің басы төрдегі.

Білмейді не үшін жеңгенін,
Білмейді несін келгенін.
Саудалап отыр орденін,
Мына қылышы - ерге мін.

Кім көрді дейсің кәрі бол,
Былайғы елде бәрі көп.
Кешегі майдан ерінің
Тамсанып алар нәрі жоқ.

"Қосылмасымды қатарға
Білемін, бірақ сатарға
жанымнан басқа нем қалды,
Тірідей көрге жатам ба?

Қысылшаң шақта сыналар
Жібермей отыр шұнақ, ар,
Жанымды-дағы сатар ем
Өлермен жанды кім алар?

Кірем бе көрге тірідей
Шыбыным-жаным тірі ме ей?!

Тірлігімнен де не пайда,
Билейді бойды бір үрэй"...

Таскерен болғыр құлағым,
Не болып кетті мына күн?
Сөгіліп шара-шыдамым
Егіліп ұзақ жыладым.

Құлағым нені естіді,
Құлағым нені естіді?!

Бізді де күтіп тұр ма алда
Еңбегіміздің еш күні.

Ұмытып бәрін, бәрін де,
Азайып қуат-әлім де...
Құлшылық етіп күн кешем
Құдыреті күшті тәнірге.

Сөзсіз де, көзсіз көбейді ер,
Күніміз бітті демей көр.
Мен өлсем өліп кетейін,
Құдыреті күшті құдайым,
Тағызым етіп сұрайын,
Жауымды жеңген ЖАУЫНГЕР
ҚАРТАРАЙМДЫ желеп-жебей көр!..

Өз хұқым

Кімді қалай көремін -
Ортағы жоқ, өз шаруам о менің.
Ешкіммен де ақылға сап шеше алман,
Сезімімнің төлемін.

Енжарлықпен өтті уақыт, озды күн -
Ездер езіп кетірді көп сөз құтын.
Қара басым қай бағытқа жүреді -
Араласпа, ол, ағайын, өз хұқым!

Кімді жаттап, кімді жақтап өлемін,
Ортағы жоқ, өз шаруам о менің.
Қателессем, бақ-сорымнан көремін -
Ар алдында өзіме өзім төремін.

Жазмыштан кім кетер дейсің құтыла,
Соңғы нәрім қалған талшық - құтыма
Қол салсаң да безбен сенен, ағайын,
Қол салма тек азаматтық хұқыма.

Шел баспаган кекіректе көз бүтін,
Есі барда есерлікке төзді кім?
Кімнен қашып, кімге ғашық боламын
Бәрі, бәрі... Біл, ағайың, өз хұқым!

АСЫҒЫП ЖЕТКЕН ҚОЛЫҢ...

Мұнар бұған көктемде - дала сағым,
Мұнар-әлем ішінде адасамын.

Сағым қуып, әлі де арман қуып...
Жалаңаяқ жүгірген бала шағым.

Жалаңаяқ... Қоңторғай жетімдігім -
Армандаиды бұғанам бекір күнін.
Қарыным аш болғанмен, көңілім тоқ -
Жалғанның жалғыз байы секілдімін.

Көктем сайын тау түлеп, дала гүлдеп...
Жанымда - алау, от болып жанамын кеп.
Біреу мені кемсініп түрғандай-ақ,
Арланушы ем айтуға: баламын! - деп.

Елім мені көрсе деп - АРЫСЫНДАЙ,
Лаулар ем көлдің құрақ, қамысындай.
Албырт сезім - алдына жан салмайтын
Не бар еken баланың НАМЫСЫНДАЙ!

Сол қиялмен қыға өрлең еркін,
Көрдік біздер әкенің көрмегенін.
Той болса, жиын болса - еншіміздей,
Бізді күтіп тұрады төрдегі орын.

Алыстап асылың да, ардағың да...
Арманың араласып таңда нұрға
Қалғандай қолың бұлғап көз ұшында -
Көлбеген көк мұнардың ар жағында.

Көк мұнар - көк шымылдық аралықта,
Көп қызық, көлкеленіп қалады ықта.
Асығып жеткен қолым ағалыққа,
Қор боп жүр орала алмай балалыққа.

Ұрпағымды аямын

Ей, аңғалдық,
Туа біткен аңғалдық -
Таң қалмайтын дүниеге таң қалдық.
Өзімізді өзіміз көп алдадық,
Жетпісті де жерорта деп сандалдық.

Сөйте жүріп тең еместі тең қылдық,
Арыстанды құ түлкіге жем қылдық.
Ерді езге ебін тауып жендірдік,
Жігерін - құм,
Кекірегін жер қылдық.
Сорақысы -
Бәріне де наңдырып,
Бұлжымайтын заңдылық деп сендердік.

Бой үйретіп алдық тарға, кеңге де,
Кім, не керек көнбіс болған пеңдеге?
Бәрін, бәрін ауыстырып теңгеге,
Тарс ұмыттық серпілуді, сергуді -
Енжар болып кеткен сонша ел неге?!

Тағдырына таңба басып талайдың,
Өте берді бір "міні жоқ әйәй құн!"
Біз сенгенге ол да сенер ме екен деп,
Кейін келер ұрпағымды аямын.

Білсе-ау әркім...

Елу үш жыл - қысы бар, жаздары бар,
Ғұмырым бұл көпке де, азға құмар.
Беріп келем, және де алып келем
Пешенеме тағдырдың жазғанын бар.

Көкжиектен күн сайын күле шығар
Әр күннің алар, берер үлесі бар.
Қамшы сабы секілді келте өмірді
Қызық етіп көрсетер - міне осылар!

Қайсысы көп - аласым?..
Бересім бе?..
Бәлкім соның екеуі теңесуде.
Қалай-қалай десе те АДАМ болып,
Қалсам деймін ертең күн Ел есінде.

Бар бағымды бүгінмен өлшемедім,
Қиялыммен ертеңге жол шегемін.
Ұрпағым: немерем бе, неменем бе?..
Менен қалған тамшыны көрсө дедім.

Көктем сайын бүршігін емен жарған -
Өтер-кетер дүние деген жалған.
Олардан да бір күні қалары хақ,
Мына ғұмыр бабамнан, менен қалған...

Бағың жанып, ұшқанмен көкке құсың,
Біреуге риза, біреуге өкпелісің.
Аяз бидей тәүбесін ұмытпаған
Білсе-ау әркім дүниенің өтпелісін.

Адамның бәрі менің бауырымдай

Құлдыраған құлышақ - құлышақ күн,
Ордан, жардан қарғыған ұрыншақ күн.
Сол күндердің ләззатын сезінбекен
Бір үрпақтың келеді мұңын шаққым.

"Мұң!", - дейміз, сол әншейін мұң ғана ма,
Тірлікте мұңнан АДАМ құр қала ма?
Көз алдымда - сәбиін тойдыра алмай,
Көз жасы көкірегіне тұнған ана.

Оралып ой-өкініш алыс күнге
отырмын, ондай күндер таныс кімге?
Қаршадай қара бала жалаңаяқ,
ойнайтын қаңтардағы қар үстінде.

Дүрлігіп қанға бөгіп жатқанда елі
Үстіге киер лыпа тапқан ба еді.
Болмаса ақыл-есі сау баланың
Жүргені жалаңаяқ мақтан ба еді?!

Бүгінгі тоқшылығым былай қалып,
Жүрегім қан-жоса бол жылайды анық,
Қаптаған жарылыстар дүмпуінен
Қазір де кететіндей мый айналып.

Ышқына шеру тартып шерменде күн,
Сыр қылып шертетіндей көргендерін.
Солардың ортасынан қылаң беріп
Барады балалығым өлген менің.

Дүние көз алдымда шыр айналып,
Шошынып... Бірде қайта шырайланып,
Теніздей дауыл ұрып ширатылған
көпіршіп жатыр тулап лайланып...

Бойымды үрей-апат мендеп алып,
Бір сәтке кетердеймін сеңмен ағып.
Еркі жоқ, ақыл-естен ада болған
жосиды ыққан қойдай пенде-халық.

Тіршіліктің жоғы - жоқ, бары - бардай,
Өтті жылдар азаптан арылардай.
Дей тұрганмен сол күндер еске түссе,
Қырық жамау жүрегім жарылардай.

Елі үшін бар бәйгеге тігер басын
Ердің де көнілінде үрей басым.
Ұлтына, нәсіліне қарамайды
Төбеңнен төңкерілсе дүлей-жасын.

Біз ғаріп, аспандагы Күн, Ай ғаріп...
Тұнығым жатыр умен лайланып.
Қайда барсам, алдымда - қорқыт көрі
Қамалап төңірегімде жүр айналып.

Өткізген ғаріп Күнді, Ғаріп Айды...
Бір ұрпақ, қайтып бүгін налымаиды.
Тоймаған узына жетім көніл
Желпініп ер жетсе де жарымайды.

Бәрі де, бәрі соның көз алдымда,
Айта-айта жұқарып тозармын ба?
Қалысыз көргенімді баяндағым,
Атынан бір ұрпақтың сөз алдым да.

Құлдырап бізден өткен құлыншақ, күн,
Біреуден соң, біреуден бұрын шаптым.
Кешпеген балалықтың есебінен
Кім білген, бәлкім бүгін ұрыншақпын.

Көрінбей кетті бәрі, кетті бәрі...
Балалық, қайта оралып жетті ме әлі?
Адамның бәрі менің **БАУЫРЫМДАЙ**
Бәріне еркелегімкеп тұрады.

Кім берер Ер тәлемін, ел тәлемін -
Откен күн көкіректе шерте ме мұң?
Беймезгіл балалығым ұстап кетіп,
Бәріңе кеп тұрады еркелегім!

Жыр оқыдым

Жыр оқыдым, күн сайын жыр оқыдым,
Күнім жоқ, жыр оқымай жүретүғын.
Тоңған кезде жанымды, жүрегімді
Алауына жылыттым жыр отының.

Жыр оқыдым еңсемді мұң басқанда,
Жыр оқыдым досыммен сырласқанда.
Жыр оқыған кезімде қанат бітіп,
Ай, Жұлдызым жымыңдақ күлді аспанда.

Көңілім қалып достан да, бауырдан да...
Ет жүрегім езіліп ауырганда,
Жыр оқыдым дауасы бола ма деп,
Жүргегің ауырганнан ауыр бар ма?!

Жыр оқыдым сабылып-шаршаганда,
Жыр оқыдым сағынып-аңсағанда.
Жыр оқыдым - жұбаныш көніліме,
Шуағын жеткізсем деп барша Адамға!

Жабыққанда жыр болды жұбанышым,
Зарыққанда жеткізді ол жылы ағысын.
Жырдан артық, ештеңе бере алмады
Жанымның мұңы менен қуанышын.

Жыр оқыдым, әйтеуір жыр оқыдым,
Бар дөртімнің шипасы білетүғын -
Жүргегімді, жанымды алауына
бір мезет жылтып алу жыр отының.

Сыр

Жарты ғасыр -
Болмас бәлкім бәрі оның алтын, асыл
Көңілімнің күйлерін күлтелемей,
Айтып келе жатырмын халқыма сыр.

Биік ұштым, кей-кейде тәмен ұштым,
Көрдім кескін-келбетін өр, еңістің...
Көрдім көркін астасып көкжиеқпен
Таң нұрына балқыған көк егістің.

Зеңгір аспан, жұмыр жер, бар галамның...
Тағдырына барымды арнағанмын.
Немере мен шөбере, шөпшектерім
Көрмесе деп көргенін зар бабамның.

Жаз даламда сұлу ән бұлғақтаған,
Сұлу әнде сиқырлы сыр қапты әман.
Елуде де елім бар еркелетер -
Бүгінімнен ертеңім қымбат маған.

Аспан ашық, бұлты жоқ, күні күлген,
Қымбат маған ертеңім бүгінімнен.
Мақтанышым - мәңгі өлмес жыр тағдыры,
Тағдырым деп жүрегеннің бірімін мен.

Өлең менің аларым, берерім де,
Өлең - менің биігім, тереңім де!
Ата-анамның қанымен қанға сіңген
Дүниеге шыр етіп келерімде.

Содан бері қеудемде жыршы бұлақ,
Агады сылаң қағып, түрші құлақ.
Жер тынысын тыңдаймын, жел тынысын
Елу деген белеске бір шығып ап.

Тартқан ерек тағдырдың сиы маған -
Бәрін естіп, қеудеме құйып алам.
Жырға зерлеп шегемін кестеменен
Тіршіліктің күмбірлі күйін әман.

Мен сөнбеймін тұрганда тәбемде күн,
Жамыраған жырларым - көгендерім.
Бақыттым да, сорым да маңдайдағы,
Қуанышым, қайфым да ӨЛЕҢ менің!

Ет жүрегім сыздайды

Ауыр болар менің арман-мұратым,
Өмірім де ауырлықтан тұратын,
Әрине оны сезім керек ұратын,
Парызыым көп өтелмеген, өтелген...
Көк өгіздей сезінем мен өзімді
Жұмыр жерді көтерген,
Ауырлыққа бойы үйреніп, еті өлген!

Сезім керек, сезім керек ұратын -
Қайтып оны жасырам?
Біздің ұрпақ не өткермеді басынан -
Қысас тағдыр салды аямай қыл бұрау,
Онға толмай диқан болдық, сүмдақ-ау!..
Онға толмай фашистермен соғыстық,
Онға толмай жау тылына көп ұштық,
Онға толмай аналарға, қарттарға
Орда жығар өрендерше болыстық,
Москвандың түбінде де, Берлинде...
Тоғыспайтын жолдарменен тоғыстық!

Тоғыстық, біз майданда да, елде де...
Басқа түссе шыдамайды Ер неге?
Ер деп үқтық өзімізді - о, тәуба!
Қаншама ару қалды жесір отауда.
Бір-бір үйдің бас көтерер жалғызын
Аждаһа-жыл көк құрақша отауда.

Қаншама үйдің баста бағы жоғалды,
Жылай қалса, жұбаттық біз соларды.
Қаншама үйдің үміт еткен ертеңі
Күзгі ормандај жапырағынан тоналды.

Қаршадайдан көріп өстік соны біз -
Айтары не? Ауыр болды жолымыз:
Қыран аспас тауга барып тірелді,
Қия баспас жауга барып тірелді.
Қылпылдаған ұстараның жүзінде
Тірліктен де үздік талай күдерді.

Тірліктен де үздік талай күдерді,
Жылағанды жұбатады кім енді.
Жер бетінен өшірем деп бір елді
Жау-қара бұлт тәбемізден түнерді,
Келіспедік, беріспедік сонда да
Кекке жанып жігерді.

Елге деген шын махабbat - Шың, Алып...
Ер намысын қайрап, қайра суарып,
Өзімізді өзіміз кіл сынадық -
Өттік аман, бәріне де шыдадық!

Көрдік біздер шыңдалудай шыңдалып,
Тал шыбықтай иілдік те, сынбадық,
Қара бүгін - сынбағаны емес пе,
Қыындықта қыңбағаны емес пе,
Сақтардай-ақ, мәңгі-бақи ел есте
Ерлік жасап, тарттық қия-белеске.

Зар жылаған, қалжыраған бұл дала
Бір басынан не откермеді шында да.
Қызыл қанға суарылған қызыл гүл
Тұрған өсіп сай-салада, жылғада...
Жанымызыға ұялатты мұң-нала.

Дауылды да, жауынды да көп көрдік,
Қиын құнді, құйын құнді өткердік.
Өтеуі ме деп ойлаймын сол қүннің
Күлсек бүгін көнілімізді көктем ғып.

Бәрі бір де сезімдерде мұң-қайғы
Мәңгі тоң бол қатып қалған мұздай-ды -
Ерімейді, жан жадырап қызбайды.
Есіме алсам жалаңаяқ жылдарды
Ет жүрегім әлі күнге сыздайды!

Қалатұғын түрім жоқ

Өмір деген шүү асаудың жалына
жармасып ем, кетті талай аударып.
Қапылыста қара жердің шаңына
талай мәрте аунадық.

Оңбай түстім -
кейде тіпті қабыргам қалғандай-ды қақырап.
Өмір-тұлпар ағып өтті жанымнан
екі көзі шатынап.

Қойсаншы бұл жанкештілік дегенді -
Ес жибым да, қайта тағы жармастым.
Мерт бол кетпей тірі жүрсем мен енді
Бәрі бір де қыр соңынан қалмаспын.

Серт-семсердей өз-өзіме сыным көп -
Болса-дағы аузым мықтап қүйгендей.
Өлмей, сірә, қалатұғын түрім жоқ,
Асау - маған, мен - асауға үйренбей!

Кеңшілік

“Кеңшілік!” - деп біреулер
қойып жатыр баласының есімін,
енді біреу ашып тастан есігін,
дейді: - шіркін даламыздың кеңін-ай!
Таршылықтан жала шегіп журген жандай тегі ұдай,
әрине ғой, кең болған соң - жері бай!
Әмір бойы аңсал келген кеңдікті,
Арманы ғып ән сап келген тендендікті
Пай-пай, менің Елім-ай!

Кеңдік! Кеңдік!.. Адамның да кеңдігі,
Ғаламның да, даламның да кеңдігі -
Бар байлықтың басы дер ем мен мұны.
Марапатшыл биік мансап, биліктер...
Сол үшін де жан қинадық, құйдық тер.
Пейілінде тарлық жатса, болмаса ерлік, нарлығы...
Бәрі бір ел төбесіне көтермейді әлгіні.
Адамның да, қоғамның да байлығы -
Көкіректе кеңшіліктің барлығы!

“Бас терісі келіспеген жан екен!” -
деп кейійтін біреулерге ағекем.
Әзім талай естідім -
Мақтағанда қариялар есті ұлын:
- Көрдің бе ана кере қарыс маңдайын,
Сол маңдайлар біледі істің мән-жайын, -
десіп, десіп... алатын,
Қомдақ қойып қыран сыңды қанатын,
Сонда мен де керегімді тапқандай
Айызым бір қанатын.

Бір суретші салып тау, су, даланы...
Олай тұрып қарады,
Былай тұрып қарады...
Қарады да - "Кеңшілік!" - деп қойды атын,
ал мен соны ойға тым сидыра алмай отырдым,
мағнасын бәлкім кейін оқырмын.

Әрине оған кінә қою да әбестік,
Қазір жүрттың бәрі ақылды, бәрі есті -
Бір жылы сөз көрмен еді әлі естіп,
Өзін өзі көтерсінші әрі өстіп,
Дестік, дестік, дестік сон соң -
- Жә! - дестік.

Ұқтый, ұқтый!
Мен жаңа ұқтый, жаңа ұқтый!..
Шүберекке түйіп өтер жаныңды,
Алдырмасаң арыңды -
Өнер деген көпірі екен тамұқтыйн,
Сөз гой ол да, көрді дейсің жанып кім?..
десек-тағы кесел ойды, кесір сөзді шідер ғып
жүргендерге қас жүйрікті мойындау да - Шын Ерлік!

Бәлкім міне, осы жолы біз оның
сыпсырып ап тұсау, ноқта, жүгенін...
Қуат беріп шапқан сайын үдерлік
қиялына ҚАНАТ байлап жібердік!

Х Х Х

Көк көлдерім - құстарын әлдилеген,
Кектемдерім - құштарым ән билеген,
Бұрынғыдай көрінбей құрақ ұшып,
Жырақ ұшып неліктен қалдың менен.

Бұл не деген ғаламат, бұл не деген -
Ғаламатты мен мұндай білмеген ем.
Алаңсыз ақпа-төкпе кездерім-ай,
Түсімде де сендерді құнде көрем.

Көңілім көктемдегі сел ме тегі,
Білсем деймін, білмесем нем кетеді?
Қалам өсіп, түсімде Даға-бесік
Алақанда әлдилеп тербетеді.

Әлдилеген даламның әні қандай,
Әннен бойға құш-қуат дарығандай.
Ата болып жүрсем де, сәби-көңіл -
Келе жатыр құмары әлі қанбай,
Ана әлдиін аңсардай, сағынардай!..

Тұғырым - тас қияға ұшарымда,
Сол әнде мені билер құш, арын да...
Басқа бақ, тілемедім тіршіліктен
Тербеліп жүрсем болды құшағында!

Бәрі жұмбақ

Мені білген, дәл соңдай-ақ мен білген
Талайларды ойша зерттеп көрдім мен.
Тәнге емес, жанға түскен жарадан,
Қарап маған күлердей-ақ, бар адам
Тірі жүріп өлдім мен.

Тірі жүріп талай мәрте өлдім мен,
Білте шамдай жарық жетпей сөндірген.
Жанымдағы айғыз-айғыз әжімдер
Қалған белгі сол құннен.

Қаным қайнап сан қыршылды бармағым,
Жәрдем сұрап жарыма да бармадым.
Тәһірім-ай, өзім де өлі қайранмын,
Бәрі жұмбақ, қайтіп аман қалғаным?

Бәрі жұмбақ, қайтіп аман қалғаным,
Бір күн тамүқ, бір күн жұмақ таңдарым.
Жүректегі әжімдерім есімде,
Білем кімнің салғанын,
Өзіме аян қайсын қай күн алғаным.

Тірлігімде ырыздықтың қауғасын,
Келем ұстап, жасап кей күн саудасын.
Айдың-күннің жарығында адасып,
Аспайтұғын қырқалардан әрі асып
Жүрем мұлгіп дауға ілініп сау басым.

Оймен кезіп, қиыр-қиыр шалғайға
Қиял шіркін қияндарға самғай ма?
Ондей кезде бәрін-бәрін ұмытып
Кете берем, кете берем аңдамай
Мен сүрінер оп қайды,
Мен құлардай жар қайды?!

X X X

Оятардай сезімі таскеренди
Жазайын деп жазбайсың жақсы өлеңди.
Ұйықтап жатсам бір тылсым сыбырлайды,
Мен тәңірдің сонысына ризамын
Бермесе де төгілтіп басқа өнерді.

Демеймін аса туған ақылдымын,
Жоқ, тағы жау алардай батырлығым.
Келемін ел қатарлы ғұмыр кешіп
Бар кейде жылдарға ұзак, татыр күнім.
Содан шығар көтеріп төбесіне
Аялап туған ауылым жатыр бүгін.

Болмасам да айтардай тым қарымды,
Осы ауылда туғаным, тұрганымды
Әйгілеп кіп-кішкентай балақандар
Асқақтатып оқида жырларымды.

Сый бар ма одан асқан ақыныңа,
Ақынның жанашыры, жақыны да...
Мейрімі - кіндік қаны тамған жердің
Әр тасында қалатын аты мына.

Шомылдырып сезімнің тұнығына,
Туған ел айтса болды мұны ұлына.
Мен үшін сол мінгізген пырағы да,
Биікке көтеретін тұғыры да!

Өмір толғауы - көңіл толғамы

Бірде ашық, көңілім, бірде тұман,
Бір беті мұң өмірім, бір беті ән.
Құдай қосқан жарымдай қосақталып,
Өмір бойы солармен бірге тұрам.

Ұйқың келсе, маужырап күн батпайды,
Ояу жатсаң албырап таң атпайды.
Қайшылыры бітпейді бұл ғұмырдың,
Ашу жеңсе, ақылға қаратпайды.

Қара нөсер тынымсыз жауған мына -
Ішпеген у, түспеген дау қалды ма?
Соның бәрі көңілді көрбілте ғып,
Ұмыттырар құдайды,
Тәубаңды да...

Досы барды қамалап дұшпаны жүр,
Басқа қонған бағың да - ұшпалы гүл.
Барды, жоқты ұмытып кетердеймін,
Құрсауына ап тас тағдыр қысқалы бір.

Берер ме алла әр кездे сұрағанды,
Көрдім талай жабығып жылағанды.
Өткен-кеткен заманда естімедім,
Жеттім деген арманға бір адамды.

Бір күні-бұлт тірліктің, бір-күні нұр...
Адамның да жер басып тұр-түрі жүр.
Көз алдыңда сағымдай сылаң қағып,
Жеткізбейді қусаң да тұлкі-ғұмыр.

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,
Жақсылық, бар жанымды жүдепеген.
Кейінгілер ізінді қайдан білсін -
Адам ба адам артына гұл екпеген.

Кейде шалқып, бәсендер отым кей күн,
Жазғанымнан үрпағым оқыр кейін.
Адам болып жаралып, Адам болып
өтсем фәни жалғаннан өкінбеймін.

Таусылмайды тірлікте толғанысым,
Күн мен Тұндей қайшылық толған ішім.
Намыс буып, ызамен ыңыранып,
Жатыр бұғып кеудемде жолбарысым.

Ұйқы қашты мезгілсіз неге менен,
Күлкім ащы, боламын елемеген.
Өн бойымды мың ине шабақтайды,
Шырылдатып қаққандай шегеменен.

Көп іздедім інжуді ойға қанбай,
Нұрым тектім талайға толған Айдай.
Келгенің не өмірге, кеткенің не -
Ізсіз өтсең ештене болмағандай.

Жатыр күндер алмасып тұндерменен...
Берерім көп, тек беріп үлгермеген.
Ойдағыңың бәріне жете алмайсың,
Өтерінді дүниеден білгенменен.

Бойыңдағы барыңды, нәрінді алған
азын-аулақ жастықтан жалын қалған.
Барған сайын қызыуы, қызығымен
Ыстық, тартып барады жарық-жалған.

Бабалардың өмірін жалғасын деп,
Келеді арман әзірге алға сүйреп.
Шабыт берді бойыма талмасын деп,
Қанат берді ойыма самғасын деп.

Мөлтілдеген көзде жас, көңілде - мұн...
Шарасынан шайқалып төгілгенін
қиналсам да сан көріп, құлағам жоқ,
Жездем емес еркелер өмір менің.

Ойсыз өткен күнім мен түнім жарым,
Білмей келем тірліктे тыным барын.
Кейінгілер ішінен көп жырымның
Айтып жүрсе біреуін РИЗАМЫН!

Қимас ғұмыр - кім кетіп, кім келеді,
Барыңды алып, жоғыңды кім береді?
Әркім шама-шарқынша күн көреді,
Айта берсем, қызыл тіл күрмеледі.

Бірде ашық көңілім, бірде тұман...
Бір беті мұн өмірім, бір беті - ән.
Өлегенде де солардан жұбым жазбай,
МӘҢГІЛІК тұғырында бірге тұрам!

Аққу-ғұмыр

Көре жүріп өмірдің жалған жағын
Бәріне де көндігіп алған жаным.
Есімде біреулерді малданғаным,
Біреулерден және де алданғаным,
Алда да алданбағым...
Асау аттай тимеген жүген-құрық
Тастап кеткен шаңға орап армандарым,
Армандарым - таңырқап-таңданбағын!

Таңданбағын, ағайын, таңданбағын -
Адастырды, ұмытып қалғам бәрін.
Шынды шын деп айтуға арланбағын,
Талай тұста талпынып, тал қармадым,
Тілемедім тірліктің жалған бағын.

Жақының бар, өкпе артпа жатыңа әлі -
Алдамышы ойлар сылаңдап шақырады,
Шақырады, түбіне батырады,
Қабат-қабат тірліктің сатылары,
Бүйым емес, аяғы құйын елес,
Ол да өзінше театр сахналы,
Достығың да кей-кейде сатылады.

Ұсақ деме Адамды, ірі деме -
Күле білген - біледі күнірене.
Кекжиегі көңілдің түріле ме,
Жазық жерде қас жүйрік сүріне ме,
Жаның досты жатырқап, түңіле ме,
Керек болмай қаласың біріне де,
Агаңда да, өрісі ініңе де,
Әркім сенің жаныңа үңіле ме?!

Өмір - сапар, бұлтарыс, бұралаңы,
Ойы-қыры, сай-сала, жыралары,
Асулары, құздары құламалы...
Ерлігінді, еркінді сынағалы
Аңдаусызда алдыңнан шығады әлі,
Шығады әлі, табылар бір амалы,
Сынаса да сыр берме, шыда, пәлі!

Тұр-тұстердің ағынан, қарасынан...
Қақтығыстан, ойлардың таласынан,
Жүректердің сыздаған жарасынан,
Әділет пен қиянат арасынан
Жан дауысың шындыққа жаны ашыған.
Шығар болса, оны елің ұғар болса,
Құтылғаның досыңың наласынан,
Дүшпаныңың табасы, жаласынан.

Теңіз тулап, толқындар жарға ұрады,
Үзіліп қайыс баулы қарғылары
Арпалысқан төбеттей жаға жайға
Көбік шашып, көпіріп қарғығаны
Көрген көзді арбайды, таң қылады,
Барыңды - жоқ, жоғыңды бар қылады!

Болдым! Толдым! - дей көрме өркен жайып,
Өмір - сапар, бүгін - бар, ертең - гайып.
Шет-шегі жоқ, айдында аққу-ғұмыр
Қалтылдаған бейне бір желкен-қайық.

Аққу-ғұмыр айдында қалтылдаған,
Алау оты самарқау, салқындаған,
Алау сезім барлығып, қарқындаған,
Осылай ма тірліктің салтында әман,
Тоқыраған қайсы бір адамдардың
Әкеледі момақан қалпын маган,
Бәрі бір де суалып сарқылмаған.

Қалады ақыр, бәрі де қалады ақыр,
Қимас болсаң телміріп қара да тұр.
Жағажайды көмкеріп дала жатыр,
Желкен қайық үстінде аққу-ғұмыр
Көз ұшында қалтылдан бара жатыр!..

Тұлкі тірлік

Тәңірге жалбарынып, құлдық үрып,
Беліміз мың жазылып, мың бүгіліп,
Мехнаттан келеміз ажырамай,
Өмір бізбен ойнайды кіл құбылып.

Балдызындей, болмаса құрдасындей,
Албырттығы, аptyғы бір басылмай,
Өмір ойнап алдайды тек алыстан
Сыңғырлаған сұлудың сырғасындей.

Жете алмайсың, бәрі бір жете алмайсың,
Кедергі-бөгеті көп, өте алмайсың.
Жылан арбап тастаған шымышықтай
шырылдайсың, бірақта кете алмайсың.

Қашқан тұлкі қайқаңдан - үміт-арман,
Арпалысқан тірліктен кім ұта алған.
Ажал, бейнет артында өкшелеген,
Бірі құмай тазы да, бірі тарлан.

Бірі тарлан шалдырmas, бірі - құмай.
Тіршіліктің кім үққан сырын ұдай.
Алмағайып заманда арпалысқан
Тынымы жоқ, көңілдің тұнығы - лай.

Бірді білмей өмірде, бірді біліп,
Сорлы пенде тынымсыз жүр жүгіріп.
Тұлкі-тірлік алдамшы айласы көп
Тамырын ұстаптайды мың құбылып.

Қойдың-ау көз ілдірмей

Жұмбақ орта,
Бітпейтін сұрақ өмір -
Қашан қөрсөң міз бақпай түрады өнір,
Бей-жай тірлік айналаң алакеуім,
Қалыс қалған бәрінен мына көніл.

Беймағұлым бергенің, алғаның да...
Бой үйреніп кеткендей зарға, мұңға.
Өкінішің өртердей өзегіңді
Керексіз боп біреуге қалғаныңда.

Дос, жолдасқа...
Ет жақын ағайынға
Мұң-шерімді төгілтіп шағайын ба?
“Бөрі арығын білдірмес”...
Мен де солай
Тас бекініп үн-түнсіз қалайын ба?!

Төнірегімді қоршаған бал айымда
кімдер қалды,
кімдер жоқ маңайымда.
Айтып-айтып өкпемді ағайынға,
Өкініштен өртеніп жанайын ба?

Сыр ұқпайтын сырт елге сөзім дүрдей,
Өзімді осы жүрмін-ау өзім білмей.
Жатсам да - ой,
Тұрсам да - ой шет-шегі жоқ,
Құдайым-ай, қойдың-ау көз ілдірмей.

Өмір шіркін...

Салмайды сынға кімді мына жалған,
Жастықпен көп қарғыдық жыра-жардан.
Ерте-кеш бір құларсың тұра алмастай
Қуанба құтылдым деп мың ажаңдан.

Аз кердім қуанышқа толы күнді,
Тірліктің бола бермес жолы гүлді.
Келемін ғұмыр кешіп аландаймен,
От пенен оққа байладап өмірімді.

Кім қашып құтылады жазымыштан,
Фәнидің сұық тартып жазы қыстан,
Көбейіп алаяқтар мезі қылды,
Мәймөңке жүзі - тұлқі, жаны - мыстан.

Басылмай жалыным да, арыным да...
Жансам да ана жақтың тамұғында,
Бар қызық, бар қуаныш, бар ләzzатын...
Көрсем деп ем дүниенің жарығында.

Кім біледі? Бәрі арман, бәрі де алыс.
Табынамыз тәңірге, жалынамыз...
Тарынамыз, тарынбай не қыламыз?..
Шілде шықпай орнаса жаныңа қыс.

Асып-тасқан көнілім зәуде менің,
Төбешік боп шығады тау дегенім!
Қойдым-ау бір түсінбей, айналайын,
Өмір шіркін - әншейін, әуре ме едің?!

Бар айыбым

Безініп талай аға, талай інім...
Сырт беріп кетті қанша агайыным.
Алдында көлбең қағып, көлгірсініп
жалған сөйлей алмаған бар айыбым.

Бар айыбым, сол керек өзіме де,
Жөн айтты-ау деп біреудің сөзіне ере
қоймайтүғын туажат міnezім бар,
Ондайларды ілгіштің көзі іле ме?

Содан шығар, кірмеймін бір есепке,
(Менен жас та, көрі де жүр есепте).
Тағдырымның туғаннан жолы тайғақ,
Жүк болардай қырсығым мың есекке.

Күндер қандай, бірінен бірі қызық...
Бәрін-бәрін көресің тірі жүріп.
Сөйтсе де пешенеңе жазылғаннан
Кете алмайды екенсің құрық үзіл.

Ара жігін алтын мен қалайының
Ажырата бермеппін, қалай мұным?
Заман - тұлқі,
Тазы боп шала алмайтын,
Алар жерден ағалап ала алмайтын,
Біреулердің ығында сөйлей білмей,
Жүрер тұста тік емес, көлбей журмей,
Қатып қалар қақып бар айыбым,
Түсінбейді оны көп агайыным.

Бәрі де, бәрі жәйшылық

Бәріне қызығам -

Байлық та керек, мансап та...

Шағала сезім шарқ ұрып кейде сан саққа,
Албырттық жеңіп бой бермей ала қашады,
Жерорта дейтін бедеуден асып қалсақ та.

Бәріне қызығам, желмая көңіл желеді,

Осалмын ба осы, ақылды сезім жеңеді.

Жиырмадағыдай ес-түссіз сүйіп сұлууды,
От құшағында өртеніп кеткім келеді.

Сезім де сезім...

Қаптаған дүлей селдей ме,

Қаптаған селді тежеуге шамам келмей ме?

Асау жүректі ақылға салсам деймін де,

Өзіммен өзім арпалысамын мен кейде.

Сері көңіл-ай, үдере көшкен елдей ме,

Өзіммен өзім арпалысамын мен кейде.

Мұлгіп бір тұрган жарқабақ-жүрек жағаны

Солқылдата кеп соғатын алып сендей ме?

Сен деймін иә,

Сен дегенім де жәйшылық,

Түсінді мені жақын-жаранның қайсы ұғып.

Жүргенім мынау,

Жүрегім - майдан алаңы,

Өне бойымда бітпейтін мың сан қайшылық.

Мен іздеп жүрген байлық та,

Бақ та, мансап та -

Бәрі де, бәрі... жәйшылық!

X X X

Ұйқы қашты,
Ой басты зіл салмағы,
Өзіме аян жанымды мұң шалғаны.
Түннің тыныш қойнына кіре алмадым,
Өзімді алдаң,
Көзімді жұмсам-дағы.

Мен ешкімді түсінбей, ешкім мені,
Жалғыз жүрген жандаймын ес білгелі.
Ағын судай есепсіз өтіп жатыр,
Өмірімнің өткінші еш күндері.

Жұртқа сенгіш жан едім жастан аңғал,
Жанай жүріп жастығын жастағандар...
Айналып кеп алдыманнан ор қазады,
Сырты құлік дос болған пәтшағарлар.

Қайда барам, шын досты қайдан алам,
Табылса, қай керекке пайдаланам.
Сөзі сылдыр қулардың өзі судыр,
Өлі судай жылымшы қайнамаған.

Жұмбақ ғұмыр, білмеймін не дерімді,
Кімге сенбей, кімдерге сенерімді.
Өзіме өзім қараймын, қайран қалам -
Сыртым сұлу, жүрегім неге мұңды?

Маган ғана уақыттың зіл салмағы
Түскені ме, жанымды мұң шалғаны?
Кірпік ілмей жатырмын ой қамалап,
Көнілім ояу, көзімді жұмсам-дағы.

Х Х Х

Сырға жырды,
Жырға сырды қостым да,
Шындарымды, мұң-зарымды қостым да,
Ақ қағазға түсіріп ем,
Ақ көңілім
Кетті айналып құңгірт қара қошқылға.

Көңілім де,
Өмірім де күп-күрең,
Жүрек шіркін осыншалық күпті ме ең?
Жүріп-жүріп сезімнің де, оғажап
Түрі-түсі болатынын үқтый мен.

Өмір, өмір...
Аққан судай, не дерсің,
Басымыздан өтті дәурен, нелер сын.
Қара тасқа қайрап салсаң қайтпайтын
Қайрат сынса,
Қайтып қалай жеберсің?

Өтті бәрі,
Артта қалды сері күн,
Сан соқтырып сансыратты сенімім.
Іздегенмен енді қайтып таппайсың,
Құс көңілдің алабұртқан желігін.

Бірін көрмей қалса да...

Менің де келер күнім,
Арман-ару көрер де, берер гүлін.
Бұлдыр тұман айыгар тұмшалаған,
Мұң тараған жаныма себер нұрын.

Келген, кеткен талайлар менен бұрын,
Ертегідей, қайсына сенер бүгін.
Екі ұдайда ес жиып, ту көтеріп,
Көрсеткен ер ерлігін, ел елдігін.

Нала қылып тағдырға өкпелерлік,
Қырық, жыл байлық, қырық, жыл жоқ, кедейлік.
Ел болмаса, ертең-ақ ұмытылар
Елің үшін жан қылып еткен ерлік.

Теңей ме адам төзімді тегін нарға,
Жабырқасақ тартамыз сенімді алға.
Ерен ерлік жарасар Елің барда,
Елдігің де - еңіреген ерің барда...

Менің де күнім келер,
Арман-ару таныр да гүлін берер.
Елім үшін тер тектім, түп-түбінде
Бірін көрмей қалса да, бірін көрер!..

Жүр өкініп...

Қайтесің, түсінемін бәрін де мен -
Нагашы, жиенің, не қарын бөлең,
Құданың құдасының алысырақ,
жекжаты болсам да ерен дарын дер ең.

Сатулы әр сөзіңің бағасы бар,
Ішінде жатыр жылан ала шұбар.
Бір сөзіңен біреудің жаны шығар,
Бір сөзіңен біреудің "бағы ашылар".

Жабыға жүйріктікти армандастып,
Қоясың талайларға жан жалдатып.
Білсе де безек қағар бәз біреулер,
Сөзіңің әкелерін арзан бақыт.

Жалпылдан аларыңда шын, өтірік...
Сөйлейсің мәймөңкелеп кіл өтініп.
Сенгіштер алдырып ап жүр өкініп,
Өү баста алданарын біле тұрып.

Алып жер бәрін

Ей, пәтшағар-ай, алдасам дейді мені кіл,
Түріне қара, емес-ау сірә тегін ұл.
Кеш тұғанменен, қу заманына дес тұған -
Адасып жүрген Алдаркөсенің тегі бұл.

Ей, пәтшағар-ай, алдаймын десе, алдар-ақ,
Жақын ба, жат па? Қалайша таңдал-талғамақ,
Қаншама сақпын десен де қанды қақпанды
басарсың бір күн, құтыла алмассың аллалап!

Қырын қиял шолып болмастай алып Жер,
Сұлулығы әсем, бояуы бөрте қанық зер.
Айла-амалын асырган соның бәрінен,
Пәтшағар пәле арыстанды да алып жер!

Сылдыр сөзіне төңірегіндегі тойды алаш,
Селт етпес жаны, обал-сауабыңды ойламас.
Аламын десе АЛЛАҢНЫҢ өзін аяmas,
Алып жер бәрін - құлығына құрық бойламас.

Мен ұға алмай-ақ келем-ау

Келісе бермес тірлікте мынау керенау,
Керенау ғұмыр,
Ұға алмай соны келем-ау.
Жаратқан ием, барлығын мойындаі тұрып,
Шырық бұзардай шығарып жүрміз неге дау?

Үлкенде - кіші, кішіні үлкен ұға алмай,
Шығандап кеттік, кешірер ме еken мұны алла-ай.
Тағыдан адам жасаған тәңірім түңіліп,
Шағылып тауы, мұқалып сағы сынардай.

Адасқан жанның алды жөн, арты түңғиық,
Тірлікті мынау кете алар дейсің кім қиып.
Содан да ма еken, дейтүғын тұста дей алмай,
Көр қылып жүрміз шындықтың көзін құм құйып.

Көр қылып жүрміз, қор қылып жүрміз ой алла-ай,
Көңіл тойғанмен, ашқарақ, көздер тоя алмай.
Тағы сезімдер тартына қойсын қалайша,
Адамның өзін тірідей жұтып қоярдай.

Керенау тірлік, келе ме-ау мұлгіп тым баяу,
Еңсесі түскен, кімге үйқылы, кімге ояу.
Жастығы өтіп, мастығы кетіп, құлазып...
Иен далада ілбіген бейне бір жаяу.

Керенау ғұмыр, тағдыр да сондай керенау,
Тәңір де бәрін бойыңа шақтап береді-ау.
Көңіл, бар болғыр, құс болып қанат қаққанмен,
Қанатсыз бейбақ,

Мен ұша алмай-ақ, келем-ау!

X X X

Ілінсе-ақ, көзім,
Жас күнім түске кіреді,
Кіреді кілең қызғалдақ-қыздар гүл өнді.
Алыста қалған арманшыл аңғал кезім-ай,
Аңсатып жүрген асылдар...
Қайсы кім еді?

Арман-ай, арман...
Ассан-ақ, сонау белестен,
Аңқылдаپ алдан ақ самал саумал жел ескен.
Шала мас жанды есінен мұлде тандырып,
Айналайын-ай,
Кия алмай жүрген елес пе ең.

Жарасқан топтың ұлы бар қанша, қызы бар...
Албыртқан жаның суынар, сәтте қызынар.
Соның өзінде беймәлім қанша сыры бар,
Соның өзінде қуаныш қанша біз ұғар.

Жарысып жүрміз бәріміз бірдей мәз болып,
Жанымызда ылғи жарасым тапқан наз, көрік.
Жақсы еken шіркін түсте де болса жанынды
Жылдытып жүрсе шуағын шашып жаз келіп.

Елегізумен күн өтті

Тұлпарлар қалып, топырыш торы озғанда,
Езіліп жүрек, егіліп тұрып боздар ма?
Тым биік болсан,
Жаратушы емес, сен өзің
Кінәлідейсің, кіңәлідейсің... Сөз бар ма!

Сүйетіндер де, жек көретіндер де көп сені,
Топандай қаптап тірліктің жойқын көк селі
Тасты қайраған ағын судай-ақ жұқартып,
Біреулер мұқап-мұжілуінді көкседі.

Жүретін жандар соңынан көштің зорға еріп,
Көзіне көптің көрінді сондай зор болып.
Қайтесің, олар шаппай алады бәйгені,
Сүлесін сүйреп жетсе де көштен соң келіп.

Сүлесін сүйреп жетсе де көштен соң келіп,
Жүйрікке жабы көрмеген әсте жол беріп.
Кетеді әлі, жетеді бәрін өңгеріп,
Құлықты жеңген ақылды әлі көрмедік.

Бабадан мирас, жалғасқан сара жол бәрі,
Жабылар артқа қалдырып жүйрік, жорғаны...
Әрлікті талай табанға таптап қорлады,
Түк емес бәрі, шырылдаپ ШЫҢДЫҚ сорлады.

Сұқсырлар ұшып СҰҢҚАРЛАР қонған тұғырдан,
Жаншылып келіп көмейге шымшық тығылды ән.
Оқсатып бәрін қыбы қанғандай ор жатты,
Шығандап барып Құлагер-арман жығылған.

Шошыдым талай, секемшіл көңіл дір етті,
Мың ине-шаншу шабақтап жатты жүректі.
Қара мысықтай жолынды кесіп кіл епті,
Жадырай қоймас жабырқау жанды жүдettі.

.....

Бәріне құпты,
Елегізумен күн өтті.

X X X

Сәби жүрек сүюді, жек көруді,
Талпынуды, тартынып шектелуді...
жүре-жүре үйренді, мен де білдім,
Алғаным - аз, бергенім қөп көрінді.

Биікті аңсал өстік біз сүйіп шынды,
Шыңға шықпау - көріне күйік сынды.
Мен шыққан бел - жәй ғана жайдак асу,
Біреулерге көрінді ол биік сынды.

Арманымды жетелеп-жебер ме үміт,
Бір асуға шықсам деп келем жүріп.
Әркімге де солай боп көріне ме,
Әлі алыста мен шықсам деген биік.

Тұратұғын талайды таң қалдырып,
Әлде осы алдамшы жалған ба үміт.
Ең ғажабы - сандалтып қояды екен
Біреудікін біреуге арман қылып!

X X X

Келеңсіз ісің ойыңа түсіп кешегі,
Қара мысықтай алдынды орап кеседі.
Бір ұтып, бірде ұтылып жатқан тірлігің
Пендершіліктің бітпейтін “бақай есебі”.

Сендіріп демде өтірік сөзіне имандай,
Шындыққа балап, төбенен алтын құйғандай.
Қайсы бір қулар астында жалғыз атынды
Аударып алып кете береді қиналмай.

Ақ пенен қара ауысып жатқан кезегі,
Қас қағым сәттей, қимылы қандай тез еді.
Қылдай қиянат қылмадым деген қулар да
Ар алдында бір есеп берерін сезеді.

Сезеді...

Бірақ, амалы қайсы сезгенмен,
Барың мен жоғың өлшеніп жатса безбенмен.
Ана дүниеде жаным жәннәтта болар деп,
Тірліктің сірә бал шырынынан безген кем.

Өлшеулі ғұмыр,
Өлшеулі қызық, қуаныш,
Өтерің анық -
Тірлік деп қанша құрақ ұш.
Арман өлмейді,
Үміт өшпейді жақсысы,
Көңілге сонсоң пейіш, тозагың тым алыс.

Ұмытып бәрін, безініп үят-ардан да,
Ризамыз іштей есебін тауып алғанға.
Асылы соның бәрі де, бәрі... Түк емес,
Адам біткеннің өтеді бәрі арманда.

Бұл жарық, жалған -
Шында да осы жалған ба,
Қанағат, тойым...
Бәрі де адыра қалған ба?
Адам әншейін алдамшы тірлік иесі
Туа ма екен жете алмау үшін арманға.

Х Х Х

Шым-шытырық, айнала,
Түсінбедім түгіне,
Ойлай-ойлай ойдың да жете алмадым тұбіне.
Ашбөрідей талайды әлі жеткен әлсізді,
Ашкөздене қарайды адамдар бір-біріне.

Қайда кетіп барады мына тірлік қым-қуыт,
Алабөтен сезімде қауіп-қатер тудырып.
Үрей женғен бейбақтар қалтырайды қояндай,
Жүректерін бәрінің жібергендей су қылып.

Өлмей-жітпей ешкім де,
Айналада аза көп...
Жақсылықты айтқанмен,
Жауыздыққа жаза жоқ.
Абай айтқан секілді,
"Біз ішпеген қалмады у"
Таза адамға жұру де қыын шығар таза бол.

Бәрі сауда бүгінде,
Кім алады, кім беріп?
Бәрі көсем,
Білмейсің кетерінді кімге еріп.
Санасыздар көбейді,
Панасыздар одан көп,
Жүрер еken күні ертең қайсы қалай күн көріп?!

Шыбын жанды жатса да қуырдақтай қуырып,
Алдайды кеп, алдайды қызыл тұлқі - қу үміт.
Қорқатыным - ағайын бір-біріне жат болып,
Бара жатыр бауырлар бір бірінен суынып.

Арманға жеткен жан бар ма

Өтетін сөзім біреуге
Екінші біреуге өтпейді.
Қаңырап қалған бұл кеуде
Сезімді тежеп,
Шектейді.

Ақылшылар да көбейді,
Мақұлшылар да көбейді,
Ерлердің орнын ез басып,
Жаныңды мұңға бөлейді.

Кеудемде жойқын дауыл бар,
Дауылдың арты -
Жауын, қар...
Жабырқау жүрек ауырлар,
Ұғындар мені, Бауырлар!

Қиялмен кезіп жалғанды,
Ұйқысыз қарсы ап таңдарды,
Сабылтып келем арманды,
Үмітім талай алданды.

Қаңырап көңіл қалғанда,
Түк емес берген, алған да...
Айтындаршы, бұл жалғанда
Арманға жеткен жан бар ма???

X X X

Әр нәрсенің болады бір себебі,
Себебі жоқ болса оған кім сенеді.
Ашық тұрган жараңның ауызына
Шыжылдатып біреулер у себеді.

У себеді жараңа, жаныңа да,
Намысыңа, адамдық арыңа да.
Ұйып тұрган ақ, сүттей ақ, әлемде
Табылады біреулер қаны қара.

Ақиқатты аяmas шыбыртқы ғып,
Айттар сөзін айтса ғой шын ұқтырып.
Көз алдыңда көлгірсіп, жамандығын
жасайтынын қайтерсің күліп тұрып.

Көрсетсе де ол өзін қылышты ғып,
Бәрін соның ішінен ұғып-біліп
жүргеннен соң не істейсің, амалсыздан -
Сен де қарсы аласың "күліп" тұрып.

Қуанышқа көнілің тоймағандай -
Шыға бермес көп ісің ойлағандай.
Өзге түгіл алдайсың кейде өзінді
Басқа жанның ролін ойнағандай.

Өмір деген қиямет-саҳнада -
Жақын ұқпас жайыңды жат үға ма?
Абайсызда сезбейсің дақ түсіріп
алғаныңда адамдық атыңа да.

Бір ұтылып, тірлікте бір ұтпасаң,
Үлгермексің сырларын ұғып қашан?
Толғанда да, шараңнан асып-таспай,
Асылыңды жоғалтпай ақық тастай,
Арманыңды ақ, нұрға шомылдырып,
Аяз бидей жүретін жолын біліп,
Жарап еді тәубаңды ұмытпасаң!

Көрсем еді

Абай айтқан:
Айтылмай сөз қалды ма?
Жүйелі сөз көңілді қозғар мына.
Табалаймыз "жабы" деп озбай қойса,
Жаралаймыз жабылып озғанды да.

Өмір-бәйге қамшылап асықтырса,
Тұла бойда қуатың тасып тұрса,
Одан-дағы опық жер кездерің бар
Қатарыңнан өнерің асып туса.

Бәрі-бәрі тірлікте өлшемелі -
Қуанады біреулер көрсे мені.
Енді біреу кірпіше жиралады,
Соның ішіне кіріп көрсем еді.

Көріп жүрген көп айтса...

Арды бассаң аяққа - адам болып тумағыр,
Шындықтың да бетіне қарайықшы тұра бір.
Бәз біреулер саялап өмір бойы нуда жүр,
Бәз біреулер жоқ, іздең жалаңақ, құмда жүр.

Шындықта да шындық, бар - көрейікші сырласып...
Жаһан кеңген жаңдар да табанымен күм басып...
Дүниені бір өзі аузына қаратып,
жан ашпаған жаңаны жатқан жоқ, қой күнде ашып.

Туа салып лебіне нан піскендей беу демде -
Тайынбайды-ау пәтшагар "Абай болдым!" - деуден де.
Көріп жүрген көп айтса қайтер еді турасын
Алтын бар ма? Мыс бар ма?..
Қоқыс па әлде қеуденде.

X X X

Асықтым ба алдағы күндерге мен,
 Фашықпын ба? Ішімде, сыр бермегем.
 Өзіме тек белгілі көп ойларым
 Басқа жанға жеткізіп ұлгермеген.

Білмей жүрмін, бар осы не ғажабы,
 Тыңдырганың көрініп тегі аз өлі,
 Өзінді өзің қайраумен ғұмыр кешу -
 Тіршіліктің секілді ең азабы.

Бірақ оған кезім жоқ, ара тұрған,
 Үкім кескен жандаймын ар атынан.
 Ақын деген менімше өмір бойы
 Өзін өзі қинауға жаратылған.

X X X

Мен біреуте сыр аштым дос көрдім де,
 Дос көрмесем, сенбесем, өстермін бе.
 Басқалардан жақындау сияқты еді ол
 Келе жатқан осынау көшпен бірге.

Сыр бүгер жақсы достан, серіктен кім -
 Томаға-түйіктықтан зеріккенмін.
 Өзіме өзім сенбеген кезімде де
 Мен оған тәнірімдей сеніп келдім.

Сөйтсем, дос деп қалтқысыз сыр ашқаным -
 Қулық сақтап, ішіне бір астарын
 бүгіп келген жан екен, кейін білдім,
 Кештеу ұғып өкіндім рас бәрін.

Енді бәрі...
Бәрі де ауысқандай,
Төзімімді тоздырып тауысқандай.
Бір шоқып,
Төңірекке екі қарар
Болып алдым саққұлақ сауысқандай.

Алдымызда - ерке күн

Сан тараптан тоғысатын жолы нақ,
Алматының қақ төрінен орын ап,
Жүреміз деп келгенде,
Ойлап па едік жарым көңіл шерменде,
Сенің де әкең,
Мениң де әкем шетінеп
Кеткен кеше -
Екеуміз де жетім ек,
Ауылымыз да астанадан шетірек,
Содан жастай арман қуып кетіп ек.

Сүрлеуменен,
Соқлақпенен,
Сонымен...
Тіршіліктің тұлқі бұлаң жолымен,
Өз арманын құғандардың басы да
Емесімді соңы мен
Білем, бірақ таптым ба
Таппадым ба тап басып?
Айта алмаймын соңы мен.

Өзіме өзім өмір жүгін көп арттым,
Қуанышын жомарт күн
Силап бақты -
Тапқаным да аз емес,
Ал, қаншасын жоғалттым.

Сен - Атырау,
Мен - Арқадан,
Шалғайдан
Табысыппыз,
Тартқан дерсің дәм қайдан!
Күн-көңілдің,
Гүл-көңілдің белгісі -
Жүректерді жалғайды ән.

Екеуміздің тілегіміз жалғасты,
Жүргегіміз жалғасты,
Тілден, көзден сақтасын деп тілейік,
Сенің-дағы қуанышың алғашқы,
Менің-дағы қуанышым алғашқы,
Құда болдық - туастастық жап-жақсы.

Өріс кеңіп ұзартқандай бір қолды,
Менің ұлым саған-дағы ұл болды,
Алақанда аялаған гүліңмен
Менің құтты мекеніме нұр қонды.

Шүкіршілік, күн кешпеппіз бекер біз,
Қосылдық та жүзге келдік екеуміз.
Жұбымызды ажыратпай осылай
Тағы да жүз жасай алар ма еkenбіз.

Аз жасармыз,
Көп жасармыз...
Бәрі бір!..
Адамдардың жақсылықтан жаны гүл
атады деп айтушы еді әкеміз,
Аспаны ашық,
Таны - нұр!

Кемеміз бір жүзетүғын айдында,
Кедеймін бе,
Жұрт қызығар баймын ба,
Бәріне де сен ортақсың,
Ортақлыны
менде сенің қуаныш пен қайғың да.

Алдымызда - ерке күн,
Менің-дағы, сенің-дағы ертеңің
шакырады таңдардай,
Таң болғанда, көздің жауын алғандай
Сондықтан да жию бізге ертерек,
Кемеміздің желкенін!

Сезеді ішім, сезеді...

От-кеудемді тоса жүріп жасынға,
Қанша сыннан өттім елу жасымда.
Достарым бар,
Жоқ дей алман қасым да
Айқыш-үйқыш ойлар да көп басымда,
Білгің келсе шын сырымды, ағайын,
Өз-өзіме кереқармын расында.

Бір ойыма бір ойым кіл дәп келмей,
Бір-біріне кезек бермей,
Бірін-бірі өткермей,
Астан-кестен арпалысып жатады
Көктемдегі аласапыран өткелдей.

Қуалап бір сай-жыраны, сағаны,
Тепкілеген тау суындај жағаны
Тепсініп кіл тасұр-тұсыр ағады.
Бастауы бар,

Құяр тұсы беймәлім
Зырлап кетіп барады.

Шыңыраудан тамыр тартқан өзегі
Жатыр ағып өмірімнің өзені.
Сыр бермейтін сыралғы дос секілді
Барыма да,

Жоғыма да... төзеді.
Ерте-кеш пе, әйтеуір бір тынарын
Сезеді ішім, сезеді...

Күнде жазғым келеді

Күнде жазғым келеді бұл өлеңді,
Баз біреулер мұныма құле ме енді.
Бірде жомарт табиғат, бірде сараң -
Әр кез бере бере ме тілегенді.

Жапа-жалғыз өзім бол өзімменен,
Кездерім көп жайланып көз ілмеген.
Шар тарапты шарлаймын қиялыммен,
Жоқшыдайын тұн қатып жоқ, іздеген.

Күнде жазғым келеді бұл өлеңді,
Көргің келсе,
Мені көр жүдегенді.
Тәтті үйқыда жатқанда елдің бәрі
Су шыққандай орнымнан түрекелдім.

Мәз боп жүрген жанмын ба құр атаққа,
Жолықпасам жарады бір апатқа.
Өзің ойла, ағайын, осыдан соң
Ақын болу азап па, рахат па?

Кейде жорта тұрмадым, оянбадым -
Қоям дедім -

Бәрі бір қоя алмадым.
Қызыш құстай тынымсыз дүниені
Кезіп жүрген секілді ой-арманым.

Айдынында аққуым, қазым-дағы...
Жинаған жоқ жиһазын жазым да әлі.
Тарқамаған базары бақтыымның,
Бәз қалпында кеудемнің саз, ырғағы.

Сүтпен сіңген сертім де, дертім де өлең,
Тұтқынымын берілген еркімменен.
Одан сірә босанып шыға алмаспын -
Күйлерім көп кеудемде шергілмеген.

Күйлерім көп кеудемде шергілмеген,
Әлім бітіп, кезде де селкілдеген
Жүрегіме бір сәуле сығаласа
Жас бала боп кетермін елпілдеген.

Жүрген сайын жолым - өр, белеске тең,
Мұндай тағдыр ақынға емес бөтен.
Ұзақ ғұмыр -

Асусы, басусы көп...
Көз алдыма Жамбылды елестетем.

Сап, көңілім

Ғұмыр өтіп бара жатыр күн кеміп,
Бұл фәниден кім кетпеген, кім келіп, -
Десек-тағы құр күйбеңмен күнделік
Елемедік уақыттың да құн-нарқын,
Ала білсек болатынын құм да алтын
Білмедік біз, білмедік.

Басқалар да осы жолмен жүр деумен -
Кете беріп, кете беріп сүрлеумен,
Қалдық талай гүлдер шақта гүлдеуден.
Баяғы әдет, алдағы елге көп ердік -
Көкірегінде көз болмаса көрерлік
Қай ұшпаққа шығарады құр кеуден,
Бәрі соның білмеуден. Тек білмеуден!

Көзсіз көңіл қайғы-мұңсыз семіріп
Алғаннан соң тоқтау қыны желігіп,
Енді ойлап ем, ет жүргім езілді,
Тоқтамаппыш шел басқандаі сезімді.
Ақыл-естен адасқандаі еліріп -
Құрган болдық серілік.
Шаруамыз жоқ,

Жатыр ма жұрт сені үғып,
Жей беріпті сол топастық, - жегі құрт.

Сап-сап көңіл,
Сап-сап көңіл,
Қыл сабыр!..
Бәрін қой да, дамыл алып, мұрша қыл.

Неге өзінді кіналайсың мұнша бір,
Жаңылу да жарасады жастыққа,
Оған бола кәрің төгіп, қастықпа.
Қызығы да болмас па еді, кім білген,
Әз ғұмырың сабасында тұрса кіл.

Кей-кей кезде алғаның жөн қызып та,
Жас боп тұрып, кекселікке қызықпа!
Керек шығар ду-думан да, қызық, та...
Жетер жерге ерте-кеш пе, жетесін,
Бірақ, сонда не көрдім деп кетесің -
Бар ғұмырың тұрса жалғыз сыйықта.

Жаңару

Айтушы еді бір досым -
Кейде әзілі, кейде шын:
“Отырмын”, - деп, - рольде
шығара алмай жазушының бейнесін,
Дей берсін-ау, дей берсін.

Зерде болса, көңіл де алғыр, қырагы,
Басында бар, әрине, оны үфады,
Жалған демек кім мұны?!

Ойы менен сөзі бірге қабыспай,
Өзі менен өзі бірде табыспай
отырса егер - сол сүмдықтың сүмдығы.

Дауыл деген үйіріп кеп, үйіріп,
Қап-қара бұлт түйіліп кеп, түйіліп...
Көк жүзінде астан-кестен аунаған,
Бірақ, бірақ жаумаған
кездер бар ғой, оны әркім-ақ біледі
Ақын да сол аумаған -
Түк шықпаған сыздап жаны, жүрегі.

Қиян кескі қиял буып не түрлі,
Тауга беріп бетімді,
Мен де отырам, өзіме өзім сұрап алған жазамдай,
Ақ қағазға бір ауыз сөз жаза алмай,
Күркіреп кеп жаумай кеткен секілді.

Құлақ, күйі келіспеген домбырадай бейне бір
Көңіл хошым келмеді.
Шамшыл шабыт -
Кеткен бе ұшып шағаласы мендегі?
Күткенімдей күй шықпады,
Құдайым-ау, бұл не, бұл?..
Қағып көрем ішектерді,
Басып көрем пернені!

Нажағайлар от шашады,
Жасын ойнап жанымда.
Өне бойым өрт пе, мұз ба, жалын ба?..
Әйтеуір бір ғаламаттың бары анық, -
Сел-сел болып тамырымда, қанымда
Бара жатыр,
Бара жатыр таралып...
Сол заматта қайта туам,
Қайта тұрам жаңарып!
Құла дүзде таңдайыма таңдайым
жабысып қап -
Тас бұлаққа ұшырасқан жандаймын.
Жұтам, жұтам -
Қанбаймын!

Ақпын мен

Ақ! Ақ! - дедім,
Ақ! - дедім,
Ақ, іздедім өмірден,
Арманым да арнадан ақ, нұр болып төгілген.
Қап-қараңғы түнде де менің сүйген жанымның
Айдай жүзі жарқырап,
Ақ, сәуле боп көрінген,
Бәрі, бәрі... көңілден!

Бәрі - көңіл,
Ақ, түсті ерек көрдім бар түстен,
Айлы түнді ойымда салыстырдым тал түспен.
Өмірде де келеді Ақ пен Қара арбасып,
Бір-бірімен жалғасып,
Бітпес және тартыспен...

Өмір осы болған соң,
Толқымасын ой қалай?
Жүрміз қалқып көбіміз тереңіне бойламай.
Бүгінге - мәз,
Ақылы көз алдында баладай,
“Ішкенге - мас”...
Ертеңім не болар деп ойламай.

Азрана күн басыңа адасып кеп бақ, қонса,
Айыра алмай қалма тек жақының мен жатты онша.
“Адасқанның жөн тапса айыбы жоқ”, - дейік-ақ,
Жарар еді көңілінді кіршік шалмай, ақ болса.

Ақ! Ақ! - дедік,
Жақсының бәрін аққа баладық,
Анамыздың ақ, сүті -
Өскеніміз нәр алып,
Атамыздың ақ, бата, ақ, тілеуі ақ, нұрдай
Бойымызға қуат бол,
Ойымызға шуақ, бол,
Қанымызға таралып,
Сол арқылы күн сайын тұрғандаймыз жаңарып,
Көңілімізді кір шалса,
Ақ, арманмен ағарып!..

Мені Тірлік қарсы алған тұғанымда-ак, Ақ, Күнмен,
Бұлтызыз еді,
Төбемнен сол Күн болып Бақ, күлген.
Арманым - ак,
Арым - ак,
Көңілім - ак,
Жаным - ак,
Айналамның бәрі де - ак,...
Сондықтан да АҚПЫН мен!

Оны қайдан білемін

Күлемін-ау, қүлемін...
Күлетінім -
Мен тірі едім, тірі едім.
- Күлме! - дейсің,
Дейсің тағы:
- Жылама!
Сондай тірлік бола ма екен сірә да?!
Төңірегім - ағайын-жүрт ет бауыр,
Біреуі іні,
Бірі аға...

Азасы бар,
Қазасы бар солардың,
Бәріне де ысып, сұып, тоңармын.
Қайыспаса қайғысына қабыргам -
Жоғым жақсы барымнан,
Қалай ғана адам болып оңармын?!

Бала күннен жазылмаған жұбымыз
Опат болды бір досым.
Жұрттың бәрі тарқағанда -
күзеткендей мүрдесін
Жапа-жалғыз қалдым мола басында,
Жан жоқ еді қасымда,
Тиылмады көзден аққан жасым да.

Тоқтау айтар,
Жұбатар жан жоқ, еді,
Тірі пенде көрешегін көреді.
Менің де бір жұлдызымың бар екені болса рас
Күні келсе аспанымнан түседі ағып, сочеді...

Ойласам-ақ, -
Құла түздей құлазиды көңілім,
Өзіме аян,
Ұфып жатыр оны кім?!

Кәрі әжемдей баяғы -
Жиі-жіі түс көретінді шығардым аяғы...
Оны дағы бірде жақсы,
Бірде жаман... жорыдым,
Бәрі бір де құлазыды көңілім.

Сол досымның үйіне
Жыл айналмай сәби келді -
О, дүние, дүние!
Ол көрмеген немересін мен көрдім,
Көтеріңкі сөздер айттым,
Өзіме өзім дем бердім -
Ағайындар, бұғін де бір қара көңіл күйіме!

Күлемін-ау!
- Күлме! - десе, күлемін,
Бұлқынады жүрегім,
Бағынбайды менің ерік-ырқыма,
Өзінді өзің зорлау-дағы бір күнә,
Жылауым да мүмкін қазір, сәттен соң
Болмаса еken деп тілейік өттең сол,
Бірақ, бірақ оны қайдан білемін?

X X X

Сөйлеген сөзін ақылға салып арымен,
Жарылып айттар,
Арылып айттар жанымен
Адамдар бізде,
Адамдар бізде әлі кем,
Ерте ме, кеш пе -
Қалады көңіл бәрінен.

Кеуденді жүрек күн ұрып және түн ұрып...
Жатады дәйім көшетін елдей дүбіліп.
Текетартыста сүрініп, бірде жығылып
Бәрінен кейде кетесің мұлде түңіліп.

Достасып-тағы,
Қастасып-тағы оңа алмай,
Шілдеде күйіп,
Қаңтарда қатып тоңа алмай,
Дүниеден мына із-түзсіз мұлдем жоғалмай,
Әуреге тұстік болатын тұста бола алмай.

Абай да айтқан,
Қасым да айтқан осылай,
Мұқағалиды оқып,
Төлегенді оқып шошымай
Тұрарсың қалай, қайшылықтардың тосыны-ай -
Қайтып та қайтып Ел болар еkenбіз, досым-ай?!

Құлазиды көңілім

Құла түздей құлазиды көңілім,
Көріл жатыр,
Біліп жатыр оны кім?
Қасымда жүр жайрандаған көп ағам,
Қасымда жүр тайрандаған көп інім.

Құйынданатып әзіл, қалжың, оспағын,
Қасымда жүр құрдастарым, достарым...
Алау-далау іш күйімді жасырып,
Құлген болдым,
Мен де бәрін хоштадым.

Бірге кетер кезінде де көз ілген -
Тіршілікте не бар күшті төзімнен?
Әркімнің бір құпиясы болады
Жасыратын өзге түгіл өзінен.

Бұл тағдырдың тарам-тарам жолы мың...
тарап жатыр -
Санап жатыр оны кім?!
Жол айрықта тұрғандай-ақ, дағдарып,
Құла дүздей құлазиды көңілім.

Өзің секілді

Шабыт та, жаным, өзің секілді,
Күтпеген кезде ізден келеді.
Көз жауын алып көркімен не түрлі
Лағыл тастардай тізбектеледі.

Шабыт та, қалқам, өзің секілді -
Жабырқау жанымды жадыратады.
Он сегіздегі сезім секілді
Лап етіп жанып, жалын атады.

Жалын атады он сегіздегі
Алаулап тұрған от кезім болып.
Көз жазбай соны көрсем ізгі еді,
Өлсем ізгі еді өрт сезім болып.

Қайсы бір жандар парықсыз өскен -
Жоғалтып алған қызыуын оттай.
Адамға, жаным, шабытсыз кешкен
Тірліктің, сірә, қызығы жоқтай.

Жанымды сиқыр жыр боп арбайтын -
Жүремін дәйім сені ізден кілең.
Бірінсіз бірі құн көре алмайтын
Шабыт пен өзіңді егіз деп білем.

X X X

Айта алмадық, көп шындықты өмірдегі,
Айта алмадық, көп сүмдықты өңірдегі.
Тұлкі көмген қалады түйіншектей
Көп ойларың жасырын көңілдегі.

Көкжиектен таң болып атқандар аз,
Қайсыбіреу жұрт айттар мақтанға мәз.
Көлгірсіп көлбендейген көкезудің
Аяrlығын кетеріп жатқан қағаз.

- Тышқан! - деді,
Құллырган құндыз еді,
Көкжалды ителгіге ілгізеді.
Жал-құйрығын тұлпардың кім күзеді,
Пілге қарай қаңденің шабалантып,
Алыстан аттан салып үргізеді.

Соның бәрін көзімен көре тұрып,
Бой көтерген қайсың бар өре тұрып?
Шындықтың шыбын жанын шырқыратып
Жабылып талағанда көп өтірік.

Көңілдің алаңы көп

Ұйқы қашты -
Қарттықтың хабары ма?
Көп ауырлық түскендей жан, арыма.
Ойлар... Ойлар...
Беймезгіл мазалайды,
Кірпіктерім айқаспай жазалайды -
Найза тіреп қойғандай жанарыма.

Апыр-топыр - жан беріп, жан алысып,
Төбемізден құс-ғұмыр бара ма ұшып?
Сейіл құрып, селтеңдеп жүре алмайсың,
Беймезгіл досыңда да кіре алмайсың -
Алдыңды орап кеткендей қара мысық.

Шаттығынан жанымның мұны басым,
Енді-енди ұғып жүргендей мұны басым.
Жалғасады тірліктің шыңына шың,
Кейде оның жалғаны да, шыны да - шың,
Тұмсығы тасқа тиген мекіредей
Барып, барып... әйтегір ұғанасың.

Жүйріктей оза алмаған жабылардан -
Салдық та, серілік те... бәрі қалған.
Өзінді өзің қамшылап қинағанмен,
Қинағанмен... Күпіңе симағанмен,
Жиырма бесінде айтатын табылар ма ән?!

Бақыт болса - Еліңің танығаны,
Ондей Бақыт, шүкірлік, табылады.
Соның бәрін сезініп, көре жүріп,
Қуанышын, шаттығын бөле жүріп,
Көңіл неге самарқау? Жабығады?!

Айтып-айтпа, көңілдің алаңы көп,
Күн-күн сайын тағы да барады үдең,
Қысылмаймын жаз-ғұмыр қалады деп,
Қысылам тек мен сүйген, мені сүйген...
Сұлулар қарайды-ау деп әлі үмітпен
Баяғы жиырма бестің жанары боп,
Айтып-айтпа,
Көңілдің алаңы көп!

Қиналдың-ау

Қинайсың, қинайсың-ау, қайран арым,
Жеңе алмай аярлықтың айла-амалын,
Көк мұздай табан тірер тиянақ жоқ,
Тиянақ жоқ, айдында тайғанадым -
Қинайсың, қинайсың-ау, қайран арым!

Із кескіштер түсіп ап соңыма кіл -
Қарсы алдынан соғады долы дауыл!
Аңқылдаған адалдық, айналайын,
Мұншалықты болар ма жолың ауыр?!

Басып кеткен жеріме гүл өсер деп,
Біреулер жүр құлашын жүре сермен.
Мен келемін бір тұрып, бір сүрініп...
Сәби-шындық, жолында қүресем деп.

Шығара алмай шығанға сені бір дем,
Өтер ме екем тепсініп-тебінумен.
Өлім емес, мен үшін хауіптісі -
Айрылу туа біткен сенімімнен.

Қайда барам - сені іздең қайда барам,
Шындық, күтіп жүрмін бе айдаладан.
Мұқалып қалам ба деп өзімді өзім
Намыстың шарығына қайрап алам.

Аярлықтан қорғаштап ар-ұятты,
Күнім батып, қаншама таңым атты...
Талай жерге келіппін тепендетіп,
Шыр бітпеген шындықтай арық атты.

Бәріне де көңілім алаң менің -
Қанша екенін айта алман барад жерім.
Сәби-жүрек секілді ар-ұятты
Қорғай алса болғаны қалам-зерім.

Ғұламадай түсінем жәйда бәрін -
Кейде содан жаныма қайғы аламын.
Әмір - айдын, заңдылық, - тайғанауым,
Бір жағың - шың, бір жағың - құлымға құз,
Мені де қинадың-ау, қайран арым,
Өзің де қиналдың-ау, айналайын!

Х Х Х

Секілді бәрін сырып қойған адам -
Абайды оқып кей-кейде ойға қалам.
Бәрін айтып қойған-ау қайран бабам,
Қалай соны мен бұрын ойламағам.

Ұға білген әр сөздің нарқын әман,
Інжу шегіп, күмістеп, алтындаған...
Ойлап көрсем, бәріміз - қайталаумыз,
Сөз қалмапты Абайдан айтылмаған.

Сүю ме? Сүюдей-ақ, сүйе білген,
Жан емес тәңірінен сый емінген.
Күй-өмірге берердің бәрін беріп,
Бәрін алып кеткендей күй-өмірден.

Құшағын барша жүртқа ашпаса да,
Білген ол достаса да, қастаса да.
Ұлы Абайға бір соқпай өтпейтіндей
Әулие ақын жыр жаза бастаса да.

Сөз де шіркін қонарда қалай ма бап,
Сейлейін деп ойлаймын абайлап ап.
Жыр жазғанда жебеуші періштем бол
Иығымда тұрадай Абай қарап!

Құн-қөңіл қазір басылған

Аз болған жоқ-ау асынған кезім, тасынған,
Кесірлік менде шашымнан да көп, шашымнан.
Басымнан бір сөз асырмаймын деп, басымнан,
Айрылып қаппын талай да, талай асылдан.

“Кек!” - демейінші,
“Кек!” - демейінші,
Кек құрсын...
Ренжігендер сонда да қалай тек тұрсын.
“Көкірек!” - деді,
“Өкірек!” - деді біреулер,
Әйтеуір мені қайтып көрместей кетті үркесіп.

Кезінде маған бірі де,
Бірі... көп сынның
дарымай қойды,
Бойымда бір мін жоқ сынды.
Өзіме өзім келіп алған соң,
Кезіме -
Май бітті ме екен?
Көңілім дәйім тоқ сынды!

Үлкен де айтты,
Кіші де айтты ақылын,
Еске алып оны елесін қайдан “батырың”.
Бірі жоқ, қазір,
Ұмыттым бәрін, аты кім?..
Өзім де, өзім!
Өзімнен өзге жан жоқтай,
Сезімді көміп,
Еркімді алды жат ұғым.

Өткіздім солай өкпек жел сынды күндерді,
Кімдерден бездім,
Бауырыма бастым кімдерді?
Күн бар кездерде көлеңкем болған талайлар
Асырып ойын,
Жасырып бойын үлгерді.

Жел тұрып еді,
Бытырай ұшып кептердей,
Елбесіп көріп, селбесіп келіп сеп бермей,
Жым-жылас болды -
Іздесең табар ізі жоқ,
Су шәйіп бәрін,
Су шәйіп бәрін... кеткендей!

Өтіпті сәтте асынған кезім, та-сын-ған...
Асылым қайда?
Асығым қайда шашылған?!
Мұздайды жүрек,
Сыздайды жүрек ашынған,
Байқамаған боп талайлар өтті қасымнан,
Күн-көңіл қазір су сепкендей-ақ басылған,
Айрылып қаппын бойымдағы бар асылдан!

Не жетсін

Неге кейде еңсемді мұң басады,
Жүргегім де сол мұңмен сырласады.
Неге кейде көгінен көңілімнің
Нұрын құймай шуақты Күн қашады.

Көктем келді, жаным бір түлемеді,
Кімдер көрді, кім үқты, кім еледі?
Ойға шомып тұңғиық теңіздейін,
Тұнереді көнілім, тұнереді!

Шыдап жүрмін, болар ма жаным темір,
Сезім - сезім, сезімді сәл ірке біл,
Дегенменен, бәрін де шәйіп кетер
Сел жүрсе ғой,
Сел жүрсе ағыл-тегіл...

Ойын қалып, жайына күлкі қалып,
Өмір-өзен заулайды күн-түн ағып.
Дауыл соғып, жел тұрып астан-кестен
Кетсе деймін көнілімнің бұлтын алып.

Мұнданасың, мұндануда айып бар ма,
Ой келеді күтпеген, файыптан ба?
Сондай кезде сел көшіп көnlіңнен
Не жетеді тазарып, айыққанға!

Шаншиды қайран жүрегім

Қара наң дәмін ертерек таттым - өйткені,
Қара құн келіп, ертерек шалды өрт мені.
Қаршадайымнан қаралы хаттар оқыдым,
Жүрегім жара, содан да жаным дерпті еді.

Қара қағаз бен қаралы хабар әр үйді
Айналып жүрді шошытып қартты, сәбиді...
Қақаған қыстың мұз, қары емес,
Софыстың
ЫІзғары жанды қариды.

Содан да шығар,
Мұқалып қайрат-жігерім,
Үзе алмай келем уақыттың шынжыр шідерін.
Аспандағы анау моншақ жұлдыздың біреуі
Ағып түссе де шаншиды қатты жүрегім.

Хоштасар кезде қимайсың

Бағылан сойып, сарыала қымыз сапырып,
Шалқытып өнді, ақ таңды көзден атырып...
Думанға бәлеп дүбірлі мына дүниені
Жатқан да жоқпыз күнара қонақ шақырып.

Арман ғой шіркін, арман ғой бәрі, арман ғой...
Өреміз төмен, көрсетіп жүрміз жалған бой.
Жақсылық күтіп емексуменен ертеңге,
Жол қарагандай көзіміз ұзақ талған ғой.

Жол қарагандай көзіміз ұзақ талған ғой,
Тоса да-тоса талайдан көңіл қалған ғой.
Өтірікке зорлап сендіріп жүрміз көңілді,
Болмаса, шындық, дегеннің бәрі жалған ғой.

Өмірде бәрі... Бәрі болады не керек -
Жазда - қар, қыста жауады жаңбыр себелеп.
Отқа да күйіп,
Суға да түсіп кейде адам
Жүреді бейне секілді көзсіз көбелек.

Көктем шыққанда көзді арбап алар гүл өңір,
Жан нұрынменен жарық, қып үйге қуле кір.
Қызығымен де, шыжығымен де... бәрі бір,
Хоштасар кезде қимайсың - қымбат бұл өмір!

Тілек

Арыла алмай көнгіліңнің шерінен,
Кейде тіпті тірлікten де жеріген
кездерінде кезіктіріп,
қорқып ем
ренжітіп алам гой деп сені мен.

Қарап едім -
Жанарыңда мұң тұрды,
Зорлап шығарғандай болдың күлкінді.
Шілдедегі сұық ұрған лебінен
сұық ызғар сезілгендей бір тұрлі.

Айтпай-ақ, қой,
Айтып тұр көз қарасың,
Қайта тырнап жанның бітеу жарасын
не қыласың, онсыз дағы күн сайын
Бір уыс бол барасың.

Қалдырыпсың артта талай жылды, айды...
Әмір-әзен бір қалыпта тұрмайды.
Сусылдаған сынап құсап зырлайды,
Жетіп жатыр жаныңды езген мұң-қайғы.

Тірі адамда таусылмайтын үміт көп -
Жан азабың кетсе деп ем ұмыт бол.
Арманыңды алғы күнге жетелеп,
Тұрса болды төбенде ылғи күліп көк.

Ағаларымды сағынам

Мұң бар менің көңілімде,
Мұң бар менің жанымда,
Айықтырар одан кім?
Жұрт тынышта, ел аманда -
Жұрдай болып тоналдым.
Бүйте берсем қақыраған қаңтарында шөліркел,
Әуе айналып жерге түскен шілдеде де тоңармын.

Мен түсінбей ағайынды,
Олар мені түсінбей,
Жапандагы жансыз, қансыз мұсіндей
күн кешемін -
кімге сенім артсам екен, құдай-ау,
Адам дегенabyройдың биігінен түсірмей.

Інілеріме әке болдым -
Әке жүгін көтердім.
Солар тоңып қалмасын деп,
Көкірегімнен от өрдім.
Бәлкім осы сезім мені өмір бойы босатпас,
Өмір бойы үлкендіктің құлы болып өтермін.

Әке өлгенде,
Арқаланарап ага менде болмады.
Қай соқпаққа соқтырмады тағдырдың тар жолдары...
Жетімдіктің жегі құрты қара бұлт боп торлады.
Адамдықтың ақ, қайнары шықты алдымнан,
ҚОЛДАДЫ!

Жасы үлкеннен - жалғыз апа,
Әпке дейді көп жерде.
Бірге туған аға жоқтан,
Еркелетер жоқ жеңге.
Ешкім маған ат қоймады -
Деп: "Тентегім", "Кекілдім"...
Жетім қозы секілденіп содан ерте жетілдім.
Кішілерге қызыққаннан -
кіші болғым келеді-ақ,
Бірақ маған кім берді оны -
Барады ауып екіндім.

Тағдыр сениң мұңыңда да,
Құныңа да қарамас -
Содан кейде жыр жазамын көз жасыммен аралас.
Інілерім бар, шүкірлік -
барды бар деу керек қой,
Бірақ, олар аға болып арқалауга жарамас.

Перзенттің де жөні бөлек,
болғанменен қыз, ұлың -
Әрқайсысы қызықтайды тек өзінің қызығын.
Бірі бөліп бере алмайды жүргегінің қызуын,
Жалғыз қалып отырасың нала-мұнмен күнұзын.

Елемейді ештеңені -
көкірегің өрт, жалын ба?
"Ата-аталап" алдап қойып тек немерең жаныңда
жүргеннен соң мәз боласың сәтке бәрін ұмытып,
Тіршіліктің қаны ойнайды салқын тартқан қанында.

Мұң-нала бар жүрегімде,
Кейде отырып тарынам -
Күйіп-пісіп аумай қалам қуырылған тарыдан.
Бірі болса, бірі болмай қор етеді пендені,
Бұл адамның күні бар ма жақсылықта жарыған?!

Бәрін соның ұмытам да, кейде тағы қағынам,
Тағдырыма бас ием де,
Тәңірімдей табынам.
Аттары бар -
Бірақ, бірін көрген емен тіріде,
Тұғанменен тұрмай кеткен агаларымды сағынам!

Сенім - Темірқазық

Мен бар,
Сен бар,
Жер бетінде бар олар...
Жамандықтан құлазып,
Жақсылықтан жан оңар.
Құлазыған көнілдің,
Гүлі азыған өңірдің
көре тұрып реңін,
мына далам жоғалтқандай түр-өңін,
мына ғалам құлатқандай тірегін,
болсам-дағы дін аман,
егіл-тегіл жылаған -
көп бейбақтың бірі едім.
Өзім кейде қысыламын сонынан,
Ал мұндайда түк келмесе қолыңдан
айтары не -
Тірі өлім!

Мен бар,
Сен бар,
Олар бар...
Оң мен солың - толған тағдыр,
Соның аңғар!
Сол тағдырлар - тағдыры бар әлемнің
бәрімізге болар нәр.

Жер шетінде пәлен күн
жүргендер де көп екен-ау нәр татпай,
Нәр татпаған бейшаралар үшар еді-ау қалпақтай,
Үміт-сенім ұқсайды екен айдындағы желкенге,
Сол шіркіндер құлатпай
алып келе жатыр сүйреп Ертеңге!

Не болады сол сенімнен айрылса,
Соңғы үмітін жоғалтып,
Сенімді де семдірдік-ау,
Тағдыр жүгін көп артып.
Айта көрме,
Үміт өшті дегеннен
Бір жолата тіршіліктің жоғы артық.

Күні қараң,
Күні қараң онда оның,
Артық деп біл қу тірлікten өлгенін.
Бұл жалғанның қызыры да сол шығар,
Тығырыққа тірелгенде,
Тагы алдыңдан жол шығар.
Кеудесінде шыбыны бар пенденің
ертеңінен үмітсізін көрmedім.

Тіршіліктің жүзіндегі әжімі -
Барын еске салатында тағдырдың көп жазымы.
Соның бәрін ұмыттырып,
үғып тұрып және де
айнымайтын айдаңдағы желкеннен,
үздірмейтін үмітінді ЕРТЕҢНЕН
Таң шолпаны ғаламның,
сақтайтұғын періштесі АДАМНЫҢ -
Сенім! Сенім!
Таусылмас жан азығы,
Адастырмас Ұлы ТЕМІРҚАЗЫҒЫ!

Сынайын ба

Шырт-шырт етіп шыныдай сынайын ба,
Әлде біреуді ондырмай сынайын ба?
"Пісікен асқа жеуші көп,
біткен іске..."
Сыншы көп!" Сыншы болып шығайын ба?

Шығайын ба сыншы боп,
Шы-ға-йын ба,
(Байқап тұрсың не барын сыңайымда.)
Арам қаннан тазартып сұліктейін,
Шырқыратып шыбынын сығайын ба?

Жоғын - бар деп,
Болмаса, барын - жоқ, деп,
Сезім жоқ, деп, ой жоқ, деп,
Жалын жоқ, деп...
Айта алатын сыншының арманы не,
Шығайын ба барының бәрін жоқ, деп,
Ең бастысы - бойында дарын жоқ, деп!

Өзімді өзім сөйтіп бір байқайын ба,
Тыныш жатқан тұндырын шайқайын ба?
Жарияның кезі рой, жарқыратып,
Жан айтпаған шындықты айттайын ба?

Ойы олақ, болғанмен тілі жатық,
Адамдары өлідей тірі жатып...
Дей, дей берсем,
Сыншының садағымен
Алмаймын ба ақынның мыңын "атып?"

Көзі ұнамай,
Әне, әне өзі ұнамай
жүр - бірақ, "Байқа"! - дейді төзім-агай.
Аға айтты рой,
Байқасам, байқайын ба -
Шығар екен ертеңгі сөзі қалай?

Көрейінші,
Тамыры теренде ме,
Ықпайды осы пәтшагар менен неге?
Әй, өзі ымға, дымға түсінбейтін
болар ма екен көкірегі керең неме.

Керең болар,
"Керең!" - деп сынайын да,
Әлде, әлде... әлі де шыдайын ба?
Айналып кетпес пе екен сын - ойынға,
Ей, ағайын, әншайін әзілім рой,
Әйтпесе сыншылық жоқ, шын ойымда.
... Дегенмен айтыңдаршы,
СЫ-НА-ЙЫН БА?

Шектелдік-ау...

- Тыңды жаз да,
Шыңды жазба! - деп келдік,
- Шыңды жаз да,
Мұнды жазба! - деп келдік...
- Адам болып жылау қате, жылама!
Өмір - жалғыз қуаныш, - деп шектелдік.

Сен - жігітсің,
Бой алдырма жәй мұңға,
Ардагер боп айдынға шық,
Айдынға!..
Байқа,
Заманға өкпең болып жүрмесін,
Бір кінарат бар емес пе қайғында?

Іштен жыла,
Білсең өзің біліп тұр,
Сыртқа шықса,
Көрінбесін ілік бір.
Ішінде ит өліп жатса...
Сездірме,
Сыр алдырма,
Кіреп үйге күліп кір.

Басыңа бір күн туса да қысталанаң,
Болып көрін қайыспайтын күшті адам.
Сезіміңді маскаменен тыстаған
сездірме елге,
намысыңды ноқталап,
Тозім дейтін торға байладап ұста әман!..

Дедік, дедік...
Дәйім солай деп келдік,
Арымызыды іш жегідей жеп келдік,
Жылар кезде жылай алмай,
Күлер кезде күле алмай,
Жұрдік талай шыдай алмай,
Не істеуді де біле алмай...
Тілімізді тістедік,
Біз не істедік, не істедік?..
Шектелдік-ау, шектелдік!

Аман өтіп еңіsten де, аман өтіп өрден де,
Ойым көктеп, қауыз ашып өргенде,
Тазарып бар іштегі мұң-шерден де,
Ағыл-тегіл жылап алғым келеді
Кинодағы маймылдардың жылағанын қөргенде!

Теңей көрме

Біреулерге ренжіп налығанда,
Арам ниет-пирсының танығанда:
“Ит!” - еken деп беземіз безбүйректен
Бойға уы жайылып дарығанда.

“Ит еken!” - деп кетеміз теріс қарап,
Адам менен итті кім тең үстамақ?
Қаңқу сөздер жата ма, сол заматта-ақ,
Төңірекке кетеді тегіс тарап.

Тегіс тарап жетеді дос-жаранға,
Дейміз: “Оны атама, қоспа адамға!”
Бірақ, иттің қаншалық жазығы бар
теңейтіндей опасыз оспадарға,
Мәз боламыз тек басқа ел хоштағанға.

Үізгірық, улеп соққан борасында
жатады ит сыз жастанып қорасында.
Мұсіркеп, демейді ешкім “тоңасың ба?”
Қайтсе де иттігі жоқ иесіне,
Ит болып жаралғанмен о басында.

Ес көріп үй иесін - қос ағасын
жүрген соң,
мақұлыққа осы ара - сын.
Сезгендей “қызметтен” босамасын,
Бәле іздеп кірмесін деп бөгде біреу
Күзетеді есігін, босағасын.

Ал, біреу ақ дастархан, ақ дәмінді,
Ақ, ниет, адал көніл, ақ жаныңды...
арамға бөктіреді,
аңдамайсың,
Алданып, ақ жем болып қалғаныңды.

Саятшыл сайран-сері тазықұмар
жандар көп,
көңілімнің назын ұғар.
Жақсы итті жамандарға теңейтіндей
қаншалық, ел алдында жазығы бар?!

Шошынып дүргегейдің сиық-түрінен,
Сезімнің жалғыз сәттік түйіткілімен,
Арамза алааяқты теңей көрме
Жақсы иттің өзіне тән Иттігімен.

Амалы не

Бірде - Арғын,
Бірде - Албан,
Бірде - Беріш...
Жолы да сол:
Бірде - өр, бірде - еңіс...
Қайтесіз соны, ағайын, күндеңеңіз,
Жетіскеннен желбендең жүр демеңіз,
Жетіссе де, кетіпті кімде неміз,
Тіршілік қой, тіршілік -
Жұз құбылып,
Тұлқідейін тұлеген түрленеміз,
Сөйтіп қана кей-кейде күн көреміз,
Үндемеңіз, әйтеуір үндемеңіз...

Түрленеміз,
Түрленбей амалың не,
Тура жүріп,
Тура айтып табарың не,
Тірліктің тұлқі бұлаң із тастаудын
Айыра алмай келіппіз бала күнде.

Кейін үғып -
Айла іздеп, амал іздеп,
Жағамыз деп,
Лапылдал жанамыз деп,
Пешенеге жазбаған жақсылықты
сол арқылы табамыз,
аламыз деп...
Аңшыдай айдаланы шиырлаппыз
жөн таба алмай -
самсаған тамам із көп.

Содан шығар -
Тәттіні таптағанда,
Адастырып тамам із қаптағанда,
Әлде неге көңіл де елегізіп,
Түпкірінде бір үміт сақтағанға
мәз болады көлгірсіп мақтағанға.

Мәз болады көлгірсіп мақтағанға,
Мақтағанға,
Жалпылдан жақтағанға,
Соның бәрі алдамшы екендігін
үға алмайды "жақын да", "жат та" барда.
Амалы жоқ, тұлқідей түрленбеске
өз бойынан басқа өтер таптағанда.
Жетіскені деймісің -
Сөкпе, ағайын,
Не сатады -
Атасын сат-па-ған-да!

Х Х Х

Сырты сұлу -
Секілді маржан, жаһұт
Тілемедім жылтырақ арзан бақыт.
Желге, күнге тез оңып кететүгүйн
боямалар құныңды арзандатып
жіберердей көрінді,
Сондықтан да
ондайларға қайтемін жан жалдатып.

Не болса да өз түсі, өз өңімен -
Желге, күнге, от-суга төзерімен...
туып жатса жақсы ғой табиғаттан,
өлмейтүғын өмірдің өзегінен.
Шынайы сұлулықтың тамыры да
тереңде жатқандығын сеземін мен.

Тағдырдың күні бар ма шырмалмаган,
Кездерде айтылатын шын қалмаган,
Шырылдаپ түсемін деп арашаға,
Сағым да талай мәрте сынған жаман.
Алдамшы әшекейге тойып кетіп,
Шындықты көп іздеуші ем сырланбаған.

Әз уақыт Шындық атты сөз данасын
алды аршип,
Жеттік төзім тозбағасын.
Бәр-бәрі кекіректі қозғағасын,
Енді әр кім айтып жатыр “көзқарасын”.
Шындықтан шиаяқтар озбағасын,
Тарих та алар болды өз БАФАСЫН!

Тарих та алар болды өз бағасын,
Жамандық, қайта гулеп қоздамасын.
Енді әркім анықтайды арыменен
Өмірге өлшемі мен көзқарасын.

Жатқанда жақсылықпен таңдар атып,
Жаны ізгі іздемейді жалған бақыт.
Осындаі өларада өзгергіштер
Асылды жібермесе арзандатып!

Бозда, бозда, жүрегім

Ойран-асыр көңілім - мазалама сен мені.
Біреу сенді сөзіме, енді біреу сенбеді...
Құлазыған кезім көп құла дүзде қалғандай,
Жандай деген жалғыз дос келмеди іздеп, келмеди.

Келер деп ем, келмеди,
Қол ұшын да бермеди,
Дос емес деп айтуга көңіл тағы сенбеді.
Жаным сол сәт мұнды еді,
Жаным сол сәт шерлі еді -
Ең құрмаса қасыма көлеңкем боп ермеді.

Не бар күшті төзімнен - көрдім бәрін өзімнен,
Сәттерім көп көз ілген. Ояу жүрер кезімнен.
Жұдырықтай жүрегім боздайды кеп, боздайды...
Ботасынан айрылған бозаңдағы бозінген.

Дүниенің дерті көп - тапсам деумен бір емін
түнде ұйқымнан айрылдым,
Сары аурудай жүдедім.
Бота қымбат,
Білгенге ботадан да дос қымбат,
Басу айтып қайтемін, бозда, бозда, жүрегім!

Бозда, бозда, жүрегім, бозінген боп боздай бер,
Оты болса жанында, боздағаннан тозбайды ер.
Тас жүректі жандарға тағым болсын айтарлық,
Тас тамырларды иітіп,
Тас мейірін қозғай көр,
Бозда, жүрек,
Боздай бер!

Ақтық демі біткенше

Егіз болып тұғандай арман маған,
Армандағам, бәрін де армандағам.
Әмір ыстық, көрінген, көңіл ыстық...
Ең алғашқы қатерден қалғанда аман.

Жолығардай бір бақыт алдан маған -
Армандағам, армансыз қалған ба адам.
Ақ дегенім кей-кейде қара болып,
Нала қонып, кезім аз алданбаған.

Тіршілігім секілді құрап пішken,
Пенде біткен бақытын сұрапты іштен.
Аяқ-қолдан жан кетіп, тіл күрмеліп,
Бір-ақ күнде теректей құлап түскем.

Саулығы жоқ, дімкәс жан қау сыңды әман,
Желбегей тон қымтанаңып қаусырмаған.
Ақтық демі біткенше сүйретіліп,
Тірі адамның тірлігі таусылмаған!

X X X

Тербейді ылғи жанымды бір ағын кеп,
Барға, жоққа... Бәріне шыдадым көп.
Шыдадым көп, күндерде алма-ғайып
Өзгермедім біреуге ұнағым кеп.

Болды ма еken кейде бір сөзге ергенім,
Пенделікпен төзбеске төзген жерім.
Кім біледі, жұрт айтар жанымдағы
Менің анық, білерім, қате айтсам да
Өзім алған бағыттан өзгермедім.

Жегегіне ілесіп жат елестің,
Тағдырыма төндірмес қатер ешкім.
Жол тапсам да өзімше -
Басқага ермей
Қателессем де өзімше қателестім.

Бір ез кетіп дүниеден,
Бір ез келіп -
Қажытқанда жанымды кіл езбелік.
Тұрып қалдым орнымда табан тіреп,
Өзгергіштер жатқанда мың өзгеріп.

Бағыма ма,
Білмедім сорыма ма?
Білетінім - ой-қырлы, жолым ала.
Өмір бойы арыммен арпалысып,
Дәтке қуат етемін соны ғана.

Ұнау керек тірлікте,
Білем оны -
Ұнай білу - талайдың кіре жолы.
Бірақ ондай бәріне ұнағыштар
Тірі жүріп қуніне мың өледі.

Аппақ шыңға нұр болып жауган арай -
Менің аппақ арымнан аумаганы-ай.
Бейкүнә таза келген таза өмірден
Таза өтсем қара басты сауғаламай,
Арым менен жанымды саудаламай!

Үйрене алмай жатырмыз

Біреу білген шындықты, біреу біле бермейді.
Біреу білген сұмдықты, біреу біле бермейді.
Содан барып біреудің үйіп сенген сөзіне
Енді біреу өтінді құйып айтсаң сенбейді.

Жас емеспіз, біздер де азды-көпті күн кешіп,
Талайлармен келеміз сыр ашысып, тілдесіп...
Кеше ғана өзге емес, пәленше-екең айтқан сөз
Болғаннан соң үйрендік өтірікті "шын!" десіп.

Көптің аты - көп-ақ қой, журек жұтқан бір мықты
Айтып қалды шыныңдай шытырлаған шындықты.
Үршып тұстік абайсыз ара шағып алғандай,
Көргендей-ақ өмірі жан көрмеген сұмдықты.

О, құдая! Мұсәпір не бар екен шындықтай,
Шындықты айту -
Ордадан жылан шыққан сұмдықтай.
Талайларды қорладық табанынан тоздырып,
Жел қанатты тұлпардан тұғырымызды оздырып,
Делебені қоздырып... Біреуді ұғып, мында ұқпай...

Сабасына сия алмай, тасатындар тасты бір,
Көлеңкелі кеудеден қашты сәуле, қашты нұр.
Ойымызды шідерлеп, бойымызды жүгендеп...
Жүргеннен бе, енжарлық еңсемізді басты кіл.

Тақыр тірлік қайда да, айналамыз - тақыр мұз...
Адам болып қаймана, тепендерген пақырмыз.
Жылдар бойы жетекте желкілдеген басымыз
Еркіндікке әлі де үйрене алмай жатырмыз!

X X X

Адам өлмейтін болса,
 Фұмырында қайғы-дерт көрмейтін болса,
 Дүниеде құдай барын ұмытар еді,
 Сонда кім ұтар еді?

Адам шаршамайтын болса
 Біреуді біреу сағынып аңсамайтын болса
 Бар мен жоқтың арасын бөлмейтін болса
 Қыршынынан қылыш өлмейтін болса
 Эй, қызық болмас еді-ау олдағы онша.

Тіршілікте аузымыздың салымын-ай,
 Аз бен көптің ұмыттық санын ұдай
 Мынау жұмыр жердегі ит пен құстың
 Болып кетсе әулие, бәрі құдай.

Жер басқан сен де мықты, мен де мықты
 Қоян да өзін ересен ер деп үқты.
 Жоғалта алмай келеміз бойымыздан,
 Ойымыздан осынау пенделікті
 Аузы қисық, болса да аяғы ақсақ,
 Ханның қызы көрінді ең көрікті.

X X X

Наурыз келді,
 ілесе көктем келді
 Гүлге, нұрға толтырып көк пен жерді
 Жастық алға қарады арманы көп
 Қарттық еске салады өткендерді.

Қара баста ағарып, сары бас та...
Талай адам бет алды танымасқа
Өрге шабар өрекпіп шамасы жок,
Дайын тұрган тік қасық, әзір асқа.

Жалғаспайды тірліктің жолы мәнгі,
Уақыт берін жінішкертіп жонып алды.
Өзінді-өзің әншейін алдағанмен,
Жүрер жолдың артында көбі қалды.

Есләм да бір кездегі өздеріндей
Қалжындасса балдызben сөзге мірдей
Енді міне қыздардың қосынында
Қаға беріс қалады көзге ілінбей.

Басқаша еді кеше де, алды күні...
Солғын тартып көнілдің қалды гүлі.
Есесіне қарттықтың өз сәні бар,
Өзгермейтін өмірдің заңдылығы.

Заңдылық,... деп үғамыз оны мәнгі
Жүйелеп берін тәнірім қолына алды
Қараймыз ертең күнге елеңдеумен
Арт жақта жүрер жолдың көбі қалды.

Ол жаза

Жыр жазам-
Жылап жазам, күліп жазам,
Ай жарық, тұндігімді түріп жазам.
Өзім емес, жылатып өзгені де,
Жұбатып
Қуантарын біліп жазам.

Бірде бар, жоқ, көңілдің бірде хоши,
Аққан су - өтіп жатқан күндер осы.
Басына екі талай іс түскенде
Жан алып, жан берердей әр адамның
Жанынан табылмайды күнде досы.

Жыр жазам -
Күліп жазам, жылап жазам...
Жалынып жалбарынып, сұрап жазам
О тәңірім, тіршілікте бар секілді
Ең ауыр мен қорқатын бір-ақ, жазаң.

Ол жаза - айтылмаған арман өні
Шабытсыз тіршіліктің бар ма мәні.
Ол жаза - бар атақтың бәрін алып,
Елінің маҳаббатын алмағаны,
Халқының көкірегінде қалмағаны!..

Пенделік

Пенде шіркін тірлікте ой-арманы бітпеген,
Жете алдым ба, білмеймін, жерлеріме діттеген.
Жасырайын несіне, ат арқасына ер салып
жігіт болған шағымнан осы тойды күткен ем.

Атқа міндім дегенмен, пырағым көп жекпеген,
Айсыз тұнде жүргенмен, шырағым көп жетпеген.
Әкем жасай алмаған өткізіп ем бір тойды
Сол тойымның жалғасы тарқамаса деп келем.

Ішіп-жемнен, киуден қоймаса да кенде ғып,
Кейде адамды билейді тойымсыздық, пенделік.
Тағы-тағы ойлайсың жүре тұрсаң екен деп,
Әзәр-әзәр жер басып тұрсаң-дағы сенделіп.

Тойымсыздық - кей-кейде кетердей-ақ, жерге еніп,
Өзеуреп кеп сөйлейсің бермейтіндей елге ерік.
Құштар қөңіл - көктемнің жауқазыны әлжуаз,
Тәй-тәй басып жүреміз шықсақ болды емделіп.

Құт - аласа, тағдырдың тарам-тарам жолдары,
Жұтамаса ол да құт өмірімнің орманы.
Ұл-қызымның бақ, күні, шаңырағымның шаттығы,
Тойларымның жалғасы үзілмесе болғаны.

Бәрі - қөңіл, нәрі - өмір... жоқ, сенде де, менде ерік...
Берсе болды тәңірім ерге мерей, елге ерік.
Тәй-тәй басып әзірге жүре тұрам сенделіп,
Басқа тілек - Бак, Байлық...
Тек әшейін ПЕНДЕЛІК!

Х Х Х

Таусылып татар дәмім көреріммен
Ерте-кеш пе,
 Әйттеуір өлемін мен.
Сол күндер кім болғаным айтылады
Шежіре -
 өмір сыры өлеңіммен.

Х Х Х

Басылар сұмдықтарды көрсө-ақ мысы,
Ол дүниелік көз жұмып өлсө-ақ кісі.
 Өзіне өзі орнатқан құлпытасы,
Ақынның өлеңдері - көрсеткіші.

Саяжайдағы ой

Маган көп жер керек емес соншалық,
Бір гараждық, сонсоң шағын моншалық,...
Көршідегі келіншектің үйіне
андасанда кіріп-шығып жүретін
Алсам болды жалғызаяқ, жол салып.

Мың сан жүлдyz жамыраған көгімнен,
Он - он бес тұп алма ағашы төгілген,
Хош иісті пейіш бақтың ішінен
Ән құйылып тұрса болды көңілге
Ақын үшін жыр бастауы көрінген.

Бақыт қой

Ақын ем көкірегіне жел тұнеген,
Кезім аз елегізіп елтімеген.
Еркіндікті аңсаған ерке көніл
Ұшыра алса жарады ұясынан
Ер сезімін көтерер еркін өлең.

Еркін өлең, ерке өлең, сұлу өлең...
Сезімнің шырыныңдай шырын өлең.
Өзінді әкеп өзіңе ғашық қылып,
Туса, шіркін, бақыт қой шынымен.

Сұлу өлең, ерке өлең, еркін өлең...
Елегізген сезімнің серпіні өлең.
Керегі не өлеңнің өлекседей
Жаныңды самал болып желлімеген.

Астасқанда күндері тұніменен,
Қуанышы ақынның, мұңы да өлең.
Қой қүзетпей, ой баққан адамдардың
бәрі жақсы біледі мұны менен.

Бәрі жақсы біледі мұны менен,
Қиналсам да кейде күн, тұніменен
Сырласардай жанымның сырыменен,
Тумай әбден қинайды шырын өлең,
Туа қалса - бақыт қой шыныменен!

Тіршілігім - кіл ойын

Қайшы келіп бір ойыма бір ойым,
Тіршілігім болып кетті кіл ойын.
Мен ғана ма, басқалар да мендей ме?
Сол жұмбақтың сырын қайтіп білейін.

Ұтылып қап, жинағандай қайта асық,
Бір бірінің айла-амалын байқасып...
Тайталасқан бір ойым мен бір ойым
Шахматтың тастарындай шайқасып...

Есе кетіп, қанбағандай құмары,
Шаршы аланғра андағайлап шығады.
Қай жағына болысарын біле алмай
Көңіл шіркін әр-сәрі боп тынады.

Көңіл шіркін әр-сәрі боп тынады,
Ақ пен қара алма-кезек жығады.
Ақ жыққанда тәбем көкке сәл тимей,
Қара жықса, сағым оңбай сынады.

Қарсы келіп бір ойыма бір ойым,
Тіршілігім болып кетті кіл ойын...

Сырымды айтам кімдерге

Біреулерге сын айттым,
Біреулерге сыр айттым,
Біреулерді қуанттым,
Біреулерді мұңайттым.
Өтіріктің өресі - қысқа-қысқа дей жүріп,
Өтірігін маған да жүқтывыпты суайт күн.

Алдамшы едім не деген,
Жалғаншы едім не деген.
Көлгір сөзге күпініп,
Алақанға түкіріп,
Шықтый айдын теңізге
Желкені жоқ, кемемен,
Кім бар желеп-жебеген.

Мақтамасты мақтадым,
Жақтамасты жақтадым,
Даттамасты даттадым,
Бәрін-бәрін кеш үқтый,
Шегінер жол таппадым.
Аңғалдықпен білмеппін
Жәдігөйдің жолыма
Құрып жүрген қақпанын.

Арамзага қол бердім,
Жосығы жоқ, жолға ердім.
Жөн еместі жөн көрдім,
Тең еместі тең көрдім,
Енді ойласам, осы екен
Тірі жүріп өлген күн.

Тұғыр озды тұлпардан,
Торғай озды сұңқардан.
Батыр шауып намысқа
Барымталап жылқы алған
Бәрі-бәрі қалды артта
Ұстаптайты тұлкі-арман.
Ажырату тым қиын
Кім дүрегей, кім тарлан?

Сырымды айтам кімдерге,
Мұңымды айтам кімдерге,
Көсемсиді жосығын
Білмеген де, білген де...
Ең жақсысы не жетсін
Жанды күтіп жүргенге.

Көп болса екен

Аурухана.
Үш төсек.
Үш төсекте үш адам,
Үшеуі - үшеу болғанмен,
Аурулары ұсаган.
Дәрігердің аузына үмітпенен қарайды,
Түстерінде мұң мен шер,
Іштерінде құса әман.

Бірі - малшы,
Бірі - әнші,
Бірі - ғалым әйгілі,
Бөліседі үшеуі қатар жатып қайғыны.
Мал да қалды жәйына,
Ән де қалды жәйына,
Жан қиналса, түк емес атақ, мансап, байлығы...

Бір бөлмеде үшеуі,
Ұқсамайтын ұш тағдыр,
Сыртта ғажап дүние -
Көзден бұлбұл үшқан нұр.
Алты жанар қарайды аргы жаққа әйнектен,
Шықылықтап, шырылдап ойсыз-мұңсыз құстар жүр.

Қайран бала күндер-ай,
Бағып жүріп қозы-лақ...
Үлкендерге байқатпай,
Қара беріс кезін ап,
Торғай болып шырылдап,
Бұлбұл болып сайрайтын,
Таңсәріден теректің бұтағына қонып ап.

Енді міне жатырмыз терезеден Ай қарап,
Жамыраған жұлдыздар,
Сүттей жарық, айнала ақ.
Өткеніңің бәрі де көрген түстей елестеп,
Сергітеді мамырдың майда лебі аймалап.

Жанға медеу мұндайда жақсы көңіл, пейіл - құт,
Бақыт жиі кіреді қайғы бұлтын сейілтіп.
Жылы-жылы сөзімен жүреді Айгүл аялап,
Арман менен үміттің керегесін кеңітіп.

Біреуінен бірі өткен періштелер киелі,
Бізben бірге жүдейді,
Жадырайды, күледі...

Қарлығаштай су тасып аузыменен бүріккен,
Тіршіліктің тынымсыз сақшысы бол жүреді.

Мына ғұмыр - арпалыс,
Бір ұтылып, бір ұтып...
Өз қолыңмен өшіріп,
Кейде барды құрыттып...
Жүретінің ғажап-ақ,
Ал, бұл қыздар кейде өзін
Біздер үшін құрбан ғып,
Кететіндегі ұмытып.

Тірлік деген тірлік қой,
Кейде өзім де алаңмын,
Қайшылығы қашан да бітпейді бұл ғаламның.
Басқа үшін баз кешіп жүрген жандар бар кезде,
Жаз ғұмырдан кеткісі келмейді екен адамның.

Байлық деген көз құрты -
Алтын, күміс, жаһұт бар...
Соның бәрін жинауға өмір қысқа, уақыт тар.
Аз болса олар аз болсын,
Содан кемдік көрмеспіз,
Көп болса екен тек қана Айгүл менен Бақыттар.

Озбайды адам

Тірлікте арылған ба ойдан адам,
Азаға, қазаға да... тойға барам.
Жүрекке бәрі соның жүк артады,
Адам ба барын, жоғын ойламаған.

Алаңсыз алғы күнге арман артып,
Ағады су бетінде тал да қалқып.
Тәубасын, қанағатын жоғалтпаған
Елеусіз кей тірлігің бардан артық.

Қоңторғай тіршілігім құла-төбе,
Алаңсыз алабөтен күн ете ме?
Кім білген, ертең күнің елеңдеткен
Жолыңды күл ете ме, гүл ете ме?

Күн батып, кезегімен таңдар атып,
Талайды ұмытамыз барға балқып.
Айламен, аярлықпен бәйге алғаннан,
Қадырмен көш соңында қалған артық,

Тірліктің жұмағынан тозагы көп,
Жазудан жан біткеннің озары жок.
Құдайдың бермегенін аламын деп,
Кей сорлы аш өзегін созады кеп.

Бір үміт көкіректе қоздайды әман,
Жанды арбап сиқыр дүние көз байлаған.
Алдамшы қарап тұрса соның бәрі -
Тәнірдің жазуынан озбайды адам.

Ақынның бақыты

Тағдырын бөгөп,
Өте алмай сайдан, жырадан,
Менен де бұрын ақындар талай жылаған.
Ақын да өзін бақытты жандай сезінген,
Бақытты болса бір адам.

Бақытты қыл деп тәнірден талай сұраған,
Бәрі дос мынау дүниенің,
Жалғанда жау жоқ, сірә оған.
Ақын да өзін бақытсыз жандай сезінген,
Бақытсыз болса бір адам.

Жарық, дүние, жазира дала - жан құты,
Қызықтыра алмас әлемнің жаухар-жаһұты.
Жер бетіндегі адамның соры - соры оның,
Бақыты болса, ақынның ол да Бақыты!

Айып па

Жаныма көргеннен бе жақын бәрін,
Оқимын әр заманның ақындарын.
Кеудеме ұялатып ақылдарын,
Жырларын, өсиеттерін, нақылдарын...

Ортақ мұн, ортақ қайғы, ортақ арман...
Бәр-бәрін бір тіршілік ортаға алған.
Соныдан соқпақ салам десем-дағы,
Соларға соқпай өтер жол таба алман.

Құлағын тыңдағанның елеңдетіп,
Бірі айтқанды басқасы тереңдетіп,
Асан баба бастаған ұлағатты,
Бұхар жырау жеткізген кемелді етіп.

Жанақ, ақын, Шал ақын, әрі-әрі...
Жырдан десте жинаған бәрі-бәрі.
Алтын, ақық, - гүлжиһаз арасында
Сөзің түгіл көзің де жаңылады.

Абайы бар,
Ақаны, Біржаны бар,
Көкірегінді аша бер жырга құмар.
Қазақтың өзен, көлі, тау, даласы...
Түп-түгел ақын десе кім жаңылар.

Шарасын шабыттымның шайқаған сан
Сәттерде албырттықпен байқамасам,
Ақын ел, ақын жерде бірге жүріп,
Айып па кейде бірін қайталасам?!

Артық екен

Басым мен-зең, үқпаймын ештеңені,
Бұлыңғыр күн салмайды еске нені.
Ақылды бол былайша көрінгенмен,
Өзім білем, сол ақыл кеш келеді.

Көрген едім деймін ғой, көрген едім,
Көргенімнен көп бірақ көрмегенім.
Енді шықтым биікке дей бергенде,
Талай тартты тас тағдыр көлденеңін.

Талай тартты тас тағдыр көлденеңін,
Асқар тау бол жәй ғана өр дегенім.
Тырмысып-ақ, бақтым-ау, сонда-дағы
тұра бердім орнымда, өрлемедім.

Тұра бердім орнымда, өрлемедім,
Ордай болып кең жазық жол дегенім.
Басқалардан оқ, бойы озып барып,
Омақаса жығылды көк дөненім.

Кімге керек шөліркеп-шөлдегенім,
Басыңды ій, құдыретімді көр де менің.
Дегендей-ақ, үкімін үкіледі,
Кімге керек тірлігім - өлмегенім.

Қияндарын көрем деп кезіп қырдың,
Құлан аспас қиянды қезіктірдім.
Жұзім менен ізмді баққан жандар
жібермесін ілгері сезіп-білдім.

Жазылмаған қандай заң, қандай заман?
Ұға алмадым, таңырқап таңдай қағам.
Ақын болып арбасып күн кешкеннен,
Артық еken жармасып арба айдаған.

Қимастық

Тау асып жүріп сүрінген сәтім алғашқы
Қыын-ақ болды, тіршілігімнің алды ашы.
Қылтадан тосып, аттаттаймын деп ілгері
білгені дәйім -
атымның шәүжайына мықтап жармасты.

Амалын жүптап, жармасты мықты-ақ, жармасты...
Жауықса мықтап сонымнан сірә қалмас-ты.
Қазақтың қаны, зандылықтай көрдім бәрін де,
Құдай бергенді құдайдан басқа алмас-ты.

Алға аяқ, бассам, аттатпаймын деп ілгері,
Айналып келіп соқтығу болды білгені.
Өзінен гөрі “жауын” көбірек “өбектеп”,
Басқа ісі жоқ, бағып жүргендей бір мені.

Қайранмын соған, кеше гой біздер бірге өстік,
Балалық шақтың балдай дәуренін бір кештік.
Қатар жүгіріп, қатар сүрінген күндер-ай,
Төтеннен келіп қосылды қандай күнdestіk?!

Мен ақын болдым, ол әкім болды,
аз ба бұл,
Азбай-ақ қойса қайтетін еді азбағыр.
Әу баста жазған тағдырдың жолы әр басқа,
Өз айдынында қалқымайтын ба еді қаз да кіл.

Қайранмын әлі,
Кеше гой біздер бірге өстік,
Менен де бәлкім өткен шығар-ау біlmestіk
Жүрегімізді бекітіп алдық, құлыппен,
Есігімізді де бір-бірімізді кіrmес қып.

Айларда бітпей әңгімелеріміз бір кештік,
Айдынға шықсақ, қайығымызды да бірге естік.
Одан кетті ме,

Менен кетті ме біlmestіk,
Қай бүйірімізден қосылды келіп күndestіk?!

Пенделік шығар айтқанымызды заң деу де
Даңғарадай боп көтерілгені-ай даң қеуде.
Бір-біріміздің аналарымызды қоса еміп
дос едік өскен,

Қимаймын әлі жау деуте!

Тәтті өмір-ай

Күлгенимнен күніреніп-күрсінгенім
көп шығар-ау, жанымның дүрсілдерін
естіген жан есінен танар еді
жүргендеймін жер басып, құр сұлдерім.

Неге келдім өмірге, неге кетем,
баз тіршілік ойын ба, немене екен.
Жұз жасаған адам да бұл гұмырды
қамшының сабындаі-ақ деген екен.

Ала берсін мен болсам - аңдығаны,
Қызық-думан кейінде қалды бәрі.
Құрығынан тағдырдың кім құтылған,
Аңдығанға адам бір алдырағы.

Жаудан бетер үрейлі жапқан жалаң,
Жақының да аңдысқан жаттан жаман.
Жұбан ақын айтқандай сұрапылдан
қайтқаның аман-сау өкінесің
Уақыт дерпті жаныңа батқанда әман.

Уақыт дерпті жаныңа батқанда әман,
Ұрда-жықтар көбейіп, "Аттандаған!"
Жер тесігі табылса кірердейсің
Адамды адам талап жатқан заман.

Өмір шіркін жалғасқан ой-арманға,
Көрінеді орта бол толы арнам да.
Мың құндік жұмағынан бір-ақ құндік
тірлік артық екен гой деп тұрасың,
Әйтеуір таңда үйқынан оянғанда.
Тәтті өмір-ай, тәтті өмір - шат көңіл-ай,
Қызығына тірі Адам тоя алған ба?!

Алдамшы көбік арман

О, Тәнірім-ай, шынымен күз келді ме,
Санаймыз артта қалған іздерді де.
Өмірдің алды ыстық, арты сұық -
Алдымызда күтіп тұр біздерді не.

Қалғаны - қытымырау қысы ма екен,
Арманның аласа ұшар құсы ма екен?
Жазы жоқ жаймашуақ, көктемі жоқ,
Адамды алдарқатар тұсы ма екен?!

О, тоба, қайтсын күндер бізден өтпей,
Пенде көңіл өлмесін іздемек пе-ей.
Қыршынынан қызылып кеткендер көп
Қарттықтың қысы түгіл күзге жетпей.

Көктем өткен, жаз кеткен жаймашуақ,
Қалған гұмыр,
Келеміз жармасып-ақ,
Көкке құштар қиялдың қанаты жоқ,
Мәз боламыз мал бағып, жанды асырап.

Шынымен-ақ, сылбырап күз келді ме,
Үмітпенен жалғаймыз үзгенді де.
Еске алушмен өткенді алданыш қып,
Қимастықпен санаймыз іздерді де.

Қарап тұрсаң қызықтың көбі қалған,
Жақсылықты іздейсің жорып алдан.
Мәз боласың табылса сез ұғар жан -
Ол да әйтеуір алдамшы.
Көбік-арман!

Шүкірлік

Мен не күйдемін, жатқан жоқ оны ел біліп,
Қараймын ұнсіз терезеге ұзак телміріп.
Айналайындар!

Біреуінен соң біреуі
“Жазыласың!” - деп кетеді демеп, сендіріп!

Тасқа шапқандай мұжіліп, жігер мұқалып,
Бара ма кеміп күтімсіз көңіл, құт арып.
Ағын су қажап қайраған тастай күн-түні
Білемін өзім бара жатқанымды жүқарып.

Толып та көрдік кемерден асып, толмай да...
Болып та көрдік көз сұқтандырып, болмай да.
Орнасы орта кеміс көңілді көтеріп...
Ауыздарыңа май, айтқандарың шын болгай да!

Өткенімді ойлап, кеткенімді ойлап, қунбе-күн
Сынаптай сусып өтуде күн мен түндерім.
Есләмнің ізі дейтіндей ертең ел-жүртүм
Артыма белгі қалдыра алам ба, білмедім!

Әз гүмірымда не көрдім мына, не білдім,
Қаршадайынан қара қамытқа жегілдім.
Жүрек те ет қой, қажалған шығар қажалса,
Жүқарар қүні де болады емес пе темірдің.

- Жүрегің! - дейді, - Жүрегің! - дейді, - Жүрегің!..
Жүқарған жүрек, тап басып табар кім емін.
О баста осы миымнан емес, жүректен
әкетсінші деп тіледім,
өзім білемін.

Айттым ба екем басында бәрін білгендей,
Жүрегі ауырып, торыққан пенде бір мендей.
Шамадан асып ғұмыр сүргім де келмейді,
"Алдадым, құдай!".. Алдадым-ау!.. деп жүргендей".

Пендені тәңірім жарата ма ылғи бүтін ғып,
Көңілге талай кірген де шығар күпірлік.
"Аз жасадым-ау! - деп, -

Көп жасадым-ау! - деп айта алман,
Жаратқан ием! Бергеніңе тәуба, Шүкірлік!

Tірі адам тауыспаған

Жүрсе де шашымыздан тарақ, қалмай,
Жаза-жаза таусылған парактардай
Жалын-жігер жүқарып күннен күнге
Ақыл-ой да азайып баратқандай.

Ақыл-ой да азайып баратқандай,
Тәңірім баста сол үшін жаратқандай.
Кескін-келбет,

Баяғы отты көз жоқ,
Жалт еткізіп сұлуды қаратқандай.

Уақыт жетті, құс көніл топтан қалды,
Топтан қалу оңай ма, көп қарманды.
Секемі көп, алысқа жетері жоқ -
Далбаса қып жүреміз жоқтан барды.

Өшіп-жанған арманның шырықтары,
Үміт-сәуле алдамшы, жырақ, бәрі.
Жарқырайтын қуат жоқ бірақтағы,
Көз жұмылмай сөнбейтін сияқтанды.

Көндіреді құс ғұмыр көнбесіңе,
Келе жатыр жақындаپ көмбесіне.
Мың жасайтын құзғындаі көрінсең де,
Ерте-кеш пе, қоймайды сөнбесіңе.

Сөнбесіңе, қоймайды өлмесіңе,
Тірлік - борыш, борышты бермесіңе.
Өлімнің құрығынан құтылам деп
қашқан Қорқыт бабамыз келді есіме.

Тұрган жерім - өр емес, еңіс менің,
Еңістерін ойменен тегістедім.
Елу жасты дейді алдап жер ортасы,
Көре құра сенбедім, келіспедім.

Келіспедім сірә да, келіспедім...
Толып жатыр толмаған кем істерім.
Пенде шіркін арманнан қол үзген бе
Пайғамбардың жасына таяп қаппын,
Не тындырдым сол жаста, нені істедім?

Елемейтін, тұкті де талғамайтын,
Жаман-жақсы - саралап таңдамайтын,
Тірлігінің тұғыры алдамайтын,
Елу - қырық емесі айдан айқын.

Не бар еken өмірде ойдан айқын,
Секілдімін көп сырды қойған айтЫп.
Ой мұжиді адамды ойлай берсе,
Мәңгүрт болмаған екем ойламайтын.

Ой шіркінді тірі адам тауыспаған,
Көкірек пе көкірек ән ұшпаған.
Арман-үміт азайып барған сайын,
Бара жатқан секілді алыстап ән.

Х Х Х

Бір күнің өтсе,

Кысқарды бір күн ғұмырың,
Зандылық, бәрі, елеп-ескерер мұны кім.
Алатауымдай аласарып қалды бір елі
Бой жетпейтіндей кешегі биік тұғырым.

Кекілін қиып,

Тұлымын тарап ұлының,
Біріктіре алмай шашылған ойдың сынығын,
Ертеңді ойлап, шалдышып-шаршап, жылыстал
Кетеңі алдап, өтеді жайлап ғұмырың.

Көкденен көңіл,

аспаңдағы Айға жетем деп,
Сәбидей ғұмыр кешесің кейде секендереп.
Байлық, та, бақ, та...

Бәрі де, бәрі бір күндік,
Ойлай алмайсың басымнан ұшып кетер деп.

Ойлай алмайсың басымнан ұшып кетер деп,
Кәрілік сайтан өкшелеп қуып жетер деп.

Қартаймайтындей,

Әр таймайтындей жүзіңнен
Әуреленгенің шығады бәрі бекер боп.

Тіршілігінің таусылып қызық-құмары,
Аласарады шыңың да биік шынары.

Алдамшы ғұмыр,

Оны кім қалай ұгады -
Бәрі де, бәрі...

Бір күндік болып шығады.

Байқа, байқа...

Қаным таси береді қайта-қайта
Арызданған жандаймын айта-айта
Ренжіме, қуанба, қобалжыма...
Дейді емдеушім:
 Өзінді байқа-байқа...

Неге бұл қан тасиды, көп пе сондай,
Қуат кетпей жүректен, өкпе солмай
Көңілдің де қанаты талған білем
Шырқап ұша алмайды көкке самғай.

Тасиды қан, арнасы бұзылған ба,
Ашиды жан, не болған қызыл қанға.
Елемейтін есіл күн қызынғанда,
Қорқатын бол барамыз ызыңдан да.

Дерт осы ма көрсоқыр дүлей деген,
Жетегіне жазмыштың кім ермеген.
Бозғыраудай бозарған реңменен,
Таң атырып келеміз кіл емменен.

Қан тасиды тынымсыз дамыл-дамыл,
Қуат көп пе тасырдай қанымда бұл.
Өмір деген ұшында ұстараның,
Өлім-жауыз қарайлап жанымда жүр.

Күн келеді,
 жалғасып ай келеді,
Бір атаның мен қалған байтерегі.
Немеремді бір қырға шығарғанша
Мазаламай қойсаң-ақ қайтер еді.

Әмір-Баба,

Мен сәби баламын ғой,
Еашық қөзбен құмартып қарадым ғой.
Орын тимей қалар деп асықпаймын,
Күнім жетсе, ертең-ақ барамын ғой.

Байқа-байқа мені, өлім, байқа-байқа,
Мезі еттім бе мұңымды айта-айта.
Жанды ойлатып,
миымда қанды ойнатып,
Есігімді қақпаши қайта-қайта.

Ақын кейде...

Ұйқы қашып, ой басып...
От жүрегім алаулап,
Қыска таңда оянам төсегімнен сан аунап.
Қармақшыдай қалтқының қылт еткенін жібермей,
Тұн баласы тебіреніп отырмын ой аулап.

Маған берген Алланың БАҚЫТЫ Да, СОРЫ Да -
Бір тірлікті осылай тіркеп қойған соңыма.
Сәтіменен бір жақсы ой келе қалса ойыма,
Ат басындаі алтынды "ұстап шығам қолыма".

Тәтті ұйқыны жеңе алмай сәттерім көп ерінер,
Ояна алсам "өндіріп", көңіл көктеп семірер.
Былайғы елге күлкідей, басқа түспей не білер,
Есі ауысқан жындының қылығындаі көрінер.

Тіршілігі қым-қиғаш, әрі шілде, әрі ақпан,
Қан тамырлар өн бойдан мұз бен тұзды таратқан.
Ақын кейде әпенде, әу басында тәңірім
Бір ноқатын осылай артық-кем ғып жаратқан.

X X X

Ағайындаст инсульт пенен инфаркт,
Қоймаса да сырға салып, ен тағып
жүрмесе де әзірейлі секілді
тағдырындағы танып алған ел, халық.

Жұргеніңде өне бойың қызынып,
Өміріңнің өлшеуіші сызылып,
талма түсте жүректе бір тамырың
талықси ма,
кетеді күрт үзіліп.

Дәл тигендей аққан оғы жасынның,
Жан жүректің сыздағанын жасырдың.
Қас қағымда қып кете береді
Жалғыз көзді жалмаузы ғасырдың.

Таусылмаса татар дәмің, бақ нұрың
Тәңірімнің ісі деп үқ барлығын.
Көкке ілінген арық тайдай көктемде
Алға сүйреп кетеді өмір-тағдырың.

Екеуі де -
инсульт пенен инфаркт...

Келмесін де сырға салып, ен тағып.
Аспандагы тірлігіңнің жүлдізы
Түспесін де тас төбенен ерте ағып,
Түспесін де ерте ағып!

Алтынмен аптасаң да...

Нарық, қырып тұрганда,
қарық, қылмай,
Жарық, күннің өзін де жарық, қылмай.
Кімге жылап шағарсың зар-мұндыңды
Ез күнді күтіп пе еді халық, мұндей.

Тыңдашы!
Көлгірсіген сөз де жалған,
Жалпылдақ, жәдігөйлер безген ардан.
Шындық, қайдада?
Қараашы сәл үңіліп,
Қалса сол -
шүңірейген көзде қалған.

Сөзде емес жылтыраған,
көзде қалған,
Азайып ерде де арман, езде де арман...
қолдарына алдаушы безбен алған
алаяқтар безіп жүр қан базарда -
Нанға жарлы,
Жетерлік өзге де арман.

Алтынмен аптасаң да,
жезбен қаптап...
Арынды ала алмайды безбен ақтап.
Тығызып қай қуысқа жан бағарсың?
Ерлер құрып барады,
ЕЗДЕР қаптап!

Тірлікте қиса-ау шіркін

Керек-ақ, жан еді деп өнерлі елге,
Айналтып құс ұшырмай тәбемнен де...
Кешіріп пендешлік көп ісімді,
Асыра мақтарсыңдар мен өлгенде.

Көтерер дәстүрменен өремді өрге,
Сауын сап жоғарғы елге, тәменгі елге,
Нұрға орап тәбемнен де, тәменнен де,
Қояр жер таппассыңдар мен өлгенде.

Құлазып қөңіл-қөктем көнергенде,
Қарап түр қалмағанға көрер менде,
Қорғайтын ел намысын ер еді деп,
Айтарсыңдар, сол сөзге сенер ме елде.

“Артына қалдырыпты-ау шырын мұра,
Қалайша қөрмегенбіз бұрын мұны, ә?!”
Деп жүртқа жаярсыңдар сырымды да,
Жатқа айтып жүрерсіндер жырымды да.

Мен осы озықпын ба, қатармын ба,
Ләзаттың бал шырынын тата алдым ба?
Айтары молдалардың рас болса
Орнымнан аунап түсіп о дуниеде
Пейіштің қақ, төрінде жатармын ба?

Айтулы арыстармен теңестіріп,
Жеткізіп жерлерсіндер кеңес құрып.
Апарып қоярсыңдар шыңға биік -
Ақ, самал айдарымнан жел естіріп.

Артыңа сөз қалдырып ақындарша,
Атағың алыптарға жақын барса,
Ол да бір ғанибет қой гибраты мол,
Өлмейтін өлеңіңмен атың қалса.

Кімнен алда, кімдердің соңында мын,
Кімдерден тыс, кімдердің тобында мын?
Пенделікпен артық-кем өлшегенмен
Білем іштей шамалап өзім бәрін.

Отеле ме маңдай тер, табан ақым,
пейішке бармай ма өлде, бара ма ақын?
Оған да ризамын рас болса,
Жетеді бәріне де қанағатым.

Таңдал жүріп арманның үзген гүлін,
Талайлар өткен жылап бізден бұрын.
Өлгенде айтылатын көп мақтаудың
Тірлікте қисандар ғой жүзден бірін!

Құлағымда тұр әлі

Ит ұлиды қорада өнбойымды мұздатып,
Бір бәлекет болды ма жүректерді сыйздатып.
Не көрінді сорлыға бір сүмдықты сезгендей,
Күркесінен безгендей жамбасына мұз батып.

Ұлиды кеп ұлиды, көрді нендей сүмдықты?
Торып жүр ме ұры үйді, білді ме бір шындықты.
“Өшірші үнін!” - дейді әжем,
 өз басына көрінгір!”
Кез іле алмай,
 Ұмытып шаршаганын күндіккі.

"Қой!" - деймін мен, қоймады...

Торып жүр ме ұры үйді,
Аңдан да әрі хауіпті, "Иттер" қашан құриды?
Бейуақытта беймаза, бишарага не болды -
Тынши алмай әжем жүр, ала төбет ұлиды.

Міз бақпайды, түр қарап - аспандагы толған Ай,
Айға қарап ұлиды ауламыздың қорғаны-ай!
Бері басар қуат жоқ, өгейси ме өткенге,
Ұли берсін бейшара, тек жамандық, болмағай!

Кенет, кенет... Қанқ етті.

Өшті үні жоғалып,
Түн ішінде не болды, көре алмадым оны анық.
Ертеңіне қарасам үйпа-түйпа із қапты,
Шырылдаған сорлыны кетсе керек бөрі алып.

Жасырайын несіне, көңілсіз бір болды күн
Енді алдынан шықпайды бұлаң қағып ол бүгін.
Хоштасқаны ма екен бәрімізben соңғы күн,
Ұлығаны - бәлкім ол жылағаны егіліп,
Құлағымда түр әлі сондағы үні сорлының.

Ойлаймын...

Қысым - аяз қытыйыр,
Жазым - апта,
Ортаймайтын секілді,
Қазына - ақ қап.
Әзер сиып бөртіген қауызына,
Бисмилланы алмайтын ауызына,
Қажы қаптап барады,
Қажы қаптап!..

Оттай жанған Меккенің алау жазы,
Жолы түссе мынау да, анау қажы!
Жан білмейтін көңілдін бар-ау назы,
Бірақ кімге айтарсың мұң шағынып,
Су татырмас сорлыға қарау қажы...

Ел-жұртының жүргендей арын ақтап,
Аңқау елге көгі де, ағы да аппақ,...
Құдайына сене ме, сенбей ме әлде,
Қайыр-зекет бере ме, бермей ме елге,
Қажылышы алардай бәрін ақтап.

Көзім жетпей сенбесім, сенеріме,
(Мекке барды десе жұрт сенеді де.)
Толмай қойған көлшіктей кемеріме,
Не айтарымды білмеймін мен еліме,
Алакөзіл тірлігім тыншытпайды,
Алдамшы қажылықтың керегі не?

Шертіп қалсаң - "шежіре", мақтанға әзір,
Бәр-бәріне жетеді тапқан мәзір.
Бере қойсан, үміткер тақтан қазір,
Елге бірлік тілей ме, тілемей ме,
Білек түріп шығардай бірегей ме,
Атойлаған алапат "Аттан да" жүр!

Інісі жүр, біреудің ағасы жүр,
Әкесі жүр біреудің, анасы жүр...
Қайдан келген бересі, аласы бұл -
Жан қинап, мал таппаған баласы жүр. .
Төңіректі топанша қаптап алған
қажыларға қара да, қайыршының
көздеріне мұң тұнған қарашы бір.

Иман бар ма солардың тілеуінде,
(Жылармын ба, құдай-ау, құлермін бе)
Мұсәпірге мұсіркеп қол берердей,
Ізгілік ниет те жоқ біреуінде,
Не боп кетті мына күн, мына өмірде?

Тұлқі тірлік, құйрығы бұландаиды,
Ұстаптайды құбылып, мың алдайды.
Өмірдің қалтарысын, жалтарысын,
Көңілдің қалтасызын, қалталысын,
Ешкім үғып, еш пенде біле алмайды.

Меккеден мешіт салған Құнанбайды
ойласам, көнілімді мұң арбайды.
Мал жинап, жан қинаған сондай болар,
Қағбаға қанша мәрте бас қойғанмен,
Қадірін қажылықтың үра алмайды,
Санадан сергімейді ұлан-қайры,
Ұлан-қайры - сейілмес тұман-қайры!

Тұлкідей қырық құбылып жатқан заман,
Шын жауықса, жақының - жаттан жаман,
Ес жиып, ел болдық па деген кезде,
Үй іргесін ірітіп үрейді алар,
Қажылықтан қорқамын "Аттандаран!"

Адамға күндер де арман, түндер де арман,
Кімдер шыңдық, айтады, кімдер жалған?
Бұл фәниде мәңгілік кімдер қалған,
Пендиілікпен ойлаймын,
сауабы артық,
болмас па еді сорлаған мың бейбақты,
Бір тойдыrsa, МЕККЕГЕ мың барғаннан!

Қап-қара тұн

Қап-қара тұн,
Қап-қара, қап-қара тұн,
Ақ көңілім де қарамен қапталатын.
Жаңа ғана ашық түс ғайып болды,
Тіршіліктің көрдің бе қат-қабатын.

Бірі жанса жұлдыздың мыңы сөніп,
Әл заматта тірліктің гүлі солып,
Көзге тұртсе көрінбес қара түнек -
Үміттің де жатқандағы қас қарымда
бірі жанса жылтырап, мыңысы өліп.

Қап-қара тұн,
Қап-қара, қап-қара тұн -
Адасуға ізіңнен шақ қалатын.
Тарылтқандағы тымырсық, тынысымды
Жоғалтқандағы мамыра мақпал атын.

Төңіректі тунектей түмшалаған,
Ағып жатыр жұлдыздар, кім санаған.
Ертеңінен үміт аз, арман алыс,
Ризамыз бүгінше тұрсақ аман.

Kім мырза?..

"Мырза!" - дейді,
Мен осы мырзамын ба,
Жүргенге "мырза" атанып ризамын ба?
Атына сай әркімнің заты болса,
Көрініп тұрмас па еді бір жағында.

Жалғасып жатқандай-ақ жыл да жылға,
Бұл күнде жын да мырза, құл да мырза.
Жиып ап кәрі-құртанаң, аш-арықты,
Бір тойдырып “өлердей қылған риза”.

Оңымыздан құйылып, солымыздан,
Жығылмай жүрсек жора-жолымыздан,
Көп сорлының біріне жылап келген
Бермес пе едік қаптаған қорымыздан.

Ана мырза деуменен, мына мырза...
Айналған бірі де жоқ жыр-аңызға.
Шығайбайдан сорымыз шығымы жоқ,
Шығандап шың басына шығамыз ба?!

“Мырза!” - деп алаяқты, арамды да,
Көңілім барға, жоқ да алаң мына.
Мадақтап Қарабайдай сараңды да,
Масқара болмаймыз ба ар алдында.

Кім мырза?
Бергендер ме, алғандар ма?
Таң қаласың өзіңе таңданғанға.
Бірді беріп, айналып мыңыңды алар,
Заманына дөп туған Алдарлар ма?
Шақша басым шарадай, ұға алмадым,
Шыннан мырза бола алсақ, арман бар ма?

“Мырза!” - деп мырзаны да, мырза еместі -
Терісін айналдырып жылдар ескі,
Жұртының бар жиганын жырып алып,
Бүгінде “мырза” атанғыш ұлдар өсті.

Көңілінді көктетіп,
гүлге бөлеп,
Көміліп күнде үлдеге өрек
жұргеніңмен пендеге қайырың жоқ,
Атанған "мырзалығың" кімге керек?

Жүрегімді көрсөң ғой...

Қысым жайлы,
Көктемім, жазым жайлы...
Айтсам еркін қанатым жазылмайды.
Азын-аулақ, көңілдің қуанышын
Күзбен бірге хоштасқан қаз үрлайды.

Міндетімді жүрсем де өтеп мейлі,
Кейбіреулер:
"Бұл не өзі, көтек!" - дейді.
Тұмшалаған қалың бұлт - зілдей ауыр,
Қорғасын ой еңсемді көтертпейді.

Қысқа жалғас көктемім, күзім өтіп,
Жүрегімнен ызғары, сызы да өтіп,
Жалаңаяқ қар басып жүргендеймін,
Бұйырмаған жан болып түзік етік.

Қысым жайлы,
Көктемім, жазым жайлы,
Қуанышым,
Өкпе мен назым жайлы...
Айта берсем ертегім "Мың бір түндей",
Таусылмайтын өмірім азыздай-ды.

Іштегі ірің мимерез ісіктердің
Уын талай татып та, ішіп көрдім.
Арлан итке талансаң арман бар ма,
Қанденіне қор болдым күшіктердің.

Қайтем бәрін дамылсыз күйттей беріп,
Өзгені де өзі иттер иттей көріп,
Балағымнан, жеңімнен кіріп алып,
Бұрге болып талайды, биттей болып...

Көрінер жау болса гой анталаған,
Бұрге, битке не жауап қайтара алам?
Сыртым сап-сая қарасаң, ішім дерпті,
Жүрегімді көрсең гой қанталаған.

Откен өмір қинодай

Алпысты жұрт ата жасы дейтін-ді,
Содан шығар, кірпік ілмей кей тұнді
атырамын жылдай таңды ой қуып,
Көрсең мына қалжыраған кейпімді.

Кімді таптым, таппай қалдым кімімді,
Соның бәрі жүрегімнен білінді.
Таңда талай қөзім сирек ілінді,
Ізі қалды жырым-жырым жылдардың,
Көн табаным тасқа тағы тілінді.

Тірлігінде тырмыспайды өрге кім,
Өрмекшідей өрген тірлік-өрмегін
Көп биікке көрдім мен де шығам деп,
Шыға алмадым, одан бірақ өлмедім.

Жүре-жүре ой да, бой да мұжіліп,
Жіңішке жітпей бара жатқан үзіліп...
Өткен өмір, кешкен ғұмыр кинодай,
Кез алдында тұрады ылғи түзіліп!

Бәрі бірдей

Тұк емес көрмегенің, көргенің де,
Шаппайсың өршеленіп өрге құнде.
Жайпаған мыңды жалғыз ер болсаң да,
Бір тәмпешік -
қаласың өлгеніңде.

Жауыңды жерге қаққан батырлығың,
Аузыңа ел қаратқан ақындығың...
Тұк емес,
Абылай да, Ағыбай да,
Би Төле, Қазыбек пен Әйтеке де...
Тым-тырыс,
Мұрдесінде жатыр бүгін.

Құл-құтан,
есіктегің, төрдегің де -
Бәрі бірдей момаңан өлгеніңде.
Қалады ЖАҚСЫ, ЖАМАН аты ғана,
Басқасын әкетеді қөрге бірге!

Кейде ойлаймын...

Тия тұрғын ойын менен сауықты,
Қуану да,

Уану да хауіпті.

Жүрек пен ми жетпегендей өңгесі -
Инсульт, инфаркт дейтіндерді тауыпты.

Кім біледі,

Талай адам сауықты,
Қорғаушысы мықты болса,
Жау ықты.

Жан дерті ме, тән дерті ме, білмедім,
Әкеледі кімге қанша хауіпті.

Құп алмасам таңым күліп атқанда,
Қуанбасам,

Ел қуанып жатқанда,
Жыламасам тәніме емес,
Жаныма
жара түсіп,
Айықпас дерт батқанда...

Не болғаным? Кім болғаным мен онда?
Басар ма екен қарыс-сүйем ем оңға.
Әміршісі жүргегімнің - тек өзің,
О, Тәңірім!

Қол ұшынды бер, онда!

Көп шығар-ау көрмегенім көргеннен,
Жан саулығым өміріме өң берген.
Кейде ойлаймын артық па деп о дүние -
Түк тындырмай тірі жүріп өлгеннен!

Бәрі, бәрі... алдамшы

Бар адамның багы бірдей жанбайды,
Біреуге - мал, ал біреуге - жан қайғы.
Өмір деген - арман-сағым, көлбендеңеп -
көз алдыңда сылаң қағып алдайды.

Алдайды кеп, алдайды кеп... Алдайды -
Сейілмейді жаныңдағы бар қайғы.
Қашсан-дағы құтылмайсың, ТАҒДЫРЫҢ
Қосақталып қыр соңынан қалмайды.

Биіктерің - жеткенің мен жетпегің,
Өткізбейтін, жеткізбейін шет-шегің.
Бәрі бәрі... бәрі алдамшы тірлікте,
Бұл фәниге келгенің мен кеткенің.

Туғаңдай-ақ, әуел баста жейдемен,
Мұңайсам да... Мазалайды кейде өлең.
Жете алмайтын болсам асылы арманға,
Бұл өмірге не үшін келдім дей берем.

Шырқ айналып дөңгеленген дүние,
Домбырамды келтірмейді күйіне.
Соның бәрі ТӘҢІРІМНІҢ еркінде,
Жаратушым - дүниеге шын ие.

Көнілімді мұң шалғанда кейде мен,
Жүргегімді жегі құрттай жейді өлең.
Мыңдан бірін орындарай ойымның
кетер болсам арманда, мына жарық жалғанға,
Ақын қылышпесін бердің, О, Алла!
Несін келдім? Не үшін кетем дей берем!..

Қайран қырық

Алпыс маған келді ме,
Мен алпысқа келдім бе?
Алпыс маған сенді ме,
Мен алпысқа сендім бе?
Жастықпенен хоштасар жолайрықта тұрғандай,
Сергелдеңі көп тірлік,
Сенделемін мен күнде.

Болған, толған кезінде -
Дегені ме бір төгіл,
Жай-күйімді сынаиды магнасыз күйкі өмір,
Сорлап қалған бейбақтың мөлтілдеген көз жасын,
Жылы сөзбен жебе де,
көңіліңмен сүрте біл.

Пайғамбардың жасына тұра тартқан сапарың,
Сен де атасың бәрі бір болмағанмен сақалың.
Ата жасқа жеткенде жел бурадай желпінбей,
Сол жасыма деп тіле сай болғай да атағым.

Алпыс маған не берді,
Мен алпысқа не бердім?
Алпыс жылда басымнан нелер шаттық,
нелер мұн...
өткергенім бәрі де,
бәрі өзіме белгілі,
Шектемесе тәнірім,
ЖЕТПІСКЕ де келермін!

Бір он жыл ма?
Арасы Алматы мен Қаскелен,
Көпсінбесе тәңірім,
Бүйым ба жұз жас деген.
Бәрін берсең,
Нәрін бер, қасиетті кәрім дер,
Ол болмаса керексіз қадірі жоқ жас деген.

Ұзақ жасты үрдіссіз жан емеспін тілеген,
Жапырақ жаймай тұрса егер
жел өтінде құр емен.
Басын бермей Абайдың,
Жасын ал деп Жамбылдың
тілек айтқан жандарға жынды адамша құлер ем.

Алпыс үш жас -
шынымен ПАЙФАМБАРДЫҢ жасы ма,
Тұғырынан өлде бұл тайғандардың жасы ма,
Алақанын тағдырға жайған жанның жасы ма,
Кемелденген кеменгер дейтіндерің осы ма,
Жатыр жайлап әйтеуір қоңсы қонып қасыма.

Өрге қарай атылар ойдан тепкен тасына
сүйсініп шын тұратын досы түгіл қасы да.
Тіршілікке не жетсін,
Тегеуріні ерек шын -
Қылшылдаған қылыштай
қайран қырық жасыңа?!

Ұлы, жүргегім!..

Адасып келген бе екенбіз мынау өмірге зәуде біз,
Далада тұған басымыз қалаға қашып әуреміз.
Қаңырап қалған қанағат -
 аңыраған кіл ашкөзбіз,
Кермандаі заман
 кері кеткен ештеңеге жоқ тәубеміз.

Күдайды танып қайтеміз,
күдайдан күшті ҰЛЫҚ бар,
Жайына жайрап қалғандай баяғы ғажап ғұрыптар,
Жоғалған сенім сезімді құрсауына сап құлыптар.
Заманым зарлы,
мен - жарлы, жүрегім иттей ұлиды,
Ұлы, жүрегім,
сорлы үнің оятса жүртты ұлып қал.

Тоқыраған судай тоспада ағынсыз мый да сасида,
Қайнайды қаным,
Лыпасыз жалаңаш жүрек ашиды.
Жартасқа барып
Абайдай күнде айғай салып жыласаң,
Кеудесі құлып!
Күнде ұлып тебіренте алмайсың тас үйді.

Айқалап көрдім, айқайладап,
жандауысымнан кім ықты ал,
Міз бақпайды өне таскерен
шойыннан құйған құлыптар.
Бірі болмаса біреуі оянар ма екен ұлықтар,
Тау менен тасты күнірентіп ұлы, жүрегім,
ҰЛЫП қал!

Х Х Х

Ақындарда не қауқар бар жарықтық,
Талай жерде шалағайлық таныттық.
Қатындардың мұсы басып мықшиып,
Қарсы келмей қалтылдадық,
әрі ықтық.

Талай жерде солқылдақтық таныттық,
Қыздарға өлең жазғаныңды салық қып,
Қаһарланса қуырдақша қуырып,
Тірлігінді жібереді тамүқ қып.

Ақындармен шығып жүріп күнде елге,
Қарсы алған соң білмеген де, білген де...
Кейде сезім су бетінде қалқиды,
Қыздарға өлең жазып жүрген бір мен бе?

Күнде шырқап айтқан кезде ел әнін -
"Тұманбайға жетпейді гой, - деп, - әлім".
Отыратын көп алдында Құлтайлар,
Оңашада қояды екен не жанын?

Айтқанымды әзіл деп үк,
шын деп үк,
Шабыт бойға әкелмейді күнде құт.
Кімге арнап жазсам-дағы ұмытпа -
Сол арқылы жүргенінді күн көріп.

Күндерде мынау

Білмеймін қазір қабылдар қалай жұрт өзге,
Мерекесі көп, берекесі жоқ қырт, езбе.
Өсек өрбітсе қатынды жолда қалдыраар,
Алдынан өтсөң, бетіңнен алар шалдауар,
Сипалап қойып желбуаз "бәстек" қарынды,
Былайғы жұртқа көрінер көсем, дарынды,
Лауазымы үлкен, жазушы бол жүрген бұл кезде.

Өнері бітіп, өлеңі жүрдай суалып,
Нәрі таусылған кәрі теректей қуарып,
Тіреуіндей бол бір мықты шықса руынан -
Әлген әкесі тіріліп келгендей қуанып,
Ысқырғанын да, түшкіргенін де құп алып,
соның арқасында қатарға кіріп ақын бол,
отырады ылғи жақсы жайсанға "жақын бол",
Жан оқымайтын "өлең-жырларын" шығарып.

Күндерде мынау дүние дүмпіп күйрекен,
Өзгеріп сәтте, қалайша басқа күйге енем?
Жасына жетпей бұзау-баспақтар күйлеген,
Бүйдасын үзген бұқаларды бұзып билеген.
Жолдарым мынау "құбылаға" бастар дейтуғын,
Қалың жыныстың ішіндегідей ирелең,
Құлы болдым ба тәнрінің қалап-сүймеген,
Білмеймін кімді өнеге тұтам, үйренем?

Шығарам-ау деп жүргем жоқ елге атымды,
Арнаймын кімге дүниәй өлең-хатымды.
Ойдағынды айтсан, одырайып үркे қарайды,
Ақымақ - сенсің басқаның бәрі ақылды,
Керек қып жатқан көрмедім бүгін ақынды.

X X X

Бәрі есімде деймін рой сол баяғы,
Жүремін көп ойдағым болмай әлі.
Қашан келсем құйрығын бұлғандатып,
Қарсы алады көрші үйдің Жолдыаяғы.

Жолдыаяғы,
Көрші үйдің Жолдыаяғы,
Көңіл күйі жүр ме екен болмай әлі.
Иесі жоқ,
қалған ба жетімсіреп,
Күнде мені қарсы алып "қол жаяды".

Дейтіндей: "Айтшы, менен кім ақылды?"
Қарсы алып алдымыздан шыратын-ды.
Енді міне қасымда иесі жоқ,
Бой жетіп басқа ауылға ұзатылды.

Келгендей-ақ үйінің әз қонағы,
Мені көрсе,
Элі сол - мәз болады.
"Жетім қалған" жүртynда сорлы қүшік,
Ерте келсем, кеш келсем баяғыдай -
Көңіліне қуаныш жаз қонады.

Қалғандай ма тек менде бар керегі,
Өзімсініп жүре ме әлде мені.
Байғұсты еркелеткім кеп тұрады,
Не деген данышпандық, қазағымның -
"Итті алсаң иесімен ал!" - дегені.

Тасқын

Көктем сайын тасушы еді бүл Есіл,
Арнасынан асуши еді бүл Есіл,
Бір-ақ, күнде дария болып кететін,
Қосақталып қосылғандай Іле, Сыр.

Тау-тау сеңмен арпалысып ағыны,
Көпке дейін басылмайтын арыны.
Шеткі үйлерді белдеу-белдеу су алып,
әбігерге салатын жас, кәріні...

Балалық-ай - бәрі қызыл. Елігіп...
Су басына жететін ек желігіп.
Үстінде әне - қоян, қарсақ, тұлкі... отыр,
Арпалысып бара жатыр сен ығып.

Телегей боп Есілдің ен етегі -
Тілсіз дүлей, кесапаты жетеді.
Кейде таудай сен үстінде жан ұрып,
Мал да, тіпті адам ығып кетеді...

Ал, сол Есіл тасымайтын боп алды,
Арыны да, ағыны да... жоғалды.
Есесіне - үй іргесі кілемдей
Көрмейді ешкім бұрынғыдай көгалды.

Көктем сайын шыбықтың да, талдың да,
Хайуанның да, адамның да, малдың да...
Қаны ойнайды,
Олар да іштей тасиды -
Не ғаламат,
Не занұлық бар мұнда?

Өзіме өзім сауал қойдым мен неше -
Еміреніп ағатұғын ел десе,
Дария еді сүмесінен нәр берген,
Есіл неге тасымайды ендеше?!

Табиғатта талай тылсым бар мына -
Буынына қыл бұғалық салды ма?
Кәрі емендей күні жетіп қураған,
Тамырлары солып-семіп қалды ма?

Көктеу үшін тіршіліктің гүл бағы,
Бір жібітіп жылда жылға-жылғаны,
Қандай жақсы тұла бойды толқытып,
Көктем сайын ТАСҚЫН болып тұрғаны!

Тұс көремін...

Қай тылсымын тірліктің біле берем -
Қалғып кетсем түсіме кіреді өлең.
Тұс деймін-ау, бәрі де, бәрі өңімдей,
Жан білмейтін ғаламат бұ не деген?!

Ұшып жүрем қырандай көк аспанда,
Мәзбін тағы жүйрікпен дөң асқанға.
Көз үйқыда болғанмен,
Көңіл ояу -
Арман-қиял дегенге толас бар ма?

Жүремін гүл жамылып,
Дала қонып,
Бар тұлігі ауылдың барады өріп.
Тұрғандай-ақ соларды жаңа көріп,
Жүгіргім кеп кетеді бала болып.

Тұс көремін, тұсімде өлең көрем,
Көңілім бе екен күндізгі елеңдеген,
Өмірім бе екен кей-кейде еленбекен,
Өлеңменен көктеп ем, көгерген ем,
Соның бәрін тынымсыз көрем, көрем...
Өңім емес, тұсте де тағдырымды
Өлеңге қосақтаған өлермен ем.

Сырға тұнған ауылдың маңын көрем,
Нұрға тұнған тауымның таңын көрем,
Ұрғатылған бақшасын, бауын көрем...
Жастығымды көремін кешегі өткен,
Сол күндерде қаншама есе кеткен,
Арбасып отпен, өртпен, жалынменен...

Тұс көремін, тұсіме кіреді өлең,
Тәтті үйқымнан оянып түрегелем.
Бүйдаланған тайлақтай сол шіркіннің
Бодауына көнем де жүре берем.

Бодауына көнем де жүре берем,
Қай тылсымын тірліктің біле берем.
Жас күнімде басына әулиенің
Жыр жастанып, ырым ғып түнеген ем.

Жан емеспін киелі жолдан шығар,
Тіршілігім - мәуелеп толған шынар,
Бабалар: "Қырықтың бірі - қыдыр", - деген,
Қыдыр болса, біреуі болған шығар,
Өлең - жыр боп қеудеме қонған шығар.

Қай тылсымын тірліктің біле берем,
Қалғып кетсем, ТҮСІМЕ КІРЕДІ ӨЛЕҢ.

Саналарға сабыр бер

Мен келіп мына өмірді мен көргелі
Майдан болып кеткендей жер мен көгі.
Бір бірімен жалғасып елшілері,
Бір бірімен арбасып мергендері...

Күнде майдан - керісу, мақұлдасу,
Кінәласу, келісу, жақындасу...
Болғаны тек өмірді өрт шалмаса,
Болғаны тек жеңбесе ақылды ашу.

Егес туса тұра ма оқ, атылмай,
Оқ, атылса, үй тұрғай, қора тұрғай...
Мынау әсем әлемнің бәрі құрып,
Шошимын бір алапат болатындей.

Үрейлі аталар да, аналар да...
Сыздайды жазылмаған жара жанда.
"Біз көрғен сүмдүктарды ұмытпа!" - деп
Жалбарынғым келеді бар адамға.

Жүретін құрбылармен сайран құрыш,
Екі қол, екі аяқсыз қайран жігіт,
Не өлі, не тірі емес...
Соны көріп
Жүрегім кете қойсын қайдан жібіп.

Өмір - өрт,
Өрт ішінде күнде майдан,
Тірлікпен қоңсы қоныш ірге жайған,
Жиырма екінші мамыры қырық, бірдің
білмейсің келетінін кімге қайдан.

Ақ самал жел еседі таудан ізгі,
Бермес қой ешкім байлап жауға бізді.
Сөйтсе де әлдекімнен секем алып,
Шеп құрып жасақтаймыз ауламызды.

"Тыныш!" - дейміз, тыныш болса нeden бәрі?
Сіңбейді бойға адамның жеген нәрі.
Кеше оттың ортасынан тірі оралған
Қорқады жарымжандар менен де әрі.

Майдан, майдан!.. Түрганмен оқ атылмай,
Ашу қысса көзге қан толатындей.
Санағарға сабыр бер,
Ей, АДАМЗАТ,
От көсемей, ПЕРИШТЕ бола түрғай!

Х Х Х

Тұзға да кезек, мұзға да кезек... Кезек көп,
Ұйқыдан түрмай зыр қағып жүрміз безектеп.
Алтын, күмістің... орынын басып келеді,
Мыс пенен қола, жez ептең.

Қайта құру ма, қайта құ-ру ма?.. Бимәлім,
Ұға алмай бірін жанымды қанша қинағым.
Судай сапырып,
Шулай шашумен келеміз,
Ата-бабаның тірнектеп жүріп жиганын.

Ойдағы бардың айтсам деп бәрін қалдықсыз,
Уралап шығар ұраншыл болып алдық біз.
Жел сөзбен еріп-жібісе жарап еді ғой,
Жүргегімізде тоң болып қатқан барлық мұз.

Бұғін де кезек,
Ертең де кезек,
Кіл кезек...

Кезектен тыным алар ма екенбіз бір мезет.
Сүлдерін сүйреп өле алмай жүрген жандар да
Түк бітірмесе де жатады сайрап, тіл безеп.

Сайысқан сөздің майданы - жерім, көгім де,
Бірдей боп кетті босағам менен төрім де.
Осының бәрі, бәріне... солар "кінәлі",
Өлгендер тыныш жатпайтын болды көрінде.

Өлгөндөр тыныш жатпайтын болды көрінде,
Біздей бейбаққа азаптай бәрін көру де.
Кешікsek, кебін таптай қиналадар көмүте,
Алаяқтардың алдын бір орап өмірде,
Кезекке турып қойсақ па екен өлуге?!

xxx

Азды, көпті,
Барды, жоқты жіктеісің,
Мойыныңа жүктеместі жүктеісің.
Айтсаң дейсің,
Айтсаң дейсің... Бәрі бір
Ойдағыңың бәрін айтып бітпейсің,

Өткен ғұмыр -

Белес-белес-белес күн,

Асып көрген,

Тасып көрген емеспін.

Ұлық, көрсем,

Ұлық, болып қеңестім,

Кішік көрсем,

Кішік болып теңестім.

Арым - барым,

Айналайын аппағым,

Арым үшін әділдікті жақтадым,

Ожданымды,

Озғанымды қайтейтін,

Тура айтам деп тұғаныма жақладым.

Шындық, үшін оқça тігіп басымды -

Асылды - асыл,

Масыл дедім масылды.

Әзімнен де болды білем,

Сан талай

Ойға тептім өрге тебер тасымды.

Бәрі де өтті,

Бәрі де өтті, өтті енді...

Көзден ғана емес,

Көңілден ғайып көп белгі.

Әмір гүлі азып,

Көңіл құлазып қалғаңдай,

Әңімізде емес,

Түсімізде көріп көктемді.

Х Х Х

Жолаушыдай түн қатып жолға шыққан
Өмір-сапар заулайды алға асыққан.
Күн түнге кезегімен орын берсе,
Келеді түнге қайта жалғасып таң.

Дәл сондай адамның да тіршілігі,
Жаз өтіп, жоғалады гүл шырыны.
Талайлар санда бар да, санатта жок,
Жүреді сүйретіліп құр сіңірі.

Өңінен алаулаған шырай қалып,
Көз алды бұлдыр тартып, лайланып,
Жүйріктің шабысына ілесе алмай
Дүние қалып жатыр шыр айналып.

Үістық, қой қайран жастық, сонда-дағы,
Дейсің-ақ, тұра тұрса қолда бәрі.
Асаудай аласұрған ала қашып
Дәүірдің зымырайды доңғалагы.

Бәрі бір көніліңе қайғы алғандай
ештеңе жок.

Болса да айлаң қандай?
Адамзат ұрпағымен кезектесер -
Жұмыр жер Күннің көзін айналғандай.

Қандай бақыт

Айнасында шағылысып жанымның
Сәуле ойнайды сан түрлі.
Сол сәуледей көңілім де шарқ, ұрды,
Құйқылжыған күміс күйлер тартылды.
Селт етпесе сезім шіркін - сезім бе?
Бәрін-бәрін тәрік еткен кезімде
Ұстараның жүзінде тек жан тұрды,
Көңіл де бір көzsіз дейтін көбелек
Жалынына шарпылды.

Сәуле ойнады менің-дағы кеудемде,
Сенің-дағы кеуденде...
Кең дүние дөңгелеп
Журе берді, беу, демде!

Бір нүктеде тоғысатын сәулелер
Алады еken жанды арбап,
Мен соны ұқтым салғанда-ақ.
Көз алдымда дәл сен қиялдағандай,
Көрсөң қия алмағандай -
Орнай қалды арман-бақ.

Сол бақ, еді менің армандағаным,
Сол бақ, еді сенің армандағаның,
Мұндай күндер бұрын-бұрын...
Болмапты, ә?

Өзіңменен бірге кіріп сол баққа
қандай бақыт тегі алданбағаным!

Таң нұрынан таралған,
Адамдардың жан нұрынан жаралған
Сәуле болып келеді екен ақ, арман.
Бақыт іздең көп ұшатын түнекте,
Содан, содан тоғысатын жүректе
Қандай бақыт арманыңды таба алған,
Ақ нұрлардан жаралған!

Адам болып жаралған айыбы ма

Біреу - соқыр өмірде, біреу - керең...
Біреу - таяз өмірде, біреу - терең.
Кемшілікті көзге ұрат көре жүріп,
Теңшілікті келеміз тілеуменен.

Біреулер жүр жоқ, шашын өсіре алмай,
Біреулер жүр бар шашын көшіре алмай,
Көшіре алмай, кеткен бір өші бардай -
Бар мен жоқтың парқына үңілмейтін
Бұл адамдар не деген кесір, алла-ай!

Не салмайды тәңірім мына басқа -
Ток тұрады, жанында тұрады аш та...
Жемісінен бір ағаш майысқанда,
Бір түйіншек шықпайды бір ағашқа.

Арпалысқан өмірде алма-ғайып,
Тағдырына кімдердің таңданайық?!
Бір-біріне білдірмей ор қазады
Дей тұрып:
- Бәріміз де бар болайық!

Бір ғұмырдың мінсе де қайғына -
Кіл қайшылық тірліктің жәйы мына.
Ақылменен істейді-ау соның бәрін -
Адам болып жаралған айыбы ма?!

Қорқамын-ау, қорқамын...

Ауылда өскен бала едік, ауылда өскен,
Арманының тұсауын дауыл кескен.
Содан өлі келеміз ес жия алмай,
Шығара алмай женіл мен ауырды естен.

Жүректерде білсек те жара барын,
Жүре-жүре сол жара жан аларын,
Балалықпен сезбедік сыздағанын,
Сырт көздерге көрінбей қанағанын.

Есейгенде бәрін де, бәрін ұқтым...
Көндірерін көгендереп тәнір-мықтым.
Ақ тілеумен аттамай босағадан
Жесір болып қалғанын қалыңдықтың.

Белге түйіп біреулер ар, иманды...
Өкінішке жаңынды жаниды әлгі.
Әкесі мен шешесі бірдей безіп,
Туа жетім жөргекте сәби қалды.

Шыдам, шыдам...
Қаншага жетер екен?
Біздің үрпақ ойласам жетелі екен.
Бала кезде көрдік деп жүргеніміз -
Мыналардың қасында бекер екен.

Көрмей қалған әкесін, анасын да -
Сәби жетім болған жоқ,
Нанаңың ба?!

Көп нәрсені жоғалтып алғандаймыз
Жоқшылық, пен тоқшылық, арасында.

Жоғалғандай тірліктің бары, нәрі...
Тарылады тынысым, тарылады.
Тұлқі-фұмыр осылай бұлаңдаса,
Түсер салмақ, аз болмас жанымға әлі!

Бұл фәниге келген жан өлмес тегін,
Сөуегейдей жөн бе осы жол кескенім.
Ес білмеген кезімде шәһит кетсем,
Көп сүмдыштың бірін де көрмес пе едім.

Бір құдырет бар болса табынар кеп,
Тәубамыздан талтусте жаңылар ма ек?
Қағынар ма ек,
Құнәдан арылар ма ек,
Кең заманда қушиып тарылар ма ек,
Жұма қарап шындыққа көзімізді,
Аярлықлен алдар ма ек өзімізді
Қолымызда бәрі де,
Бәрі... бар деп?!

Қайран жүрек,
Табаны тайған жүдеп,
Адал жүріп қызметін өтей алмай,
Зіл батпанды және де көтере алмай,
Қорқамын-ау, қорқамын жарылар деп.

Не табамыз

Ақиқаттың шөп салып көздеріне,
Алдаң жүрміз өзімізді, өзгені де...
Қой аузынан шөп алмас дегендер де
Масайып алған пісіп өз деміне.

Көлгейлеп, көлгірсіп сырымызды
Айтар тұста айтпаймыз шынымызды.
Өтірікке бәйге алыш кәніккендей,
Алдаң жүрміз біріміз бірімізді.

Жанымызда мұң бар ма?
Нала бар ма?
Қан тамырды мұң, нала аралар ма?
Күйі жеткен, бәріне миы жеткен
Адам бұған бір дауа таба алар ма?!

- Сену керек! - дейміз де, сендіреміз!
Сенім гүлін көктетпей семдіреміз.
Қоламтаның өзін де құлге көміп,
Дымын ішке бұқтырып сөндіреміз.

Секілденіп ардың да соты біткен,
Көңілімізді адағып от-ұміттен,
Өзімізді өзіміз жұбатамыз,
Әдейі алдай салып өтірікпен.

Не табамыз алдаудан,
Алданудан...
Түңілер кез болды ғой арбалудан.
Бықсыы көп алаулап жанганаңан,
Тиер пайда бар ма әлде арға бұдан.

Өтірік, Шын!..
Жалғасып екі арамыз
жатса, қайда құтылып кете аламыз.
Жаным-ау, ойланар күн тумады ма?
Алдаудан, алданудан не табамыз?!

Қарға ит боп үріпті

“Комсомольская правда” газетінің 1987
жылғы 32-санында қарғаның ит болып
үргені жайында хабар басылды.

Қарға ит боп үріпті -
Күдікті-ау бұл,
Күдікті!..
Амал нешік,
Оқығанмын газеттен,
Біреулердің таңдайларын қақтырып,
Біреулерді мәре-сәре мәз еткен -
Өзінше бір жаңалық,
Мұнда да бір қайшылықтың бары анық,
Сендермесе де ешкімді,
Итті қарға келемеждең жүргендей-ақ естілді,
Досқа - күлкі,
Дүшпанына - таба ғып!..

Ит болғанын қарғаның
Оқыдым шын -
Көзде қанша жазық бар?
Кезіміз ғой көптеу ойлап, аз ұйықтар...
Оған да енді көнегейік,
Шешілмейтін жұмбақ, шешіп көрейік.
Жаз, жазғыштар, жазып қал...

Тұздің тағы мысығы үрсе бір сәрі,
Қабыланның күшігі үрсе бір сәрі,
Тіпті, тіпті...
Кісі де үрсе бір сәрі,
Қарға қалай болып кеткен "мұнша ірі?!"

Қонбай қойды миыма,
Қисынбасты қисындыру қыын, ә!
Әлде мынау алма-ғайып кезеңде
Табиғаттың бізге тартқан сиы ма?

Тұсінбедім -
Тұсінердей жоқ па әлде күшім менің,
Бар ма мұнда мен үқластай мол тәлім,
Қисынбасты қисындырған жорта кім?
Бір күні Адам қарға болып қарқылдаپ,
Қарға адам боп сөйлей ме деп қорқамын!

Қайран менің кеңқолтық бауырым-ай

Егескеннен ағайын ел болмаған,
Дәүлеті асып дария-сел болмаған.
"Оқып алған білімі жоқ", - дегенмен,
Білігі бүгінгіден кем болмаған.

Үлкенді - үлкен, кішіні - кіші көрген,
Бақ, сынаған айқасқа тұсіп ермен.
Ағайын деп ермеген ез соңына,
Ерсе, өзі шын сенген кісіге ерген.

Көзі-от, сөзі - оқ... Жауын да табындырған,
Жолы келсе, кезі жоқ жалындырған.
Достыққа мәрт, асылын аямаған,
Намыс үшін ететін жанын құрбан.

Бөліспеген бағын да, дәuletін де,
Бөліспеген сәнін де, сәuletін де...
Әр үйі өзімдікі деп санаған
Не бар болса ата жұрт, әuletінде.

Түгін тартса көрінер сауыры май,
Кек майсаға оранған тауы да ұдай.
Енші алмаған, дәм-тұзын бөліспеген,
Қайран менің кеңқолтық бауырым-ай!

Бәрін-бәрін

Қапталында қуаныштың, қайғаның
Аққан судай сылдырайды ай, күнін...
Бастан кешкен бақыттым да, сорым да
Тиянақсыз тағдыр атты жолым да
Бәрі-бәрі, бәрі менің байлығым.

Көкжиектен нұр құшагын жайды күн
Тұн жамылып тұғырынан тайды мың
Айта берем

Айта берем әлі де
Батқан күн де,
Атқан таң да, бәрі де...
Бәрі менің түгесілмес байлығым.

Бұлыңғырлау көрінгенмен жай бүгін
Тәңрімнің еске алсам да қай күнін
Осынау бір кеңістікте аядай
Дос та берген,
жау да берген аямай
Әз уақыттым,
мәз бақыттым, байлығым.

Өлсе дағы ұмытпайтын ерін ел
Санатта жоқ тіріні де өлі дер
Несін, не үшін жасырайын сендерден.
Қайғы менен қуанышты тең көрген
Бәз біреуге күлкілі боп көрінер.

Өлсе де естен шығармаған ел ерін
Мәңгіліктің кепіліндей дер едім.
Бақ, пenen сор, қайғы менен қуаныш -
Қиғаш ұғым бір-бірінен тым алыс
болса дағы пешенеме жазылған
Бәрін-бәрін байлығым деп келемін!

Күндө күрес

Көзімізден моншақтап, жас төгіліп,
Төбемізден талдыра таспен ұрып,
Шыркөбелек дүние дөңгеленіп
Қасың - дос, досың сәтте қас көрініп...
Өзіңді өзің ұқпайсың әсте біліп.

Үзәменен от шайнап, тас кеміріп
Бар-жоғынды ұмытып, бәске кіріп,
Айға атылып мерт болған арыстандай
Ұмтыласың қалуға жас көрініп.

Қалың тұман, алды-артың су қараңғы,
Фазез бастан кешіріп шырғалаңды,
Үміт-күдік алмасып, араласып
Көз алдыңда сағым-бұлт шудаланды.

Бір сүрініп, сілкініп, қайта тұрып
Мас адамдай шалынып, шайқатылып
Әлі кеткен әлжуәз хал-куйінді
сөйлейсің мұңмен шағып, айта отырып.

Байқағаным - Ер жетіп, білгелі ес,
Тіршілігім - бітпейтін күнде күрес.
Бір сүрініп, сілкініп, қайта тұрып,
Аларымды білмеймін кімнен үлес.

Өмір солай, итжығыс, күнде күрес...
Көңіл мұзы бірде еріп, бірде ерімес.
Аларымды біле алмай кімнен үлес,
Белдесумен келемін білгелі ес.

Адамдығың құрсауда

Сату, Алу... Мына ғұмыр кіл сауда,
Мәрттік қайда, бере алады кім сауға?
Арманың да, үмітің де, бәр-бәрі -
Адамдық, пен ададық, та құрсауда.

Кек сұңғімен төтеп берген жауға ерен,
Шыңыраудан су тартқан ел қауғамен,
Арпалысқан алмағайып заманда
Күн көруге бет алғандай саудамен.

Қақпақылдап бірін бірі жеп болып,
Аңғалдарды алдағанын еп көріп,
Арамдар мен аяларға күн туды,
Кіл тексіздер бас көтерді, текті өліп...

Қайыспайтын нарың түсті саудаға,
Қасиетті көрің түсті саудаға,
Дарын түсті, арың түсті саудаға,
Барың түсті, нәрің түсті саудаға!..

Ұрпақ, жалғар ұлың кетсе құл болып,
Жиған-терген пұлың кетсе құл болып,
Ерлігінің Түн ұстар кім қалды,
Сарбаздарың қамал алар кімге еріп?..

Сарбаздарың қамал алар кімге еріп?
Мәз боламыз жер басқанға күн көріп.
Ел намысын, ер намысын саудалап,
Сатқандаймыз, жатқандаймыз күнде өліп.

Айтамын деп батқан шынды жаныма,
Тиер ме екем біреулердің шамына.
Бүйте берсе құртар адам бір-бірін
Зәрін құйып у тараған қаныма.

Қыын түйін, тіршілігің мың қатпар,
Мал өсіріп, егініңді кім баптар?
Өзінде жоқ, боқтығың да қымбаттар,
Кімге керек құлазыған гүл-бақтар.

Айламенен амалдаса ел күнін,
Аярлықлен арамдаса ер құнын,
Кімге тұлға ұлан-асыр кеңдігің,
Қыл ұстінде қалт-құлт еткен теңдігің.

Хантәңірінің иығында тұрсаң да,
Қай қияға қияғынды бұрсаң да,
Алу, Сату,
Сату, Алу - кіл сауда,
Абайламай торға түскен аңдайсың,
- Еркінмін! - деп өзінді өзің алдайсың,
Ал, шындығы - ададығың құрсауда,
Бар сұмдығы - адамдығың құрсауда!

Енді үқтый

Тұркеменнің елін көрдім жерімен,
Арпалыстым құм суырған желімен.
Тамүқ оты дәл осындаі қуырмас -
Адам қалай тұрады еken дедім мен.

Жөп-жөндіні менсінбейтін сері үнмен,
"Адам қалай тұрады еken?" - дедім мен.
Сары белде сағым қуып, сән құрып...
Сал самалын еркін жұтып семірген.

Бұйрат-бұйрат құмды желі суырған,
Келген бойда-ақ ішім мұздай суынған,
Мейірім қанбай шөліркеген қүйімде
Қырық, кездік құдырының суынан.

Сағынып ем Сарыарқамның самалын,
Сары даланы әлдилеген сал әнін.
"Адам, сірә, итжанды-ау!" - деп қайтарда
Аянышпен артыма көп қарадым.

Балаң екем, бала-ақ екем онда мен,
Жиырмада да жаңа-жаңа толған ем.
Глобустай алуан түсті жұп-жұмыр
Ұғымымда сүп-сүйкімді болды әлем.

Жатқанменен бойында бір ендіктің -
Сан сыр барын қойынында кеңдіктің,
Көре жүріп қасиетін, қасыретін
Жерортадан ауа беріп енді үқтый.

Ойы-қыры,
Тауы-тасы,
Ormanny...
Мен шешпеген жұмбақ екен ол да әлі.
Біреулердің бақытына бергісіз,
Біреулердің азап шегіп тоңғаны.

Е, Құдайым, азап болса да, АРМАН бер,
Шындық - шындық!
ШЫНДЫҚТЫң кім жалған дер?
Жұмақ болып көрінеді екен гой,
Әр АДАМНЫҢ кіндік қаны тамған ЖЕР.

Барын, жоғын кеңдік пenen кемдіктің
Көк егіздей көтерді Жер-мықтың.
Айналайын қасиетті Туған жер,
Ұлылығың сонда екен гой -
ЕҢДІ ҰҚТЫМ!

Бақыты оның

Көз алдында дөңгеленіп бар ғалам,
Күнді - Тұнге,
Тұнды - Күнге жалғаған,
Таңғы шықтай мөлдіреген арманы
Талай мәрте алғаған,
Кейде тіпті тәрік қылышп үақытты
Ұмытатын -
Соған және бақытты,
Сынамайтын жерде өзін сынаған,
Азапқа да, тозаққа да шыдаған
Ақындардай жаны сірі бар ма адам?!

Болар бәлкім, бар да шығар, кім білген?!
Арманына алтын балық ілдірген
Бейбақ, шалдай, мүмкін аңғал баладай,
Көп шаруага икемі жоқ, шалағай,
Сенбес жерде сеніп қалып, қайтадан
Өрт бол лаулап жанады-ай кеп, жанады-ай!

Сұлулықтан ұялатып жанына ән,
Сырын, шынын жасыра алмай жарынан,
Көзге түсіп қалатыны бар тағы,
Сөзге түсіп қалатыны бар тағы
Ақтарылып ағынан.

Еден бұрын қуанып,
Алау-жырдан Ту алып,
Жақсылыққа бас болып,
Жамаңдыққа атылатын тас болып,
Бітіспейтін қас көріп,
Кетпес үшін хауіп-қатер асқынып,
Өлімге де бас тігіп,
Шығатұғын шын алып,
Тұратұғын сұранып,
Ақын да бір,
Батыр да бір білгенге,
Жай түскендей жарқ ететін бір демде.

Өзі құдай,
Еш құдайға сиынбау -
Туа дерті,
Мінезі де құйындау.
Бәлкім содан кейде оның тағдыры
Көп тағдырдан қындау,
Бұл дегенің - шешімі жоқ қын дау!

Біреу ұғып,
Енді біреу ұқпайды,
Ең жаманы -
Ұқпагандар құптайды.
Жүз адамға жасаған жақсылығының
Оннан бірі өз алдынан шықпайды,
Бәлкім осы - түп қайғы,
Қайтсын бірақ,
Оған тағы ықпайды.

Көрген жоқпын оған тағы қынғанын,
Қарс айрылып сынғанын.
Шамырқанып шарқ ұрғандай шын дарын
Өр дауысын тыңдадым.
Төзетіндей бәріне,
Сезетіндей әлі де
Ол аспаған,
Ол баспаған шың барын.

Өмір заңы - қиындыққа кезігу,
Ерлікке жат,
Өрлікке жат-еziлу.
Таланттардың тағдырына жазылған
Бәрін ұғу,
Және соны тез ұғу,
Бақытты да сонда шығар, кім білген -
Алғы күннің арай таның СЕЗІНУ!

Бақыт қайда

Бақыт қайда?

Бар-жоғын кім біледі?

"Бақыт - сол!", - деп айтамыз кімді, нені?..

Тірі жүрмін,

Бәлкім бұл Бақыт шығар -

Аспанымда Ай қалқып,

Күн күледі.

Күн күледі,

Ай қалқып аспанымда,

Тағы не бар Бақыттың астарында.

Сол ғана ма?

Бар-жоғы осы болса,

Дәл сондай Ай,

Күні бар басқаның да.

Басқаның да дәл сондай Ай, Күні бар,

Айтар болсақ осы деп байлығы дәл.

Ай да ортақ,

Күн де ордақ бар адамға,

Торламайды көкірегін Қайғы-мұнар.

Азды-көпті менің де бар байлығым,

Байлық үшін жанымды шалмайды мұң.

Арманыммен баймын мен алып үшқан,

Шарқ ұрып сұңқар қанат самғайды Күн.

Шүкірлік,
Бала-шагам, үй-орманым...
Тіл-көзден аман қылсын, сүйем бәрін.
Арайлап алғы күнге жетелейді
Қияда қыран жетпес қияндарым.

Енді не?
Қызмет пе?..
Оным да бар,
Дейтіңдегі: "Жүк қалмайды жолында нар".
Қуансам бір қуанып, мерейі өсіп
Достарым көп мейіріммен қолымды алар.

Білгенге осылардың бәрі бақыт,
От сезім жаныңдағы жалын атып
тұрғанда соның көбін елемейсің
Көкіректі шел басып, тәңір атып.

Байлық, байлық...
Бақыт па ол дегенің?
Талайдың көрдім тасы өрлегенін.
Бірақта төрт құбылам тең, бақыттымын
дегенін дүниеде көрмеп едім.

Бақыт қайда?
Береке-бірлігінде,
Бағалап жатыр оны кім бүгінде.
Бақытты бойыңдағы көрмейді Адам
Басы аман,
Бауыры бүтін,
Тірлігінде!..

X X X

Еңсемді езіп,
Жанымды мұң басқан кездерде,
Ақ пенен қара тербеліп тағдыр-безбенде,
Дүшпаным асып,
Достарым қашып безгенде,
Іздедім сені, қасиетті музат-тірегім,
Жалпақ әлемде жалғыздығымды сезгенде.

Жазира жазда, манаурап атқан ақ таңда,
Күн мен Тұн жәймен алмасып жатқан шақтарда,
Қырандар көшіп,
Құзғындар қонған бактарда,
Іздедім сені, қасиетті музат-тірегім,
Жүрекке нәзік шөңге-шөгірлер батқанда.

Сенім көп менде, сенімді өмір ақтар ма,
Жақсылық, күтем жақынымнан да, жаттан да...
Жаурамасын деп қақаған қаңтар, ақпанда,
Жаныма музат шабаттың отын жаққанда,
Қайшылықсыз да қисыны жоқтай гұмырдың -
Жүреді қалмай қырсықтар бірге қапталда.

Дауыл үргандай сезімім кейде теңселді,
Ездірген емен оған да бірақ еңсемді.
Жайлалауда - жағам, келемін аман әйтеуір,
Барлығыма да, зар-мұңыма да ел сенді.

Ашылды арай, жанымның мұзы еріді,
Басылды талай желөкпелердің желігі.
Аялап әр кез көтерді биік еңсемді
Елімнің ерен сенімі!

X X X

Қирап жатыр,
Қурап жатыр бәр-бәрі,
Қайындары,
Теректері,
Тал-да-ры...
Құйын соққан жерошақтың орнындағы
Бүркүлдайды көшелердің шаңдағы.

Бәйшешегім шешек атпай ерте өліп,
Жатыр бәрі көз алдында өртеніп.
Құлазыған мына менің көңілімдей -
Миуа бағым мәпелеген тер төгіп.

Жосықсыздар кес-кестейді жолымды,
Кімге сенем,
Кімге созам қолымды?
Сардарлардай сарбазынан айрылып,
Бастап жүрген берекесіз тобырды.

Су тартылып арнасында, тау шегіп...
Бота боздап, аруана зар шегіп,
Аққу ұшып айдынына қона алмай,
Құмға сіңіп жататындаі тамшы өліп...

Қирап жатыр,
Қурап жатыр бәр-бәрі,
Қайындары, теректері, тал-да-ры...
Қүнге қарап өскен тірлік талпынып,
Қинап жатыр тамырынан тартылып,
Қурамаса, қирамаса болғаны -
Соны көрген Адамзаттың арманы!..

Обалым жалғыз өзіме

Соғыс жылдардың ақтардым талай тарихын,
Қоңылтақ тірлік қаңтардан бетер қаритын.
Біреулер әлі ертегі ғой деп күледі,
Ол менің бүкіл болмысым еді танитын.

Қырық, жамау көйлек,
Жабырқау көніл,
Аш қарын...

Ойлаған пенде көрмедім онда бас қамын.
“Әкелер елге аман-сау оралса”, - дедік,
Болған жоқ, бізде басқа арман менен басқа мұн.

Таршылық, кезең,
Пейілдер қандай кең еді,
Сүрінсе біреу өзгeler келіп демеді.
Елігіп жүрген,
Желігіп жүрген бір жан жоқ -
Жас жесірлер де желкілдеп қалған желегі.

Біріміз - онда,
Біріміз - онға толмаған...
Кіл жетім едік жетіліп әлі болмаған.
Қасырет бұлты сәби жүректі торлаған,
Қарт аталар мен кәрі әжелеріміз қорғаған.

Бізден соңғы үрпақ:
“Тоқырау жылдар тудық” - деп, -
қанат қаға алмай, құлаш жая алмай жүрдік көп”...
жылыған кездे, соғыс жылдарғы сормаңдай
не жерге білмей аңыра қарап түрдық, кеп,
сонан соң барып күлдік-ай, күлдік, күлдік кеп...

Күлдік-ай, күлдік...
Күлудің де бар жүйесі,
Біздерге бәлкім тағдырдың тартқан "сыйы" осы.
Ұмытып бәрін кетердей уақыт болған жоқ,
Асылық айтып,
Соқласа болды киесі.

Қасиетінен айналдым ұлы топырақ,
Кетпесең болды кеудемнің жалын-отын ап.
Басқаға емес,
Обалым жалғыз өзіме,
Тәубемнан қалып,
Тоқтықтан жүрсем тоқырап.

Ү Ш И Н Ш И

Б Θ Л I M

Әз ағалар, жанашыр ақылшылар -
Сендер маған бәрінен жақынсындар.

Ұрпақтан ұрпақтарға кетеді атың

*“Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай”...
Мағжан.*

Егіліп ел дегенде, жер дегенде,
Жанымды тербеттірем шерге мен де.
Қайранмын, еркін адам қалай шыдар,
Жылда бір туған жерін көрмегенде.

Сағынып Сарыарқаны - Сайран жерін,
Құлашын Күнге қарап жайған елін,
Секілді таң жұлдызы ағып түскен
Аңсаудан көз аша алмай қайран ерім.

Сағынтып нұрлы дүние, гүлді мекен,
Түндігін ала таңдан түрді ме еken?
Топырағын басып жүріп, ғашық жүрек
Тым ерте кететінін білді ме еken?!

Тапты ма талайынан, талабынан,
Қарашы - мұңқ кетпейді-ау жанарынан.
Әр күнін ғасырменен өлшегендей
Аз жасап, көп жылаған жаралы жан.

Кезікпей армандаған күндерімен,
Тыныстап өткендей-ақ түн лебімен.
Тұрандал ту көтерген есіл ердің
Өмірде жылауы көп күлгенинен.

Өлердей ғашық болып барша адамға,
Сұлуды, сұлулықты аңсағанда,
Ұққандай тұрлауы жоқ тіршіліктің
Қолын бір сілтейтінін шаршағанда.

Кеудеде - от, іште - жалын, көзінде - жас...
Тас қамау, құңғареген, езілген, аш...
Ай, Күнді тұншықтырган төңіректе
Болмай ма жәй түскендей төзімге рас.

Ақыным - ардағым деп сенген ерек
Жәй-күйін ұқтыра алар елге не деп?
Арманы адастырып ашық күнде,
Бағдарсыз кете барды желкеме бол...

Арман, арман... Арманы көп болатын,
Білмейді ол ақтық күнін тоқталатын.
Өзіндей сенді ме әлде ұрпағына
Жаһұттай жырын ізден, жоқтар атын.

"Түркістан - екі дүние есігі!" - деп,
"Түркістан - ер түріктің бесігі!" - деп,
Тіл, ділін тәрік қылған кейінгіге
Айтарын айтып кеткен есіл жүрек.

Ешкім де ескерусіз қалмайды ұмыт,
Ертеңге арманыңды жалғайды ұміт.
Көрінген алтын сәуле Күншығыстан
Келесің жырларыңмен таңдай күліп.

Тербетіп ойы-қырын Сарыарқаның,
Дұлдулдер дүбірлеткен сал Арқаның,
Жатқандай ұлы тойың тойға ұласып,
Тебірентіп тамыздығы самал-таңын.

Дариядай дөңбекшіген жарға симай,
Табиғат бере салған арда-сиңай.
Ту қылып көтереді атыңды Елің
Сал Біржан, сері Ақанның жалғасында!

Данадай заңғар, баладай аңғал...

Фәни жалғанда көнілдің таусылмай жүрген алаңы-ай,
Күн кешіп жатыр ақындар біріне соның қарамай.
Уыз үйкесін қия алмай отыргын мең-зең күйі анау -
Бебегін қысып баурына емізген тұмса анадай.

Бебегін қысып баурына -
Сарғайтып сезім-сананы,
Кіреуке шалып жанарын,
Мұңайып бір сәт қалады.
Дүниені шарлап ой-қиял қанатын қайта қағады,
Шырылдал отқа түседі -
Ажыратып ақ, пен қараны.

Сәбидей мөлдір,
Тағы да... көңілі нәзік гүлдейін,
Өмірде жолы соқпақты,
Бірде - ілгері, бір - кейін.
Ол үшін уақыт қас қағым,
Түнеріп қазір түндейін,
Шығады сэтте жадырап,
Жарқырап алау күндейін.

Шалдығып кейде жетеді өкпесін қауып, шаң ұрып,
Жақынды, досты, бәр-бәрін...
бір туғанындаі сағынып.
Өмірден кейде опық, жеп
жүрер кезі де аз емес,
Олжасыз қайтқан аңшыдай
қансонарда бос сабылып.

Көңіл ғой жүйрік қашан да -
Аспанмен, аймен тілдескен,
Ұмытып өзін,
Басқаның бас қамын ойладап күн кешкен.
Кетер де бәлкім
өмірден осынау аңғал қалпында,
Періште күйі,
Пенденің құлық-сұмдығын білместен.

Тірліктен мынау алғаны,
Бергені Қанша, беймәлім -
Ағаттау кетсе өзге емес, өзінің келіп жейді арын.
Атылған айға арыстан секілді оңбай мертігіп,
Қансырап тағы жатады
біле алмай қалып кейде әлін.

Алдау, арбаумен ісі жоқ,
Арманы - асқақ, заты - бай -
Дүниенің шәрбат шарабы таңдайына бір татымай
жүретін...
және сонысы жарасар жайсаң жанымен
Данадай заңгар,
Кей-кейде баладай аңғал АҚЫН-АЙ!

Биік тұрсың бәрінен *(Магжан Жұмабаевқа)*

Мың тоғыз жүз отыз жеті...
Қала, дала дүрліккен,
Күз жетпей-ақ өлді, солды гүл біткен.
Айдың, Күннің аманында қалың ел
Қара киіп шыға келді -
Кім күткен?!

Арпалысқан алмағайып ғұмыр-ау,
Шерлі жұрттың күйі де - дау, жыры - дау.
Ағара - іні,
Ініге - аға...
Сақтай көр,
Екі көздің біреуіне бірі жау.

Әзілің де әзәзілге айналып,
Наз үнің де жала-зілге айналып,
Бір сөз үшін кете барап жазықсыз
Қара басың қанжығаға байланып.

Жоғынды айтып,
Жөн ісінді хоштардай,
Кем жеріңе кемел ойын қосқандай,
Ағайындар бара жатыр азайып,
Бара жатыр сенісерлік дос қалмай.

Отыз жеті. Үн деместер үдеген,
"Елім!" - десен, құдікті өлең, кіді өлең...
Бесіктегі сәби шошып оянып,
Жар құлағы жастық көрмей жүдеген.

Әкем кеткен,
Сәкен кеткен сол жылы,
Атам кеткен,
Тәтем кеткен сол жылы...
Қаралы үйден толып шыққан, қорлығы,
Қарақшының қан сасыған қоржыны.

Екі үртыйның бірі - май да,
Бірі - қан,
Қорқаудан да қорқынышты ұлыған.
Ұлтын сую - ұрлықтан да үрейлі,
Айрылды Елім қандай-қандай ҰЛЫНАН.

Ұлы дерлік Ұлдарынан айрылды,
Қабырғасы қақырады, қайғырды.
Жәй түсіріп,
Жасын төгіп,
Бұлт қарманап...
Көрсетпейді төбедегі Ай, Күнді.

Сол зауалда сен де кеттің, ұлы Ақын
Сорлы еліңнің арманы мен мұратын
Шығарам деп шығандарға, шындарға,
Жеткізем деп дүниеге шын атын!

Қазақ десе,
Қарс айрылып жүргегің,
Азап көрсе ел,
Шын шағылып жүдедің.
“Ел!” - деген ер біреу болса,
Нақ, өзі,
Екеу болса,
Сол екеудің бірі едің.

"Өзің тәңірі табынатын өзіңе,
Сөзің - құран, бағынатын сөзіңе" ...
Дәті барып қарамайтын дүшпан да
От үшқында,
Жалын шашқан көзіңе.

Сенің атың - тарқамайтын думандай,
Желбірейді Жеңіс күнгі тулардай.
Неге екенін? ...
Мен өзімді көремін
Өзіңменен бір Анадан тугандай.

Сайран далам - сал сағымы ойнаған,
Сен де, мен де қызығына тоймаған.
Жұтқанымыз - ерке Есілдің бір суы,
Құт-нәріміз -
Сарыарқаның нұр, нұы...
Екеумізді туыстырмай қоймаған.

Елдес ағам,
Жерлес ағам,
Жан ағам!
Кімдер сені көзі қиып қамаған?
Аруағыңа енді құлдық ұрады,
Тірі жүріп жаны өлгендер, тәні аман.

Тіршіліктің жүрсе де еміп нәрінен,
Құтылмайды Тәңірінің кәрінен.
Өлгеніңмен,
"Өмір сүріп" жүргенниң
Көкте Күндей биік тұрсың бәрінен,
Мағжан аға!
Олар сенен өлі кем!

Оята алса жарады елді

Ленин деп жыр жаздық, күні кеше,
Нұр-елім деп жыр жаздық, күні кеше...
Партияның халықтан шеттігі жоқ,
Бір едім деп жыр жаздық, күні кеше.
Қуаныштай бәрін де қабылдадық,
Жырмен бірге келсе де мұң ілесе.

Аттырғанын білмедік,
Шаптырғанын...
Мойнымызға жақынның, жаттың қанын
жүктей журе...

Көсемге алғыс айттық
силағандай бақыттың, бақтың бәрін.
Тазарту деп тантыдық, асылдардың
тамырынан құруга шақ, тұрғанын.

Ағаны - іні,
Жау көрді ініні аға,
Екі сөздің айтылған бірі жала.
Жапа шеккен жазықсыз бауырына
ара түскен мұскіннің күні қара.
Ел көшсе де үндемей үстімізден
Мойынсұнып үйрендік ымырға.

Сезді бәрін,
Әкеден бала безді,
Табанға сап адалды арам езді.
Данаалардың талайын тентіреттік
Түсінбейтін топас деп жаңа кезді.
Тірі адамға жан тәтті, жақ ашпадық
Іштей үғып атылар ала көзді.

Көз, көз... дейміз,
Кінә не көз бейбақта
Сөз, сөз... дейміз,
Кінә не сөз бейбақта.
Елім деген ерлерден ерік кетіп,
Құл-құтанның сонынан еріп кетіп...
Дүниені алған соң ездер қаптап.

Таза жерге табанын басып өктем,
Уын, зәрін... аямай шашып өткен,
Ел ертеңін ойлардай халден қалды,
Басы айналып қайғыдан, қасыреттен.
Ар жолында мәртікпен жанын қиып,
Қасқыран қайсарлардың басы кеткен.

Өкпе арта ма ер - елі,
ел - еріне,
Толып тұрса қасырет кемеріне.
Тылсым дуние тынысын ішке тартып
Шым батырып бара ма тереніне?
Айтылмаса аталы сөз кетеді -
Бұғып кешкен тірліктің керегі не?!

Дүние дуние болып жаралғанда -
Тамырлас адамзатпен тау, орман да.
Біреу келіп оралса аяғыңа,
Біреу келіп алады жағаңнан да...
Амандық, адамдығың кімге тұлға,
Тілің менен ділінді жау алғанда!

Тілің, ділің... ділінді жоқтай алмай,
Беріш болды іште шер көп таралмай.
Адал едім дегенді айту үшін,
Партбилетті панарап оққағардай,
Төңірекке бір шоқып, үш қарадық
Зауал келіп...

Бірдеңе боп қалардай.

Ұлтым деген бір ауыз сөз үшін де,
Мөлдіреген қарақат көзі үшін де...
Құйрығына жіберді шала байлас,
Өзі жат боп көрінді өз ішінде.

Емен-жарқын ағайын тілдесе алмай,
Арманымыз, мұңымыз... бір десе алмай,
Жалтақтаумен өмірі барады өтіп,
Мамыражай алаңсыз күн кеше алмай,
Алмағайып тірлігі айнымалы,
Бірде-торта, бірде-іркіт, бірде-сары май...

Тірлігіміз - таусылмас шексіз нұкте,
Ыңжық өстік үйреніп кексіздікке.
Қол сынса - жең,
Бас сынса - бөрік ішінде,
Гүлзарбақтай өмірдің көркі үшін де,
Еңсемізді еркіндең көтере алмай,
Мойынсұнып қор болдық тексіздікке.

Байдан тусақ,
Көріндік сормаңдай боп,
Атамыздан жерідік: - Ол қандай?! - деп...
Көрінуге тырыстық жұрт көзіне
Өзімізден өзіміз толғаңдай бол.

Адалдық - аталардың мұрасындей,
Көп жерде жүр оның да сыры ашылмай.
Келейік кеш те болса тәубамызға,
Шемілдің аруағына тіл тигізіп,
Соңынан жалбарынған Расұлдай.

Жоқ, пәледен басымызды ақтау үшін,
Жанымызды жалбақтап сақтау үшін,
“Құл-құтанның үрпағы - Біз!” - дегенді,
Айтып жүрдік көп жерде мақтан үшін.
Шен алып, шекпен киді бәз біреулер
Елдігін, ерлігімен сатқаны үшін,
Ұмытып ата жолын, хақ тәңірісін!

Кесемдер бүгежектеп құлына ерді,
Оны да айтып жатырмыз бүгін енді.
Оянудың, иншалла, басы болғай,
Оянатын ЕЛІМНІҢ күні келді,
Оята алса жарады ЖЫРЫМ ЕЛДІ!

Күні келді Елімнің оянатын,
Тағылымынан ТАРИХТЫҢ ой алатын.
Фасырлар қасыреті бол қанға сіңген
Бойдағы құлдық дерпті жоя алатын.

Астасып арманымның нұр таңына,
Елдігім!

Бақ, құсым бол шырқа мына.
Мен көріп,
Мен кешпеген жақсылықты
Тілеймін күнәдан пәк үрпағыма,
Тілеймін күнәдан пәк ҮРПАҒЫМА!

Сыраға

Сыраға!

Тұла бойы тұнған тұма - жыр-аға,
Бір мүшесі сенсіз қазақ жырының
Кем көрініп тұрар еді сірә да.

Сыраға!

Көлтегі жоқ, көңілімнің шыны, аға.
Сенің әсем өрнегіңсіз өлеңнің
Өңі кірмей тұрар еді сірә да.

Сыраға!

Өлең атты өлкенің бір шыңы аға.
Қазақ деген момын елдің бағына
Құдай іп бере салған сыбага!

Отқа салса күймейтіндей ертегі,
Суга салса батпайтындаидей ертегі,
Алапаттан аман қайтқан жырларың
Өмір жайлыштағайып сыр шертеді.

Жанарынан жарқыраған бақ, күліп,
Өміріне өріс болар сәтті ұғып...
Арманындаидай ару қызыға жас жігіт
Жырлырыңды салды талай хат қылып.

Қасыреттің тәбемізден бұлты ауып,
Қасиетті бір жоғалтып, бір тауып...
Жүрген кезде ақ жолынан алланың
Көрген жоқсың бір тайып.
Жүрегіңнің дауылы мен жауының
Жырға бердің бұрқанып.

"Қырларында сапырылған дәні бар,
Қара бұлттай қаптағ жатқан малы бар..."
Қазақстан - Фажапстан суреті
Сенің нұрлы жырларыңдан табылар.

Қас зергердей бағалаған ақықты,
Тамыршыдай шамалаған уақытты.
Айналайын ақын жүртүм ақберен
Сырбайымен бақытты.

Дақ, салмайтын азаматтық арына
Жалпақ елдің сәбіі де, шалы да...
Тірлігінді тілейді, аға,
Жасай бер
Өлең-жырдың бағына!

Сыраға!
Тұла бойы тұнған тұма - жыр-аға.
Бір мүшесі сенсіз қазақ жырының
Кем көрініп тұrap еді сірә да.
Жұлдызы бол жанған жырдың көгінен
Мәңгі - бақи құлама!

Ақын болып кеттім мен

Біз баламыз,
Ақын еді ол ел білген,
Дүйім жүртты құдайындаі сендірген.
Ақын деген әулиені ең алғаш
Бесіншіде оқып жүріп көрдім мән.

Бәрін, бәрін ұмытсам да өңгенің
Әлі есімде,
Әлі есімде ол менің.
Қиялымда ақын болсам деп жүріп
Тірі ақынды түңғыш рет көргенім.

Сидаң қара,
Беті сәл-сәл бұжырлау,
Қырым ет жоқ,
Ебедейсіз ұзындау...
Ақындықтың өлшемі осы шығар деп,
Ұқсай алмай көңіл талай бұзылды-ау.

Бала қиял - қалған белгі ол күннен,
Тірі ақынды,
Ірі ақынды көрдім мен.
"Қарлығаштың" қанатымен су сеуіп,
Фашықтарға қан жүгіріп, өң кірген.

Иранбақтай Алатаудың етегін,
Қыып тастап Алматыда мекенін
Елге келген шын ақынды көрдім де
Ұқтым ұлы МАХАББАТТЫҢ не екенін.

Ол кездерде кәрі де алаң, жас та алаң...
Софыс елді езіп-жаншып тастаған.
Содан ба екен - дәл ақындар ғашық бол,
Сүйе алмайтын секілденген басқа адам.

Таңғажайып қиялдағы мұсінге
Өліп-өшіп өлең жаздым түсімде.
Ақын болып кеттім солай ақыры
Сүйгеніме ғашық болу үшін де!

Қасым ақын

Өзегі өрт,
Жаны дерт Қасым ақын,
Көктемдегі гүл болып ашылатын.
Жабырқаған жандарың жүргегіне
Шуақ құйып,
Нұр болып шашылатын.

Шалқытып жыр-дария кенерені,
Көңілге қүй-қуаныш себер еді.
Тірі жүрсе өлеңнен от лаулатып,
Әулие ақын сексенге келер еді.

Елге беріп шаттығын, әл-қуатын...
Жырларымен жаныңа нәр құятын
Дала тесін дүбілтіп дарабоздай
Келер еді-ау сексенге әулие ақын.

Тебіренсе, телегей жыр ақтарылған
Басын иген жақын да, жат та бұған.
Ананың қасиетті ақ сүтімен
Өлең болып әулие бақ дарыған.

Күмбір-күмбір көкірегі толы арманға...
Мінбелерден өлең-жыр жол алғанда
Қыран үні саңқылдаپ тұрар еді
Арқадан да,
Алтайдан, Оралдан да!..

Әттең бізге жазбады ол күнді өмір,
Қасіретке көкірегін толтырды өңір.
Тірлігінде сол тойдың бірін көрмей
Өткен ақын -

Содан да солғын көніл.

Өлмейтұғын өлеңінің селі жаңда
Адамды жетелейді сенім алға.
Қасым жоқ, деп қабырға қайысқанмен
Тәубе етеміз қасиетті елі барда.

Өзегі өрт,
Жаны дерт Қасым ақын,
Көп тіріден әлі де басым ақын,
Сырлы, сұлу өмірге ғашық ақын,
Тау суындаій бұрқанып тасынатын,
Жай оғындаі жауына жасын ақын,
Білгенге бір өзі бір FASЫР ақын!..

Ақын Қасым,
Періште,
Пенде Қасым!..
Дүбірлеткен қазақтың кең даласын.
Бұл ғасырдан ЕРТЕҢГЕ екеу барса,
Сол екеудің бірі бол СЕН барасың!

Ақын Қасым,
Періште,
Пенде Қасым!..
Ертегідей тараған елге Қасым.
Бұл ғасырдан ЕРТЕҢГЕ біреу барса,
Сол біреудің өзі бол СЕН барасың!
Сен барасың!

Бір ғажабы...

Аға!

Ұласып ұлагатты сырға назы,
Сізге арнап талай ақын жыр жазады.
Жақсының жақсылығы - ел мерейі,
Бәрі дос, бәрі туыс бір ғажабы.

Ұлылық, қайнарынан жан суарып,
Сіз жәйлі талай саңлақ, ән шығарып,
Еділден қайтқан құстың қанатымен
Таратып өкетеді әнші халық.

Төсеп кіл жоныңызды сан ауырға,
Жетесіз қуаныш боп әр ауылға.
Кетесіз бар қазақтың баласы боп,
Шектелмей Атығай мен Қарауылға.

Аға!

Арайлы әндеріңіз - дала сәні,
Сіз жәйлі шалқып айтсақ,
Жарасады...
Қызылжар, Көкше, Жезді, Сыр өңірі...
- Кәкімбек біздікі! - деп таласады.

Кез келген ауыл қарты:

- Баламыз! - деп,

Кез келген ауыл жасы:

- Ағамыз! - деп...

Нөкіске,

Одан әрі Мәскеуге де

Сабылтып сағынышын барады іздең.

Бәйгеге қосып бағын сынар елі
Ақанның, Ыбырайдың мұрагері.
Өлеңнің ордасына олжа салған
Маңмаңгер жырдың жүйрік Құлагері.

Тұлпардай шаршы топты таңдандырып,
Шырқаңыз түйдек-түйдек шаң қалдырып.
Агалап артыңыздан біз ерейік
Сіз шыққан Хантәңіріні арман қылып.

Ұласып ұлағатты сырға назы,
Сізге арнап өлі талай жыр жазады.
Тұрады сонда тәбем көкке тиіп
- Осы, - деп, қарапайым қар қазағы,
Ол өзі менің ағам бір ғажабы!

Шалқыма

Бар еken гой,
Шіркін-ай, бар еken гой,
Бәрі де нар еken гой,
Нар еken гой.
Ақ түйенің қарыны жарылғандай
оралып жатыр бүтін,
Бәрекелді-ой!

Ахметі, Магжаны, Шәкәрімі -
Бір елдің бетке ұстардай баталы ұлы.
Жүсіпбегі,
Міне енді Міржақыбы...
Мақтанардай еken-ay қатары ірі!

Сұңқар дейін, ақиық, қыран дейін -
Халқымызға ежелден жыр, ән бейім.
Фараби, Шоқаны... бар қазагымды
Артта еді деп айтып көр бүдан кейін.

Жайлап, қыстап жиірек қөшкенменен,
Жүйріктепі - желқанат, төске өрлеген,
Ақындары - арқалы,
Айтыстарда -
Қиып түскен қылыштай,
Дес бермеген!

Қолдаса ата-баба аруағы,
Дес бермеген батыры, балуаны.
Сыр шерткен суыртпақтап өткенінен
Талып жеткен күйлері, ару әні.

Мұң да бар, шаттық, та бар ән-күйінде,
Солардан ұгардайсың хал-күйін де.
Домбыра шанағымен шежіре айтып,
Ыңылдалы отырады қарты үйінде.

Арайлы алтын шапақ тулардағы,
Халқының қасиеті, думан-бағы.
Жаһанға жалпақ жұртyn танытуға
секілді жыр-ән болып туған бәрі.

Сұңқар дейін,
Тағы да қыран дейін -
Шындығы, халқымызға жыр, ән бейім.
Көкірегі сәулеге, нұрға құмар,
Қыздары, үлдары бар қазагымды
Артта еді деп айтып көр бүдан кейін!

Мәңгілік аты - Мағжан-ән

Толғау

Өлімнен қашты,
Өмірді сұлу аңсады,
Өмір жоқ жерде өңірдің қанша бар сәні.
"Қорқытты" жазған өзі де қорқыт-күй кешті,
Үрей үндерден,
Дүлей күндерден шаршады.

Қауыздай жаңа гүл ашқан иран бақтағы,
СҰЛУЛЫҚ еді тірліктен іздел таппағы.
Таппағы...
Бірақ таппады оны, таппады,
Қор болды талай аша алмай жүрек-қақпаны.

Жап-жазық маңдай бақытқа ғана лайық,
Қарақат көздер тұратын ойлы мұңдайып.
Әр басқан қадамы үнемі орга тірелді,
"Қорқыт-көр" болып алдынан шықты кіл айып.

Лұпілдеп жүрек қеудеге кейде симады,
Сұлу сезім-ай,
Шөліркеп жүрген сыйға әлі.
Айыбын айтып өлтірмей ме екен тым құрса,
Ағының қара бола берері-ақ, қинады.

Қинады жанды,
Сезімді,
Арды,
Намысты...

Уақыт жалынан қармаған қолдар қарысты.
Күннің де көзін,
Айдың да жүзін бұлт басты,
Фадауат күндер құзғындаі көкте жарысты,
Баянсыз достай басынан жырдың бақ, ұшты.

Дәп тиді жанға "батыраш-балта" сермеген,
Ұласты жылдар қайғымен, мұңмен, шерменен...
Елу жыл бойы зынданда жатып шыққандай,
Елің де енді қадырынды шындалап үққандай -
Қас жүйрігім-ай,
Бәйгенің алдын бермеген.

"Қорқытты" жырлап,
Тербетіп "Батыр Баянды",
Ұрпағың өсті,
Ұл-қызың қалғып оянды.
Тарқамас мәңгі,
Басылмас аптап-қызуы
Басталды бір той,
Ал, бұл той - барлық той алды.

Жақсы үмітпенен күндерді күнге жалғаған,
Даламда бүгін шалқынды қайта арман-ән.
Сарыарқам жатыр сағымды нұрға оранып,
Сары белдерде сәйгүліктері самғаған!

Дүниеге мына көрсетіп көңіл хошымды -
Есілдің бойы -

Ен тоғай әнге қосылды.
Ақ қайнарлары ақ маржан шашып айнала,
Ақ қайындар да көтеріп кетті осы үнді.

Шар тарап тынып,
Құлағын әннен ала алмай,
Табиғат-тылсым есінен елтіп танардай,
Ұмытып бәрін,
Ұмытып бәрін... тыңдайды,
Шөліркеп қалған құмары бір сәт қанардай.

Бұғінгі думан көтеріп еңсе-бойымды,
Шығанға алып кетердей шалқар ойымды.
Ай, Жұлдыздар да қол соғып тұрған секілді
Кызықтап сәнмен оралған Мағжан-тойымды.

Жасарып арман,
Жасанып алған сән далам,
Көгінде - қыран,
Жерінде - жыр-ән самғаған.
Бабаларым мен балаларымды жалғаған,
Оралды қайта МӘҢГІЛІК аты -
МАҒЖАН-ӘН,
Есілдің бойы тебіреніп бүгін, тербеліп,
Шырқаған сәтте қосылып тұрғандай бар ғалам!

Жақсы үмітпенен күндерді күнге жалғаған,
Даламда бүгін шалқыды қайта арман-ән.
Сарыарқам жатыр сағымды нұрға оранып,
Сары белдерде сәйгүліктері самғаған!

Әлдиле, өлім, әлдиле...

“Өлім күйі - тәтті күй,
Балқыды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле...”
Магжан.

Қайран ақын баз кешкен бұл өмірден,
Бір сүмдікты сезгендей жүрегімен.
Қайда барса, қамаған өлім-елес,
Қажытқан-ау қу тірлік тірегі кем.

Алды - түйық, күн мен түн шекарасы,
Аз ғұмырдың көп екен неге аласы?
Тарамайды бойына ішкен суы,
Дарымайды дәм болып жеген асы.

Кешпейін деп жарымжан, жарты ғұмыр,
Шалқудай-ақ, ақын ғой, шалқыды бір.
Айналасы - сор-батпак, жібермеді
түңғиыққа барады тартып іңір.

Тас қараңғы, қарманды, қарманды кеп,
Жақыннан да, жаттан да алданды көп.
“Өлім күйі - тәтті күй”...

Кетті ілесіп,
Әрнәрседен шайлығып қалған жүрек.

Дүние жым-жырт,
Ішінен жатыр күліп,
Ку түлкідей алдайды ақылды үміт.
Жас баладай еліккіш, албырт, аңғал...
Несін құдай жаратқан ақын қылып?!

Арманы үшқыр,
Зымыран қиялы оқтан,
Бейкүнә,
Хабары жоқ, қиянаттан.
Ақынды алла жаратып таң нұрынан,
Жүрегіне ізгілік үялатқан.

Ұялатқан ізгілік жүрегіне,
Жақсылық - білері де, тілері де.
Өз басына төндірді қаратүнек,
Жеткізем деп жүргенде нұр еліне.

Дауыл соқты,
Жел соқты өшірем деп,
Ақын жанын тамүққа көшірем деп.
Қазағымдаپ қамыққан қайран жүрек,
Мазагың боп қорланған есіл еңбек.

Кеудеде - от, көзде - жас, іште - жалын...
Дәрмене боп саудаға түскен арың.
Мына тағдыр - айлакер, аямайды
Көндірем деп еріксіз күшке бәрін.

Қара орманның шетінде, жел өтінде
жалғыз қалды, досы жоқ, сенетін де,
Жан қиналса, жақындаپ келетін де,
Құтқаруға қол үшын беретін де...

Өлейін деп тіледі, өлейін деп,
Хақтың баста жазғанын көрейін деп.
Шабыт қайта шалқытты сөнген отын,
Сөндірмеді үмітін өлең үрлеп.

Бір шығармын деуменен ғажап тауға,
Шыдап бақты, салды өзін азаптауға...
Тіл кісендे, төзді ақын, ой бұғауда
Қорлау менен зорлауға, мазақтауға.

"Әлдиле, өлім, әлдиле, әлдиле"... деп,
Мұнмен, шермен бас үрды ән-қүйге кеп.
Жеткізбеді арманы - қашқан тұлқі,
Жақсылықсыз жабырқау жан күйремек.

Залым-жалын торлаған төңірегі,
"Жүргегіне көп тиді өмір оғы".
Ай қабақ алтын Күнді сағынғанда,
Дертіне дауа таптай еңіреді,
Не деген тұрлауы жоқ өмір еді?

Еңіреді, егілді жылады көп,
Кеңірдекке тірелді жыр-әні кеп.
Сайқымазақ дүние жиі алдады -
Берекесі, байлауы, тұрағы жоқ.

Қайда барса сағынып сардаланы,
Салған әні самарқау,
Самғамады.

Жер еркесі - жел сырын кім сұрады,
Риза болып келген бе барға бәрі.

Абақтыда жаңылып Ай-Күнінен,
Тұмшалады төңірегін қайғы кілең.
Ұқты бәрін, ұқты ақын қате екенін -
БАҚЫТТАІ өлшеу дүниенің байлығымен.

Жаны жүдеу, бойда дерт-оты қыспай,
Шабыт та шамырқанып отыр ұшпай.
Дүниеге келгені не, кеткені не,
Еркіндік жоқ, тордағы тоты құстай.

“Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды, сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым...”

Тоты құстай еркі жоқ, қамаудағы,
Тас тәсекте дөңбекшіп сан аунады.
Ақындықтың дерті ауыр, серті қын
Жүрегі от боп маздады, алаулады.

Ғашық, болды,
Өлердей құлап сүйді,
Елти сүйді, егіліп, жылап сүйді.
Адасса да, алды жөн, өзіне аян
Қайрылмастай басқага бір-ақ сүйді.

Қайран ғұмыр,
Бәрі өтті, бәрі, бәрі...
Адам түгіл Тәңір де жаңылады.
Сарыарқасын сағынған сардар ұлын
Сағым буган сардала сағынады.

Мағжан болып сөйлейді бүкіл қала,
Мағжан болып көлбейді бүтін дала,
Мағжан елдің өшкен жоқ, жүрегінен,
Өшірем деп өшіккен Үкім ғана.

Үкім ғана тоқтатып айтар әнді,
Елдің ырыс-бақытын шайқап алды.
Алтын кездік жатпады қын түбінде,
Жаһұт жырлар жарқылдаپ қайта оралды.

Бәрі, бәрі көңілге олқы бірақ,
Барымызды төгеміз толтырып ап.
Ағылып артын ғана аялаймыз,
Жабылып қолымыздан өлтіріп ап.

Тау төсін дауылдатып құздан ұшқан,
Қадірсіз үйде - тышқан, түзде - арыстан.
Бүкіл Түркі дүниесін тебірентіп,
Кете бардың мерт болып қызғаныштан.

Ақын біткен бүгінде өлең арнап,
Шама жетсе биіктеп, өрені алмақ.
Кеше артыңан күл шашқан көлгірлер де
Жөні келсе, "Жолында өле қалмақ".

Сенбе оған, әулием, сенбе, сенбе,
Шын досың жоқ, елбесіп-селбесерге.
Бағы озғанның - қашан да тағы биік,
Жау боп шыға келеді "Сен!" - десең де.

Қандай мүң бар жанында, ән-күйінде,
Өлмес жырың Еліңмен мәнгі бірге.
Қазақ барда, сен барсың, Мағжан аға,
Тербеле бер өлімнің әлдиінде!

Өлім күйі - тәтті күй,
Балқысын жаны бал күйге.
Ұйықтасын тыныш тербеліп,
Әлдилем, өлім, әлдилем!

Кеш ұлыңды

Ән шалқып,
Күй төгіліп ойда-қырда,
Ел тегіс ертең болар той қамында.
Телміріп екі көзім терезеде,
Көңілім елмен бірге -

Тойлы ауылда.

Тірлік-ай,
Қызығыңа тойғаным ба,
Осылай жатармын деп ойладым ба?
Су құйып,
Қонақтарға қызмет қылып,
Болмаса жүрер ме едім қой маңында.

О, құдырет,
Бәрі-бәрі аяқ, асты,
Пендесін тағдыр шіркін аямас-ты. ~
Көбелек-көңілімді елге қарай
Сағыныш қайта-қайта ала қашты.

Ой, ой, ой!..
Қажыдым-ау ойдан әман,
Бақташы балаңдаймын қой қараған.
Жанымнан, жүрегімнен жыр саулаттым,
Бұл тойдан қаламын деп ойламағам.

Тірліктің секілденіп қасында өлік,
Жатырмын өзіме өзім масыл болып.
Бір құдырет жіберсе гой тік түрғызып,
Көзімнің жаутаңдаған жасын көріп.

Ертең той,
Елдің тойы қайта оянған,
Көреді көнілімен байқаған жан.
Қамауда запыран құсып, запа шегіп,
Табысқан үрпағымен, ой-хой арман!

Арман, арман!..
Мың сөніп, мың маздаған,
Кезім жоқ тебіреніп жыр жазбаған.
Қайралып тағдырдың тас шарығында,
Тұргандай қайта түлеп сырбаз далам.

Ертең той, әрі балаң, әрі ақын бол,
Біріндей шырағыңың жанатын көп,
Ұшар ем дауылдардың арасымен,
Көнілім - құс, әттең дүние-ай, қанатым жоқ,

Көніл-ай! Қандай бай ең қиялға сен,
Қиялын ақын біткен қияр ма әсем.
Тойыңың төрінде емес, есігінде
Жұруге қызметшің бол ұялmas ем.

Соңғы кез тағдыр маган өшігулі,
Болмаса білмеуші ем гой кешігуді.
Жатырмын топтан қалған қоңыр қаздай
Сағынып Сарыарқамды, Есілімді.

Өсірген жырмен тербелеп бесігімді
Тұған Ел!

Анасың ғой кешірімді.

Елпілдеп елден бұрын жете алмаған
Жанын ұқ, Есләміңнің, кеш ұлынды!

Евней аға рухына

Аласармас - ардай биік еңселім,
Барлығынды, нарлығынды ел сенің
Жеткізеді ғасырлардан ғасырга
Шырылдаған шындық, айтар келсе күн,
Аласармас - ардай биік еңселім!

Ел-жұртына тек өзіндей ер көрік,
Қайғың бар ма? Көтереді тең бөліп.
Тура бидей тіке айтатын күн туса,
Күллі қазақ, сөйлейді, Аға, сен болып!

Өшсін дей ме, көшсін дей ме жалыны -
Сөнсін дей ме жүрегінің жарығы?
Қызығына қарап тұру бар әлі -
Жарыстырып жүйрік пенен жабыны.

Таразыға тартып тұрған бәрін ой,
Жүр талайлар көрсете алмай әлі бой.
Өкініш көп алма-ғайып өмірде...
Жүйрік озса, ол - халқының бағы ғой.

Бірақ жүрік озғанда да қым-қуыт,
Қызғаныштан өлеңтіндер булығып,
Сардарлардың сағын мықтап сындырып,
Сарбаздарын қояр қорғып, жындығып.

Құлақ естіп, көз көрмestей сүмдық-ау,
Шырылдатып жеңе берер шынды дау.
Ес білмейтін есерсоғы жындылау,
Ерді қинап салып жатса қыл бұрау!

Табиғаттың тартқан тосын сиын-ай,
Сиының да астан-кестен құйыны-ай!
Жабы шауып бәйге алудың оңайы-ай,
Жүйрік қалып...
Сандалудың қыны-ай!

Аласармас -
Ардай биік еңселім,
Барлығынды,
Нарлығынды ел сенің
Жеткізеді ғасырлардан ғасырға,
Шырылдаған шындық, айтар келсе күн,
Ардай биік ЕҢСЕЛІМ!

Еліктеп жүрем ағаға *(Қарт журналист Әбдуәли Қарағұловқа)*

Ілесіп жәймен соңынан уақыт-жалғаның,
Талайын көрдім сексенге келген шалдардың.
Талайын көрдім,
Артында ізі-түзі жоқ,
Сексен жыл - көзден бұлбұл үшқандай арман-күн.

Сексен жылында сегіз күні жоқ самғаған,
Сері боп бір кез шырқатып ән де салмаған.
Сертке деп таққан семсердің өткір жүзіндей,
Желегі шалқып жігіт те бола алмаған.

Сексен жылында сегіз күні жоқ самғаған,
Қырандай қалқып қиянға көзін салмаған.
Бауырына басқан балапандарын тауықтай,
Үй іргесінен ілгері шыға алмаған.

Табиғат-ана жасамай жылға таршылық,
Сексенді қойып,
Жүзге де келген баршылық.
Сол жұз жылында суралып бір сәт шықпаған,
Жүргегін елдің арман-мұңына жаршы ғып.

Үіктасын іздең, дауылдан, жеден қорғаштап,
Бүккәсін, оны дер ме екен елі: "Болды асқақ!"
Әліптің әр кез артын бағумен күн кешкен,
Шалдарды көргем шықпаған бір күн қол бастап.

Көргенмін, содан еңсем де талай езілген,
Құлағым сарсып, безердей болғам ез үннен.
Қысылған сәтте ағамдай болған, Әбеке,
Бауырыңыздай жан жылууңызды сезінгем.

Арман-жырыңыз астасып арай ақ таңмен,
Тұрғанда гүлдеп көктемгі жасыл бақтармен,
Әбеке, Сіздің шуақты жүргегізден
Жетім жүрекке ағалық мейірім тапқам мен.

Ашылып айтсам алдында мына арымның -
Жарығын тапқам жаныма жастық, жалынның.
Жарымын тапқам бойымда қазір барымның,
Еркелер елдің ақыны бол та танылдым.
Бары рас болса өмірде қарыз, парыздың,
Жырыммен содан келеді бір сәт арылғым.

Тілерім - болса өмірде Сіздей мәрт жан көп,
Өзіме өзім тірліктің жүгін артсам кеп,
Ініге берер ізгіліктердің жолында
Еліктеп жүрем Ағаға сәл-сәл тартсам деп!

X X X

*“Үйін-төгін бақытты берме маған...”
Мұқағали.*

Жарты бақыт тілеген, жарықтық-ай,
“Жаныңды жарты азапқа салып бұлай,
бағыңды тірлікпенен байлама”, - деп,
Пейішке кеткен сынды алып құдай.

Жарты бақыт, қуаныш -
Жарты бәрі...

Өзі жарты -
Одан не артылады?
Жарты қылып ұстаған кең жалғанда
Ұға алмапты-ау жаныңды халқың әлі.

Ұға алмапты-ау жаныңды халқың әлі,
Ұлылықтың өлшеусіз нарқы-дағы.
Тотыны торда ұсташа да қиянат қой,
Биіктіктің биіктегі бар тұрагы,
Ақын жүрек шырылдаш шарқ ұрады.

Біле бермес ғұмырдың мына заңын
таланттылар тағдырдың мұң, азабын
елден ерек тартады, сенің-дағы
Тақсіретің болмаған, сірә, жарым.

Кезіндегі күңгірт тартқан күн райының
Оқысам жырларыңды - ұдайы мұң.
Тұмшалап төңірегіндегі бұлт жүреді,
Болмаған неге жарты уайымың?

Қашырган қайсарлық, пен құтынды әрі
қайғың да, қасыретің де... Бүтін бәрі!
Жарты бақыт тілеген, жарты ғұмыр
Қайран басың жазмыштан құтылмады.

Шындық үшін көп тіккен оқда басын
Абай - Абай! Оған еш жоқ таласым.
Кез көрген заманың бір болғаннан ба,
Абайдан сен жақындау бол барасың.

Тұрар ма мәңгі маздаң шырақ-тірлік,
Сол тірлікте қаншама құлап... тұрдық...
Барлығында білмеген қадірінди
Фәниден кеткенінде бір-ак білдік.
Жаны жырдан жаралған жарықтық-ай
Жанымызбен егіліп жылап тұрдық.

Тоғысқан жолдар

Тоғысқан жолдар торабы -
Жолдардай сол бір көніл де.
Ағаса құштар болады
Ағасы жоқтар өмірде.

Жаңдырмас солғын бағынды
Алдан - Күн, Арттан - туып Ай.
Қаритын мұздай жанынды
"Жоқ!" - деген сөздің сұғыры-ай!

"Ағасы бардың жағасы
бар!" - деген сөзге бас ұрып,
Көрініп жоқтай панаы
Қалатын көніл басылып.

Өтсе де жылдар қаншама,
Жүректе бір мұң жатады.
Ағаның жоғы арқаңа
Аяздай сонда батады.

Өмір гой, өмір... кей-кейде
Жаныңа салып жара, дақ
Кетсе де, барғың келмей ме
Біреуге сол сәт -
Ағалап!

Содан да шығар -
Ағаны
Ер жеткенде де ізdedім.
Іздеген адам табады,
Сол Ағам - Әбе, Сіз дедім.

Кейіндеу үқтym, кейіндеу -
Тұмаған - туыс қадірін.
Көңілге көңіл бейімдеу,
Ағам деп сізді таныдым!

Құлазып көңілім даладай,
Достардан шеттегенімде,
Жүгірдім сізге баладай
Ақылым жетпегенінде.

Бағалай алар кім барын -
Әрнеге көңіл алаңда?
Жүректің нәзік сырларын
Жырыммен жеткізе алам ба?!

Тоғысып ойлар санамда,
Беремін ерік қаламға.
Қаламда мынау, даламда...
Басқа Аға сіздей табам ба?

Мөлдір бір сезім жанымда
Толқыса - кім бар оны аңдар.
Ата боп қалған шағымда
Ағаға көңіл аландар.

X X X

Октябрь, есінде ме?
Сұрайсың дер ме екенсің - не үшін, неге?
Өткенде де ойға алу керек шығар,
Уақыт заулап барады есіл-кеме.

Кешегідей емес пе бәрі, бәрі...
Ойлай берсең,
Ой шіркін табылады.
Ертерек ер жетуге құмар көңіл
Енді сол балалықты сағынады.

Шалдуар, піспеген шақ - шала кемік,
Албырттық, аңқаулығымызды ала келіп
Ауылдан алыс үшқан балапандар
Адасып қалмап па едік қала көріп.

Мен тіптен албырттау ем - алақ-жалақ,
Киімді де киетін жамап-жамап.
Сұлу қыздың соңынан қатар жүрсек,
Жайрағырлар кететін саған қарап.

Талайлар десе дағы: "Ең алда мен",
Би болса, бас бәйгені сен алған ең.
Беделің де биқтеу көрінетін
Мектепті бітірген соң медальменен.

Жүргенмен мықтымсынып баста кілең,
Өзіңе тең келердей басқаны мен
көргем жоқ жатақтағы бір бөлмені
Үйіріп жалғыз өзің басқарып ең.

Орайы әр ісіңнің онынан кеп,
Еретін қайда барсаң соңынан көп.
Текten тек айтпаған да қариялар
"Қашан да болар бала боғынан!" - деп.

Бауырыңа Адатауды жастап алып,
Жатпадың Алматыда баста не ғып?
Деп жүрсек, тым әріден ойласың-ау -
"Алам, - деп, - Ақмоланы астана ғып!"

Білемін, даналық бар әр ісінде,
Қоясың болжап, ойлап бәрісін де.
ЖенПИ-ге жоламайтын құлығыңың
қалдық біз кеш түсініп мәнісін де.

Қаймақтың май айырып тортасынан,
Айласын тамам жүрттан жорта асырған.
Қыз Жібектің сіңлісі жеңгемді де
Көздерін отыз ұлдың бажырайтып
Бір күнде қағып кеттің ортасынан.

Ойнайтын карташыдай козрьменен,
Кезің көп үтқан сайын көз ілмеген.
Алпысқа да кеш келер сыйайым бар,
Қаншама жарыссам да өзіңменен.

Қас тұлпар тұрып жусап таң асады,
Келеді дүлдүлдермен дала сәні.
Қанат бар жүйріктердің қолтығында,
Оз, Аға! Озу саған жарасады.

Келермін сені қуып мен де алпысқа,
Кермиық кемелденген дегдар тұста.
Жүзің де талайларға жүк болмаған
Көтерер қолтығынан ел бар тұста.

Барсам да, Ақмолаға бармасам да,
Тілдесіп тұрамыз гой анда-санда.
Алдыңда көз жаздырмай озған қалпы -
Оқ, бойы самға-самға, самға-самға!

Семетайға

Суга батырмай,
Отқа күйдірмей,
Басымызды қатырмай,
Басқа қызыға сүйдірмей,
Жауға алдырмай,
Жолда қалдырмай...
Сені - Елуте,
Мені Алпысқа алып келген,
Отқа түсіп, суга да жанып көрген,
Жанройлықтың қыздарына иілеміз
Шүкірлік, ұл да, қыз да тауып берген.

Намыс үшін отқа тұс, күй дейтұғын,
Әмір қылып қамырдай илейтұғын,
Ел басқарып үкімет болмаса да,
Фалым менен ақынды зыр қақтырып,
Кәдуілгі патшадай билмейтұғын...

Олар барда тауың да, жартасың да
Кете барап биліктің "қалтасында".
Жүзге де жетіп қалар түріміз бар -
"Таудай" бәйбішелердің қалқасында,
Сырт "жаулардан" қорғаштауы арқасында!

Осы біз бауырмыз ба, бажамыз ба,
Айттардай баладай пәк тазамыз ба?
Сені қайдам, мен өзім айта алмаймын,
Айтсам айналып кетер таза аңызға.

Еске алсақ бұл фәниден кетер күнді,
"Өткіздік, - дей-қоймаспыз, - бекер күнді".
Туып бергені үшін де құл боп жүрміз,
Екеумізге екеуі екі Еркінді!

Сөзімнің өзілі де, шыны да бар,
Айтылмаса көңілдің сыры қалар.
Көп мақтасам, ерке қыз екеуі де,
Желкемізге ерттемей мініп алар.

Кел-келдең шақырады елес-арман,
Көңіл қымбат, туыстық емес арман.
Десек те сені маған Алатаудан,
Арқадан мені саған бере салған!

Хош, Мәркен

Тарам-тарам жолдармен жылғаланып,
Өтіп жатыр зымырап,
Жылдар ағып...

Сол жылдармен жарысып, қатар өсіп,
Келе жатқан жан едің тұлғаланып.

Тұрганда да аузыңдан жалын ұшып,
Көрмеп едің жолыңдан жаңылысып.
Қанша мәрте жылына кезіксек те,
Қауышушы ек бауырдай сағынысып.

Асқақтап әлдекімше аласұрмай,
Басқадан бақ асырмай,
Баға асырмай...

Ізгілік жолыменен жолығушы ек,
Бірге өскен бір үяның баласындей.

Елде өзінді бел көріп,
Тірек көріп,
Отырушы ек алдыңа шіреп келіп.
Жүгірер ең қызмет қып, бәйек болып,
Інілік парызынды кіл өткеріп.

Апырай, хабарыңың ауырын-ай,
Құдайға да қерек пе тәуір ұдай.
Еркелер,
Еркелетер Есаға деп
Табармын сені қайдан, бауырым-ай.

Тағдыр-ай,
Жетімдерді кім аяды,
Жоқтау боп кеткені ме жыр аяғы.
Егіліп Есіл бойы өзінді іздең,
Төңірек аза тұтып мұңаяды.

Хош, Мәркен,
Қимасақ, та хош, бауырым,
Іздер ел сан бәйгеге қосқан ұлын.
Жүрерсің көңілімізде бірге жасап,
Барында жалпақ, жұртың,
Дос қауымың...
Хош, Мәркен,
Хош, бауырым!

Жыр жазамыз

Жыласақ жыр жазамыз,
Құласақ жыр жазамыз...
Біреулерді мадақтап, марапаттап,
Шыңға шығып марқайсақ, бар атақты ап,
Күл қоқысқа айналсақ, жала таптап...
Жыр жазамыз тағы да жыр жазамыз,
Ақын-өмір ғажайып тұнған аңыз.

Арман -

Арман жезкиік ала қашқан,
Көз ұшында сағыммен араласқан.
Қос өкпемді қолыма ап қуып келем,
Өлген-тірілгеніме қарамастан.

Өмірден тыс кімді кім жарата алмақ,
Қуанған да кезім көп алақайлап.
Суалған да кездерім аз болмады,
Жүргегімде қалды кіл қара таңдақ.

Құлай түсіп біреуге сенгенімде,
Сенгенімде, еркіне ергенімде,
Орта жолда қалдырып қорғып кетті,
Көмгендей-ақ тірідей жерге мұлде.

Бәрі соның жырымда,
Жыр жаздым кеп...
Таттым талай зардабын ызғардың көп.
Өлеңменен өртеніп кетердей ем,
Су сепкендей құл болды қызған жүрек.

Қайран жүрек албыртып ала қашқан,
Алақұйын додага араласқан.
Бір көмбеде қалдырып кетермісін,
Сырласым, мұндастым ең бала жастан.

Бәлкім бұл да пенденің пенделігі,
Жетіп жатыр көңілдің кенде күні.
Жылап, жұбап өлеңге мұнын шаққан
Жүргегі шерлі ақынның мен де бірі.

Кейде жылдар артымда жәй қалғандай,
Медеу табам жанымда қайдан, қандай?
Бір сүрлеумен келемін,
Алдым бұлдыр -
Өз өсімен Жер Күнді айналғандай.

Жазам, жазам...

Көңілімді шұғыла Күнге бөлеп,
Жазам, жазам...
Жазғаным кімге керек?
Немере жас, үл-қызын орыс тілді,
Табады ертең кім іздеп, кімдер елеп?!

Жүргенменен жанымды жыр жебелеп,
Көріне алам ақылды кімнен ерек
Жыр да менен бір күні қаласың-ау,
Ойлайтұғын өзіммен бірге ме деп.

Қалса да қанша жазым, қысым мейлі...
Өлеңім өмірімді мұсіндейді.
Біреулер жан-тәнімен ұққанменен,
Біреулер қасақана түсінбейді.

Менің ауылым -

Мағжанды тұған ауыл,
Аза күнді тойлаған думан ауыр.
Ат аунаған орында түк қалады -
Түсіне ме соны осы тума-бауыр.

Кеш те болса адамдар түсіне ме,
Түсінгенде жетеді күші неге.
Егеменді Ел болдық дегеніміз,
Көкірекке бір сәуле түсіре ме?!

Жүрегімді, жанымды жыр жебелеп,
Көтере ме көnlімді
Күнге бөлеп.

Орыс боп кеткен жердің ақыны деп,
Артымнан іздер екен кімдер елеп.

Айта берем,

Айтқанмен не қыламын,
Зарлағандай жапанда менің өнім.
Қызығамын қарадай қырда отырып,
Қазағы мол жұрттарға елі қалың.

Білемін,

Жете қоймас менің әлім,
Талайының жанында жегі барын
сезіп келем,

ұялып безіп келем

Деп жүрген азаматтар:

"Елім - Арым!"

Артында үрпағына не қалдырып,
Білсем ғой үрпағының нені ұфарын!

Мұхтар керек сияқты

О, Мұха!

Айтпасақ, та бір жаңалық жарытып,
Жарыс десе жанын отқа қарытып,
Көбелектей көлбен қағып көп ұштық,
Бір жүлдені алатындаі бәрі ұтып...

Солай, солай...

Сезім оттай әлі ыстық,
Мыңның бірін жаратты Алла арыс қып.
Тар кезенде тайталасып табыстық,
Тұғыр қалпы тұлпарлармен жарыстық.

Алдымызда асқар биік,
Құз-белең...

Жарыстық біз Абаймен де, Сізбенен...
Инеменен құдық қазып қырраттан,
Құм ішінен алтын, ақық іздеген.

Табамыз деп жер бетінде жоқ жанды,
Кекірегіміз алау оттай көп жанды.
Шырақ алып шыңыраудан іздедік
Салтанатты, Эйгерімді, Тогжанды...

Әз ғұмырда бөлмей ақты, қараны
айтсақ,
Жетім, жаны жастай жаралы.
Бейбақтар да көше кезіп жүр әлі,
Жесірлер де көңілі мұздай, қаралы.

Айуандық, асып бірі бірінен,
Аруақтар азап шеккен тіріден.
Еркін елде зорлық, көріп жүргендер,
Қорлық, көріп қорғансыздық, күнінен.

Кешір, Алла!
Күпіршілік қалай көп,
Шоқ, қариды,
Жанымызды жалайды от.
Мыңмен жалғыз арпалысқан Абайдай
Сіз де өттіңіз жұртыңызға абай боп.

Ерітем деп жүректерде бар сызды,
Теңестіріп әлді менен әлсізді.
Соның бәрі өмірде емес, көңілде
Ешкім жеңбей келеді әлі арсызды.

Тұлпарларсыз тасқа жаныр тұяқты,
Сұңқарларсыз...
Көкке самқау ұят-ты.
Егеменді ел болған соң расында
Ұлы дәуір,
Мынау ұлы ғасырда
Сұмдықты айтар Абай да жоқ,
 Күдай жоқ,
Шындықты айтар Мұхтар керек сияқты!

Шындық керек

Әз-аға!

Шынды шың деп айтатындар аз, Аға.
Арылардай қордаланған қоқыстан,
Сөйлей қапсың ақтарылып оқыстан,
Кең көсіліп, құлашынды жаз, Аға!

Жаз, жаз, Аға, кең көсіліп жаза түс,
Боямасыз көрінсін бір таза түс.
Шындық есту біреулерге жаққанмен,
Біреулерге қаралы түс, аза түс.

Шаңқай түсте қасқыр көріп қорадан,
Үрейленіп үркетіндей обадан.
Түсі суық тұра келген шындықтың
Әзірейлі қарсы алғандай моладан
Қалтырайды, қалтырайды көп адам.

Құс көнілді жалған сезім оңалтып,
Жүргендей-ақ, арқаға ауыр тоң артып,
Сенімін де, серігін де жоғалтып,
Құр сүлдері,
Жалған ғұмыр кешкеннен,
Шындық, айтып,
Шалт кеткенің көп артық.

Ақиқаттан айнымаған тайқап ер,
Азаматын түстеп-танып байқар ел.
Жаным - Арым садағасы дейтүғын
Түсінеді, түсінеді байтақ ел,
Шындық керек үрпақ, үшін -
Айта бер!

Аға

(Төлеберген Қайыпбергеновке)

Болдым, аға, ауылында аз-ақ, күн,
 Аз-ақ, күнім - естен кетпес гажап күн!
 Тереңірек ұқтый алғаш және де
 Туыстығын қарақалпақ-қазақтың.

Ұқтый елдің елдігі мен ерлігін,
 Ұқтый жанын,
 Жүргегінің кеңдігін.
 Сөз жеткізіп бере алмайтын көп сырды...
 Оны айтардай сөз де әзірге жоқ, сынды
 Ұқтый, аға,
 Ұқтый бәрін мен бүгін!..

Даңқы шарлап кеткен байтақ, әлемді
 Таңыр болсаң еліменен таны ерді.
 Кіші еді деп кім айта алар бүгінде
 Нар халқынды,
 Сендей ұлы бар Елді!

Әз басынды иіп келіп кішірдің,
 Мен соныңа жас баладай қысылдым.
 Ұлық болып - кішік болу дегенді
 сені көріп, сен арқылы түсіндім.

Кездерім бар жаққан жүртқа, жақпаған...
 Асып айтып,
 Тасып сөйлеу - жат маған.
 Іні болу келер, келмес қолымнан
 Халқымыздаң қасиетін сақтаған,
 Сендей Аға тапқаныма МАҚТАНАМ!

Ат та болар, шапан да...

Бақыт!

Дегендей - "Сен де он бесте, мен де он бесте..."

Балалығың түседі көргенде еске.

Жарғайында - есілдің жағасында
жүрген күндер - кетті гой ол келмеске.

Түседі еске Өрнектен, Өндірістен
жаяу-жалпы бірталай жол жүрісken.
Әкең бар, анаң да бар, мұңсыз-қамсыз,
Сені өзімнен артықтау көрдім іштен.

Мектепке шұбырғанда әр күні өріп,
Киімің беретіндей сәнді көрік.
Мен бесіші класта, сен - алтыда,
Жүруші едің бәрінің алды болып.

Көз алдымда, бірін де ұмытпағам,
Қайдан білем ішіндең құлыптаған?
Өз әкеңнің майданнан келмегенін
айтқан жоқсың талай жыл жүріп маған.

Құлығың бар, күлкің бар аз-ептеме,
Көктем кетті, біздерден жаз өтті әне!
Өзіндең байлап бердің Дәмеліге,
Дәл сондай, ойлап көрдім, газетке де!

Бірде аңдал сөз айтамыз, бірде аңдамай,
Оң жағынан күн туып, күлгенде арай.
Сенің жомарт жаныңды, жүрегінде
елден бұрын Дәмелі білген қалай?!

Өзің сынды айнала жанды ақ, көріп,
Көлгірсіп сөйлемейсің алдаң келіп.
Сөз сиқырын кетесің кейде ұмытып,
Өзінді "Қызылжарға" жалдаң беріп.

Құлық, сүмдышқ... Өмірде ондай да көп,
Оңайлықпен бақ-дәулет орнай ма кеп.
Іздейсің ізгілікпен қызың қылышты,
Басқалар мансап қуып болмай ма әлек?!

Сен үшін қашан да жат тартыс, егес,
Алпысың - бір жалт еткен алпыс елес.
Данаңық, даралықтың басы деп үқ,
Жүрт айта беретіндей талтүс емес!

Жалғасқан жақсылыққа жаз ғұмырың,
Жаз ғұмырың, БАҚЫТҚА мәз ғұмырың.
Тоқсандарға келгенше толқи тұрсын
Милюалы бәйтеректей азды күнің.

Дей алмас - "Сүт бетінде кілегеймін!"
Жүзге бас тілеп барып тіремеймін.
Дос болсаң да көңіліңе алма, бауырым,
Жүзді мен өзіме де тілеймін.

Білмеймін жүздің кімге не берерін,
Бақыт деп көтереді елеп елің.
Қызығын көріп қалған ғұмырында,
Азамат болғанын көр немеренің.

Менің мынау өмірден білерім бар,
Өзіңе өзім деген жүрегім бар.
Ат та болар, шапан да... Бәрі болар,
Көңілімді ұсынған Күндей көріп,
Бәріне балап осы ТІЛЕГІМДІ ал!!!

Сіз - дара шың

Сіз - дара шың, төңірегіңіз топ шынар,
Халық - сыншы, үнсіз іштей көп сынар.
Абылайды көрген жоқпын, айта алман
Мен білетін мынау исі қазақта
Сіздей жайсаң жоқ, шығар.

Шепті бұзып жауды жалғыз қайтарған
Алпамысты көрген жоқпын, айта алман.
Батырлығы, батылдығы елімнің
Ер сипатты тұлғаңыздан байқалған.

Шекпен киіп, тағынбады шенді кім,
Қара нардай көтердіңіз ел жүгін.
Әділдігі аңыз болған алашқа
Қаз дауысты Қазыбектей кеңдігі
Пенделікпен оңашада ойлаймын
Қатар қояр бар Бәйкеңе тең кімім?!

Ашық, күнде алшысынан тайған бар
Жақсылығын "бақсылығы" шайғандар.
Тура бидей туысына тартпаған
Сіздей болар мен көрмеген пайғамбар.

Таққа отырса ата тағым деп білер
Келді кетті талай пысық, ептілер.
Абыздардай аңыздардан жаралған
Тектілігін танытады тектілер.

Достары көп, аз болмаған қастары
Кек түтпады, ойдан сырыйп тастады
Содан шығар, сенгіріне сексеннің
Шықсадағы ортамызда жүр аман
Аласармай аспаны.

Алыстарға жететүғын бір талмай
Көк жүзінде қатар ұшқан сұңқардай,
Егіз гүлдей бір сабақта бүр жарған
Бірі - Есеней
Бірі - дана Ұлпандаі!

Мақтана аlam,
Бірі - жеңгем, бірі - ағам
Пешенеме тағдыр берген сыбагам.
Екеуін де өмір талай сынаған.
Жұлтарыңыз жазылмасын ғұмырда
Ұл-қыздардың қуанышынан қуат ап,
Иір бұтак, бәйтеректей тік өман,
Аға, Жеңге ортамызда жүр аман!

Күн өткен сайын алыстап арман аралы
Қиялға көміп, нелер бір ойға салады.
Құдайға шүкір,

Сіз шыққан биік тірлікте
Мансапты қуған талайлар
үшін ғұмырда
Арман - шың болып қалады.

Бұлбұл деңіз, дүлдүл деңіз, ер деңіз -
Жақсы жарсыз жарқырапар деп сенбеңіз
Ағамыздың, данамыздың бағына
Келген Бақыт жеңгеміз.

Жар үқпаса жақсы көңіл-ниетінді,
Арманның да алмас жүзі кетілді
Бақыт жеңгем - Айғанымы Алаштың
Ел Анасы секілді.

Х Х Х

(Балғабек Қыдырбекұлына)

Уақыттың ызғар қысында,
Ұшпайтын түлеп құсым да.
Мен сені, Бәке, танығам
Үсебаевтың тұсында.

Танығам, Бәке, сол кезде,
Кеуделер соқыр-көр кезде.
Ал, Сіздің бізге ағалық
Фибыратыңыз болды өзге.

Біреулерге ұқсап жалтақтап,
Біреулерге ұқсап жалпақтап,
Откізген жоқсыз күйкі өмір
Жағынуменен жан сақтап.

Жан беріп,
Кейде жан алып,
Бәріміз Сізді Аға ғып,
Майданға "шықсақ" мықтымен
Сеніммен әр кез қарадық.

Үсебаевтың тұсында
Өтті көп жазым, қысым да...
Сізге ұқсап айбын таныттық,
Көнбейтін болдық қысымға.

Түк бермегендерге жарытып,
Көкіректің кенін ағытып,
Келесіз көштің басында
Марқасқалықты танытып.

Сән үшін моншақ тұзбекен,
Асылын елдің іздеген,
Көкірегі көмбе,
Жаны ұста,
Шабатын кездे намысқа,
Жарқ, етер алмас қылыштай
Ризамын, Аға, Сізге мен!

Есімде
(Герага)

Қырық бірдің дүрбелені есінде,
Тілін тағдыр күрмегені есінде,
Кіндік қаны тамған жерден қуылып -
Ертеңі не, Білмегені есінде.

Қазақ дейді,
Естімеген!
Қай халық?..
Кеткендей ме аспан жерге айналып
Тағдырының жетегіне байланып,
Келді өйтеуір маң далага айдалып.

Арман талай алдағаны есінде,
Алжыландаі арбағаны есінде.
Қайда барса Қорқыт көрі қарсы алып,
Қыр соңынан қалмағаны есінде.

Бәрі есінде,
Бәрі-бәрі... есінде,
Жанын отқа жанығаны есінде,
Суық сөзден налығаны есінде,
Сұқ, көздердің қарығаны есінде.

Сейтсе, олар да адам екен өзіндей,
Қыынға да төзеді екен төзудей.
Досқа жанын үзіп берер мәрт халық,
Ел намысын күзететін көз ілмей.

Демей содан айдаудамын, шеттемін,
Есінде әлі аттағаны мектебін.
Жүре-жүре неміс емес, біртінде,
Білмей қалды "қазақ" болып кеткенін.

Өзге ойыншық болмаса да - асық, көп,
Соны қөрді алты қырды асып кеп.
Алғаш рет өлең жазды қазақша,
Мөлдіреген қара қызға ғашық, бол.

Неміс дейді -
Неміс болса несі бар?
Төрт құбыласы - тегіс болса несі бар.
Гитлердің жендеті емес бар неміс,
Болса, аяма - қылша мойын кесіп ал.

Тіршілікте тура тартар жоқ, арна,
Бар немісті жау деп үғып болар ма?
Майданда жүр қандасының талайы,
Отан үшін мерт бол жатыр олар да.

Бәрі жұмбақ - Өткізеді күн, айды...
Әкесінен, шешесінен сұрайды.
Оларға да жұмбақ әлі - не десін,
Білдірмейді, іштерінен жылайды.

Ұйқы-түйқы тірлігінің жолдары,
Болар тұсты болдырмады, болмады...
Сондай кезде пана тапты қазақтан
Қорлатпады, қорламады - қорғады.

Айтары не - ауыр болды жолы әман,
Айрылғанда туыс, жақын-жорадан,
Кезде жылдар бар бақытын тонаған,
Оқ, пен оттың ортасынан бораған
Жанын жайып, қолын берген қазақтар -
Тірі жүріп ұмытар ма оны Адам!

Ұмытқан жоқ,
Бәрі, бәрі есінде,
Тірлігінің әрі, нәрі есінде,
Қазақтардың жаны, қаны есінде,
Өздерінің ұлдарындей көтеріп,
Еріміз деп танығаны есінде.

Қате басса жасай білген кешірім
Елді - туған елім десе несі мін?
Сол үшін де жүрегінде тербетіп -
Жырлап өтпек Тасөткелін, Есілін.

Өтер жылдар, күн артынан көшер күн
Қарсы ап алдан гүл-кілемін төсер мың...
Демес бірақ, көшелімін, көсеммін,
Қайда жүрсе Туын биік көтерер -
Ол да туған перзентіндей осы Елдің!

Елу - ер жасы *Tасбай ініме*

Елу деген ер жасы, кемел күнің
Паш етердей жұртына ер ерлігін
Ауырлықты қайыспай нар көтерер -
Кемелдікті күтеді ел сенен бүгін.

Кемелдікті күтеді ел сенен бүгін
Жасыңа орай көтерер ерен жұғін
Өресі мол өрісті ерлер керек
Көрсетер шақта әлемге ел елдігін.

Қауышып қуанышпен, қайғымен де...
Қатайтып қанатыңды жайдың өрге.
Қаршадайдан қарысып атқа міндің
Жақсылық жеткізем деп қай күні елге.

Әу баст-ақ, қатарыннан дара тұрдың
Алдыңда әлі оттай боп жанатын күн.
Дарындардың ауданын биіктеттің
Рухын көтерем деп Шал ақынның.

Елу деген ер жасы, кемел шағың
Бел шешіп шаршы топқа енер шағың.
Сұлулардың шоқ тастап жүрегіне
Жігіттіктің келтірер ерен сәнін.

Данаалық, елімізге бұйырған көп
Жеткізер жалпақ жүртқа білімді әрлеп.
Айылы алты қарыс ағаларың
Мақтағанда ауылның әр адамын
Айтады Тасбай сынды інім бар деп.

Үшін еліңнің, жеріңнің де
Арманысыз төгілді аңы терің күнде
Отыз, қырық - өрт шағың жалындаған
Басылмайтын оты бар елудің де.

Береке - бір ісінен бір ісі үдең,
Айтсын жүрт ірінің де ірісі деп.
Жалпақ елің сүйсінер қарағанда
Күлкісімен нұр силар әр адамға
Өсе бер Ақындардың інісі бол!

Сұраған елуге толғанда

Солтүстікten санаулы аз қазақпыз,
Аз да болса, салмағы саз қазақпыз.
Қуансақ жаныменен шын қуанып,
Ақпанда алау болып маздамақпыз.

Маздамақпыз, алаудай маздамақпыз,
Көңілі көлдей, барына мәз қазақпыз.
Көптің ығын жүрмейтін көлеңкелеп
Шындық үшін шырылдан отқа түсер,
Оққа тосар кеудесін азға жақпыз.

Сондай ердің біреуі Сұрағанды
Айтсақ, жаны жақсыға шын алаң-ды.
Үлкен-кіші жүреді мақтан көріп,
Демес ешкім беделді сұрап алды.

Жайса болды көңіліндеі дәстарханын,
Жатады біліктілік, асқан тағылым.
Жалпақ жұртқа міне деп көрсетердей
Жиған кілең елімнің асқар тауын.

Қын кейде көңілден күйді ұқтыру,
Күйді ұқтыру, сезімге билік құру.
Әркайсының мүйізі қарағайдай -
Іілмес ірілерді иліктіру!

Сұраған бәрін соның танып-біліп,
Өзін де аға-ініге таныттырып,
Жүреді қуанышта басын қосып,
Ақжарқын көңілмен қарық, қылып.

Қайда да қылышымен сиып кетіп,
Көрсеткен аға-ініге сүйікті етіп.
Бақыт келін сезе алған уақыт лебін
Шалқыган шаңырақтың берекесі
Ер еңсесін жүретін биіктетіп.

Аялар інісін де, ағасын да,
Сұлтанды Сұрағандай табасың ба?
Той тойлап жатқандаймыз Алматы емес,
Ауылда - Сарыарқаның даласында,
Ен тогайлы Есілдің жағасында,
Бәйкең бастап жиылған патша-ағайын
Ақиық асылдарым бәрі осында,
Қарағай қайыңдардың арасында!

Сүйсініп ағайының - АЛТЫ АЛАШЫҢ
Алланың ақ, тілеуін қайталасын.
Алатауды айналса атың озып,
Елуінде жасаған думан тойың
Жүзге жасың жеткенше тарқамасын!

Т Θ Р Т И Н Ш I Б Θ Л I M

Секілді ата-ананың қас-қабағы,
Бар бақыт от басынан басталады.

Tіrlіk tіregei

Ата қаздайын балапандарымды ертіп соңыма
Келемін аман,
Көпсінетіндер бар соны да.
Көпсіне берсін, түрім жоқ, әлі өлеңін,
Талай да талай қызығым алда көретін
Жүре беремін солардың "бағы", "сорына".

Балапаныңдай қыранның қия шындағы -
Балапандарым ақ, үртек қауырсындары.
Солардың талап-талпыныстарын қызықтап,
Жүрегім не бір ауырды ауырсынбады.

Тірліктің мынау нұы мен сүнн кешкенде,
Шалдығып-шаршап жығылам қай бір кештерде.
Баз кешіп, безіп кетердей болам кей-кейде,
Өзімен басқа сезбейді бірақ еш пенде.

Ойласам мына өмірдің өзі кіл егес,
Егеске түсіп жүргенім жалғыз бұл емес.
Женғенім дағы,
Женілгенім де - түк емес,
Алдамшы бәрі, алдамшы бәрі - құр елес.

Тірлік қой, тірлік - қараймын оң мен солыма,
Сәт тілеп біреу гүл егіп жатыр жолыма.
Ал енді біреу у ұстап шенгел-қолына
Тағат таппай жүр түсірсем-ау деп торына.

Алдында солай құрылған тор мен жол жатыр,
Жаратқан ием, қолдайтын болсаң, қолда ақыр!
Ойласам мына өмірдің өзі - кіл егес,
Тірлік тіреgei - тартылыс күші сонда түр.

Бақыт

Бақыт!

Бақыт!..

Кім білген магнасын,

Ұғып жүрген жан бар ма, не қыласың.

Аш адамнан сұрап көр:

- Бақыт! - дейді

Тоя жеген, тоя ішкен нанын, асын.

Бақыт!

Бақыт!..

Кім білген магнасын,

Ұғып жүрген бір жан жоқ, не қыласың.

Бойындағы пенділік жеңіп кетіп,

Кең жерді тамүқ, көріп тарынасың.

Жаратқан бір құдайың құлы мына -

Өзі таң кейде өзінің қылығына.

Әркім әкеп қымбатын қиыстырар

Көз көрмеген БАҚЫТТЫҢ ұғымына.

Бақыт деген бір елес, кім көріпті,

Кімдер жетіп мәніне, кімдер ұқты?

Маган кейде БАҚЫТ боп көрінеді

Осы тыныш тірлігім күнделікті.

Бақыт!

Бақыт!..

Ол немен өлшенеді,

БАҚЫТТЫ іздеп кім қанша жол шегеді.

Армансыз, бақыттымын деген жанды

Мына шексіз өлемнен көрсем еді.

Бақыт!
Бақыт!..
Адамдар көп аңсаған,
Көңдіммен мен де қолым созам соған.
Бақыттың да бағасы қалмас па еді
Адам біткен БАҚЫТТЫ бола алса әман.

Бақыт!
Бақыт!..
Біле алмай мағнасын
Әрнәрсені БАҚЫТ деп жаңыласың.
Бақытты болам деген ең алдымен
Бақытының не екенін танып алсын.

Біреу бала сұрайды тәнірінен,
Тебірентіп жүректі зар үнімен.
Енді біреу бейкүнә шаранасын
Тастап кетіп жүр, оны тағы білем.

Білем, бірақ не табам білгеннен мен,
Өмірден кімдер кетіп, кім келмеген.
Шошынамын атасыз тексіздерді
Тарыдай шашып кетіп жүргендерден.

Бақыт, ұлым, мен үшін сенің барың,
Бақыт және сен үшін менің барым.
Ел алдында өтелмес борышың көп,
Өмір бізге берген жоқ, тегін бәрін.

Ажал бір күн суырар алдаспанын,
Ерте, кеш... одан ешкім қалмас, жаным.
Мен білетін бар БАҚЫТ - саған ұлың,
Маган сенің, құлыным, жалғасқаның!

Белортада орыным

Онша кедей емеспін,
Онша бай да...
Баймын дер ем,
Сол шіркін болса қайда?
Баспанасыз кешпедім тепең тірлік,
Шалқып тағы тұрмадым мол сарайда.

Қырық, жыл бойы атандым жаяу жігіт,
Бір төбеге шықпадым таяу жүріп.
Көңіліме демеу боп, қолтығымнан
сүйеді әркез қалдырмай баянды үміт.

Тұмшалап кей кездерде шабытымды,
Көкірекке уақыттың шаңы тұнды.
Сырттай оқып біреулер бар үкімді -
Өлмей жатып сайлады табытымды.

Соңына ердім ілгері жүрген көштің,
Қалмадым, қызық, қыын күндер кештім.
Қайда барсам жүртүммен бірге болдым,
Оза шауып оларсыз гүлденбеспін.

Оймен кезіп дүниенің шолдым бәрін,
Қазанаттай қыс-жазы болдырмадым.
Ұлы көштің басында,
Соңында емес,
Білдім әркез ортада орным барын!

Ұлым саған

Рас шығар,
Бір тұщыға келетін мың ашы бар.
Өмір саған жездे емес еркелетер,
Күткеніңнен аларың тым аз шығар.

Ұл туганда,
Шығарса деп биікке, жүртүмды алға
тілейсің,
Бір күн қыран болған артық,
Қарқылдап болғаннан да мың күн қарға.

Армандай шіркін елес,
Жалғасар бір күн емес, мың күн емес...
Даңқымен мәңгі-бақи өлмейтіндей
ҒҰМЫРДЫ перзентіне кім тілемес?!

Ұлым саған -
Жеткенінше қуатым, ғұмыр, шамам...
бар жақсыны тіледім,
Көп айтпаймын,
Жаным жомарт болғанмен, тілім сараң!

Өмірімнің мәйегі - ең маңызды,
Қалдыратын артыма сен ғана ізім!
Аталар аруағын тербеттірмей,
Өтей алсаң болғаны Ел қарызын.

Ұлым саған
Жеткенінше айтамын тілім, санам.
“Елің - Алтын Бесігің, БЕСІГІҢДІ
Аялай бер біткенше ҒҰМЫР, ШАМАН!”

Бауырларым

Бауырларым!

Шыбығынан өсірген бауым-багым,
Қадалады жаныма шашшудай бол
Сендердің жүдегенің,
Сендердің ауырғаның!..

Қасыретін жетімдіктің
ерте тарттық, ертерек жетілдік тым.
Тырбанып өмір кештік өксігі мол,
Тірлігіңе бере алар кепілдік кім?

Сендерден сәл-сәл ғана ересек ем,
Күйіміз былайғы елмен теңесе, кем!..
Бұлғақтап жүре алмадым жүрер кезде,
Жүрер ем - кімге сенем? Неге сенем???

Сендер үшеу, мен жалғыз ағасымақ,
Емінбедік ешкімге пана сұрап.
Біріміз бірімізге сүйеу болып,
Біріміз бірімізге тіреу болып...
Жүргеніміз тұратын жарасып-ақ.

Сендер үшеу, мен жалғыз ағасымақ,
Өзім бала, тағы да бала асырап,
Ерте есейген кездердің жүрегімде,
Жүрегімде қойғандай жарасы қап.

Сыздайды, сыздайды кеп, сыздайды кеп...
Қантарда тоңған жаным қызбайды көп.
Алтапта өн бойымды қалтыратып,
Қоярға жер таптаймын, мұздай жүрек!

Атар таң,
Туар күнмен,
Сәуірде тоңды жарып шығар гүлмен
Жарысып ер жеттіңдер, өкे орнына -
Әкемнің көзіндегі бол қуандым мен.

Бауырларым!
Шыбығынан өсірген бауым-бағым,
Ойыммен,
Арманыммен,
Тілегіммен
Әр кезде,
Әр қайсыңың жаныңдамын!

Жаныңдамын,
Бәрінің жаныңдамын,
Сендер шалқып жансаңдар,
Жалындаым!
Сендер барда, басқаға жалынбадым,
Менің байлық-ырысым, барым, бағым...
Сендерге атқан дүшпанның оғы болса,
Өз кеудемді қалқан ғып қабылдадым.

Бауырларым!
Жастай жетім, жалаңаш, жауыр жаным.
Өмірдің бүрқасының, дауылдарын,
Көрдім талай лайсаң жауын-қарын...
Бәріне де шыдадым, ауырмадым -
Маған соның еске алу ауыр бәрін.
Мен жүдесем жүдейін, жүдемендер,
Мен ауырайын, бірің де ауырмаянын,
Ауырмаянын бірің де, бауырларым,
Бауырларым!

Ұрпағы қалса артында

Сен бір жасқа өстің,
Мен де бір жылға қартайдым -
Көңіл баяғы қызыл түлкісі Алтайдың.
Yaқыт үкімін жүргізіп жатыр дегенмен,
Біз кеміп келеміз кемігеніндей жарты айдың.

Бір жылда қанша тарих бар, құлышым, ұға алсақ,
Алдағы күннен жақсылық күтіп, кіл аңсан...
жүргенде, зырлап қас қағым сәттей білінбей
Өтеді бәрі - қызық-думанға құмар шақ.

Ерден деп ат қойдым, Ердендей болар ма еken деп,
Өмірден ізсіз өтпесінші деп бекер кеп.
Сен биік ұшсаң, Ердениң атасы атанып,
Өзің арқылы мен де бір белге жетем деп.

Өмірде ғажап сырлар көп шындалп ұға алсақ,
Барлық, атадай - нарлығыңды атаң жүр аңсан.
Алдыңда талай өзінді өзің сынар шақ,
Қайралар да шақ, қайрылар да шақ, сынар шақ!..

Тағдырдың жолы - бірде өр, құлышым, бірде еңіс,
Басқасын қойып, оңайға түспес күнкөріс.
Күреске шықсаң, белінді бекем буып шық,
Тірліктің заңы - келе де бермес кіл жеңіс.

Өмірде қанша алмас қылыш бол жарқылда,
Жеңеді уақыт, тұрмайды Бақыт қалпында.
Түк емес шында жауһар, жаһұт та, алтын да...
Көз жұмар сәтте БАҚЫЛТЫ АДАМ - сол АДАМ,
Арманың жалғар ұрпағы қалса артында!

Тілейтінім алладан

Сен ол жақта жете алмай маған қарай,
Мен бұл жақта жете алмай саған қарай,
Төрт көзіміз боталап қарай-қарай,
Күн өткізер екенбіз қалай-қалай?!

Біздің күйді айтсаң кім тыңдар, жаным,
"Ата!" - деген үніңде мұң бар, жаным!
"Ауырмағанның ісі жоқ, құдайменен" -
Кеудемізде арбасқан ызғар-жалын.

Ерден, Ерден,
Құлыным, ерке елігім!..
Елден ерек жарасқан еркелігің.
Саған деген жанымның мұң мен зарын
Мен жоқ болсам,
Күй қылып шертеді кім?!

Алабөтен қуандым сен туганда,
Қуанбасқа, құдай-ау, еркім бар ма?
Өзіңді ойлап сабама қайта түсем,
Алай-дүлей жанымда жел тұрганда.

Сені - әкеңе,
Әкеңді жалған маған
Бере салған кезімде армандаған.
Жатпай-тұрмай алладан тілейтінім -
Сақтап жүрсе болғаны қарғамды аман.

Таланттың дерті қандай

Көп болды,
Көп болды мен жазбағалы,
Жанымда шабыт оты маздамады.
Шатырлап нажағайдай таң алдында
Үйқыдан оятпады мәз даланы.

Шырқап бір керек еді-ақ шығандауым,
Сағымды сары белден сыр аулауым.
Сәйгүлік сері сезім үйкүшік болп,
Көрдің бе айналақтап шыға алмауын.

Шау тартып қалғаны ма сезім-сері,
Болмаса, серілігі сезілсе еді.
Шарқ ұрып шабытымның шағаласы,
Мәпелеп қолға ұстар-ақ кезім сені.

Ақтарып көкірегімнен күй-дабылды,
Дүниеге шашсам деп ем сыйларымды.
Сейілмен, серуенмен күн өткізіп,
Жүріппін келтіре алмай күй-бабымды.

Жүріппін күй-бабымды келтіре алмай,
Оның да сынга салар серті бардай.
Әрі өр,
Әрі шамшыл,
Әрі шайпау -
Таланттың табиғаты,
Дерті қандай!

Балам, енді әкесің

Балам, енді әкесің сен де мендей,
Басқа Бақыт бар ма оған тең келердей!
Көңілімді көтердің биіктетіп,
Бір тайпа боп соңымнан ерген елдей.

Әкесің әкең сынды енді, балам,
Осындаі жақсылыққа сендер әман.
Аталық - әкем шықтай кеткен биік,
Шүкірлік, мен әйтеуір келдім аман.

Қашан да айту оңай кісіге сын,
Әке болу - тірлікте кіші бесін.
Оның барлық парызын, қарызын да
Енді, балам, басқарақ түсінесің.

Әркім ұға бермейді шындық үнін,
Сагы содан талайдың сынды, күнім.
Басқа - басқа, балаңның алдында да
Әке болу - түсінсең, сын-ғұмырын.

Көктен нұр боп жаумайды Адамға бақ,
Жақсыламақ,
біреуді жамандамақ...
Оңай, балам!
Сол кезде ұмытпа тек,
ұл-қызының тұрганын саған қарап.

Жан бұзбаған көңілінің күйін әлі
Тәңірі - сенсің! Ол саған сиынады...
Сенің барлық жақсылық, жамандығың...
Бойларына түгелдей құйылады.

Құйылады нұр болып, шуақ, болып,
Содан бойға құдырыет, қуат толып...
Құйылады жақсылық, жамандық, боп,
Олар әзір жатпайды сынап, бөліп!

Қолдан таққан тұмарың - тұмар емес,
Оның сәби көңілінде бір-ақ елес.
Әке болу - біл, балам, ҮЛКЕН ПАРЫЗ,
Бірақ, бірақ... Ешқандай Право емес!

Қуанамын, жылаймын...

Бүгінгідей заманда ел жылаған,
Ұлым, қызыым қиім ап берді маған.
Қашан көрем жеткенін деп жүруші ем,
Ол қүнге де, шүкірлік, келдім аман.

Ауырып ем,
Барларын аямағы,
Осы ма екен тірліктің сая-багы.
Айналайын, мың болғыр, құлындарым,
Баладай алақанға ап аялады.

Мастанбаймын толысып-толғаныма,
Бастағай тек жолымды оңға мына.
Балалыққа қайрадан аударында,
Адамға көңіл болса болғаны да.

Құмар-ақ ем жүргуте данаға ұсап,
Бұлбұлдай көзден ұшып барады ол шақ.
Көңіл деген қызық-ау,
Сәл нәрсеге
Қуанам да жылаймын бала құсан.

Әйгерім-ау, Әйгерім

Ташбих тартып, құмалақ сап, бал ашып...
Ағасымен кейде айтасып, таласып,
Әз ырқына көндірем деп жүргені -
Сәтте ренжіп, сәтте мәз боп құлгені
Ол да дәйім жарасып
тұратұғын Әйгерім-ау, Әйгерім,
Жас күнімнен аумайсың-ау, әй менің!

Ерте келсем мәз болатын қарсы алып,
Тәтті берсем билейтұғын ән салып.
Бал қылығың балдай болған құлымын,
Сәл нәрсеге таңданатын тамсанып...
Мектепте ме ең,
Осы бүгін қайда едің
Неге билеп қарсы алмадың, Әйгерім?

Сен бар кезде тегін концерт, би көріп,
Мен де мәз боп қуанамын сый беріп.
Көңіл шіркін елегізгіш қашан да,
Жақсылықта қалады тез үйреніп.
Көгімдегі күнім бе едің, ай ма едің?
Жүрегіме нұрын сепкен Әйгерім!

Гүлнәрға

Ұмытып мынау әлемнің кейде кеңдігін,
Сәл ұзап шықсам ұл-қыздарымды ойлап мен бұрын
асығушы едім үйіме жылдам жеткенше -
Шет жерде қалай жүр екенсің, күнім, сен бүгін.

Ақын көңіл-ай, білмегенінді де білгендей -
Қиялдайсың келіп Иран бағында жүргендей.
Өзім үйдемін, көңілім дәйім сен жақта,
Шет елде қызы тұратын қазақ, бір мендей.

Ұшсам деп көңіл, ұшуға бірақ ұлгермей,
Ұшпасам тағы қалатұғындаі күн көрмей,
Елеңдеп жүрем, елгезек жүрек тынымсыз,
Сен жақтан келер әр үнге құлақ түргендей.

Ел қызыгардай әке-шешенің күні - күн,
Сендер аманда шайқамайды ешкім тұнығын.
Біздей-ақ, болсын тірлікте көрген қызығын -
Тістелеп жүріп жеткізген ұл мен қызының.

Көкешім менің, алтындаі болған құлныым,
Зергерге беріп асылдың шақпақ-сынығын
көрген көз дәйім қызыға қарап жүрсін деп
зерлең жүрсіндер, содан да әлі тірімін.
Көкірегіме құдыретті бір күш құяды
Гүлнәрім биік көтерді деген бір үғым.

Мындағы біздің жәй-күйімізді ойлап елеңдеп...
Мазасы кетер бір жан жоқ, қызыым, сенен көп.
Әр сөзің - қуат, көргем жоқ, әзір төмендеп,
Биікте жүрем тірең тұргандай төбем көк!

Ол жақта да бір ауыл *Қабдөш ағамның рухына*

Қарашаның жиырма екісі,

Сағат он бір,

Күн сенбі...

Суық, сөзге ыстық жүрек бір сенбеді, бір сенді.

Тап бұл күндер дүниеден өтерінді білмеппін,

Жалған фәни жалғандығын күнде көріп жүрсем де.

Бір әкеден тумасақ та,

Құмасақ та бір жолды,

Бір шаңырақта тұрмасақ та,

Тілегіміз бір болды.

Сен ауылда бір өулеттің бас көтерер ағасы ең,

Ал, бұл інің Алматыда ақындықпен күн көрді.

Тұр-тұлғасы қызықтырған досы түгіл жауын да,

Арқа сүйер асқарым да,

Айбын көрер тауым да -

Сен тіріде жүруші едім көп нәрсеге мән бермей,

Қарқарадай ағам бар деп,

Панам бар деп ауылда.

Нарлығынды сынады ма, тағдыр жүгін қанша үйді,

Сынбай аман келіп едің, сындырам деп талша иді.

Бір басыңа аямай-ақ, үйіп-төккен бар "сыйды"

Өткен жылдарды есіме алсам, ет жүргім шаншиды.

Құтірліктің тольп жатқан қалтарысы, жетер ме ой,

Бірде олай, бірде былай - көрсетеміз бекер бой.

Ағайынның арасында әрлі-берлі әңгіме...

Соның бәрі өткінші өмір өкініші екен гой.

Еліктіріп жүргендей ең,
Болса бойда ерлігім.
Сен үқтыра білгендей ең,
Бір әулеттің елдігін.
Егде тартып өзі де енді ата болған Есләмді
“Есәкән!” - деп еркелетер,
Еркелетер енді кім?

Хош, жан аға,
Қай кезде де өлім жолы кіл ауыр,
Бұл фәнидің өзгермейтін қатал заңы, сірә, бұл.
Ертелі-кеш бәріміз де,
Бәріміз де барамыз...
Ол жақта да күтіп жатыр бір ауыл!

Ажал-тажал жақсыны да,
Жаманды да жалмаған.
Жел өтінде,
Жер бетінде ешкім мәңгі қалмаған.
Өмірінді жалғастырап үрпағың бар, тәуба де,
Дүние солай дәңгелейді,
Дәңгелейді бар ғалам.

Хош, жан аға!
Тұсінемін, өлім жолы тым ауыр,
Ата арманын жалғау үшін,
Арман қуып туады ұл.
Жатқан жерің жарық болсын,
Ертелі-кеш барамыз,
Ол жақта да Тұнжаардан кіші-гірім бір ауыл!

Ерденім - ерке құлыным

Төтеннен құлап ауырган жанның күні - мұң,
Мазасыз ойлар лайлап көніл тұнығын,
Сенімге сырқат тастаған кездे құрығын,
Сені ойлап жаттым, Ерденім - ерке құлыным.

Сені ойлап жаттым,
Ойымнан бір сәт кетпедің,
Ой ұзак, қандай,
Шеті-шегіне жетпедім.

Басқаның бәрі, басқаның бәрі бір тәбе -
Бақыттым сендей еншіме тиген тек менің.

Сен ауырганда ағыл да-тегіл жылағам,
Алладан мені бұрын алсын деп сұрағам.
Көзімнің жасы мөлтілдеп жүрген күндерде
Ел көреді-ау деп қысылған жоқпын сірә оған.

Шүкірлік қазір бәрі бар -
Сән бе, сәulet пе,
Өзіңсің маған байлық та, бақ та, дәulet те...
Атасыз сені қалдырып қалай кетемін,
Атасыз өсу - енші ме біздің әuletке.

Оралмай қайта көрсем бе деген көп қызық,
Арманым талай қудерін менен кетті үзіп.
Олардың орыны мен үшін қазір бір бөлек,
Жабырқау жанды көтерді қайта жыр жебеп,
Арманым - сені өзім жетпеген белеске
Кете алсам дедім жеткізіп!

Кезегің келер

Көңілімді сұрайтындар бар,
Сұрамайтындар бар,
Мен өлсем, жылайтындар бар,
Жыламайтындар бар.
Таңданба, өмірдің ол өз қайшылығы -
Маған да ұнайтындар бар,
Ұнамайтындар бар!..

Ақ, пен қараның мәңгілік арбасқанындаій,
Бұл қайшылықтар біздерден қалмас та ұдай.
Тураалап маған бет алған жауымды көрсөң,
Өзіме жібер,
Жағасына жармаспа былай.

Жармаспа, балам, келеді өз кезегің де,
Әкеңнен қалса, аласың сөз кезегін де.
Құралай әзір құтылып көрген жоқ, еді
Қорамсаққа қол салып көздегенімде.

Ұмытпа әзір әкеңнің өз күші нарын,
Әлі де бірер шайқасқа төзгісі барын.
Кәрі көксіл ғой,
Жастығын жастана жатсын,
Ертерек саған,
Қажетсіз сөзге ұшырауың.

Жаратқан ием сынға сап ер, езін... көрер,
Шөлге де талай ұшырап, кенезең кебер.
Мен барда, балам, ешкіммен жаға жыртыспа,
Кезегің келер, ертең-ақ, кезегің келер!..

Шуақ қып жан нұрымды

Көңілім бірде алай,
Бірде былай...
Жанымда жәй таба алмай жүргенім-ай!
Дүниеде БАҚЫТ. БАЙЛЫҚ...
Бәрі өлшеулі
Өлшеусіз бересін кімге құдай?

Құдайдан бала дедім,
Бала берді,
Ырысын, ырыздығын ала келді.
Тіледім,
Бәлкім мұным тойымсыздық,
Сол балам сүйсінте деп тәмам елді.

Тілейміз,
Тілейміз кеп, тілейміз кеп...
Тілектен шет қалардай дүлей біз бе ек?
Сүрініп-жығылсақ, та жазатайым
Ат басын АЛЛАФА әкеп тірейміз кеп.

Қалған бір БАБАЛАРДЫҢ бөлшегі едім,
Білмеймін БАҚЫТ немен өлшенерін.
Құдайдан сұрап алған құлындарым
Қызықты мен көрмеген көрсе дедім.

Өрбіткен Ата қаздай балапанын,
Шуақ қып жан нұрымды таратамын.
Мен білсем,
Осы шығар ұрпағына
Тәңірден тілейтіні бар Атаның.

Құлыншақтар-қуыршақтар

Құлыншақтар,
Кішкентай құлыншақтар,
Алаңғасар аңғалдар, ұрыншақтар.
Барды-жоқты пайымдап білмейсіндер,
Қуыршаққа мәз болған қуыршақтар.

Құлыншақтар,
Құдай-ау, не дейсіндер?
Жөн бе, жоқ па осымыз демейсіндер.
Тәтті сұрап жанымды қинайсындар,
Ірімшік пен құрт берсем жемейсіндер.

Әрнеменен алдаймын -
Алмайсындар,
Тәттінің де тәттісін таңдайсындар.
Мені қинаң соңымнан қалмайсындар,
Басқа ешкімге қиылып бармайсындар.

Тұрғандай-ақ қолымда бәрі менің
қинайсындар,
Шығады әбігерім.
Қайдан тауып бере алам жоқ тәттіні,
Ашы кездің ашы өскен сәбиі едім.

Жауар бұлттай түнжырау айналадан
Көрмедім бір көнілді, жайдары адам.
Сендер үшін сұрап ем үялмай-ақ,
Қайда барам телміріп,
Қайдан алам?

Сәби едім тәтті жеп дәнікпеген,
Сабақ алған ашылау әліппеден.
Әлі күнге тәтті өтпей тамағымнан,
Жарты түссе,
Жартысын жарып берем.

Тәтті іздеңен кішкентай тәттілерім,
Жоқтың қалай, құдай-ау, таптым емін.
Тыныш күннің тынысын тарылтқандай,
Тапшы тірлік жаныма батты менің.

Құлыншақтар,
Кішкентай құлыншақтар,
Сары үрпек балапандар, ұрыншақтар...
Ойыншиқлен алдана тұрындаршы,
Қуыршаққа мәз болған қуыршақтар!

Немере

Топты жанның ішінен -
Жазбай мені таныды,
- Ата! - деді,
 кеудемнің от-жалыны
лаулап кетті, кекіргімді қуанышқа толтырды
немеремнің бал үні,

Өн бойымда жүріп өтті сел бүгін -
Мұндай қүйді сезбекемін мен бұрын.
- Ата! - деді,
Мен де жалпақ жаһанға
- Атамын! - деп жар салатын келді күн!

- Ата! - деді,
Ат қып мені ойнады,
Мініп алды мойныма.
- Жаман күшік, қайтеді, ей?
 Қой мына! -
Деп ем, бірақ қоймады.

Мені оңай-ақ дегеніне көндірді
Құйттақаңдай немерем.
Күтіп жүрген жан ба ем әлде сол күнді -
Тірлік заны құдыретті не деген?!

Бұрын айтқан жұрт сөзіне сенбеп ем,
Сендерді бұл, сендерді.
Баламның көп қиқаңына көнбекен
мені оңай-ақ ыңғайына көндірді.

Жайымды қайсы біледі

Тұра тұр, құлымынам,
Тұра тұр әзір сөйлемей -
Қызықтап бәрі былдырлата ма?
- Қой! - демей.

Қайтейін, бал-бұл тіліңе мен де қызығам,
Қызғана жүріп үйдегі ұлым, қызыымнан...
Сөйтсе де тағы қайсы бір сұық, көздердің
Сескене берем сұғынан, сұық, сызынан.

Сескене берем,
Елуге жасым жеткенде -
Ата боп осы немере сүйген тек мен бе?
Ботаны бүркеп жабулап қана ұстайтын
Атамдай әлде ырымшыл болып кеткем бе?!

Күледі маган,
Ұл-қызыым бәрі қүледі
- Атасы-ау, сонша жаманың мына кім еді?! -
Дейді кеп шіркін,
Қытығыма әдей тигендей,
Иттер-ай,
Менің жәйімді қайсы біледі.

Атасыз өскен әкелеріңің тілегі -
Ата боп көру көп арманының бірі еді.
Ақылдары қөзінің алдында жүрген күшіктер
Күледі -
Бірақ, жәйімді қайсы біледі?

Әке сөзі

Алматы мал дәрігерлік институтын Ленин
атындағы стипендиямен бітіріп,
өмірге жолдама алған қызым Эльмираға

Тіршілікте адамның бітпес арман-мұраты -
Ғұмырдың бар мазмұны үміттерден тұрады.
Бастауы осы болғанмен, өзіңе арнап жазатын
алда, қызым, әкеңнің әлі талай жыр-әні.

Арманышыл ем үмітті алғы күнге көп артар,
Сенім - қанат. Қашан да қөңілінді тоғайтар.
Бүгініне сенбекен - құс секілді қанатсыз,
Ал, ондайлар елеусіз ертеңін де жоғалтар.

Мына тірлік - адамға бітпейтүғын сын, балам,
Отқа салып балқытып,
Суға салып шындаған.
Заман - заман болғалы жақсы менен жаманның,
Ерлік пенен ездіктің арпалысы тынбаған -
Оны да біл. Біл, балам!

Қауырт тірлік босатпай, бір күн асып бір күннен,
Осы ойымды айтсам деп тебіреніп жүрдім мен.
Үш бұтағым - үш балам, қайсы қандай боларын
тірлік тағы танытар, алда күн көп, кім білген.

Алда күн көп, кім белген, ол бәріңе сын әлі,
Алыс, қызым, көз тіккен арманыңның шынары.
Тауың талай шағылып, сағың талай сынады,
Жігіттің де кейде оған жете бермес шыдамы.

Ғұмыр-сапар жолы ауыр, енді ғана басталды -
Сен білмейтін құпия сырлары көп астарлы.
Оң-солыңды тани біл - кешірмейтін пәни бүл
Тағдыр мықтап тосады жөнсіз асып-тасқанды.

Болдым-толдым дей көрме, шолақ сайдай тасыма -
Төтеннен бір іс түссе, жабырқама, жасыма.
Қол ұшын бер қиналса досың түгіл қасыңа,
Туар бәлкім сондай күн өзіңнің де басыңа.

Ақыл қосып жөн сілтер алда өнеге ағаң бар,
Мен жоқ жерде сол сенің тағдырыңа алаңдар.
Жақсы күнде досың көп, қыын кезде екеуің
Бір-біріңе сүйеніш, тіренішке жарандар.

Жастық деген жастық қой, жүре-жүре шыңдалар,
Өмір бойы қасыңда біз болмаспзыз, тыңдалап ал.
Сенің әрбір жақсы ісің ғұмырына гибрат,
Көкейіңнен шығарма сіңлің барын үлгі алар.

Білім алдың жоғары, астың бүгін бір белес,
Қатар жүрсің оны әлі дос-жараның күнделемес.
Бірақ, жаным, ұмытпа, есіңе ұста өмірде
Қуаныш пен қызғаныш қонатынын іргелес.

Асылыңды бүркемей көрсете біл жұртыңа,
Білім-ғылым - таба алсаң сарқылмайтын бір тұма.
Жақсылыққа жолсерік жүрсін жұртың мол сеніп -
Өресі тар иттіктің ере көрме ырқына.

Әкемін ғой арманшыл, үміт күткен сенен де,
Мақтанышпен қарадай қанаттандыр мені елге.
Төбем көкке жеткендей бақыт құшып өтейін
Есләмнің сол қызы Адам екен дегенде!

Өсіп жүрем

- Ұлың сенен аумайды екен, Есләм,
Қызың сенен аумайды екен, Есләм! -
дейді мені танитындар, қосылам,
Өзім кейде мақтанам да осыған!
Бала туған әкесіне тартпаса,
Ғұмырыңың ғұмыр болып несі мән!

Тұлпардан да түк қалады аунаса,
Сұңқардан да түк қалады аунаса,
Ұлың, қызың тартып туса өзіңе,
Немерең де тағы сенен аумаса...
Одан артық бақыт қайда әкеге -
Кекірегінде сезім шалқып-лауласа!

Кезіккенде ойда жоқта бір адам:
- Қызымысың Есләмнің? - деп сұраған.
Қызыым сол күн қайран қалып келді үйге,
Қызықтау боп көрінген-ая, сірә, оған!

Ей, қызым-ай!
Таңдандың-ая соған шын,
Алда өмір көп,
Сан қияға соғарсың.
Көшедегі ел танып жатса көрмеген,
Сен әкеңде тартып туған боларсың!

- Ұлың, қызың аумайды екен, Есләм! -
деген сөзді көп естимін, қосылам.
Бұдан асқан бақыт бар деп әкеге
ойлаймын -
Өсіп жүрем осыған!

Ұлдың жақсы болмағы...

Болыс болған бабаның шөбересі,
Ақадемик атаның немересі.

Жалғассын деп жақсының өнегесі
Арқа мен Алатауды дүбілдіріп
Қуантқан Дидар батыр деген осы.

Асқаны байқалмайтын сабасынан,
Шашылып шайқалмайтын шарасынан.
Көркейіп өссе өрен, тамаша ұлан
Айтамыз мақтан көріп алты алашақа
“Үйдің жақсы болмағы - ағашынан,
Ұлдың жақсы болмағы - нағашыдан!”.

Ер емес ел сөзіне иланбаған,
Жақсы адамға жалғасар иманды адам.
Өзінді жалпақ жұртқа сүйікті етіп,
Ата-әжениң мерейін биіктетіп,
Екі елдің еркетотай ұлы болып
Көкірегіңе ақынның жыры қонып
Өсе бер, Дидар балам!

Жақсы бала - екі елдің төл баласы,
Жақсылармен астасар көзқарасы.
Жер басқаным дегізбей жәй несібе,
Қосылып сәйгүліктер бәйгесіне
Оза шап көрген көзді қарықтырып
Дегізіп - жарысқан соң озған осы!

Дидар бала - періште жақсы бала,
Жақсыны жалпақ жұрты жатсына ма?!
Түбінде айта жүрсін осынымды
Әзірге сүп-сүйкімді уіліңмен
Үыз еміп Алтын тақ - Бесігінде
Қуантып бәрімізді жатшы, БАЛА!

Немерем боп ойлаймын

Биікті - аспан,

Тәменді - жер демей ме,
Ойламасты ойлайды пенде кейде.
Алпыстағы АТА емес асқар таудай,
Немерем боп ойлаймын мен де кейде.

Ата көрсөң, деуші еді: "Батасын ал!"
Атала сөз айтылса, БАТА шығар.
Талай-талай тойларда қызығушы ем -
Құрдасыма ақ сақалды АТАСЫ бар.

Сәби күнде дейсің ғой кім еледі,
Айтсам қазір немерем түнереді.
Асық жілік көзге оттай басылатын,
Менің кезім болса ол білер еді.

Қызығар ем, қызықпай қайтер едім,
Жоқ болған соң АТАДАЙ бәйтерегім.
Жіліктің майлы басын мақтана ұстап,
Етке, майға бір тойып қайтар едім.

Қайтер ем, атам болса қайтар едім,
Төзімім көп еken-ay қайта менің.
Асығымды бір бұзық тартып алса,
Жылап келіп АТАМА айттар едім.

Ата деген білгенге әкеден де
асқан қамқор еken ғой мәпелерде.
Бір жақсыны базардан әперерде,
Тойға барса толтырып бар қалтасын
Тәттілерді ырымдап әкелерде!

Ілестірген тайлагы, ботасы бар,
Арқаласа,

ЖЕЛМАЯ жотасы нар,
Шырылдап отқа күйер, суға түсер
құрдастарым не деген бақытты еді,
Алатаудай ақыық, АТАСЫ бар!

Ақын, сірә, өлмейді...

От тұтатып екеуміз үй болғалы,
Жанымызға жыр түнеп, күй қонғалы
Отыз бес жыл! Не келіп, не кетпеді,
Демесек те айрықша сый болмады.

Шалқып-толқып топ жарып кетпесек те,
Көш басына шығандап жетпесек те,
Тірлігіміз, шүкірлік, ел қатарлы
Жарап әзір келеміз епке-сепке.

Астымда рас жоқ, ол кез мінер көлік,
Төңірегімді толтырған кілем-көрік.
Нағашымды жеңгеммен құда қылып,
Жаяу барғам Қордайға күйеу болып.

Ата-ананы жүре алар кім иемденіп,
Ат мінгізіп астына, кілем беріп,
Қырық жетісін жолына атай алмай,
Қадірсіздеу кіргенмін күйеу болып.

Сыр қып кейде айтады шынын адам,
Уақыт қалай тоқтаусыз зымыраған.
Қалың бермей алды деп қызымызды
Талай айтты салық, мұны маған.

Шүкіршілік, ұлымыз ел білетін
Қыздарым - ертеңіне сендеретін.
Ит тірлікке именіп бас имедім,
Есіктердің көбі ашық мен кіретін.

Сыншы ағайын көргендей көзімен көп,
Шықпасам да биікке өзім өрлең,
Ер намысын жібермей ел қатарлы,
Шамырқансам шығады сөзім ерлең.

Жасылды да көп көрдім,
Қызылды да...
Қаным содан білмеймін бұзылды ма,
Салық, қылып бетіне салмасын деп
Тегін бердім теңіне қызыымды да.

Мұңымды да сыр қылып,
шерімді де,
Үлгі болар ма екен деп кейінгіге -
Азды-көпті жиғаным бола тұра,
Қалың бермей түсірдім келінді де.

Көрсете алмай нар күшін шектеген бар,
Жеткен де бар бұл күнге жетпеген бар.
Дүниеден ерте-кеш өтерінде
Көр кеуде - шерменде бол кеткен олар.

Шалқыдым мен де біраз,
шарықтадым,
Шатысып шамадан тыс шалықпадым.
Кетсем деп берерімнің бәрін беріп,
Жетсем деп аларымның алып бәрін,
Жанастым танырымның танып бәрін.

Шақыргандаі биікке арман-арша,
Ризамын жоққа - жоқ, барға - барша.
Бірге жетсек болғаны жұп айырмай,
Белгісіз асуымыз алда қанша.

Арманның шеті бар ма, шегі бар ма,
Жаратқан пенде қылып мені де Алла.
Білетінім - мәңгілік өмірімде -
Ақын сірә, өлмейді Елі барда.

Баяндап кеткенімді, келгенімді -
Жыр жазсам, жаярдаймын елге мұнды.
Азamat қып аттансам арманым жоқ,
Аталап соңыма ерген Ерденімді.

Адамның таусыла ма күй-арманы,
Тағдырым маған әр күн сый арнағы.
Арымды аласартпай ғұмыр кештім,
Періште болмасам да қиялдағы.
Айтайын иншалла деп ел алдында
Ұл, қыздарым, немере, жиендердім
Мен үшін ешқанан да ұялмады.

Қарлығаш балапандар ұядындағы,
Әзір түк те білмейді, ұяң бері.
Тірі жүрсе бәрі алда сағайтұғын
Қиял жетпес биіктеге қияндары.

Тәуба, тәуба!..

Бұған да тәуба, тәуба...
Тірлігімде кезікті жар да, тау да
"Атамыз осында!" - деп мақтана алар
Түсірмей өтсем болды арга таңба.

Аманат,
немесе немереге сыр ашу

Аз айтқан жоқпыз тіл жайлы,
Аз жазған жоқпыз тіл жайлы.
Жазғанымызды кім оқып,
Айтқанымызды кім тыңдайды?

Орысша “оқып” көшеде,
Қазақша қалай төселе
алар екенсің, балам-ай?
Ана тілінді біл дейміз,
Айтқаннан сана өсе ме,
Көгерер қайтіп көсеге.

Келетүғыны-ай күлкімнің -
Намысын қуып қу тілдің,
Кісілік қайда, кісілік -
Кішірмес жерде кішіріп,
Есігін қақтық, кім-кімнің.

Қарашадай ғана балам-ай,
Жауын-шашынға қарамай,
Қиян шетіне қаланың,
Қираңдал жүріп тасыдым,
Көлік мінуге жарамай.
Әлдиіміз де бір бөлек,
Ән-күйіміз де бір бөлек,
Болмас па екен шатысып
Шақшадай басың шарадай,
Шалағай тірлік, шалағай!

Сандалтып тірлік шырғалаң,
Көңілім күпті, күнде алаң.

Анаңның тілі - бәрі де,
Ертегі-жырың тыңдаған,
Ерлігінді ерен шындаған,
Семсердей сарың сынбаған,
Елдігін еркін жырлаған -
Бабаңның тілі, біл, балам.

Дүниені түгел аралап,
Жақсы-жаманды саралап,
Табарсың тойым, қанағат.
Артымда қалар жырларым,
Халқыма баар сырларым...
Өзіңе, құлымың, аманат!

Дүниенің несі аз, несі көп,
Ұққандай бәрін кешірек,
Жаңа да оянып жатырмыз,
Қалың үйқыдан есінеп.
Өзің де ұғып қаларсың,
Менен де гәрі ол саған сын,
Салық, қып айттар күні ертең,
Есләмнің немересі деп.

Солғын тарқандай гүл далам,
Шырқ айналар-ау бұл ғалам.
Мұңымды кім бар тыңдаған
Содан да көнілім күнде алаң.
Ақынның ұрпағы болу,
Шын ұқсаң, үлкен сын, балам!
Демесең - "Ертең құр қалам",
Бабаңның тілін біл, Балам!
Анаңның тілін біл, Балам!!!

Бауырмен хоштасу

Боташым-ау, бауырым, бауырым-ау,
Бар бауырымның ішінде тәуірім-ау,
Осы екенін білмеппін осы жаста -
Арқа сүйер адамның тауы құлау.

Бауырым-ау,
Салтанат-сауығым-ау,
Жалғыз өзі жалпақ бір ауылым-ау.
Сымбатым-ау, сырым-ау, сүйеуім-ау,
Адассам жөн сілтеген жарығым-ау.

Сен жүргенде жетісіп соңыма еріп,
Кеткендей де ағаңының соры кеміп.
Төрт құбылам құлпырған тегіс еді.
Көпсінді ме тәңірім соны көріп.

Қайырымсыз не деген күндер еді,
Барыңды алып,
Жоғынды кім береді.

Бапам не боп қалды деп Алматыға
Ат сабылтып алыстан кім келеді.

Кім келеді сабылтып сағынышын,
Аппақ нұрға шағылтып сағым ішін.
Тауыстың ба тым ерте жүрегінди
Шашып жүріп жан-жаққа жан ырысын.

Тататын дәм, ататын таңым барда
Сағым сиңып, тауым шын шағылғанда
Сүйер-ау деп сүрінсем қолтығымнан
Сені іздедім шаңытқан шағылдарда.

Торығып, көңілім қалып қыз-ғаламға,
Басым ауырып,
Балтырым сыйдағанда,
Біреулерден безініп кетердей боп,
Сені іздермін жүрегім мұздағанда.

Ерепейсіз телі етіп, тентек етіп
Шолжаңдатып, орынсыз еркелетіп
Өсірмедім,
Содан ба көңілің суып,
Тыныштыққа қалғаның ерте кетіп.

Атпаған соң арайлап таңдар бүгін,
Азайды ма ертенге жалғар гүлің.
Әлі ұға алмай отырмын, жан бауырым
Неден көңілің ағаңа қалғандығын.

Тұн ішінде шырылдап, есім ауып,
Әр сағат, әр сәтінді есіме алып,
Сен соққандай сенделдім үйге симай
Теріс қарай кеткендей Есіл ағып.

Тағдырымның жолдары ирек-ирек,
Бірде шалқып жүремін, бірде күйреп...
Сенсіз қалған ғұмырда болар енді
Жылауымнан құлуім сирегірек.

Жылармын,
Жұбанармын,
Сағынармын,
Шақпақ, тастай үгіліп-шағылармын.
Ақыреттің барлығы рас болса -
Ерте-кеш пе, қасыңнан табылармын.

Қол салдырмай жалына күндер ағып,
Зымырайды,

Бірде шат, бірде налып
Етегімді еңіреп жас жуғанда
Өксігімді басармын кімге барып.

Сыртым бүтін,
Ішімде толған құрақ,
Үзігімді жалғаймын қолдан құрап.
Оза туған бала едің бәрімізден
Ақылдырақ, ойлырақ, толғамдырақ!

Ағайынның шаруасын бітірем деп,
Сақтамадың өзінді күтіп, емдеп.
Еңбегіңің өтеуі алдан шығып
Тосып алды-ау тік тұрып бүкіл Өрнек.

Бүкіл Өрнек -

Жасы бар, кәрісі бар,
Достарың жүр көргенде жан ұшырап
Дүниеге келген соң өтпек парыз
Бұл да адамның тілейтін бағы шығар.

Бәрі жалған екен де, бәрі жалған...
Табарың не жаныңды қарығаннан.
Тірліктің түсі де арман, таңы да арман...
Ең үлкені жас кетіп, кәрі қалған.

Анаң қалды беттеген жүзге қарай
Апаң да жүр ораған күздегі арай.
Бәрі үлкен артындағы тірілердің
Қалған ғұмыр болады бізге қалай.

Қалдырып екі апа мен үш ағаны,
Барасың, көңілдері құса бәрі.
Қиналғанда кім кімге арқа сүйеп,
Екіүдайда кім кімнен күш алады!

Дүние-ай, астан-кестен құйын екен,
Тағдырың алға тартар күйі бөтен,
Алдағы ұлкендері аман жүріп,
Қыршынның қылғаны қиын екен.

Бірде бұлт, бірде жаңбыр, бірде шуак...
Адамның тегіс жолмен жүрмесі хак.
Тағдыр-мыстан - қайненең, қадамыңды
Күнде бағып жүреді, күнде сынап.

Асығыс - қас пен көздің арасында
Біздерді қиып тастап баrasың ба.
Қиналғанда көзіме көрінетін
Тек сен ең - ең жақын да, жанашыр да!

Сенсіз қайтіп атады құба таңым,
Сенсіз қайтіп көктеймін, гүл атамын.
Көзім емес, көкірегім жылап тұрып
Сенсіз қалай өзімді жұбатамын.

Көңілде мұң, көзде жас, егілемін,
Бөлекше өзіме тән теліп едім.
Құлап түскен кезімде медеу көріп
Сен артымда қалар деп келіп едім.

Шал болдық отырадай қос басында,
Дал болдық, табылар ма дос қасымда.
Бақұл бол, жан бауырым, не айта аламын
Халім жоқ, бұдан артық хоштасуға.

Б Е С И Н Ш I

Б Θ Λ I M

Сел сезім, құлай сую - кіл ағындаі,
Қос шектің бабындағы бұрауындаі.

Дариға-жастық

Талай да-талай қатені біле де тұра істедік,
Жортуюлшыдай жол кескен

түн баласы аттан тұспедік.

Ақжүніс қызға сұқтанған Қарт Қожақ, батыр секілді,
Біле тұрсақ, та білмедік бара жатқанын күш кеміп.

Біле тұрсақ, та білмедік бара жатқанын күш кеміп,
Фашық, боп жүрдік, масқара-ай,

Сұлулар кейде тұске еніп.

Откен күндердің өкілі - өзекті жарған өкініш,
Откізіп барып бәрін де бармақты мықтал тістедік.

Сөүлетті салқар дүние, сайран да-сайран өмір-ай,
Қызыуы тарқап,

Қызығы басылмас қайран көніл-ай.

Фашық, боп келіп өзіңе, ғашық, боп кетер әр адам
Шалғыны - шүйгін жайқалған,

Бетегесі - гүл, шәбі - май.

Атам да өткен дүниеден,

Әкем де ерте көз ілген -

Қиылды қыршын екі ағам тетелес туған өзіммен.

Бәрін де көрдім ес біліп,

Есейіп қалған кезімнен,

Келемін шыдаپ әлі де темірдей берік төзіммен.

Қайран да-қайран өмір-ай,

Шығандап кетсек бір шетке

Еске алып жиі жүретін құрбымен ойнап-күлсек те.

Сусыған судай тым жылдам ағып өтерін білмеппіз,

Баянсыз ғұмыр байыздал тұра бермесін білсек те.

Құда-жекжаттай тұратын
жылда бір соғып түстеніп,
Елу жеті рет құс қайтты,
Елу жеті рет құс келіп.
Гүл-өңі тозып, реңі сарғайған күзгі даладай -
Дарига-жастық мазаны ап,
Жүреді жиі түске еніп.

Бір сезім

Кездерім сені көріп, сені білген -
Сол ғана қалған белгі сері күннен.
Алдамшы қуыршақтай қызықтардың
Бәрінен бүгіндерде жерідім мен.

Жалғаспай жақсылыққа жорамалым,
Көнілде көбіктенген көп алаңым.
Маңдайы тасқа тиген мекіредей
түңілдім, түңілмеске жоқ, амалым.

Хоши жоқ, ешнәрсеге көңілімнің,
Шықпайды өзі қазір қоңыр үннің.
Күл көмген қоламтаны дүрілдетіп,
Кеудемнің басар екен көрігін кім?

Лебіндей қуанышқа толы күннің,
Кеудемнің басар екен көрігін кім?
Әсіре қызығу ма, қызықтау ма -
Келеді кейде отырып соны білгім.

Келеді соны білгім кейде отырып,
Откенге аландаиды кеуде тұнып.
Білгендей өткен күннің оралмасын,
Бір сезім - "Қайран күндер!" - дейді өкініп.

Күндер, күндер...

Өтті-кетті гүл дәурен, өтті-кетті,
Төбесімен күн-көңіл көк тірепті.
Табиғаттың сарабдал салты қандай,
Берсе деп ем,
Берменді көп тілекті.

Құс тістеген ауызben күндер, күндер...
Көктем келсе көңіл де гүлдер, гүлдер.
Ол да өтті,
Барады жаз да ортайып,
Қолда тұрса қадірін білген кімдер.

Белгісіз,
Бір бақытты әлі күткім
келе ме,
Тіршіліктің бәрі үміт күн.
Кім белген,
Жүрерміз бе ертең біз де
Жармасып шалғайына кәріліктің.

Күнсіген жел көңілдің көрігінде
Көтеріп жеткізерсің оны кімге.
Шаманды өзің іштей біле тұра,
Құмарсың биігірек көрінуге.

Беу күндер!
Күндер-күндер, күндер-күндер!..
Сендер де сан құбылып түрлендіндер.
Сырғақтап сынап-ғұмыр барады өтіп,
Жастықта қадірінді білген кімдер?!

Армансызбын үйықтап кетсем мәңгілік

Сенің үнің пейіштегі хор қызының үніндей,
Сені, гүлім, періштедей көрем әмбе пірімдей.
Әлденеге сен сүйінсен, қалған емен сүйінбей,
Көңіл күйім айнымаған сенің көңіл күйіндей.

Ішім өртті, жаным дерпті -
Жалын болып жанарадай -
Емі қандай?.. Іздегенмен келем әзір таба алмай.
Сансыраған сал-сал күйдің құрсауынан құтқарып,
Сен ғанасың, сен ғанасың сауықтырып алардай.

Бізді де бір жаратушы барлығына сенемін,
Бар болған соң сол құдыреттің жарлығына сенемін.
Бірақ, соның іздемеймін, іздемеймін себебін,
Демек, жаным, бұл да тағдыр, тағдырыма сенемін.

Екіндідей еңіс тартқан - тас төбеден ауып күн
бара жатыр...
Қалыпты артта қызық-думан, сауық, күн...
Тәтті үйқыдан Ләйліні ойлап оянатын Мәжінүндей
Сенің үнің естілгенде бар дертімнен сауықтым.

Қашшама жыл арманымды еліктіріп келді үміт,
Штей тынып жүрдім шыдаپ сабырга ылғи жеңдіріп.
Амалым жоқ, еркімнен тыс қалам алдым қолыма
Алаңым жоқ, сүйеріме сені, қалқам сендеріп.

Терезеңе көп қарадым жанарымды талдырып,
Жүргегімді от сезімнің алауына жандырып.
Бір сүйгізсең бал ерніңнен мейірімді қандырып,
Сол заматта армансызбын үйықтап кетсем мәңтілік!

X X X

Фажап қой мына таң нұры,
Дүниені сәнмен бояған.
Өзінді ойлап әр күні
Сол таңмен бірге оянам.

Сезбейсің бірақ, бірін де,
Балбырап балғын бал денең.
Беріліп нәзік дірілге
Тербеліп әсем таңменен.

Жатасың аппақ, мамықта,
Бәлкім бір тәтті түс көріп.
Мендеңі асау шабытқа
Тұргандаій бұла күш беріп.

Мамық, та аппақ,
Сен де аппақ, -
Жаңа да жауган ақ, қардай.
Кеудемде жойқын сел қаптап
Арнасын бұзып жатқандай.

Жоқты - жоқ, дейміз,
Барды - бар,
Жаратқан ием жар болсын.
Адамды естен тандырар
Сұлулық, дәйім бар болсын!

Құтумен өткен ғұмырдай

Сен:

- Ұзақ жаса! - дедің-ау,
Ғұмырдың қысқа, ұзыны -
Алланың ғана құзыры.
Ал, сенсіз кешкен өмірдің
Болар ма екен қызығы.

Тары да қөктем жайнады-ау,
Төңірегім сенсіз - айдала-ау.
Күнім де сенсіз - күн емес,
Ұқсанышы соны, айнам-ау!

Қанша күн өтті,
Қанша күн?..
Жолынды тосып шаршадым.
Мен - мұнда,
Сенде - аңсарым,
Аңсадым, жаным!
Аңсадым!

Күлкісіз өткен күндерді,
Ұйқысыз өткен түндерді...
Өзіңмен ойша бөлістім,
Жалғыз-ақ оны кім көрді?!

Бүкпесіз шыным - сырымдай,
Зырлайды уақыт бұрылмай.
Өзіңсіз кешкен әр күнім -
Құтумен өткен ғұмырдай!

X X X

Көлгө бардым оңаша,
 Таңнан тұрып -
 Сәбидің жанарындай,
 Қандай тұнық!
 Үзіліп ғашықтардың кірпігінен
 Бір тамшы сезім сынды қалған тұнып.

Жел де жоқ,
 Шайқалмаған тұнығы әлі,
 Жәй тауып жаның рахат тынығады.
 Жалғыз-ақ табиғаттың тылсым сырын
 Болмаса ғашық жүрек -
 Кім ұғады?

Жарыстық жастықпенен қатар аққан,
 Осылай сырға тұнып жатады ақ таң.
 Көрінді бар тіршілік тұратындай
 Тек қана Сұлулық, пен Махаббаттан!

Мәжнүн де мендей болған

Бәрі барда,
 Қолында бәрі барда,
 Қасиеті барыңың танылар ма?
 Жоқты іздейміз місе етпей қолдағыны,
 Ойлап көрсек,
 Адамның ол да міні,
 Жоқтың аты - жоқ, қой,
 Ол табылар ма?!

Бір арманнан қуалап бір арманды,
Өкпе өшті,
Көздің алды мұнарланды.
Жеткендерден, білерім, жетпеген көп,
Көштен қалдық, аз дүниені ептеген бол,
Беймағұлым -
Кім алдап, кім алданды.

Арман ба бұл,
Сусыған сағым ба бұл,
Сағым сыңды сыландал жанымда жүр.
Ұстап көрсем деймін-ау, Ұстап көрсем,
Шабыттанып шалқыған шағымда бір,
Оратылып қалғым жоқ шаңында құр.

Сені армандал құн кешем,
Сені армандал,
Жүргендер де бар шығар мені армандал...
Не кете алмай безініп,
 Не жеге алмай -
Өзімді өзім, кім білген, келем бе алдап.

Білмедім, келем бе алдап өзімді өзім,
Әйтеуір тәзудемін, тәзудемін...
Сал сағымдай мұнартып тұрып алған,
Тұнық араман - көнілімде, көзімде - мұн.

Соны, жаным, сездің бе?
Сезбедің бе?
Сезбесең, қасиетсіз ез де мұлде.
Мәжнұн де мендей болған Ләйлісі үшін
Дүниеден таба алмай кезгенінде,
Тіршіліктен баз кешіп безгенінде.

Жүре берші

Сен кетесің,
Сен кетесің,
Алматыда мен қалам
Сенсіз қызық қөрінбестей пейіш қалам, кең далам.
Жүргегімнің тең жарымын бірге әкетіп баrasың,
Сенсіз күйім күй еместей,
Сезін, жаным, сен маған.

Бұлт торлаған, құт қонбаған дүниенің ішінде,
Алмағайып кундерде де сезімге дақ түсірме.
Мен бұл жақта, сен ол жақта - ұшып жете алмаспын,
Ол да медеу, сағынғанда қоріп жүрсем түсімде.

Біреу үғар, біреу үқлас пенделіктің мұң-зарын,
Көкірегімде, көре алғанға, бірде мұз да бір жалын.
Тәнім - мұнда, қайда жүрсем, жаным сенің жанында,
Дүниеден өзінді ойлап өтетінім - шын, жаным!

Қызық өтіп, қу дүние қурағанда кезіктім,
Мына жалған - жалған екен, жалғаңдығын тез үқтым.
Өзім бөлек жүргенменен, сезім бірге өзіңмен,
Тағдырының жазуынан кете алады безіп кім?!

Сен кетесің,
Сен кетесің,
Алматыда мен қалам,
Көгілдір көк,
Мұңды тоғай,
Мөлдірекен көл, далам...
Бәрі-бәрі өзің болып сағынғанда тіл қатар,
Сағындырып жүре берші жер бетінде сен де аман!..

X X X

Беу, Ханбиб!
Бір сезім билеп жанды иғі,
Алақанға сап аялар
Аңсайды жүрек әлдиді.

Тұсінсең,
Жаныма сәуле тұсірсең,
Дүниенің бәрін тәрік қып
Армандаң өтер кісім сен.

Кешіргін,
Шешілмес жерде шешілдім.
Кезігіп едім бойында
Еркелеп аққан Есілдің.

Қиялдай,
Сол сәтті көңіл қия алмай,
Күй кешіп жүрген жайым бар
Жолыңа басты қиярдай.

Беу, Ханбиб!
Сыр-сезім билеп жан күйді,
Еркіңе бердім өзімді
Аңсайды жүрек әлдиді,
Аңсайды жүрек әлдиді!

Оралмас күннің бәрі арман

Меркеге келдік, Меркеге келдік біз бүгін,
Демейді ешкім: - Шақырды мұнда сізді кім?
Пейліндей ыстық ақ, пейіл қарындастардың
Жан жылуы ма? Тамызда тағы қызды күн.

Меркеде жүрміз мереке қуып жүргендей,
Зымырап күндер өтеді заулап бір демдей.
Жасы да разы, қарты да разы осындай
Ақжарқын елдің ақжарма көңілін білгендей!

Шалқытып кеште қазақтың не бір сал өнін,
Жұптасып жүріп жұтамыз таудың самалыны.
Әткен күндерді көксейсің құрып амалың,
Қарайды қыздар төңкөріп нурлы жанарын.

Қарайды қыздар жанарын нұрлы төңкеріп,
Жалыны шарпып барады жүрек өртеніп.
Жанымда - жарым,
Көрмейсіндер ме құдай-ау,
Қалғанын менде сайтан сезімнің ерте өліп.

Қыз емес, өрт қой, жалын гой бәрі шетінен,
Самал бол бір-бір сүйер ме ем түгел шетінен.
Жасымды қайтем, басымды ақшулан,
Касымда жүрген асылды қайтем?.. Өкінем!..

Екі қыраттан екеуі қолын былғайды.
Білетін болсан,
Сен айтшы, кәне, қарағым
Қайсына барам, қайсының көңілін табамын.
Қалдырып жүртта жасаулы қару-жарағын,
Тауыстым ба екем жастыктың айтып бар әнін.

Тауыстым ба екем,
Тауыстым ба екем бар әнін,
Қауыштым ба екем көшімен басқа жағаның.
Қайталап іштей уақыттың берген сауалын,
Таба алмай барам,
Таба алмай барам жауабын.

Сеземін іштей,
Жауабын әзір таба алман,
өткен күніңің оралмас қайтып бәрі арман.
Жастығым дағы қол бұлғап, артқа бұрылмай
Бұлбұлдай үшып жоғалар бір күн жанардан.

Меркеде жүрміз мерекедегідей бәріміз,
Шипалы судан кіргендей өң мен әріміз.
Тіршілік болса...
Сынатпай сусып бұл жерге
Келеміз талай,
Келеміз талай әлі біз.

Келерміз...
Бірақ бурадай жынын алдырып,
Жастықты дағы...
Мастықты дағы... қалдырып.
Қарармыз сонда арулар жүрген айдынға
Кіреуке шалған көңілдің көзін талдырып.

Ақселеуленіп самай да, шаш та ағарған,
Нұр қашып кеше от ойнап тұрған жанардан.
Келерміз шал боп,
Жүрерміз дал боп, уа жалған
Өмірдің заңы - оралмас күннің бәрі арман
Оралмас күннің бәрі арман!

Ізде мені

Ізде мені,
Мен де сені іздейін,
Сенсіз жаным құлазыған түздеймін.
Құла түзде үміт бітсе, біткенің
Тірі жүріп үмітімді үзбейін.

Ізде мені,
Ізде мені, жарығым,
Іздеушісі жоқ, адамның жаны - мұң.
Жер бетінде жүргенімді есен-сау
Талып жеткен дауысымнан танығын.

Кеудендеңі өшпесе от-жарығың,
Алау ет те,
Ізде мені, жарығым.
Іздесін деп бірін бірі әу баста
Екеумізді жаратқандай тәнірім.

Тірі жанға келді көктем,
 Келді Май,
Дүние тегіс орнында екен,
 Сендім-ай!
Соның бәрін жадыратып, жасартқан
Сен - періштем, сен - жебеушім, сен - құдай!

Екі жүрек қағатындаі кіл дабыл,
Осы кезде қуанамыз жылда бір.
Екі жүрек бір тілекпен тост алу -
Тағдыр, тағдыр,
Тағдыр болар бұл да бір.

Х Х Х

Қарғам-ай,
Кезікпеуім керек еді,
Қалдырдың дел-сал күйде неге мені.
Телулі телмірсекшіз сен де, мен де,
Білмеймін,
Қолымыздан не келеді?

Жан едім жүрген бей-жай, ұйқылы-ояу,
Файыптан кезіктірген бір құдай-ay!
Қаңырап жан-дүнием бос қалғандай,
Сен кеттін,
Көңілім пәс, құлқім баяу.

Қалқыып жүргеніммен қостан қалмай,
Қаңырап жан-дүнием бос қалғандай.
Жақсы ма,
жаман ба, оны айта алмаймын,
Мен үшін басқа ғұмыр басталғандай.

Жайнатып, жарқыратып даланы нұр,
Мен үшін басталғандай жаңа ғұмыр.
Кетпесем отқа айналып жарап еді,
Бір алау көкірегімде жанады кіл.

Білмеймін,
Жақыным - кім, жатым - кімнен,
Ерте, кеш бітеді гой ақыр бір дем.
Сезімім саған деген өртке айналып,
Құл болып кетсем дағы бақұлмын мен.

X X X

Осы сен шаршадың ба,
Қасарып қарсы жүзіп барша ағынға.
Әлде бір елегізіп жүгірдің бе,
Құмартып мамырдағы сал сағымға?

Көңілің алабөтен алабұртып,
Жүрдің бе болмашыға жан ауыртып.
Сезім де секемі көп сауысқандай,
Тіксініп әр нәрседен қала ма үркіп.

Оқыдым бәрін, бәрін... жанарыңнан,
Мазасыз босамайды жан ағыннан.
Қолымнан келер ме екен, айналайын,
Арылту қекірегінді нала-мұңнан.

Қараймын,
Күндеңіден өңің сынық,
Сырыңды білсем деп ем өзімсініп.
Шайқы өмір шалыс бассаң аямайды,
Мені де кеткен талай өлімші ғып.

Тәнінді емес, жаныңды көздел әман
Атады, оған тағы тәзген Адам.
Жарамды жамылғымен жасырамын,
Білдірсем, мәңгі арылмас сөзге қалам.

Дүниенің жоғын - жок,
Барын - барлап,
Тура жүріп келемін жаным жалдал.
Жаза басқан кездерім болған шығар,
Көрген жоқпын жалғыз-ақ, арымды алдап.

Ұылжыған ұыздай бал шағында,
Көкірегің қамалып қалса мұңға,
Ұмыт бәрін, ұмыт сен, айналайын,
Ұмтылып мамырдагы сал сағымға,
Ұмтылып мамырдағы сал сағымға!

Ұйқыдағы ару

Кигіз үйдің ішінде,
Жатыр ару ұйықтап.
Көргендерін түсінде
Көкейіне түйіп қап.

Ашылып сәл қабағы,
Күлетіндей жымып.
Көкте жұлдыз жанады,
Ай қарайды қызылып.

Ұйқыдағы сұлуға
Қарайды Ай да, Жұлдыз да.
Екеуі де шынында
Фашық па еken бір қызға.

Ай қараса қызылып,
Тұрса Жұлдыз жымындалап...
Мен жүрегім жиі ұрып,
Отырамын сыр ұрлап.

Бір суып,
Бір күйемін,
Үйнтызар боп қараймын.
Қыз ернінен сүйемін
Сәулесі боп жаңа Айдын.

Бір күндік ғұмыр елтітіп...

Мына дүние бір күндік қана мекен ғой,
Қиыр-шиырына шалқысам шарлап жетер ма ой.
Інінің кетіп,

Ағаның артта қалуы -
Азаптың зоры,
Мазақтың соры екен ғой.

Әкем кеткенде, жастығым ба екен, мұншалық,
Егілмен едім басымды торлап тұмша бұлт.
Анам өткенде де тірлігім тоқтап қалғандай,
Кекірегімді өртеп көрмеген нала-мұң шалып.
Езіліп енді барамын кімге мұң шағып?

Асқарым едің,
Бой жетпес биік көгім ең,
Еншілесім деп ерекше жақын көріп ем.
Асылық, айтсам, о тәнірім, өзің кеше гөр,
Жағада жалғыз қалғандай кейде көрінем.

Қызғалдақ, ғұмыр қыылдың қалай тым ерте,
Өзіндей жақын бола алар маған кім ерке?
Кеудеде жаным бөлек болған соң амал не
Ойлап ем сенсіз алармын ба деп күн өлте.

Кекірегімді тілгілеп дүлей соқыр мұң,
Үнінді естіп,
Энінді тыңдал отырмын.
Буыршын сынды бүрқанған көңіл күйімді
Түсіне біліп,
Ішіме кіріп оқыр кім.

Өзіңсіз жылап атырған тылсым таңымды,
Кеудемді қарып шарпыған ыстық жалынды.
Өзімдей біреу ұға алар ма екен, құдай-ау
Елегізитін естіген сайын әр үнді.

Елгезек көңіл елегізитін барды ұрып,
Үніңді тыңда... Сарғайып сезім талды үміт.
Жаныңа батқан, қаныңда қатқан мұң-дерпті
Жасырыпсың-ау, шығады даусың қарлығып.

Мен құлағада үйқысыз таңды таңға ұрып,
Сен жылағанда шақшадай басың қаңғырып,
Кетпедім неге құрбаның болып сол күндер,
Құлындағы даусың құлағымда тұр жаңғырып.

Сейілтер жалғыз серігің мұңды болды ма ән
Шабыт құсыңды тұғырға қалай қондырам.
Күйініп күйні күй жертетіндей жерменде
Күніреніп сенің,
жаныңа серік домбыраң.

Кеше гөр, Алла,
Күпірлік айттым ба,
Не дедім,
Фәни жалғанға бар ма, әлде жоқ па керегім.
Сен айттар ойды орайлы тұста тірілтіп,
Сен шырқар әнді жалғаған болып келемін.

Сынаптай сусып өтер жыл-айлар, ағар құн
Жабырқау жанға, жадау жүрекке салар мұң.
Ерте ме, кеш пе,
Қасыңа мен де баармын,
Бақи ғұмырдың барлығы рас болса егер,
Таңда махшарда өзінді, баурым, табармын.

Тірлік ғұмырың көрінгенменен әжәйіп,
Бірлік тұғырың өрілгенменен ғажайып,
Өзінді өзің алдағандайсың, арман-ай
Ұзарып артың,
Барады алдың азайып.

Хоштасып мәңгі ен Есіл, тогай, қайыңдар...
Арман-кемем де қайраңда қалып қайырлар.
Бір күндік ғұмыр қебелек көңілді елтітіп,
Балаларымды, немерелерімді бел тұтып,
Жарық жалғанды қия алмай жүрген жайым бар.
Қия алмай жүрген жайым бар!

Таба алмай өтсем, сол артық

Арманым алыс -
Сеңгірде,
Жетем деп соған сендім бе?
Өткізіп алдым жылдарды
Ілесіп жүріп жел-күнге.

Арманым...
Асыл арманым,
Іздедім,
Қайда бармадым.
Шағылды тасқа табаным,
Ұйқысыз өтті таңдарым.

Ескірген және жаңарған
Күндердің бәрі,
Бәрі арман...
Бір пенде көре алмадым,
Арманын іздел таба алған.

Көңілім жүйрік жел-кеме,
Жабырқай берем мен неге.
Таптырар ма екен сол арман,
Таптырмай келген пендеге.

Арманым алыс -
Сенгірде,
Мұңымды шағам мен кімге?
Періштембісің,
Шыныңды айт -
Жұбатамын деп келдің бе?
Жылатамын деп келдің бе?!

Көңілім - түнек,
Әрі нұр...
Ақын ем нәзік, жаны - жыр.
Шын досым болсаң,
Таны, біл,
Болмасаң тағы еркінде -
Жылатсаң-дағы бәрі бір.

Жосықсыз жүкті көп артып,
Тауып ап, қайра жоғалтып...
Жүргеннен гәрі -
Асылды
таба алмай өтсем,
Сол артық!

Жақсылыққа жорыдым

Тұс көрдім-ау,
Фажайып тұс көрдім-ау!
Бір түсімді қайталап үш көрдім-ау.
Егде тартқан кезімде, жиырма бесім,
Тәтті екенсің есіме түскен мынау.

Дүние, қандай ашық ең,
Көркем едің,
Жиырма бесте ғашық ем,
Өркен едім.
Кәріге де, жасқа да -
Бәріне де...
Еркелегім келетін, еркелегім!

Қол создырып өмірдің өрнегіне -
Ауырып жатып, мұндай тұс көргеніме
Ризамын,
Жорыдым жақсылыққа,
Мені, ағайын, ендеше өлмеді де.

Тұсім қандай,
Құдай-ау, тұсім қандай!
Аспаңдатып бағамды үшыргандай.
Алып келген Меккеден бал-зәмзәмді
Алтын кесеге құйып ұсынғандай.
Жақсылыққа жорыдым, жақсылыққа -
Құлағыңа шалынсын, бісмилла, алла-ай!

Х Х Х

“Біз деген, досым, тағдыры қызық жандармыз”...
Мұқағали.

Шында да, Жұмаш, біз деген қызық жандармыз,
Өмірден бәлкім кешеуlep сәл-пәл қалғанбыз.
Жетсек пе дейміз, жете алмай өуре боламыз,
Қол бұлғап жанды арбайды дәйім арман-құз.

Шында да, Жұмаш, біз деген қызық жандармыз,
Арман-құз құсан бұлғайды қолын арман-қыз.
Бәріне жүрттың тәнірдей сеніп қалған біз
Алданып жүрер баладай аңқау, аңғалмыз.

Көңіліміз тасып, асып тұргандай арнадан,
Жақсы үмітпенен күндерін күнге жалғаган.
Біреулер үғып, біреулер үға алмаған,
Өзгені қойып, өзіме өзім таң қалам.

Талай да-талай тірліктің дауыл, жаңбыры...
Сілкіді, жуды - ашылды шайдай жан нұры.
Еңсемді езіп, бұлт басты бойды зіл батпан,
Күңгірт бір кештей сері сезімім қалғыды.

Сырт көзге бәлкім тосындау кейде көрініп,
Сабаға симай асылып, тасып, төгіліп...
Жүретін кездер өмір бол өрнектеледі,
Өлең бол және шалқиды әсем өріліп.

Солай, Жұмашжан, шындығым осы - иманым,
Өзінше келіп жаныма әр күн құйды әнін.
Қайтемін, бұл да талайға біткен тағдырым,
Сол тағдырыма ризамын, қалқам, ризамын!

Еркем-ай

Өзің түгіл көрінбей елесің де, еркем-ай,
Сағындырыңың сарғайтып, сенесің бе, еркем-ай.
Хор қызындай ғайыптан пайда болған, еркем-ай,
Жайраң қағып бір күні келесің бе, еркем-ай.

Жайраң қағып бір күні келесің бе, еркем-ай,
Қырға шығып қызғалдақ тересің бе, еркем-ай.
Қос өзендей қосылған бір арнада, еркем-ай,
Қол ұстасып мәңгілік ересің бе, еркем-ай.

Қол ұстасып мәңгілік ересің бе, еркем-ай,
Не жазғаның тағдырың көресің бе, еркем-ай.
Өкінші өмірдің таусылмайды, еркем-ай,
Бәрін соның менімен бөлесің бе, еркем-ай?

Жүргегімді ән тербел,
Күй арбайды, еркем-ай,
Көңіл шіркін шарқ ұрып қияндайды, еркем-ай.
Қозы менен Мәжінүндей ғашықтар да, еркем-ай,
Мендей сені бәрі бір сүйе алмайды, еркем-ай.

Шыным-сырым имандай сенесің бе, еркем-ай,
Жатсам-тұрсам жалғыз-ақ, сен есімде, еркем-ай.
Арманым боп аңсаған келесің бе, еркем-ай,
Бір жүзейік арманның кемесінде, еркем-ай!

Беу, жүрегім

Беу, жүрегім, жорғаңдан жаңылдың ба,
Кезіккендей төтеннен шағыл құмға?
Құлығы арылмаған кер заманда
Шамадан тыс ағыңдан жарылдың ба?

Тарпаң тірлік, арпалыс, долы дауыл...
Шыға берді-ау алдыңдан сорыңа кіл.
Алқынасың асуға салған нардай,
Осыншалық болар ма жолың ауыр?!

Неден жаздың,
Жаным-ау, жазығың не,
Өрекпіген өрт мінез аз үнінде.
Жасыл желең жамылдып жайқалатын
Отті ме әлде өмірдің жазы мұлде.

Болжай алар алдында не барын кім,
Айналайын асылым, неге ауырдың?
Басқалардың үлесін бөлісем деп,
Алдың ба екен ауырын ең ауырдың.

Аяқ екеу, қол екеу... Бәрі екеуден,
Бәрі екеуден -
Бәріне дәнекер ме ең?
Жалғыздығыңды ұмытып, асылым-ай,
Жалғыз бардың бәріне тәуекелмен.

Сергектігің сезімнің мұраты бол,
Елегізіп екеуміз тұратын ек.
Сыр бердің-ау, сыр бердің, айналайын,
Мотордай тұтіні көп, құаты жок.

Шыдай тұршы,
Шыдай тұр әлі біраз,
Жарымы өкпе сырымның,
Жарымы - наз.
Саған артқан сенім де, шерім де көп,
Сен сүрінсек...
Көретін жарығым аз.

Жорғалай тұр,
Жаңылмай жорғалай тұр,
Толған күн бар алдыңда,
Талған ай тұр...
Аран ашқан аждаһа пәлелерден
Жан иеңді қорғала,
ЖОРҒАЛАЙ ТҰР!

Сен тұған күн

Сен тұған күн - маған да мейрам, жаным,
Шуағымен кеудеме құйған жалын.
Жалғыз өзім отырып шарап іштім
Қуанып, қамыққаннан -
Илан, жаным!

Илан, жаным,
Тойладым жеке-дара,
Арманға адам тірлікте жете ала ма?
Мұндай кезде алаңсыз отырсақ, қой,
Бар бақытты бөлісіп екеуара.

Өзін емес, бақыттың шетін көріп...
Амал не, бір байламға бекінбедік.
Келеміз бір арнаға құйылы алмай,
Қатар аққан екі өзен секілденіп.

Айықлас қекіректе тұман бар ма,
Тұманда шырқап адам шығар ма алға?
Қуанышы, қайғысы... бір арнада
Тоғыспаса жетеді кім арманға.

Әлденеге көңілім алабұртып,
Сәл нәрседен секем ап, қала ма үркіп?
“Бағың да, сорың да мен боламын!” - деп,
Жүргүте жаралып па ең жан ауыртып.

Сен туған күн - саған да, маған мейрам,
Шеттеп жалғыз қалайша қалам бейғам.
Мен ғана жанға мұнды серік қылған,
Қасында дуылдаған тамам мейман.

Бастан қиял бытырап қашқан өңшең,
Көтертпейді зіл батпан басқан еңсем.
Мерт болып серт жолында кетер ме едім -
Өзінді аңғал, албырт жаста көрсем.

Жүргеннен тіршілікті жансауға ғып,
Мәжінүндей өз Ләйлінді аңсау бақыт.
Қалсын деп ғаріп күннен бір ескерткіш,
Жыр жаздым жүрегімнен қан саулатып,
Жыр жаздым жүрегімнен қан саулатып!

Жездे әзілі

Беу, балдыз, күлесің ғой, күлесің ғой...

Күлкің менен күйдіріп жүресің ғой.

"Маган да бір жыр жаз" деп наз қыласың,
Тектен-тек жыр тумасын білесің ғой.

Құдайым жебеп кетсе жарылқар бір,
Өлшеп берген адамға бәрін тағдыр.

Жыр керек болса егерде бұл Есләмді
Күлдіріп, не бүлдіріп шамырқандыр.

Гүлсім деген қашаннан гүл аты ғой,
Палатаң жеке жатқан - блатной.

Тұртпесең оңайлықпен от алмайды
Ақынның көкейінде тұратын ой.

Жезденің әзілдейсің тұртіп ойнап,
Кеуденің бара жатыр күлкі бойлап.
Жас келіп, мастық, тарқап кетіп жүр ғой,
Әйтпесе салар едім шіркін ойнақ.

Күле тұр, сөзім әзір күлдіреді,
Сен күлсөң Ай күледі, Күн күледі.
Ойнақтаған еліктің лағындаі,
Тұзаққа түспесінді кім біледі.

От айналған көбелек ұшып барып,
Аймаларсың бір күні құшып, талып.
Байқа, қалқам, шортандай шоршып жүрме,
Жезденің қармағына түсіп қалып.

Кім білген

Тұнжарымда ұйқымнан оянамын,
Дүние жым-жырт, мен жалғыз ой алаңын
Кеземін, кеземін кеп...

Бұл азаптың
Қайтып соңғы нүктесін қоя аламын.

Тұрмеске тұн тұндігін қоймас ақ таң,
Бәрін таңдап алсақ қой бойға шақтан.
Жалғыз қалсаң, ой шіркін қамалайды,
Ұялас бөрілердей қойға шапқан.

Ой. Ой. Ой...
Жалғыз қалып ортасында,
Қамығасың, сергисің, қорқасың да...
Бір байламға табандап келе алмайсың,
Бір ойды мың қайтара қортасың да.

Бәрі үйқыда. Мен жалғыз. Әлі жалғыз.
Кез жасын құйып-ақ тұр налыған күз.
Сыргақсып, сырт айналып бара жатыр,
Бір кезде тағдырым деп таныған қыз.

Не өтіп, мына бастан не жетпейді,
Ой шіркін кейде оны да елетпейді.
Тәрік қып тәтті үйқыны отырадай -
Құдай-ау, осы маған не жетпейді.

Бәрі бар бір басымда, бәрі бар-ау,
Татып жүрген тірліктің нәрі-бал-ау.
Тек бірдене жетпейді, не жетпейді?
Басылмаған қызыу жаным-алау.

Оянамын,
Беймезгіл оянамын,
Қайтып соны, құдай-ау, қоя аламын?
Шет-шегіне шыға алмай қор боламын,
Жапа-жалғыз кезгенмен ой алаңын.

Өне бойым зіл батпан, езілемін -
Осы елдің шетке шыққан езі ме едім?
Орга, жарға жол бойы кезігемін,
Өзімді өзім өгейдей сезінемін.

Беймезгіл қинайтүғын жанды мына,
Дауылы, бораны да, жаңбыры да -
Жанымға үялаған бак, нұры ма?
Әлде менің азап деп жүргендерім -
Ақынның ажырамас ТАҒДЫРЫ МА?

Айналайын

Еліктің елпілдеген лагындай,
Жайлаудың желкілдеген құрағындай,
Даламның сылаң қаққан бұлағындай,
Көркінен айналайын, шырағым-ай.

Ата-анаң елендеді-ау ұл ма екен деп,
Жарқырап нұрын төгер күн бе екен деп.
Сан құрбың армандаған ару болдың,
Жүретін нәзіктігі гүлге тең деп.

Ажарың ашық екен таң нұрындай,
Жүр едім тірлігімде жанға ұрынбай.
Бәрін де көрген сәтте ұмыттырдың,
Файыптан ұшырасқан тағдырымдай.

Ойымды көлбектетер көлгір емен,
Білесің сұрамай-ақ, жолды менен.
Жаныңдан айналайын елжіреген,
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.

Аққудың көгілдірі - қима қасым,
Айтуға, айтпауға да қиналасың.
Асыл ғып жаратқанда-ақ, әуел баста
Алланың өзі берген сый-бағасын.

Аға деп қыиласың, қиналасың,
Амалсыз иіледі сыйға басым.
Сыртыңдан өзімсініп жүрейінші,
Өзімнен өзге жанға қимағасын.

Тәнірім көрсеткендей күштілігін,
Басыңдан бақыт құсың ұшты бүгін.
Еңсенді езгі-мұңға көп алдырмай
Шүкірлік, келеді өсіп үш құлышың.

Көнілдің жалауындај желбіреген,
Өмірдің алауындај сен бір өлең.
Мәңгілік әнім болып қалармысың,
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.

Құшағын дүниеге жайған айым,
Аман жүр қайда жүрсең айман-айым.
Жүзіңнен бақыт нұры құйылғандай,
Көркінен, көніліңнен айналайын.

Он күн сені көрмедім

Он күн сені көрмедім,
Сол он күнім - күн емес, он ғасырдай,
Он ғасырға шыдадым зорға сынбай.
Сені ойлаған сәттерде өн бойымды
Басып тұрды зіл салмақ қорғасындей.

Он күн сені көрмедім,
Сол он күнім - шексіздік өлшеміндей,
Жеткізбейтін мәңгілік жол шегіндей.
Фашық болып көрмеген көркеуделер
Бұл БАҚЫТТЫІ кетер-ау өлсे білмей.

Он күн сені көрмедім,
Артық, айтсам асырып кешір, алла-ай,
Болдым ба әлде бәрін де кеш үгардай.
Күнім тұндей кеткенде күңгірт тартып,
Қайранмын,
Қалай жүрдім есім аумай?

Мен үшін сен...

Жиырма бес жыл өзінді мен білгелі,
Арманымдай жетелеп келдің мені.
Қаншама тоң жібіді содан бері,
Қанша рет содан бері жер гүлдеді.

Алыс-жақын...
Жаяулап жүрген үғар,
Әркімнің естен кетпес күндері бар.
Сен жауқазын гүл едің көзді арбаған,
Көбелек ем мен көzsіз гүлге құмар.

Өмір тоқтап бір жерде тұра алмас-ты,
Жиырма бес жыл -
Қаншама Ай, Күн... алмасты.
Көңіл шіркін баяғы бәз қалпында,
Шашты қырау,
Сезімді мұнар басты.

Өмір тоқтап бір жерде тұра алмас-ты,
Дос та,
Қас та...

Қайтесің мың алмасты.
Жалғыз ғана өзіңе деген көңіл
Он сегіз -
Гүл қалпында жүр алғашқы.

Уақыт-тұлпар қалдырып күнді артына
заулайды.

Жете берер кім нарқына.
Сен үшін мен қандаймын?
Біле алмадым -
Мен үшін сен ОН СЕГІЗ -
Гүл қалпында.

Сан гүлден сән түзгендей өрілесің,
Көңілім сол -
Жасырамын оның несін.
Мен қаусап,
Сен шаршаған кездерде де
Көзіме ОН СЕГІЗ боп көрінесің!

Беу, ерке қыз

Беу, ерке қыз,
Көңіл күйін бір өуенмен шертеміз.
Дуэт болып кетер ме едік әу баста,
Қалай ғана табыспадық, ерте біз?

Беу, ерке қыз, арман егіз,
Бақыт егіз, дерт егіз...
Егіз әлем ортасында жарасып
Жүрер ме едік қызығардай ел тегіс.

Тағдыр-соқпақ, сан тарау,
Наз қылышың еліктіріп тартады-ау.
Көріп жүріп,
Көріп жүріп,
Ертерек
қалай ғана табыспадық, қалқам-ау?!

Өкініштен, қуаныштан тұратын
Тірлік мәңгі жалғай берер мұратын.
Бұдан асқан бақыт бар ма жалғанда,
Бір ақынды құлай сүйсе бір ақын.

Арман дейтін шетсіз-шексіз бір әлем,
Сол әлемде өскен балғын құрақ ең.
Саған ғашық болу үшін өмірге
келгендеймін сірә мен.

Түсін, жаным, түсін мені жаныңмен,
Кеткендеймін араласып жалынмен.
Сені көріп, сені сую арқылы
Сүйіп кеттім гүл-әлемнің бәрін мен.

X X X

Балжан, Балжан,
Балжан, Балжан, балдай қыз,
Өмір бойы бірге жүрген жаңдаймыз.
Соны-дағы медеу тұтып көнілге,
Өзімізді өзіміз көп алдаймыз.

Балжан, Балжан,
Балжан, Балжан, балдай қыз,
Саған, қалқам, теңесе алар қандай қызы.
Өзің барда пейіштегі қор қызының
Қалай ғана,
Қалай ғана таңдаймыз.

Арман шіркін тым биікте -
Басы бұлт,
Жан біткеннің бәрі соған асырып
Жүгіреді -
Алабұртқан мәз көніл
Кейде шалқып,
Кейде сәл-сәл басылып.

Көкірегімді шарпығандай бір жалын,
Ұқсаң егер маза бермей жүр, жаным.
Ақын жанын түсінетін бал қызды,
Балжан қызды көргеніме ризамын.

Х Х Х

Басыма қонған бағым, құттым менің.
Сезсең гой жүргегімнің лұпілдеуін.
Сарылып сары аптаптай өзің жақтан
Бір хабар келер-ау деп күтудемін.

Сезімнің бал-шырынын қанып ішкен
Кезім жок, күн кешіппін сағынышпен.
Сырт көзге сыр алдырмай, өзім ғана
көтеріп келем жалғыз бәрін іштен.

Сары аптап далам мынау сағым үшқан,
Өн бойы толған жара сан ұрыстан.
Ол дағы талай ғасыр тірлік қутіп
Сарғайып кеткен сынды сағыныштан.

• Өзіңнен мен де қазір шалғайдамын,
Жүр білем махаббаттан жанбай бағым.
• Сарылып сені ойлаумен күн кешемін,
Содан болар күз түспей сарғайғаным.

Бәрі өтті,
Өтті бәрі түс пен өндей,
Қайтейін, қойдың мұлдем түске де енбей.
Өзімнен өзім кейде қуыстанам,
Кешірілмес бір қалмыс істегендей!

Х Х Х

Екі жастың басы бірге қосылса,
Қозғай келіп арғы менен бергіні...
Махаббаттан сыр шертері белгілі:
Біреуі айтар өліп-өшіп сүйгенін,
Біреуі айтар аузы мықтап күйгенін,
Ал, мен болсам әрі-сәрі күйде едім.

Осындай бір ортада -
Сез болсын деп айтты бәлкім жорта да:
- Бір көргеннен құлай сую мүмкін бе? -
Деді бірі.
- Бәрі мүмкін бұл күнде,
Мына жалпақ, жалғанда
Ештеңеге таңырқанба, таңданба,
Дейсің бірден сүье қалу мүмкін бе?..
Жауабы оның -
Кезігеді кім кімге.

- Қозыны ғой Баян тіпті көрмеген.
- Ертегі ғой ол деген.
Ақтоқтыдан айрылғанда сорлы Ақан
Неге, неге өлмеген?
Осылайша өріс алды әңгіме -
Фашықтықтан айтылмаған қалды не?
Топас тобыр құрбан қылған Еңдік пенен Кебекті,
Ләйлі менен Мәжінүнді де тартты бірі көлденең...

Сен сұрама,
Мен айтпайын шын атын,
Мына сөзге араласты бір ақын,
Махаббатты ұғудай-ақ ұратын,
Кітаптағы әр жырының басында
Бір-бір қыздың алғы әрібі тұратын.

Өлу ме екен шын суюдің өлшемі,
Дайын тұрган ережеңе көнсे еді?
Дүниеде шектелмейтін жол шегі
секілденіп ол сені
Апармайды қай-қайда?..
Жолсыз-жөнсіз кетер алып шалгайға.
Адасуың мүмкін тіптен тал түсте,
Мұның өзі бітпейтұғын тартыс де.
Шын ғашықтың дәл өзіндей өртеніп,
Дәл өзіндей көркейіп
Ойнай алмас ең дарынды артис те!

Өткен менен болашаққа ой жіберіп қара әне -
Махаббаттың ашылмаған аралдары бар әлі.
Біреу бықсып,
Біреу лаулап жанады,
Айыра алмай жүріп ақ пен қараны
Кім анықтар іште жатқан жараны.

Бір көргеннен құлай сүю мүмкін бе?
Оңай сұрақ.
Жауап беру қандай қыын шіркінге.
Ғашықтыққа жыл ма, сәт пе, бір күн бе?..
Кезігүне қатысты кім кімге.
Демек бәрі мүмкін емес!
Демек бәрі мүмкін де!

X X X

Кезіктірдім өзінді, кезіктірдім -
 Кеш, әрине! Бәрін де сезіп тұрдым.
 Өмірдің өкініші болатынын
 Сөйтіп, қалқам, сен маған тез үқтыврдың.

Тұсінем ғой, бәрін де тұсінемін,
 Ақиқатты тұсінбеу - кісіге мін.
 От-сезімнің жалауын биіктегі
 Қайтып төмен қолымнан тұсіремін.

Алай-дүлей, бәрі де алай-дүлей,
 Қөнілім де, көзім де қарайды ғой.
 Сезім шіркін ұшқыннан өртке айналып,
 Күйіп кетіп жүрмесем жарайды ғой.

X X X

Сары-ала таңда ұйықтай алмаған өзіндей
 Сарсытып ойлар дөңбекшіп шықтым қоз ілмей.
 Азап-тозақтың бәріне бірдей шыдаған
 Не күш бар еken біздегі темір төзімдей.

Игілік болса, ертесі, рас кеші не,
 Сенің де бәлкім жас күнің түсті-ау есіңе?
 Бал ғұмыр кешіп, ұмыт та бір сәт барлығын,
 Өзінді өзің қинайсың босқа несіне?

Секілді бейне үрікkelі тұрган бір елік,
 Жараспас саған, қайтесің, жаным, тұнеріп.
 Сезімді тежеп, тізгіндей беру қиянат
 Бар ғалам жалғыз тұрса да бізге тіреліп.

xxx

Мәңгілік ескерткіш боп қалсын арман,
Жыр жазғам,
Өзіңе арнап ән шығарғам.
Сен маған көрінесің тұратындағ
Мөп-мәлдір гүлге тұнған тамшылардан.

Көңілін көрген жанның бұратындей,
Кеудемде жанар тау бар -
жүр алмай.

Не мені,
Не өзінді мерг қыларсың,
Мөлдіреген қалпында тұра түргай!

Бірі өзіңдей болмайды

Сезім өрт боп лаулайды тұла бойда,
Қимас, силас қундер көп,
Тұрады ойда.
Мазаласам бейmezгіл -
Ол езінди
Сағынганым тынымсыз,
Кінә қойма.

Шалғынымен шалқыған шағылдарын,
Таң нұрымен қалқыған сағымдарын,
Ән, жырымен балқыған лағылдарын,
Елестетіп өзіңмен бірге ойнаған
Бала күнді бейкүнә сағынғаным,
Сағынғаным бәрін де,
Бәрін-бәрін!..

Тербетіле құлпырған лала гүлді,
Келбетіне нұр тұнған дала, қырды...
Сенің, қалқам, сыр тұнған жанағынды
Сағынғаным бәр-бәрін,
Білмеппін тек,
Сағыныш бол жалғыз-ақ қаларынды.

Секілденіп сусығын сағым-арман,
Басқан әрбір ізіңнің табы қалған.
Мен өмірде өзіңді сағынғандай
Басқа ешкімді,
Ешқашан сағына алман.

Білем бәрін -
Көктем-күн оралмайды,
Күз де жетер,
Көңілге толар қайғы.
Сүйер сені,
Мені де сүйер біреу,
Бірақ бейнең жадымнан жоғалмайды,
Одан жаным жадырап оңалмайды,
Бірі өзідей болмайды,
Бола алмайды!

Х Х Х

Басқа-басқа,
Белгілі күйім саған -
Қайда барам жүрегім бүйырса әман.
Сәл көз жазсам, сені іздең,
Дүниені
Шырқ, айналып кезеді құйын-санам.

Өзің салған баяғы сырласам - Ән,
Өзің көрген таңдағы нұрга асығам.
Өзің терген гүлдерді тергім келіп,
Өзің жүрген жолдармен қырға шығам.

Қырға шырып қараймын айналама,
Көз алдында мөп-мөлдір Айна-дала.
Сол баяғы сұлулық тұнып тұрған,
Тек өзіңнен көз жаздым қайда ғана.

Көз жаздырың жарқ, етіп тойға бір кеп,
Бар еді айтсам деген ойларым көп,
Үлгермеп ем, ойлағам түсінер деп,
Кеттің бе әлде әзілдеп, ойнадым деп.

Елтітті ме ерекше көрік, сымбат,
Енді өзіңді бір көру болып түр қат.
Сақтадың ба, лақтырып таstadtың ба?
Жіберген ем сертке деп тобық, сыйлап.

Ата-баба дәстүрі - ел сенеді,
Оңашада қолыңа ап көрсөң еді.
Тобық емес, сондагы берген белгім -
Жүрегімнің кішкентай бөлшегі еді!

Х Х Х

Еңді ғана бүрін ашып сезім-гұл,
Жайнап жүрер,
Ойнап жүрер кезің бұл.
Тамылжыған таңда күліп оян да,
Кеште тәтті қиялдармен көзінді іл.

Бара жатқан кезде шаттық азайып,
Көзінді іл де,
Тұс көр не бір ғажайып!
Сенің нұрлы дидарыңдан көңілдің
кірбің шалған құрыстарын жазайық.

Өмір кешкен азды-көпті күн үшін
Тіршіліктің бүйдалаған құлышың.
Жазайық, бір ойдың,
Бойдың құрысын,
Есеппенен өткен уақыт құрысын!

Бірде үлкейіп,
Бірде қайра кішіріп...
Күн кешеміз болмайтындей кісі ұғып.
Басқа дүние теріс ағып жатса да
Екеуара жүрейікші тұсініп!

Сен ғанасың

Рас менің қазірде күйім бөлек,
Дос болған соң айтасың:

“Күйінбе!”, - деп.

Бірақ мені сергітіп алу үшін,
Шаршы топқа қайрадан салу үшін
Алай-дүлей бір жойқын құйын керек.

Құйын керек ашатын тынысымды,
Құйын керек жазатын құрысымды.
Кімге айтып және кімді сендересің,
Менің жаным тым нәзік, сен білесің -
Жаңа қатқан көк мұздақ шыны сынды.

Не болды деп сен маған таң қалдың-ау,
Күз түсіп, көкіргімді шалған қырау.
Бұзылмас та ешкімнің шырқы бұдан,
Талай жерде жалт беріп тұлқі бұлаң
Қолға тұрмай қор қылған арман мынау.

Азая ма,
Біте ме күшім мейлі -
Одан менің өр басым кішірмейді.
Алақаныңда айнадай жоғым, барым...
Жер бетінде еш адам соның бәрін
Бір өзіңдей бәрі-бір түсінбейді.

Қалмаса да сүйеусіз жерде басым,
Біреулер жүр таба алмай тең бағасын.
Менің барлық қым-қиғаш тірлігімді -
Шындығымды, жанға ашпас сырды күллі
Білетін, түсінетін сен ғанасың.

X X X

Кия алмай зымыраған құс-күндерді,
Менің де қанаттанып ұшқым келді.
Шырқап бір керек еді-ақ шығандауым,
Тек сенсіз самғап биік шыға алмадым,
Киялым күлге айналып,
 Құштым жерді.

Арқама мың батпан ғып салған жүгін,
Белгісіз өтіп жатыр арман-күнім.
Егіліп жылай білген, күле білген
Ұқтый мен кінаратсыз жүрегіммен
Өзіңсіз тірлігімнің жалғандығын.

Кезіп жүр дүниені құйын-санам,
Нак, мендей бәрін ұғу - қыны саған.
Басыңа түссе айтарысың көріп ертең,
Санда бар, санатта жоқ өлімен тең
Тірліктің қызығынан тылса адам.

Әркімде-ақ болады рас пенде-қылық,
Ойлаймыз қыранбыз деп жерде жүріп.
Әртеніп жансам-дағы сен деп жандым,
Өзіңе бар еркімді берген жанмын,
Өзегі өмірімнің сен деп үғып.

Он бойым көтертпейді -
 Тұз артқан ба?
Болмаса жүрегімде сызат бар ма?..
Бір түрлі, көңілімнің шырқы кірмей,
Дөңбекшіп шығар болдым кірпік ілмей
Күллі өлем дамылдаған ұзақ таңда.

X X X

Тұлкі-арман ұзап кетті құсым алмай,
Ойдан да ада болдым кісі ұғардай.
Болсаң да ең жақынным сенімдегі -
Ұғуын екіталай сенің мені,
Жүргенде өзімді өзім түсіне алмай.

Сырт түгіл, түсінбейді үйде еш пенде,
Не жетсін сәті түсіп үйлескенге.
Көнілдің көгершінін кім елеген,
Жебеушім сен болсаң деп тілеген ем,
Амалсыз әрі-сәрі күй кешкенде.

Былай шықсам - сұп-сұлық, дала жатыр,
Сезім солып,
Азайып бара ма ақыл?..
Сөзің де жай біреудің сөзі құсан,
Күн сайын салқын тартқан өзіңе үқсан,
Өлең де сырт айналып бара жатыр.

Арайлап шақырады тау шыны ана,
Сезімнің шырылдаған даусы ғана.
Жауабы жоқ - біткен бе жыр-қайнарым,
Дың демейді құт-перне сырнайларым,
Алған жердің қарындай таусыла ма?!

Екі ұдай тірлік кешіп мен де, сен де
Соқтығып тағдыр атты сеңге, селге
Әтерміз, қайрандаған қайықтай боп,
Мені ұмытты десе жүрт - Сенбе! Сенбе!
Ұзын жолда талайлар кездесер де,
Бірақ саган біреуі теңдесер ме?!

X X X

Тірлікте түгесілмес арман-арман...
Күн кештім үміт етіп алда бардан.
Білмедім не мархадар табарыңды
Сәбидей ғашық жанды алдағаннан.

Пәс көңіл енді қайтып қуана ма,
Гұл біткен шешек атпай қуара ма?
Жыр-қайнар, сыр-қайнарым таптым деген
Бір жола көзі бітіп суала ма?

Кері кеткен табиғатым кесір емен,
Басқаның бәрін-бәрін кешірер ем.
Аңдамай оң-солымды,
Бүйдалаган
Тайлақтай жүре бергем несіне мен.

Түк көрмей жаудыраған көзім, көзім,
Жыртылды бір-ақ сәтте тәзім-бөзім.
Пір тұтып елдің бәрін қалай ғана
Аямай алдап келгем өзімді өзім.

Сен бәрі бір, бәрі бір түсінбейсің,
Мен үшін “беделіңді” түсірмейсің.
Әшекей, ақ күміспен қаптап қойған
Жаны жоқ, сезімі жоқ, мұсіндейсің.

Кешір, жаным!
Болмады демесіме -
Жабырқасам алармын сені есіме.
Дәтің жетсе, ойларсың осы өмірде
Бір жан бар деп мәз болған елесіңе.

Әмір өтер,
Құраса, терек - томар,
Көңіл деген қашан да зерек болар.
Жазып қой санаңың бір түпкіріне -
Қартайғанда ойлауға керек болар.

Аяла, жаным

Сен үшін еді,
Сен үшін еді бәрі де,
Сен үшін еді көңілімнің көрік-сәні де...
Кім болжай алар боларын алда әлі не -
Білесің, жаным, өмірдің жолы бұралаң,
Адаспас па екем -
Көңілім менің кіл алаң,
Тек өзі ғана түсінсе деп ем бәріне,
Сен үшін еді бәрі де!

Сөнбесе деймін жанымда жанған шырақ-нұр,
Түсіне білсен,
Тірі жан төзбес сынақ, бұл.
Қараймын сенің көзіңе -
Қанша сұрақ, тұр,
Менің де, қалқам, жетіскен күйім шамалы,
Көрмейді ешкім іштегі бітеу жараны,
Көзімде - күлкі,
Жүргегім мұнды, жылап тұр.
Болмады-ау мұным кіслік,
Несіне айттым көңіліңе қаяу түсіріп,
Көрге алып кетер азабым еді, шырақ, бұл!

Құдай-ау, менің не күйді жазған еншіме,
Біржола кетші,
Немесе мұлдем келші де.
Адалдық дейтін қазыққа жіпсіз байланып,
Құпия сақтап күн кешіп келем,

Айналып

Екі елді бейбіт жалғастыратын елшіге.

Сырт көзге дәйім көрінем алып тау сынды,
Байқамайды ешкім қалтырап шыққан даусымды.
Өзгені қойып,
Өзіме өзім сенбестей
Болып барамын,
Шыдамым шыннан таусылды.

Мен сынсам егер,
Иілмей бірден сынамын -
Иіліп көрген жан емес едім, шырағым.
Несіне мені сынамас жерде сынадың,
Семсердің өткір жүзінде тұрган серт болып,
Кетер ме екем мерт болып,
Кім біліпті әлде, жетер ме екен шыдамым.

Шақырып жатыр шалғайға сонау сағым-қыр,
Кеудемді мынау шарпыған алау-жалын жүр.
Көңіліңмен көріп, ая да мұңлы кезімді,
Аяла, жаным, аяла сырлы сезімді!
Көктем бол қайта гүл ашқан әсем шағым бұл,
Сарылтып жеткен,
Сағынтып жеткен таңым бір!

Ұмытайын

Тоңсан, сәулем, жылытайын жалыныммен,
Сүйгендердің жарапған жаны гүлден.
Айсыз түнде адассаң қарсы алайын
Жүргегімде маздаған жарығыммен.

Үістықтасаң, болайын сая-бағың,
Бәйтеректей бұтағым жая аламын.
Еркелегің келсе егер, еркелей ғой
Жаныммен, жүргегіммен аялармын.

Ләzzат маган - болса да қай қылышың,
Гүл-махаббат құшашын жайды бүгін.
Ай жүзіңе оралған құлқінменен
Кететіндей жуылып қайғы-мұңым.

Кел, сәулем, жалыныммен жылытайын,
Менен басқа дүниені ұмыт, айым.
Мен де сенің барыңды білейін де,
Басқа әлемді біржола ұмытайын.

Қарашиғым

Қарашиғым!
Ән тербеп өскен елдің баласымын.
Әнмен айтсам, жете ме жүргегіңе
Сырларымның сап таза, сап асылын.

Қарашиғым!
Жанымның жанға ашпаған наласы - мұң.
Емшім де, демшім де өзің болсаң деп ем -
Жалғанда жалғыз жақын жанашырым!

Тында мені,
Талай-талай сағым да сынған еді.
Бәрін де, бәрін... өзің ұмыттырып,
Бастай бер шұғылалы шыңға мені.

Сағым далам -
Сұлулықты жыраудан жаңылмаған.
Махаббатты анадай әлдилеген,
Әлдилеген ғажайып лағыл ғалам.

Лағыл ғалам кел дейді, барайық та,
Жан салмаған бір әнге салайық та!
Салайық та,
Сонан соң шырқау шында
Мәңгі бітпес ән болып қалайық та!

Әнім менің!
Бақыттым бол ататын таңым ба едің?
Алғысымды көл-көсір жаудырамын
Сен үшін,
Бір сен үшін тәңірге мың...

Қара шында!
Шыным, сырым.
Сен соған нанаңың ба?
Сенен басқа біреуді сүйемін деп
Ойлай алман Көк пен Жер арасында.

Қарашиғым!
Іздемен сенен басқа жан асылын.
Дүниенің төрт бұрышын түгел кезіп,
Биігім деп бас иген дара шыңым -
Қарашиғым!

Ұғарсың

Ала-құйын сезімдер арпалысқан бойды алып,
Жатыр нәзік жүректі мұздай сұық ой қарып.
Екеумізге ортақ той - сенің туған күніңді
Екеуміз ғой амалсыз екі жерде тойладық.

Сен бір өзен арналы,
Мен бір өзен арналы,
Екі арна ғой қосылып бір мұхитқа бармады.
Тоғыспаған тағдырлар - екі өзендей арналы,
Екі жүрек табысып, қосылғанмен арманы.

Жалғыз тойлап отырмын сенің туған күніңді,
Өзім ғана тыңдаймын, өзіме оқып жырымды.
Өзімді өзім құттықтап, өзімді өзім қинадым,
Тагы өзіме сыйладым саған деген гүлімді.

Тіршілікте алмасқан бір қуаныш, бір қайғы,
Басында жоқ адамдар қайдан ұқсын мұндайды.
Саған арнап айтсам-ау деген барлық, сырымды
Өз жүрегім айтады, өз жүрегім тыңдайды.

Табиғаттың тартқан бұл сыйы ма екен бізге ерек,
Жыл мезгілін бөлмен ем көктем бе деп, күз бе деп.
Саған деген көңілім тұрар содан гүл атып,
Кәрі емендей қалтырап, қартайсам да жүзге кеп.

Қысы-жазы жап-жасыл шыңға шыққан шынарсың,
Бәлкім мені осылай өмір-бақи сынарсың.
Сына! Сына!..
Бәрі бір мына жалпақ ғаламда
Сені мендей сүйеттін бір жан жоғын ұғарсың!

Бұлбұлым - мұңлығым-ай

Жаныма ұя салған бұлбұлым-ай,
Түсіне мен боп арман кірді ме ұдай?
Дауысың бәсең тартып бара жатыр,
Тайдың ба тұғырынан, мұңлығым-ай.

Тандарда тербететін сенің үнің,
Жел беріп қанатына желігімнің.
Көңілім күңгірт тартып қалғаны ма,
Танымай қор болдым-ау сені бүгін.

Бұлбұлым, бұлбұлым-ай, бұлбұлым-ай!
Бетінді қай бағытқа бұрдың ұдай?
Сен барда жүргімді әнге бөлең,
Жылдарға жеткізбейтін бір күнім-ай.

Қайран ғып әніңмен де, сәніңмен де...
Жел-қанат жеткізетін барыңды елге.
Шынымен тайғаның ба тұғырынан,
Жайнатып жіберуші ең бәрін демде.

Алыстан қол бұлғаған арман-арай,
Еріксіз еліктіріп алға қарай
әкете беретіндей көрінуші ең,
Сагымдай сылаң қағып алдағаны-ай!

Балқушы ем жүргімді жалын өпсе,
Нажағай жарқылындај жарық етсе.
Көңілім көшкен жүрттай құлазыды-ау,
Сұлулық қыын екен сәні кетсе.

Жаныма ұя салған бұлбұлым-ай,
Өзіңнен көз жазып қап ұрды құдай.
Қуанышым, қайғым боп бірге жасап,
Өлсем де бірге кетер, мұңлығым-ай!

X X X

Өз отыма өзім ғана өртеніп,
Жүргіме дүрілдеген өрт еніп,
Бал шырынын тауыса алмай тірліктің
Кетер ме екем ерте өліп?

Мына өмірдің ойын, қырын, тегісін...
Кезіп келем,
Көп оңым мен терісім.
Бәріне де жауаптымын тек өзім,
Басқа біреу отқа түспес мен үшін.

Сүрінсем де,
Жығылсам да,
Бәріне...
Ұрынсам да әлдекімнің кәріне,
Кезігеді жазатайым тағы не?..
Өзім ғана кінәлімін, әрине,
Қарамайтын әліме.

Өкініштің ертесі не,
Кеші не?..
Күйдім талай от-тозақтың пешіне.
Жерде жүріп, аспандағы, құдай-ау,
Аққу құсқа қол созғанмын несіне.

Ғашық-дергтен айықлаған аз ба адам,
Жәй ұқлағам, мен несіне мәз болам.
Кіл апатын қиып келген табиғат
Рахатын пешенеге жазбаган.
Жөні осы деп алаулаған, маздаған
Лаулай, лаулай жанып кетсем аз маған.

Жаның жарқын,
Қандай асыл көркем ең?
Өз отыма өзім ғана өртенем.
Фашық жандар ұзақ ғұмыр кешпеген,
Бәлкім мен де ерте өлем.

× × ×

Сен келіп кеттің,
Көңілім құлазып қалды,
Шешек атқан кеудемде сыр азып қалды.
Жұбанышым сол - өмірге медет қылардай,
Жанымда, жаным, өзіңнен жыр-азық қалды.

Өмірде түкке түсінбес көр кеуде мен бе,
Өзінді жанга дүниеде теңгермегем де.
Сен кеткенменен қасымда елесің қалды,
Қайтер ем егер біржола сен келмегенде.

Ортеніп жүрем от шарпып жалынға күнде,
Сезінбейсің сен бір болып жанымда бірге.
Өкінші - жүрек өзіңдей талпынбаган соң,
Есіңнен танып сағындың, сағынбадың не?!

Сені іздедім

Әнгे

Көктемдерде -
Бәйшешектер бүр жарғанда,
Көңіл шалқып,
Қол артқанда нұрлы арманға,
Сен келер деп елеңдедім ертеменен,
Сайрағанда әнші құстар нұлы орманда.

Қайырмасы:

Іздедім сені,
Іздедім сені, жан еркем,
Ескең жемменен таңертен,
Аралап тауды,
Аралап бауды,
Аралап Арқа жазығын,
Жетеді гой деп наз үнің,
Тербетіл жанды,
Тебіреттіп жанды оятар
Күмістей күлкің,
Жарасты жарқын әзілің...

Жаз айында, бар табиғат толысқанда,
Ел көшкенде жасыл жайлайу-қоныстарға,
Сені іздедім тірлігімнің мұратындай -
Алда күндер арманыммен тоғысқанда.

Қайырмасы:

Күзде - дауыл, қыста - аяз, борандарда...
Аппақ әлем ақша қармен оранғанда,
Сені іздедім көзімді ілмей ұзақ таңда
Қиялымды іlestіріп ой-арманға...

Қайырмасы:

Қайтейін

Онда мен нешеде едім?
Сен маған ересектеу көрініп ең.
Басымнан сипағансың -
Соны білем.
Жәудіреп жанарыңа жалтақтағам
Кіршіксіз сәбидің пәк көнілімен.

Көп жыл өтті, ұмыттыппын -
Онда ма?
Сол кезде әлде он бірде ме ем?
Білмеймін,
Сені жақын көрдім неге?
Күлімдеген қос жанар сол күйінде
Калыпты-ау көзімде де,
Көнілімде де...

Онда мен нешеде едім?
Айта алмаймын тап басып сол арасын,
Болжам жасау әр кезде бола ма шын?
Неге сонда қарадым көп қадалып
Бала құстай сыптырған томағасын?

Сірә уақыт әкелген төзім білем,
Содан қайтып көрмеппін өзінді мен.
Қарақаттай мына қос жанарыңды
Таныр ем рой сэтте де көз ілдірген,
Қайтейін,
Көрмей жүрсем өзінді мен?!

Жарасқандай

Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұңды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бұл көнілді.
Қамығу деп үқпаса жаарар еді
Қалың ойға қамалып жүргенімді.

Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұңды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бұл көнілді.
Жеңілтектік демесе жаарар еді
Сергіп кейде, серпіле құлгенімді.

Айыра алмай -
Дос қандай?
Алаш қандай?
Шалыс кетсем талтүсте адасқандай.
Жүргенімді ойласам,
Соның бәрі -
Пенделікке,
Пендеге жарасқандай.

Еркесің-ау...

Жарығым-ай, еркесің, еркесің-ау,
Еркелікпен жанымды ерітесің-ау.
Ешкім селт еткізбеген сезімімді
Домбыраның ішегіндей шертесің-ау.

Шындық - шындық!
Оған жан таласпайды -
Есті түгіл есер де жақ ашпайды.
Еркелеуге кім-кімдер елтімейді,
Тек еркелік әркімге жараспайды.

Көңіл шіркін әрнеге аландағы,
Іздегенін, керегін табар ма әлі?!

Соның саған бәрі де, бәрі үйлесіп...
Жарасардай көрінді саған бәрі!

Күйін тауып жанымның шерте білген,
Наз естімін, еркем-ай, ерке ұніңнен.
Жүргегіңдің лұпілі жүргегіме
Жетіп жатқан секілді жер түбінен,
Жетіп жатқан секілді жер түбінен!

Х Х Х

Сені тосу -
Арманның өзін тосумен бірдей,
Сені тосу - нәрлі әннің сөзін тосумен бірдей.
Қалай ғана күн кешіп жүрдік еken, құдай-ау,
Мына өмірде мені - сен, және сені мен білмей.

Әлі есімде сол бір күн - өзіңменен жолыққан,
Көктем еді ол да бір, бақыт еken, соны үққам.
Сенің нұрлы жүзіңде сансыз жұлдыз сұқтанып,
қарағанда күмбірлеп көкірегіме қоныпты ән.

Таудан аққан бұлақтай зымырайды мына күн,
Зымырайды қалдырып жауабы жоқ сұрагын.
Құдышеттен бар болса тілер едім жалғыз-ақ,
Мәңгі бақи қеудемнен кетпесе деп бұл әнім.

Айту да қыын, айтпау да...

Қас қағым сәт армандаі қол бұлғаған,
Қапияда қалай кез болдың маған?
Аққу бейне келеді көз алдымы -
Алсам болды есіме сол күнді өман.

Дүние түгел ақ, айдын -
Ақ, айдында
Бір аппақ, құс шомылып арай нұрга
келе жатқан секілді -
Қайран қалам,
Қайран қалам ынтығып қараймын да.

Дүние түгел ақ, айдын -
Ақ, айдында
жүзген сені аққуға балаймын ба?
Хордың қызы пейіштің төріндегі
адасқан ба?
Тап болған қалай мұнда?!

Келер күні қып-қызыл,
Қызыл нұрга
айналыпсың. Маспын ба? Қызумын ба?
Лебің қандай, барады жанды ерітіп,
Мен білмеген бір ән бол сызылдың ба?

Айту қыын,
Айтпау да қыын, жаным,
Астан-кестен жүрегім құйын-жалын...
Өтер ме екем өмірден өртенумен,
Өзің болып табынып, сиынғаным!

Мақпал түн

Мақпал түн сал сезімге бере ме екпін,
Үф еткен самал лепке елең егтім.
Тербелген ай нұрына қолеңкеңе
Келіп түр үнсіз-түсіз ере қеткім.

Тым-тырыс керемет түн, керемет түн -
Бәрін де көктем-көңіл не керектің
табардай осы түннен -
 Тіл байланып
ой ояу, келем жалғыз,
 Не демекпін?

Көшкен бұлт үбак-шұбақ барады өріп,
Фаламат лағыл бейне, лала көрік.
Бірге өсіп, бір ауылда бірге жүріп
Мен сені тұргандаимын жаңа көріп.

Бетіңен таңғы самал жел өбетін
Дәл мұндаі суретті бере ме күн?!
Құс үйқы сезімменен жүрген жүрек
Сезер ме түннің сондай кереметін.

Аялап әнді ауылдың ашық түнін
Сан қырдан кеткендеймін асып бүгін.
Бұл бәлкім менің осығының
Ең соңғы,
Ең алғашқы ғашықтығым.

X X X

Қамықтым деп айтасың, жабықтым деп...
Күйбеңінен тірліктің жалықтым деп.
Сол күйбеңің бәрін де қуып шығар,
Қуып шығар көңіліңе жарық, күн кеп.

Шыда, жаным,
Сабырмен шыда, жаным,
Желпілдек женіл ғұмыр сұрмағын.
Өгейсіткен кезі деп ойлай көрме -
Өмірдің азын-аулақ сынағанын.

Бір адаммен серттесіп қол алмаған,
Бір адамға сүйікті бола алмаған.
Жандар барын бір мезет ойла, жаным,
Сенің күнің болып па содан жаман.

Ақылың бар,
Ай нұрлы ажарың бар,
Тарқамаған қызығың, базарың бар...
Жаңа жауған ақ қардай соған қоса
Қалқам, бір сәт ойыңа таза арынды ал!

Көрінген жоқ айқайлар елге мінің,
Қуаныштан да аз шығар кенде күнің.
Қай кезде де тәубанды есіңе ұста,
Асып кете көрмесін пенделігің!

Ұғыса алмай келеміз екеуара

Көңіл неге тағы да ерекпіді,
Сені бәлкім көрмеуім керек пе еді?
Ұғыса алмай келеміз екеуара,
Бірақ соның белгісіз себептері.

Әрекпиді бұл көңіл тыным алмай,
Кім бар менің жанымды ұғынардай?
Сен де бір сәт иілсең қайтер еді,
Қасақана “қасарып” тұрып алмай.

Жетіп жатыр тағдырдың шырғалаңы,
Неге жаным құлазып мұнданады.
Алғы күндер белгісіз -
Жұмбак, әлі,
Ашылмай тұр кеудемде Күн қабагы.

Тарқамаса жүректе жүрер шемен,
Сүйерінді сенің де білем, сенем!
Сезім деген - бір сиқыр бойындағы,
Таразылап, мысқалдалап кім өлшеген.

Мәулеген сезімнің бәйтерегі,
Тілін ұқсаны,
Талай сыр айтар еді.
Өз-өзіңнен саяқси бермей, жаным,
Сәл-сәл ғана иілсең қайтер еді.

Сенің әнің - менің әнім

Сенің әнің - менің әнім секілді,
Бұлбұлдың әуеніндей тұнық, тұнық...
Фашықтарға ғажайып сыр ұқтырып,
Таңда таза ауамен тербеледі,
Күллі ғалам тыңдайды тынып тұрып.

Сенің әнің - менің әнім секілді
Жүргімді кездерде мұң ораған,
Үнсіз-тілсіз егіліп жылап алам.
Ешкім оның мәнісін сұрамаған,
Білетін де тек өзім - бір-ақ адам.

Сенің әнің - менің әнім секілді,
Тербететін көңілдің қуанышын,
Селдететін өмірдің жылы ағысын.
Әйткені, Адам әубаста-ақ, жаралғанда
Бір-бірімен жұптасып туары шын.

Сенің әнің - менің әнім секілді,
Әулеп кеп бір таңнан таңға асатын,
Көктемде көкжиекпен арбасатын.
Күн-көңілдің мерейін биіктетіп,
Бара-бара ертеңмен жалғасатын.

Сенің әнің - менің әнім секілді,
Ол - әуелден жұптасқан аққу әні,
Аққу әні көңілді шат қылады.
Аялайды жақынды, жатты-дағы...
Жанарларда үшқындалап бақ, тұрады.

Жаны барда, бойында қаны барда,
Адам, сірә, әнінен жаңылар ма?
Сенің әнің - әманда менің әнім,
Менің әнім - санамда сенің әнің...
Одан асқан Бақ, байлық... табылар ма?
Адам, сірә, әнінен жаңылар ма?!

Х Х Х

Сен жүрген жер, мен жүрген жер бір әлем,
Екеуі де таусылмайтын жыр әмен.
Сұқтанбаса сумандаган сұқ, көздер
Мен ғой сені мұнде көріп тұрар ем.

Басқа асыл жоқ, сияқты бұл маңда,
Қымбатсың сен әннен, күйден, жырдан да...
Па, дүние, не жетсін-ау, не жетсін
Сүйгеніңді күнде көріп тұрғанға.

Толып жатыр алтын, қола, жезің де,
Өлшем деген болмайды екен сезімде.
Естен тана жаздал едім ең алғаш
Сені көрген кезімде.

Әлі күнге сол құштарлық, сол сенім,
Біледі оны ғашық болып көрсе кім.
Ән де, жыр да жеткізе алмайды екен ғой
Жанындағы өрт сезімнің өлшемін.

Сен жүрген жер - жұмақ әлем, жыр әлем,
Айтып сөзбен жеткізе алман сірә мен.
Қажет болса, тірлігімді тәрік қып,
Махаббатқа ескерткіш боп тұрар ем!

Тағдыр атты кемелер

Жыл да келді өзің күткен, мен күткен,
Жүргегімнен қешті талай сең біткен.
Не әрі өтпей, не бері өтпей екеуміз,
Жүргендейміз қатар аққан ендікпен.

Қалай ғана әу басында кезіктік,
Бірімізді біріміз шын тез ұқтық.
Махаббаттың құдыретіне тапсырдық,
Екеумізден кетпегей деп безіп құт.

Шалқығандай дарияның кемері,
Он екі айда жыл айналып келеді.
Жаңа жылдың жақсылығын тең бөліп
Жүрермін деп көнілім әлі сенеді.

Жылдар өтті -

“Мен - сендік, сен - мендікпен”,
Ақтарылып көнілімізден сел біткен.
Келе ме күн сені менен мен күткен,
Қол созғанмен бір-бірімізге жете алмай,
Қатар ағып келеміз екі ендікпен.

Кетер, келер тағдыр атты кемелер,
Құдай емес, біздің қолдан не келер.
Менің сенсіз күн көруім қындалап
бара жатыр,

Шыным, қалқам, сене қөр!

Тарам-тарам жол мынау

Тірлігімде тарам-тарам жол мынау,
Бірде күйіп, бірде жаурап тоңдым-ау.
Жатсам да есте, тұрсам да есте, мен сенсіз
өмір сүріп жарытпайтын болдым-ау.

Көшіп жүрген құйын емен, жел емен,
Арна бұзып ақтарылған сел емен.
Бар еркімді сезім билеп сенделіп,
Саған қарап күн кешемін неге мен?!

Қарап тұрсам бір басымда бәрі бар,
Тағдырыма өкпем де жоқ шағынар.
Ай сәулесін көкірегіме қондырып,
Күндерім көп жастығымды сағынар.

Сенсіз мына тірлігімнің сәні де
жоқ екенін ұқтыйм, сенсіз мәні не?
Құлақkestі құлың қылып алсаң да
ризамын, ризамын бәріне!

Нені көрдім деп айтар ем

Атың орысша, затың қазақша, жаным-ай,
Естіген сәтте қайран қалдым-ау танымай.
Сырлы асық, сынды қолға ұстап қана жүретін
Әдеміліктен ілеспей саған қалар-ау,
Қалар-ау артта ілеспей сенің шаңыңа-ай.

Жастығым түсіп, мас күнім түсіп есіме,
Кеттім бе, жаным, есіле сөйлеп, шешіле.
Жанымды оттай қаритын ыстық, жалынмен,
Кездеспес жерде кездестім екен несіне?

Фұмырда мынау бәрі де, бәрі өтпелі,
Тағдырға содан боласың кейде өкпелі.
Жақындағайтың арынды өткелі,
Япырай сондай тосқауылдарың көп пе еді.

Айналам аран, кезікпес жерде кезіктім,
Көз деген - айна, көзіңнен бәрін тез ұқтый.
Сезіктенбей-ақ, қой,
Сезіктенбей-ақ, қой, сезіктім,
Өзіндей қыздан кете алар алыс безіп кім.

Атың орысша, затың қазақша, жаным-ай,
Қалада көрсөң қалар ма екенсің танымай.
Ауырып жүргенде, арайлап атқан таңым-ай,
Жабығып жүргенде, жанымды өргеген жалын-ай,
Ризамын қалқам, ризамын сенің барыңа-ай!

Күн батып еді, туғандай толқып жарық ай,
Сергіді жаным өзімді өзім танымай,
қалдым-ау деймін, бас идім жомарт тағдырға
Ризамын тағы өзіндей жанның барына-ай!

Көңіл-ай шіркін, елесің естен кетпейді,
Өмір-ай шіркін, шектемес жерде шектейді.
Кезікпей кетсем, кезікпей кетсем қайтер ем,
Күйсен де, жаным, сүйіп жүргенге жетпейді.

Кезікпей кетсең, кезікпей кетсең... қайтер ем,
Сезімді бөліп,
Өзінде көріп қайта мен,
Жастығымды еске ап жасарып қайттым бір сәтке,
Сені көрмесем, нені көрдім деп айттар ем!!!

Аман жүрсөң-ақ болғаны

Кезіктім саған,
Дүніне шіркін тар қалай,
Біле алмай қойдым,
Не болар екен әрі қарай?
Таң нұры сынды шүғыла шашқан жаныңмен
Сен де өзім сынды ақын екенсің, қарғам-ай!

Жаралған бірге алаумен, отпен, жалынмен,
Ақын екенсің жүрегіңменен, жаныңмен.
Өлең деп, жыр деп өртеніп тұрған кейпіңмен
Қысылдың, қалқам,
Түсіндім содан бәрін мен.

Сұлулық - сиқыр,
Қарайды адам бір қанбай,
Жаныңда ақық, жаһұттар жанып жүр қандай.
Мен адамды үқсам, мойылдай қара көздерің
Ақындығыңда айғақтал беріп тұрғандай.

Секілді бейне тағдырдың тоқсан толғамы,
Тоғыса берер тірліктің мың сан жолдары.
Ақ жаныңменен ақын арманын аялап,
Аман жүрсөң-ақ болғаны.

Сағындым

Ол кезде мен де шырын ем,
Бір күнім қызық бірінен.
Жанымда жүрген бір қызға
Силасам таудың гүлінен
Деген ой тербел сезімді
Қияға беттеп шығып ем.

Мұндаиды бұрын кім білген,
Алақанында ойнап күн күлген
Бір гүлі нәзік бір гүлден.
Сүйіктім қайран қалсын деп
Гүлдесте жинап жүрдім мен,
Нұрдесте жинап жүрдім мен.

Жалған дей алар кім мұны?
Мен білген сырдың шындығы -
Осы ара - Жердің кіндігі,
Нақ осы тұста бар сәуле,
Торысқан сынды Күн нұры!

Толқытып сырдың кестесін
Самала самал ескесін,
Жинадым гүлдің дестесін,
Силадым нұрдың дестесін...
Қашама жылдар өтсе де,
Сол бір шақ әлі естесің!

Ақ сәуле сынды бір сағым -
Естесің әлі гүл шағым.
Жастығын бір сәт сағынар
Өткенге көніл бұрса кім!

Тірлікте - бейне шағыл құм,
Шындалдым, кейде шағылдым.
Қайралып бірде алмастай,
Тасқа да қайта шабылдым.
Бәрі бір сонау өткенді -
Гүл терген майса көктемді...
Сағындым, достар! Сағындым!..

М А З М Ұ Н Ы

Б И Р И Н Ш И Б Ө Л I M 3

Тағдыр мені әкетсе де қайды алышп,
Тұған жерге ораламын айналып...

Е К I Н Ш И Б Ө Л I M 163

Күмбірлеген көңілімнің күйлері -
Білем десең, жырларымнан біл мені.

Ү Ш I Н Ш И Б Ө Л I M 327

Әз ағалар, жанашыр ақылшылар -
Сендер маған бәрінен жақынсындар.

Т Ө Р Т I Н Ш И Б Ө Л I M 387

Секілді ата-ананың қас-қабагы,
Бар бақыт от басынан басталады.

Б Е С I Н Ш И Б Ө Л I M 425

Сел сезім, құлай сую - кіл ағындаій,
Қос шектің бабындағы бұрауындаій.

ЕСЛӨМ ЗІКІБАЕВ

Дүние жалған (Өлеңдер мен толғаулар)

"Аман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Басуға 10.06.98 қол қойылды. Форматы 84x108/32. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 31. Таралымы 500 дана. Тапсырыс 317.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын "Жедел басып шығару баспаханасы", Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 15/1.